

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

**А.А.Қасымбек
Т.Н.Ермекова
А.Н.Нұрғазы**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін
мектептің 8-сыныбына арналған
оқулық**

Екінші басылымы, өңделген

(Макет)

8





ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

– ой тудыру сұхбаттары

Тілтаным – тіл туралы мәліметтер

Тіл білімінің тұлғалары – ғалымдар туралы мәліметтер

Ойтұжырым – әр модульден кейінгі қорытынды тапсырмалар

▲ – материалды меңгеру жаттығулары

■ – шығармашылық ізденіс жаттығулары

Қасымбек А.А. және т.б.

Қазақ тілі: Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / А.А.Қасымбек, Т.Н.Ермекова, Н.Н.Нұрғазы. 2-бас., өңд. – Астана: «Арман-ПВ», 2016. – 256 бет

Оқулық мемлекеттік стандартқа, оқушылардың жас ерекшелігіне сай, жаңа тақырыптарды оқушылардың меңгеруіне лайықталып, жеңіл тілмен жазылған. Кітапта негізгі материалдармен бірге танымдық мәліметтер, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмалар берілген.

© Қасымбек А.А.,
Ермекова Т.Н.,
Нұрғазы А.Н., 2016

© «Арман-ПВ» баспасы, 2012

© «Арман-ПВ» баспасы,
өңделген, 2012

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Алғы сөз (Ана тілдің қызықты әлемінде)

Өз тілінің сұлулығын сезінбей, өзге тілдің сұлулығын сезіну екіталай.

Б.Момышұлы



Жас өркен! Ана тілдің тарихы, дамуы мен тіліміздегі сөздердің жасалуы, ойдың жүйеленуі – жылдар өтіп, сен түсінген сайын ынтықтыра беретін әдемі әлем. Сол әлемнің інжу-маржанын танып, талғаммен қарай біл. Сөздердің сырына үңіл, ақылды жас!

Мемлекеттік мәртебеге ие қазақ тілінің шыққан тегі – батыс түркі тілінің қыпшақ тармағы. Біз 7-сыныпта қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қырғыз, қырым татары, қарашай, балқар, құмық және тағы басқа тілдерге қатысты деректер жинап, таныса жүруді міндеттеген едік. Тілі мен тілегі үндес бауырлас ұлттар жөнінде ізденіп, деректер қарастырып жүрген боларсыңдар?

8-сыныпта қазақ халқының әдеби тілі туралы мәліметтермен танысумен қатар, жай сөйлем және құрмалас сөйлем синтаксисі әлеміне саяхат жасаймыз.

Тәуелсіз елдің мемлекеттік тілі мәртебелі де тұрақты болып, өрістеп дамуына үлес қосу – өздеріңдей жас жеткіншектердің жауапкершілігінде болатын міндет. Ұрпақ – елдің болашағы. Себебі жас ұрпақ өседі, аға буынның ізін басады. Тіл де осындай даму үдерісінен тыс қалмайды. Сонау өзің естіген ертегі, жаңылт паш, жұмбақтан бастап, балалық бал дәуренді бірге кешкен ана тілдерің сендермен бірге есейіп, күрделеніп келеді. Сен осыны сезіне алдың ба? Ал олай болса, биыл зейін мен ынта, еңбек пен ізденіс сенің айнымас серіктеріңе айналуы керек.

Әдеби тілдің нормалары туралы мәліметтерден кейін синтаксис бөлімі басталып, құрмалас сөйлем синтаксисі жалғасады. Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерінен соң төл сөз бен төлеу сөз де өз кезегін күтеді. Әр тақырып сендердің азаматтық көзқарастарыңа үлес қосып, тұлғалық қасиеттеріңді де шыңдай түспек.

Тіл мәдениетіне қатысты бөлімде дұрыс сөйлеп, жаза білу, ойды дұрыс жеткізу қағидаларымен таныс боларсыңдар.

«Тілтаным», «Тіл тұлғалары» айдарлары да ақпарат, мәліметпен танысу, оны қажеттілікке жарата білу жауапкершілігін көтереді. Ана тіліміздің қызықты әлемі өзіңді асыға күтетінін сездің бе, олай болса, алға, алғыр дос!



Қазақұланы! Заманымыздың заңғар жазушысы Ф. Мүсірепов: «Ағын су дүние жүзінде бар халықтың тілінде сөйлей ағады. Музыка да сондай, қазақтың ән-күйлері де сондай. Оны түсіну үшін ешбір халыққа аудармашы керек емес. Түсінбейтін пенде ән-күй былай тұрсын, ана тілінде айтылып жататын сөзге де түсінбейді» – дей келе, тілге жанашыр болу қажеттігін, ана тілді ардақтап, аялау қажеттігін тілге тиек етеді. Біздің бақытымыз – осындай көркем де бай тілі бар ұлттың ұланы екенімізде. Ертең қай қиырда жүріп, қандай мамандық иесі болсаң да, сенің әуелгі сырласың – ана тілің болмақ. Туған тіліміздің туын жықпайық! Қазақ тілімен әлем мәдениетіне үлес қосайық! Сен осыған дайынсың ба?

Қазақ тілі – ұлттық мәдени, рухани асыл мұра



Ақылды жеткіншек! Тіл тағдырының ұлт тағдырымен тығыз байланысты құдіретті күш екені жайлы ойланып көрдің бе?

Тіл – тұмар! Тұмар – халқымыз қастерлейтін киелі ұғым. Тіл – елдіктің туы! Туды жықпай, тек биікте желбірету керек. Осы бойтұмарды үкілеп болашаққа апару, ұрпақтар ісін жалғастыру дәстүрі саған да тән. Оған сен де үлес қосасың, зерделі дос.

Даңқты батыр Б.Момышұлы: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту», – деген екен. Ал сен өз ойыңды айтып көрші, сенің пікірің аса құнды біз үшін...

Біз ХХІ ғасырда өмір сүріп отырмыз. Қазақ тілінің бастауы, қалыптасу, даму кезеңіне назар аударар болсақ, тілдің де тағдыры адам тағдырымен үндес екенін аңғарамыз. Тіл де адам баласы секілді ғасырларды асып, ұрпақтан ұрпаққа ұласып келеді.

Дүниежүзінде 2500–6000 аралығында тіл бар екенін дерек-көздерінен оқып, таныстық. Оның шамамен алты жүздейі ғана жазбаша және ауызша, қалғандары тек ауызша қызмет етеді.

Әр халықтың тілі – адамдардың маңызды қарым-қатынас құралы болуымен бірге, тарихи, мәдени құндылық. Қазақ тілі де ұлтымыздың мәдени, рухани асыл қазынасы, баға жетпес байлығы. Тілді қатынас құралы ретінде жасаушы да, дамытушы да – халық, ал халық үшін тіл:

- бүкіл ғұмыры мен өмір-тіршілігінің куәгері, сырлас та мұңдас серігі;
- ұрпақтан ұрпаққа аманат ететін тарихы мен мәдениетінің, өнерінің алтын кілті;
- қоғамның дамуын зерделеп, заман өзгерістерін саралап, бойына сіңіріп, өзіне таныс тілде сөйлете алатын қуатты күш;
- ұлт тағдырына мәңгілік ғұмыр сыйлайтын ғажайып құбылыс;
- тірі, жанды құбылыс: ол – шебер суретші, шешен би, кемел дана, мейірімді ана, ойшыл баба, алтын қолды зергер, асыл ойлы ұстаз.

Тілдің жасалуы, қалыптасуы мен дамуы ғасырлар бойы жүзеге асырылады. Тілдегі сөздер – қоршаған ортаның, құбылыстың, заттың ұғымдық атауы. Ал сол сөздердің тіркесіп сөйлем құрауы, оның түрлі мағыналық реңі болуы, шебер қиысып, мағыналық байланыста болып, күрделі ойға айналуы – қиын да қызықты құбылыс.

Қазақ халқы – өмірді, айналаны тану ақиқатын суреттейтін, ұрпақтан ұрпаққа рух беретін әдемі де шебер, сазды тілдің иесі. Ана тілімізден өркениеттің баспалдағы болып танылатын сәулелі ой ұшқындары, қисынды таным, жаңаның сырын түйсіну және ұлт ұлағаты жарқырай көрінеді.

Тілді сақтап, оны келешектің керегіне жарату үшін қызмет ету – өз халқын сүйетін кез келген азаматтың парызы мен міндеті.

Кез келген ұлт өз тілімен танылады, ерекшеленеді, еңселенеді. Ана тілін ардақтаған жан – халқының ұлттық құндылықтарын зерделеген үлкен жүрек иесі. Өз тілін қастерлеген жанның өз елінің болашағына да үлкен үлес қосатыны сөзсіз.

Жүздеген ғасырлардың тарихын тербеген дала төсінде өмір сүрген ата-бабаларымыздың көкірек сыры мен жүрегінің үнін жеткізген қасиетті аманаты – тіл. Баба аманатын киелі тұмар ретінде қастерлеп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген парасат иелерінен қабылдап алдық. Ал бізге күш берер киелі тұмар – қазақ тілі тұрғанда ұлттық мәдениетіміздің де туы биік, ұлтымыздың да ғұмыры мәңгілік бола береді.

1-жаттығу. ▲ Теледидардан берілетін тіл туралы қандай бағдарламаларды білесіңдер? Өздеріңе ұнайтын телехабар жүргізушісі туралы пікірлеріңді жазбаша түрде даярлап, жолдастарыңа оқып беріңдер.

2-жаттығу. ▲ Төмендегі дәйексөздермен танысыңдар, әр пікір төңірегінде ой толғаңдар.

Халық арасында не бір жаңа сөз, жаңа ұғымдар туып жатады, бұл – табиғи процесс. Солардың шала туғандары өліп, мезгілін біліп туған өміршеңдері қанаттанып, азаматтық сөздер қатарына қосылады. Құдайға шүкір, сөздік қоры жағынан қазақ тілі ешкімнен кем де, кедей де емес, әдебиетіміздің қаулап өсуінің бір себебі осында жатқан сияқты.

(М.Әуезов)

Қазіргі қазақ тілі – небір керемет философиялық толғаныстарды да, күрделі терең ойларды да, қылдан нәзік, жібектен биязы, аяулы сезім тебіреністерін де емін-еркін әсерлі жеткізетін көсілмелі, кең құлашты көркем тіл, «толқынын жүрегіңнің хаттай танытар» ғажап тілдердің бірі. Бұған қазақ баласы мақтана алады.

(М.Әлімбаев)

3-жаттығу. «Қазақ тілдің мәртебесін көтеруге қандай үлес қоса аламыз?» тақырыбында мәтінді негізге ала отырып, ой толғаңдар.

Алматы қаласындағы Достық үйінде Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы бір топ ғалымдар мен БАҚ өкілдерін жинап, алқалы басқосу ұйымдастырды.

Жиын шымылдығын ашқан Қоғам президенті, академик Өмірзақ Айтбайұлы кезінде қазақ тілінің тағдыры жөнінде ала-құла ой өрбіп, ел бір мәмілеге келе алмай жатқан тұста Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев елімізде мемлекеттік тіл тек қана қазақ тілі болуы керек деген табанды тұжырым-пікірімен ел мүддесін қолдайтынын осыдан ширек ғасыр бұрын-ақ білдіріп, сол тұста санымыз азшылық болғанына қарамай, туған тіліміздің ұлықталып, тұғырына қону тарихына тоқталды.

«Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деп ұран тастаған да Елбасы. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп туған тіліміздің «Мәңгі Ел» болу жолындағы тұғырлы мақсат-мұратымыздың бастысы екенін шаршы топтың алдында жария айтып, жалаулатқан да Елбасы» дей келе, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы дайындап, жарыққа шығарған «Елбасы және мемлекеттік тіл» атты көлемді кітапта бүгінгі дөңгелек үстел тақырыбына қатысты өзекті мәселелердің жан-жақты қамтылғанын көпшіліктің есіне салды.

...Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры Әбсаттар Дербісәлі өзі еліміздің дін саласының тізгінін ұстаған жылдарда мүфтилікке бірнеше француз тілшілері сау ете қалғанын, өзіне аудармашы арқылы орысша сұрақ қойылғанын, бірақ киелі орында өзінің өзге тілде сұхбат бере алмайтынын айтып, бас тартқанын әңгімелеп берді. Бірнеше күннен кейін сол шетелдік БАҚ өкілдері мұсылманша киінген аудармашы қазақ қызын ілестіріп келіп, өздері де дәстүрлі дипломатиялық этикетті толық сақтап, екіжақты мазмұнды мәслихат құрғанын тәмсілдеді¹. Осылайша тіл мәртебесін көтерудің бар тетігі өз қолымызда екеніне көзімізді жеткізді.

1 Тәмсіл – өсиет, нақыл түрінде айтылатын астарлы мазмұны бар әңгіме. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.)

«Қоғам жыл басынан бері бірнеше осындай ақылдасу, кеңесу мәслихаттарын өткізіп келеді. Бүгінгі таңда ел көкейінде жүрген, мемлекеттік тілдің дамуына тұсау болып отырған кедергі-кормелерді толықтай жою жолдары іздестірілуде. Бұл – көптің және әрқайсысымыздың ұлт болашағы алдындағы азаматтық парызымыз һәм мүдделі міндетіміз. Қазақстанның болашағына сенетін әрбір азамат ойлансын! Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін! Қазақша ойлап, қазақ боп тірлік кешелік!» – деді Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті Ғарифолла Әнес.
(«Ана тілі» газетінен)

4-жаттығу. ■ Төмендегі дәйексөздерді эпитафия ретінде пайдаланып, «Туған тілім» немесе «Туған жерім» деген тақырыпта өлең, эссе, мақала, т.б жазыңдар.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.

(Н.Назарбаев)

Туған жер – тұғырың,

Туған ел – қыдырың.

(Мақал)



Жас дос! Әр тақырыпты тұжырымдап, модульдің өзіндік ерекшелігін танып, ізденіп, жобасын жасауға дағдылан!

Ойтұжырым

«Ана тілдің тағдыры: бүгінгі және болашағы» деген тақырыпта қазақ тілінің қоғамдағы орны, қолданылуы, мәртебесі және болашақтағы мүмкіндіктері туралы баспасөз беттері мен электрондық ақпараттық ресурстардағы қоғамдық пікірлермен танысып, сызбаны толтырыңдар:

№	Авторы	Пікірі	Қайдан алынды?
1.			
2.			
3.			
Өз пікірім			

I ТАРАУ. ӘДЕБИ ТІЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ НОРМАЛАРЫ

Әдеби тілдің грамматикалық нормалары



Міне, біз енді дұрыс сөйлеп, жаза білу туралы ой қозғаймыз. Әрине, әдемі де жатық сөйлеумен қатар, сен әдеби тіл туралы мағлұматты да жақсы меңгеруің керек. Тілші-ғалым М.Балақаев «Әдеби тіл – жазба тіл. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары, оның құрылысы сымбатты қалыпқа түсіп, екшеледі. Жазуы болмаған халықтың тілі әдеби тіл дәрежесіне көтеріле алмайды» деген екен. Сонда қалай, жазба тілге дейін тіл әдеби тіл болмағаны ма? Сен қалай ойлайсың, зерделі жас? Ал, қане, әдеби тіл туралы мәліметтермен танысып көрейік.

Әдеби тіл туралы айтқанда тілші-ғалым Р.Сыздықтың еңбектерін негізге алып отырмыз. Әдеби тілге қатысты шарттарды ғалым «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деген еңбегінде былай деп көрсетеді:

«Әдеби тіл дегеннің ең басты белгісі – ол өңделген, сұрыпталған, нормаланған тіл болуы керек. Қызметі жағынан халықтың өмірінде ұйымдастырушы, қоғам мүшелерінің басын қосуды сипаты болуы керек. Әр құбылыстың мәні мен сипатын қарама-қарсы құбылыспен салыстыра отырып айқындайтын болсақ, әдеби тілді тану үшін қарама-қарсы қойылатын басты құбылыс – ауызекі сөйлеу тілі. Әдеби тіл қолданылу тәжірибесінде қоғам сынынан өтіп, нормаларын қоғам санасы қабылдауы керек және ол нормалар барша үлгілерге ортақ нормалар болуы керек».

Қазақ тілі тарихында әдеби тіл деген ұғымға сай пікірлер ХХ ғасырда тіл тарихын зерттеген ғылыми еңбектерден бой көрсетті. Зерттеуші ғалымдардың: «Әдеби тіл дегеніміз – жалпы-халықтық тілдің хатқа түскен, белгілі бір дәрежеде өңделген ерекше түрі», «Әдеби тілдің тарихы – жазба ескерткіштердің тарихы», – деген пікірлерін (орыс әдеби тілін зерттеуші мамандар еңбегінен) қазақ ғалымдары (М.Балақаев, Р.Сыздықова, С.Исаев т.б.) өз тараптарынан зерделеп, әдеби тілдің өзіндік сипатын айқын таныта түсті.

Тілдік норма орфоэпиялық норма, орфографиялық норма, лексикалық норма, грамматикалық (сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік) норма деп бөлінеді. Сендер орфоэпиялық норма, орфографиялық норма, лексикалық норманың не екенін жақсы білесіңдер. Енді біз әдеби тілдің грамматикалық нормасына тоқталатын боламыз.

Тіліміздегі грамматикалық тұлғалардың бір қалыпқа түсіп, дағдыға айналып жұмсалудың **грамматикалық норма** деп атаймыз.

Грамматикалық норманы үшке бөліп қарауға болады:

1. сөзжасамдық
2. морфологиялық
3. синтаксистік нормалар.

Сөзжасамдық норма дегеніміз – туынды сөздің тілдің қалыптасқан заңдылығына, амал-тәсілдеріне сай жасалуы.

Айталық, қолданыстағы *«презентация»* сөзінің орнына *көрсетілім, тұсаукесер* атаулары қатар ұсынылса, қазір *тұсаукесер* әдеби нормаға айналып тұрақталды. Өйткені ол – жай ғана көрсетілім емес, алғашқы көрсетілім. Осыған орай ұлттық рухани мәдениетімізде берік орныққан «тұсау кесу» ұғымына лайықталып жаңа сөз жасалды. Сол сияқты *«семья»* ұғымына қатысты *жанця, үйелмен, отбасы* сияқты атаулар ұсынылса, әдеби тіл нормасына тек *отбасы* атауы ғана тұрақталды.

Сөзжасамдық норма сөз тудырушы қосымшалар мен сөздердің тіркесіміне де қатысты. Айталық, тілімізде *оқы* етістігіне жұрнақ жалғану арқылы жасалған *оқушы* және *оқырман* сөздері бар. Бұл екеуі тілдік қолданыс барысында мағыналары сұрыпталып, екі мағыналы атау ретінде тілімізде тұрақталды. Екеуі де әдеби нормаға сай екі ұғымның атауы ретінде (*ученик, читатель*) қалыптасты.

Сол сияқты тілімізге кейіннен енген *ұшақ* сөзіне *тік* сөзінің тіркесуімен *тікұшақ* атауы, *бейне* сөзіне *жазба, таспа* сөздерін

тіркестіру нәтижесінде әдеби нормаға сай келетін *бейнежазба, бейнетаспа* тіркестері енді.

Морфологиялық норма грамматикалық формалардың, қосымшалардың дұрыс, орынды қолданылуына негізделсе, синтаксистік норма синтаксистік бірліктердің дұрыс қолданылуын қажет етеді. Мұның бәрі тілімізде грамматикалық нормаға жатады.

Мәселен, сөзге ең бірінші жалғау емес, жұрнақтың жалғануы. Сол сияқты жалғаулардың бірізді берілуі: көптік, тәуелдік, содан кейін септік жалғауларының жалғануы, сондай-ақ сөйлем мүшелерінің орналасуы, сөз тіркесінің мағыналық байланысы да грамматикалық нормаға сай болып табылады.

Грамматикалық норма бойынша жалғаулар бірізділікпен жалғанады: әуелі көптік, сонан кейін тәуелдік, өз кезегінде септік жалғаулары жүреді.

Сөйлем мүшелерінің орналасуы (баяндауыштың сөйлем соңында келуі, пысықтауыштың баяндауыштың алдына келуі, т.т.), сөз тіркесінің мағыналық байланысы туралы (мысалы: *момын су, үркек тауық* деп байланыстыру мүмкін емес, дұрысы – *момын адам, үркек мал*, т.б.) мәліметтерден сендер хабардарсыңдар. Сөздердің мағыналық байланыста айтылып, өзара тіркесе алу қабілеттілігі – олардың ең басты грамматикалық қасиетінің бірі. Талдау барысында сөз тіркесінің белгілерін, яғни, **құрамында кемінде толық мағыналы екі сөздің болуы, өзара сабақтаса (бағыныңқы, басыңқы сыңар) мағыналық, синтаксистік байланыста айтылуын** еске түсірген абзал.

Есте сақта!

Сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қара сөзден құралған сөйлемдерде басыңқыдан бұрын тұрады, өлең жолдарында керісінше орналасуы да мүмкін.

5-жаттығу. ▲ Төмендегі пікірді өз тұжырымдарыңмен толықтырыңдар.

Грамматикалық норма туралы тұжырымды ойларыңды мысал келтіріп дәлелдендер.

Қоғамның дамуы, өмірдің әлеуметтік деңгейінің өзгеруі, жаңа салттардың пайда болуы, адамдардың бір-бірімен байланысының, қарым-қатынастарының жетілуі, әдебиеттің, өнердің дамуы әдеби тіл мен нормалардың үздіксіз жаңарып отыруына әкеліп соғады.

Қандай тілдік нормаларды білу қажет?

Сөйлеу барысында грамматикалық, лексикалық, орфоэпиялық нормаларды сақтау маңыздылығын ұмытпау керек. Грамматикалық норма – ...

(О.Ошанова)

6-жаттығу. ▲ Мақал-мәтелдерді мысалға келтіре отырып, сөздердің тіркесуі мен сөз қолданыстарының нормасын анықтаңдар.

7-жаттығу. ▲ Мына сөздердің қайсысы әдеби нормаға сай келеді. Әрқайсысына сөйлем құрап жазыңдар.

бүршік – бүртік
әлгідей – әлгіндей
қабырға – қабыртқа
титтей – титімдей
онша – оншалықты
сен кел – сен келгін
көремін – көрем
үшеуі – үшеусі
шалбар – сым
пияз – жуа – сарымсақ

8-жаттығу. ▲ Берілген фразеологизмдердің бірнешеуін тақырып етіп алып, шағын мәтіндер құраңдар. Үлгі бойынша мағынасына түсініктеме беріңдер.

Үлгі:

Далаға кетті.

Арман «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға дайындалды. Алайда еңбегі далаға кетті. Себебі, оқуға қажетті маңызды бір құжатын жоғалтып алды...

Түсінік:

Еңбектеніп жинаған нәрсе жүзеге аспай қалып, босқа кетсе, оны «далаға кетті» дейді.

Бармағынан бал тамған, жұмыртқадан жүн қырыққан, иненің көзінен өткендей, қаймағы бұзылмау, құлаққа ұрған танадай, өрісі кең, ұрты солу.

9-жаттығу. ■ «Ертегілердегі әдемі ой иірімдері» тақырыбында өздерің таңдаған ертегілердегі шебер қолданыстарды тауып, көркемдегіш тәсілдерді, сөздердің байланысын талдаңдар.

Үлгі:

*Қазақ ертегілерінің ажарын аша түсетін көркемдегіш құралдар әрқилы. Мәселен, «Бозінген» ертегісінде (эпитет):
Күміс бота тапты деп,
Сүйінтер күнім бар ма екен? т.б.*

10-жаттығу. ▲ Айтылған ой мазмұнын талқылап, сөздердің тіркесу қабілеті мен мағыналық үйлесімі туралы ойларыңмен бөлісіңдер. Тіл мәдениеті мен жазу сауаттылығына қатысты тұжырымды пікір жазыңдар.

Тіл мәдениеті, жазу сауаттылығы – ұлттық мәдениет көрсеткіші. Мәдениетті тіл ғана мәртебелі.

(Р.Сыздық)

Грамматика тілге сырттан заң шығармайды, тілдің дәстүрін түсіндіріп, орнықтырады.

(А.Пушкин)

11-жаттығу. ▲ Мәтінді оқып, пікір алмасындар. Қарамен берілген сөздерді талдап, қосымшалардың дұрыс қолданылу мәніне тоқталындар.

Таза сөйлеу, ойды дұрыс жеткізу сауаттылықты талап етеді. «Мен ойлаймын осылай деп, осылай оқу керексіз» деп ойын аяқтау – тіл алдында күнә. Дұрысы: «Мен осылай ойлаймын», «Осылай оқуыңыз керек» қой.

Тілдің ең басты қасиеті – қарым-қатынас құралы болуы. Күнделікті сөйлеуде қазақ тіліндегі сөздерге өзге тілдің қосымшаларын қосып, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін орысша құрап сөйлеу – тілге басты қатер. Сөйлеуде жалпы қолданыстағы сөздерге орысша жалғау жалғап, өз тілімізде баламасы бола тұра кірме сөздерді пайдаланып, оның үстіне қазақша қосымшаларын жалғап қолдансақ, тарихи қалыптасқан сөйлемнің орын тәртібін бұзсақ, тілдегі бұзылу басталғаны. Сондықтан қазіргі таңдағы басты мәселе – ана тілінде дұрыс сөйлесу.

(А.Салықбай)

12-жаттығу. ▲ Сөз тіркестері туралы берілген ақпаратты талдап, өз мысалдарыңмен толықтырындар.

Сөз тіркестерін дұрыс талдай білу үшін, олардан басқа тіркестердің түр-түрпаты қандай болатынын жақсы білу керек.

Сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі әрбір грамматикалық топтағы (сөз таптарындағы) сөздердің мағыналық және грамматикалық ерекшеліктеріне негізделеді. Оның үстіне тіркескен сөздер тобының сапасы әр уақытта бірдей болмайды, әр алуан болады. Мысалы, екі не одан көп сөз тіркесіп, бір *лексикалық түйдек* жасалады (ақ қайың, ала қарға, көз тікті, келе беретін болады, т.б.); екі не одан көп сөз тіркесіп *синтаксистік тізбек* (қарлы тау, желсіз түн, жыл сайын келу, т.б.) жасалады.

Лексика-грамматикалық мағыналары айқын сөздердің біріне-бірі сабақтаса бағынып байланысатын синтаксистік тобы ғана сөз тіркесі деп қарастырылады. Ал лексикалық және басқа түйдекті тіркестер «сөз тіркесі» деген категорияға жатпайды. Түйдекті тіркестер: күрделі етістіктер тобы (*оқып тұр, сөйлеп келе жатыр, сөйлесіп отыр, көріп отыра бер*, т.б.), есім мен көмекші етістіктер тобы (*жұмыс істеу, уәде берді, қонақ болды, жол жүрді*, т.с.с), қосарлы есімдер тобы (*өзінен-өзі, бау-бақша, жылдан-жылға*, т.т.), тұрақты тіркестер тобы (*үрейі ұшу, сиыр құйымшаққа салу, іші күй, есіне салу, түйедейді түймедей ету*, т.т.) және тағы басқа. *Зәрем ұшты* деген тұрақты тіркесті, *құс ұшты* деген еркін тіркеспен тең қоюға болмайды.

(«Қазіргі қазақ тілі» оқу құралынан)

13-жаттығу. ■ Берілген нақыл сөздерді пайдаланып «Аталар айтқан асыл сөз» тақырыбында ой толғаңдар. Әдеби тіл нормаларының сақталуына көңіл бөліңдер.

Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін ұлы.

(Ш.Айтматов)

Тілден биік асқар жоқ,
Тілден асқан байлық жоқ,
Тілден терең теңіз жоқ.

(Ф.Мүсірепов)

Сөз – халқымыздың қымбат, асыл байлығы. Мен оларды көзіме адамдар тәрізді елестетем. Олардың да жаны бар, қаны бар. Олар өмір сүреді. Жақсы жазушы үздік қолбасшымен бірдей. Сөздердің басын қосып, жұмылдыра біледі. Ал ынтымақпен бірігіп, жалын атқан сөздерден күшті нәрсе жоқ. Батыр да дара емес, елімен ер емес пе?

«Қаһарман сөз қамал бұзады» деген мақал осыдан шыққан.

(Б.Момышұлы)

14-жаттығу. Мәтіннен туынды сөздерді тауып, жасалу жолына назар аударыңдар. Сөзжасамдық нормаға сәйкес және сәйкес келмейтін қолданыстарды көрсетіндер.

«Мерейлі отбасы» байқауы жанұяның жарасымды тірлігін насихаттауға арналған тәрбиелік мәні зор шара болды, – дейді батысқазақстандық Сәндібековтер отбасы. Елге оралған соң өнегелі де өнерлі әулет байқаудан алған әсерлерін көпшілікке жеткізіп, отбасының береке-бірлігін нығайту жөніндегі ойларымен бөлісуде. Елбасымен дидактасып, бас қаладан оралғалы Сәндібековтер сан түрлі кездесудің құрметті қонағына айналды. Облыс, аудан басшылығы ізгі ілтипаттарын жеткізіп жатса, ауылдастары Астанадағы алқалы жиында айтылған аталы сөздерден құлағдар болуда. «Елорда төрінде өткен өнегелі шараға қатысу – біздің өміріміздегі ең жарқын сәт», – дейді жанұя мүшелері.

(<http://kaztv.kaztrk.kz/> сайтынан)

15-жаттығу. Мәтінді түсініп оқып, автордың айтар ойына зер салыңдар. Көркем шығармалардан, баспасөзден не өз орталарыңнан морфологиялық және синтаксистік нормаға жатпайтын тұлғаларға 6 мысал жазыңдар.

Жастар ортақ бір «прикол» деген нәрсені шығарды ғой. Өзілі арзан. Теледидарды қарай қалсаң, арғы жағында ойы жоқ, жұқа, өте әлсіз дүниелерді айтып жатады. Бірақ оған жастарды кінәлауымыз дұрыс емес. Бұған үлкендер кінәлі болуы керек. Екінші жағынан, жастар ден қойғысы келмей жүр. Журналист болсын, жас болсын, «*Біз айтуға керекпіз*» деп сөйлейді. «*Біз айтуға тиіспіз*» немесе «*Біз айтуымыз керек*» делінуі керек қой. Жастардың тілінде тағы да бір сөз бар «*Мен го-о-о*», «*тырқ қо-о-о*» дейтін. Ал түсініп көр...

Асқар Тоқпановтың ақылын мен жастарға айтайын: «Абай жолын» 30 жасыңда бір оқы, 35-те бір оқы, 40-та бір

оқы. Жыл сайын демеймін, 5 жыл сайын оқығанның өзінде тіл шеберлігіміз бен тәрбиеміз заңды түрде орнына келеді.

(К.Демесін)

Тілтаным

Әдеби тілдің грамматикалық нормасының қалыптасуы 3 кезеңге бөлінеді:

1. XV–XVII ғасырлардағы ауызша әдеби тілдің грамматикалық сипаты;
2. XVII ғасырдағы әдеби тілдің грамматикалық сипаты;
3. XIX ғасырдың I жартысындағы әдеби тілдің грамматикалық сипаты.

Бірінші кезеңде әдеби нұсқалар ауызша таралып, ауызша жеткендіктен, ұрпақтан ұрпаққа ауысқанда ескі элементтер заманға сай жаңасымен ішінара алмастырылып отырған. Яғни, бұл кезеңдегі қазақ тілінде бүгінгі нормалардан өзгеше келетін азды-көпті грамматикалық тұлға-тәсілдер бар. Мысалы: *менім* нұсқасы.

Екінші кезеңдегі септеу, жіктеу, көптеу жүйесі, сын есімнің шырай түрлері, етістіктердің рай, шақ, етіс категориялары, сөздерді байланыстыру амалдары қазіргі қазақ тілі нормаларымен сай келетіндігі, алдыңғы дәуірлерден айырмашылығы – XVIII ғасыр мәтіндерінде ноғайлық тұлғалар (*менім, бізің*) жоқ екендігі ғалымдар (Р.Сыздық, т.б.) еңбектерінде көрсетілген.

Үшінші кезеңдегі морфологиялық тәсілдердің көрінісі (сөзді септеу, жіктеу, тәуелдеу, сөздердің қиысу, қабысу, жанасу, меңгерілу тәсілдері, етістіктің рай категориялары) осы күнгі нормаға сай келеді.

Әдеби тіл нормалары және нормадан ауытқу



Тіл нормаларынан ауытқу туралы сөз қозғар алдында 7-сыныпта «Тілтаным» деректерінен танысқан тұлғалық өзгерістер (*бармаймын – барман, алғанмын – алғам, т.б.*) туралы білгеніңді есіңе түсір. Өз білгеніңе тереңірек үңілу,

өз тіліңнің ерекшеліктерін танып-білуге ұмтылу – сөздерді орынды қолдану мен тіл нормаларынан ауытқымай (немесе белгілі жағдайларда жөнімен ауытқып), салауатты да сауатты пікір айтуға жол ашады. Сен бұл туралы не айтар едің? Нормадан ауытқымау немесе жөнімен ауытқу туралы өз пікіріңді тұжырымда.

Сөйлеу барысында көркем сөйлеуді ұнататынымыз рас. Ойды жинақы, жүйелі, әдемі жеткізудің бір жолы – көркем сөз үлгілерін танып-білу. Ғалым Р.Сыздықтың «...үш-төрт ғасыр бұрын жасалған көркем сөз үлгілері тілінің негізгі грамматикалық категориялары: септік, жіктік, тәуелдік жалғауларының мағыналары мен қызметтері, етістіктің рай, етіс, есімше, көсемше тұлғаларында жұмсалу тәртібі, сөздердің байланысу амалдары (матасу, меңгеру, жанасу) қазіргі кездегімен бірдей түсетінін айту керек» деген пікірі біздің ана тіліміздің фонетикалық-грамматикалық белгілерінің ғасырлар бойы дамып, бекіп, жалпыхалықтық тіл нормасына айналғанына дәйек болмақ.

Сендер сөзжасам тарауынан сөз тудыру тәсілдерімен жақсы таныссыңдар. Жұрнақ жалғау немесе өзге де әдіс-тәсілдерді пайдаланып сөз тудыру арқылы сөздік қордың молаюы, әдеби тілдің лексикалық құрамының (жаңаруы, жаңғырығуы мен мағыналарының кеңеюі арқылы) толығына түсуінен де, жай сөйлеммен берілген ой мен құрмаласқан жай сөйлемдер арқылы да берілетін күрделі ойдың да белгілі бір ереже және нормаларға сай жасалатынынан да хабардарсыңдар.

Қатаң, босаң нормалармен 7-сыныпта танысып өттіңдер. Енді тілдік норма туралы ережелерді тұжырымдап, еске түсіріп өтейік.

Тілдік норма – әдеби тіл туралы ұғымның ең бір өзекті элементі.

Тілдік норма дегеніміз – тілдік таңбалардың (сөз, қосымша, сөйлем), тілдік амал-тәсілдер қолданысының бірізділігі мен реттілігі, белгілі бір тілдік ұжымның дұрыс деп таныған жүйесі.

Әдеби тілдің заңдастырылған нормасы – сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары. (Өткен материалдар бойынша өз мысалдарыңды келтіріңдер)

Сонымен қатар стиль түрлерінде әдеби тіл нормасының сақталу деңгейі әртүрлі екенін де білген абзал.

Қолданыс аясы	Тіл нормасының сақталуы	
Шешендік өнер, академиялық сөз, поэзиялық сөзге негізделген жоғары стильде	Әдеби тіл нормасы толық сақталады	Көркем әдебиет, мерзімдік баспасөз материалдарынан мысал келтіріңдер,
Ауызекі сөйлеу стилінде	Сөйлеу нормасынан ауытқушылық болады	салыстырып көріңдер
Өлем жаңалықтарын, өлем хабарларын, әлеуметтік-қоғамдық салаларға қатысты мәселелерді баяндайтын бейтарап стильде	Әдеби норма толықтай сақталуы қажет	

Тілдік тұлғаларды белгілі бір стильдік мақсатта пайдалануды нормадан жөнімен ауытқу дейміз. Бұл көбінесе көркем әдебиетте кездеседі. *Мысалы*, болымсыз етістіктің келер шақтық тұлғасының I жақта *-ма-й-мын* болуы – грамматикалық норма. Ол ауытқып, *-ман, -бан, -пан* түрінде жұмсалады:

Ел құтқарар ер едім,
 Жақындаспай-ақ бір тынбан.
 Мен – келелі қара бұлтпын,
 Келе жаумай ашылман...

(*Махамбет*)

Төмендегі мысалдағы нормадан жөнімен ауытқудың көрінісін тауып, дәлелдеу өздеріңе де қиындық тудырмайды, қане, байқап көріңдерші.

Мүсінші болсам, соғар ем,
 Тұлғанды алтын асылдан.
 Күмбезді биік салар ем,
 Алатаудың басынан...

(*Қ.Бекхожин*)

Сөйлем құрағанда сөйлем мүшелерінің қалыптасқан орны (бастауыш сөйлемнің басы я ортасында, баяндауыш сөйлемнің

аяғында) және бастауыш пен баяндауышқа қатысты тұрлаусыз мүшелердің орын тәртібі бар екенін ескеру керек.

Тұрлаусыз мүшелер баяндауышқа қатысты болса, онда бастауыш сөйлемнің басында келеді	Бастауыш пен баяндауышқа қатысты тұрлаусыз мүшелер болған жағдайда бастауыш сөйлем ортасында келе береді
Айнұр (<i>кім?</i>) асықпай (<i>қалай?</i>) түсіндіре бастады (не істеді?).	Ал қызығушылық танытқан (<i>қандай?</i>) Бекзат (<i>кім?</i>) оны (<i>кімді?</i>) ынтамен (<i>қалай?</i>) тыңдады (<i>не істеді?</i>).

Сөйлемнің айтылу мақсаты, қолданылу ерекшелігіне орай кей жағдайда бастауыш пен баяндауыштың қалыпты орнын өзгертуі, яғни, сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстыруы орын алады (сөз орнын ауыстыру – инверсия, латын тілінен аударғанда «орын өзгерту, төңкеру» деген ұғым береді). Инверсиялану қара сөзде, төл сөзді сөйлемдерде немесе өлең мәтінінде де кездесе береді. Мысалы: *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Жоқ-барды ертегіні термек үшін. (Абай)*

Қазақ тілінің ойды ажарлап, бейнелі жеткізу ерекшеліктері тағы басқа да ауытқулардың орын алуына мүмкіндік берген. Өлең шарттарынан туатын және бір ерекшелікті атауға болады: ол тиісті жіктік жалғауының түсіріліп айтылуы. Махамбеттің *Мен – тауда ойнаған қарт марал... және Түбін қазған мен бәйтерек* деген өлең жолдарында I жақтағы бастауыш (*мен*) пен баяндауыш (*марал, бәйтерек*) қиыспаған. Ол норма бойынша *бәйтерекпін, қарт маралмын* деп айтылуы тиіс. Бірақ ол норма сақталмаған.

Кейбір кездерде ілік, барыс, табыс септіктеріндегі сөздердің жалғауларын түсіріп айту құбылысы бар екенін білеміз (*журнал беттері – журналдың беттері, хат жаздым – хатты жаздым*).

Тілдегі сөздер бір-бірімен талғап, таңдап байланысқа түседі. Олардың арасында міндетті түрде мағыналық байланыс болуы керек. Мысалы, *төтенше* және *бөлекше* сөздері синонимдес болғанымен, бірінің орнына бірі жұмсала бермейді. *Оның шетелге қашуының тағы бір төтенше себебі бар. (Қ.Толыбаев) Оның тілі өзге жұрттан бөлекше жаралып па? (Абай)*

Жоғарыдағы мысалдардағы сөздердің орнын ауыстырсақ, сөйлем мағынасы өзгеріп кетеді.

16-жаттығу. ▲ Төмендегі өлең үзінділерінен грамматикалық нормадан ауытқыған қосымшаларды табыңдар. Олардың қайсысы қазіргі тіл үшін норма емес екенін көрсетіңдер.

Қалаға қабылан жаулар тигей ме,
Қабырғадан дұспан жалдап жүргей ме,
Қатарланып, қарланып,
Қайран ер қарт күреңге мінгей ме!
Қабырғадан қараған
Достым менен дұспаным:
«Апырым, ер Доспамбет!» дегей ме!..

(Доспамбет жырау)

Кім сендерді, балалар, сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып, қайғыңа күйетұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп, кірпік қақпай,
Шешең байғұс дамылсыз жүретұғын.

(Б.Алтынсарин)

17-жаттығу. ▲ Тіл нормасының сақталуына немесе ауытқуына шешендік сөздерден, ауызекі сөйлеу мен баспасөз беттерінен мысалдар келтіріп, өз ойларыңды ортаға салыңдар.

18-жаттығу. ▲ «Тіл мәдениеті: сөйлеу және жазу» тақырыбында Астана қаласында ұйымдастырылған дөңгелек үстелде айтылған пікірлер негізінде «Тіл тазалығы» турасында еркін пікір жазыңдар.

Тілді сақтаудың басты жолы – тіл тазалығы. Өкінішке орай, бүгінде тіл тазалығы, тіл мәдениеті, әдеби тіл нормалары сақтала бермейтін болды. Мұның тіліміздің дамуына теріс әсер беретіні сөзсіз. Кейбір ақпарат құралдарындағы сөз қолданыстарында ауызекі тілде айтылатын сөздер көп кездеседі. Бұл дұрыс емес. Телеарна тілі – тіліміздің айнасы. Ол таза болуы керек. Жастар тілінің мәдениетіне қатысты да осыны айтар едім.

Телеарналарға сұхбат беріп отырғандардың сөйлеу тіліне назар аударсаңыз, екі сөзінің бірі орысша. Сөз мәдениеті жайына қалды. Әсіресе, ток-шоуларда

тілдің тазалығы, айқындылығы, қисыны, мәнерлілігі, ұғынықтылығы, ықпалдылығы сияқты аспектілер мүлде ескерілмейтін болды. Меніңше, тіл тазалығына деген талапты күшейтуіміз керек.

(К.Арыстанбекұлы)

...Өкінішке орай, ақпарат саласында қызмет атқаратын журналистер бекітілген термин сөздерді пайдалана бермейді. Өз ойымен, тұспалдап жаза беретіндей көрінеді. Соның нәтижесінде тіл шұбарланады, тіл тазалығына нұқсан келеді. Тіл мәдениетінің төмендеуі тілге деген жауапсыздықтан болатынын естен шығармасақ екен.

(С.Батыршаұлы)

19-жаттығу. ■ «Табиғат тамашалары» тақырыбында суреттеме жазып, ойдың жүйелілігі, сөздердің қолданылуына назар аударыңдар.

Тірек сөздер: *тамылжыған табиғат, мөлдіреген сұлулық, ақша бұлт, бұлбұл үні, тастардың түсі.*

20-жаттығу. ▲ Мәтін мазмұны бойынша пікір алмасып, қарамен берілген сөйлемдегі сөз тіркестерін анықтап, көшіріп жазып, түсіндіріңдер.

Қай ұлт өз тілінен айырылуға мүдделі дейсіз. Олай болса, оның жойылуына әсер ететін, көзге ілінбейтін бір күштің болғаны ғой немесе ол күшті сол елдің уақытында байқап, алдын ала алмағаны.

Ұлттық тілді сақтауда басқа жұрттың өнегелі салттарынан тағылым алудың да маңызы зор болмақ. Заманымыздың ұлы ақындарының бірі Расул Гамзатов жан тебіренерлік мына бір жайды жазған еді. **Кезекті бір сапарында ақын Париждегі қандасына кездесіпті.** Авар азаматы тағдырдың жазуымен француз жеріне қоныс аударып, сонда ұзақ жылдардан бері тұрып жатқан көрінеді. Үйлі-баранды. Қартайған. Суретші болғандықтан елге деген ерекше сағынышына кез келген шығармасы куә болып тұрғандай.

Ақын елге оралған соң, «Менің Дағыстаным» атты жинағында сол адамның анасымен болған сұхбат сәтін былай баяндайды: «Сен екеуің аварша сөйлестіңдер ме? – деп кәрі анасы ойламаған тосын сұрақ қойды.

– Жоқ, біз аудармашы арқылы сөйлестік. Мен – орысша, ол – французша.

Ең қадірлі адамы өлгенде, қара жамылатыны сияқты, анасы қара ораушамен бетін жапты... Көп уақыт үнсіздіктен кейін кәрі ана:

– Расул, сен шатасқан боларсың. Менің балам баяғыда өлген. Ол менің балам емес. Менің балам болса, мен үйреткен ана тілін, авар тілін ұмытуға тиіс емес еді! – деді».

(А.Құсайынов)

21-жаттығу. ▲ Әдеби тілдің грамматикалық нормаларына жатпайтын ауытқуларға, жөнімен ауытқуларға көркем әдебиеттен мысалдар тауып жазыңдар.

22-жаттығу. ▲ Берілген тіркестерді қатыстыра отырып, әңгіме құраңдар. Өз мәтіндеріңнен сөздердің тіркесуіне, мағыналық үйлесіміне мысал келтіріңдер.

Тойған қозыдай томпаю, үріккен қойдай дүркіреу, атқан таңдай, нілдей бұзылу, өзендей тасу, айлы түн, қара түнек, әдемі көрініс, еліктің лағындай, таусылмас арман, сең соққандай, түбі түскен шелектей.

23-жаттығу. ■ «Әдеби тіл нормаларын сақтау – тіл тұғырлылығын нығайтуға қосатын үлесім» тақырыбында шағын пікір жазыңдар.

Тілтаным

Ал өлең мәтіндерінде түсіріп айтуға болмайтын кездерде сөзді тиісті септік жалғауынсыз айту да орын алады. Бұл әсіресе XV–XIX ғасырлар поэзиясында кездеседі. Мысалы: *Ханның*

кірген ақ орда Бұзуын ойлап кеңестік деген сөйлемді *ханның ордасын бұзуды ойлап...* болуы керек.

Етістіктің өткен шақ семантикасын *-ғай, -гей* жұрнақты тұлғамен беру бар:

Көзің жасың жүгіртет,
Көңілің тұлды *болғай ма?*

Жырың көңіл үркітет,
Жошы өлді *болғай ма?*

Бұл – көне тәсілдердің бірі. Мұндағы *өлді болғай* ма деген тұлға қазір *өлгені ме, өлген болар ма* түрінде қолданылуы керек.

Ойтұжырым

Әдеби тіл туралы өткен материалдарды жинақтай отырып, сыныптастарыңмен бірге «Әдеби тілдің нормалары», «Жастар тіліндегі әдеби норма мәселелері», «Әлеуметтік желі және әдеби тіл нормалары» тақырыбының біріне жоба жұмысын қорғауға дайындалыңдар.



Зерек шәкірт! Әдеби тілдің грамматикалық нормаларын танып-біле алдың ба? Оны білудің маңызын түсіндің бе? Тіл – ұлттың алтын діңгегі болса, сен – сол ұлттың бір перзентісің! Ал бұл тақырыпты жақсы игеру – өз ұлтыңның тілін мәңгілік етуге жасайтын қадамың... Сен қалай ойлайсың?

II ТАРАУ. СИНТАКСИС

Сөйлем



Сен өз ойыңды жарыққа шығаратын сөйлемдер мен олардың құрылысы туралы ойланып көрдің бе? Сен сөйлемдегі сөз тіркестері мен олардың байланысу түрлері, тәсілдерімен жақсы таныссың. Өз ойыңмен бөлісіп, сабақ барысында сөйлем құрылысының құпиясына үңілуге тырыс, зерделі жас.

Әр адам өз ойын жарыққа шығаруда немесе адамдармен қарым-қатынас жасау, түсінісу барысында сөйлемдерді қолданады.

Сөйлем – әртүрлі тұлғада өзара тіркесіп, біршама тиянақты ойды білдіретін сөздер тобы.

Сөз бен сөз тіркесі жеке тұрғанда мұндай ойды білдіре алмайды. Олар – сөйлемнің құрылымдық бөлшегі ғана. Өйткені оларда сөйлемге тән қасиеттер жоқ. Ал сөйлем болу үшін қандай шарттар керек. Оны мына кестеден біле аламыз.

Сөйлем		
Біршама тиянақты ойды білдіре алатын сөздер тобы (кейде жеке сөз)	Белгілі бір интонациямен айтылады	Тілдің ең кішкене бөлігі, тілдік бірлік
<i>Түн. Самал жел. Мақпал түннің көркі – жарық ай.</i>	<i>Шіркін-ай, түнгі аспандағы мына жұлдыздарға қол жеткізсе ғой!</i>	<i>Түн көрінісі керемет екен.</i>

Сөйлем сөз тіркестерінен тұрады. 7-сыныпта өткен сөз тіркестері туралы мәліметтерді еске түсіріп, *Бұл хабарды әзер жеткіздім* деген сөйлемді талдап көрейік.

Сөз тіркесі	Басыңқы сыңарының жасалуына қарай	Байланысу түрі	Байланысу тәсілі
<i>(Мен) жеткіздім</i>	етістікті тіркес	қиысу	жалғаулар арқылы
<i>бұл хабарды</i>	есімді тіркес	қабысу	орын тәртібі арқылы

Сөз тіркесі	Басыңқы сыңарының жасалуына қарай	Байланысу түрі	Байланысу тәсілі
<i>хабарды жеткіздім</i>	етістікті тіркес	меңгеру	жалғаулар арқылы
<i>әзер жеткіздім</i>	етістікті тіркес	жанасу	орын тәртібі арқылы

Сөз тіркесі – сөйлем құраудың шоғырланған материалдық бөлшегі. Сөз тіркестері бірімен-бірі құрмаласып, біріне-бірі үйлесе ұласып сөйлем құрайды. Мысалы: *Жеміс ағаштары гүлзарды айналдыра ерекше талғаммен отырғызылған*. Назар салатын болсақ, *жеміс ағаштары отырғызылған, гүлзарды айналдыра отырғызылған, ерекше талғаммен, талғаммен отырғызылған* деп жігі білінбей ұласып тұрғанын байқаймыз. Сөйлем құрамындағы сөздер мен тіркестер бір-бірімен синтаксистік қатынасқа түсіп, сөйлемде белгілі бір қызмет атқарады. Оны **сөйлем мүшелері** деп атайды. Сөйлем мүшелері сөйлемдегі ойды жеткізу сапасына қарай **тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер** деп бөлінеді.

Тұрлаулы мүше	Тұрлаусыз мүшелер			Тұрлаулы мүше
Бастауыш	Анықтауыш	Толықтауыш	Пысықтауыш	Баяндауыш (ойды тиянақтап, аяқтайды)
<i>Айгүл</i>	<i>құрбысы</i>	<i>Сандуғашты</i>	<i>ерекше</i>	<i>құрметтейтін.</i>

24-жаттығу. ▲ Берілген сөйлемнен сөз тіркестерін анықтай отырып, өзара үйлесіп, кірігіп, ұласуы үдерісін түсіндіріп беріңдер.

Халықтың сенімі, ақ батасы мен игі тілегін арқалаған бір топ спортшы алыс құрлыққа аттанды. Енді олар жерлестерінің қолдауын жүректерімен ғана сезінетін болады. Теледидарға қадалған жанарлар олардың әр қимылын үлкен үмітпен қадағалайтынын да біледі. Әр спортшының арманы – ел үміті мен сенімін ақтау, елдің туын желбірету. Әнұранын шарықтату. Осы халықаралық сайыста өз Отанының мәртебесін асқақтатуға жауапты екенін де жақсы түсінеді.

25-жаттығу. ▲ Мәтінді оқып шығып, қарамен берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдаңдар.

Балықшылар аулына қайтып барудың да мүмкін емес екенін біліп, айдалада ат үстінде былқ-сылқ етіп келе жатқанда, бұған бір топ қалашы кездесті. **Ұлықұм бойын қыстайтын бір ауылдың ер-азаматтары екен.** Ел қыстауға кіргесін, бала-шағаға қыстық азық қамдамақ боп Қоңырат, Шымбайға базар базарлап қайтқалы шығыпты. Соқа басын жер бетіне сыйғыза алмай жүрген Еламан қалашыларға ілесіп кете барды. Жат жерде бір жыл тентіреді. **Әуелі Қоңыратта болды.** Алғашқы төрт-бес ай ештеңені талғамай, қолына түскен жұмыстың бәрін істеді. Сонан соң тұрақты кәсіп тапқысы кеп Хиуаға, Хожеліге, Үргенішке барды. Бірақ бұл өңірдегі аты шулы бес қаланың біріне тұрақтай алмай, осы биыл жаз шыға Адай еліне келді. Бұл жақтан да ыңғайлы кәсіп табылмады. Екі қолын алдына өңгеріп қарап жүру тағы қиын болғасын, салт атты жолаушы ел жағалап, Шалқарға қарай қиястап келе жатқанда, айдалада бұған ұрылар кездесті. **Атыс үстінде иығына оқ тиді. Қолға түсетін қауіп төнгенде астындағы күрең қасқа атпен қашып құтылып еді. Былтырдан бергі көрген бейнет, шеккен азаптың бәрі салауат.**

(Ә.Нұрпейісов)

26-жаттығу. ▲ Сөйлемдерді сөйлем мүшелері мен сөз тіркестеріне талдаңдар.

Алашабыр бұлты бар. Күнбатыстан ескен қоңыр жел күздің салқынын бетке әкеліп соғады... Арбаға байлаған бұзаулар бүрсііп төрт аяғын бауырына алып тұрған секілді. Бірен-саран әйелдер басын доғалдай оратып, тезек теріп жүр. Жаман тұмағы жарбиып, күпісіне оранып қорбиып кейбір шалдар күншуақта тықылдатып ағаш шауып отыр... Желдібай бәріне қарады. *(Б.Майлин)*

Ермек орнынан тұрған кезде күн сәскелікке көтеріліп қалыпты. Терезеден түскен күн шағын бөлмесін тандырдай күйдіріп барады екен. Ол аулаға шығып, қол жуғыштағы сумен бетін жуды. Даладағы ошақ үстінде тұрған жабулы қазанның қақпағын ашып еді, қып-қызыл ғып қуырған тауық етін көрді. «Тағы да тауық!» – деді ол ызаланып. Бұлардың құс фермасында жұмыс істегені бәле болды ғой. Азанда тауық, түсте тауық, кешке де тауық. (Д.Исабеков)

27-жаттығу. ■ «Сөйлем туралы не білеміз?» тақырыбында білім сайысын ұйымдастырындар. Топтарға бөлініп, сұрақтар даярлап, талдау тапсырмаларын ойластырып, келесі топпен алмасындар.

Сөйлемнің түрлері

Қолданыстағы сөйлемдер түрлі сипатта, түрлі екпін-сазбен айтылады. Сөйлемнің түрін білген адам оны айтылу мақсатына орай түрлендіріп жеткізеді. Айтылу мақсатына қарай сөйлемнің төрт түрі болады:

Түрі	Тыныс белгісі	Мысалы
Хабарлы сөйлем	Сөйлем соңына нүкте (.) қойылады	<i>Арман білім сайысына қатысады.</i>
Сұраулы сөйлем	Сөйлем соңына сұрау (?) белгісі қойылады	<i>Өз өлкелеріңнен шыққан батырларды білесіңдер ме?</i>
Бұйрықты сөйлем	Сөйлем соңына нүкте (.) немесе көтеріңкі интонациямен айтылса, леп белгісі (!) қойылады	<i>Бастаған ісіңді аяғына дейін жеткізуге дағдылан.</i>
Лепті сөйлем	Сөйлем соңына леп белгісі (!) қойылады	<i>Алақай, біз бас жүлдені жеңіп алдық!</i>

Сөйлем мазмұны белгілі мақсатқа сай құрылып, соған сәйкес дауыс ырғағымен ерекшеленеді.

Сөйлем		
Сөйлемдегі оқиға белгілі	<i>Бұл оқиға өткелі де үш жылдың жүзі болыпты.</i>	Сөйлеп тұрған кезден бұрын болған әрекет
бір шақта жүзеге асырылады	<i>«Қыз Жібек» жырынан үзінді айтып жатыр.</i>	Сөйлеп тұрған кезде болып жатқан әрекет
	<i>Болашақта туған мекеніңе ораларсың.</i>	Әлі іске аспаған әрекет

28-жаттығу. ▲ Мәтінді диктант ретінде жазып, сөз тіркесінің байланысу түрлері мен тәсілдеріне синтаксистік талдау жасаңдар. Тапсырма топтар арасында орындалады. I топ үш хабарлы сөйлемді сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдерге айналдырсын, II топ бір сөйлемнің сөз тіркестерінің байланысу түрлерін ажыратсын, III топ соңғы сөйлемнің байланысу тәсілдерін көрсетсін.

Жаз... Жер жүзі көгеріп, жасыл ала жібекке оранып құлпырады.

...Жаздың алтын нұры ойнаған шуақ күні еді. Көк мөлдір сулы Аққулы көлдің жасыл ала қамыстары көк жібекке тіккен жасыл ала кесте сияқты. Аққулы көлдің жағасы жасыл кілем жайғандай балбыраған кезі еді.

...Екі аққудың нәзік сұлу үнмен сыңқылдап жүзген күміс сызығынан сылдырап, меруерт, гауһар моншақ тізіледі... Қап-қара жүнді, сыңқылдаған дауысты, ақ маңдайлы қасқалдақтар, қырқылдап ойнаған қоңыр үйректер, теріс аяқтар. Сусылдап ұшып-қонып ойнаған нәзік үнді, көк ала мойын, көк ала жібек құйрық сұқсырлар... Маржан көз сүңгуірлер. Балаша жылаған ақ түсті гагарлар... Қаңқылдап ұшып-қонған қоңыр қаздар, шулаған шағалалар. Көлді айнала қорыған қара ала қанатты, әдемі айдарлы, шаршамайтын, саққұлақ қызғыштар. Көкке шығып, зыр қағып безектеп сұңқылдаған ұзын аяқ, бізтұмсық тауқұдіреттер, тағы да толып жатқан неше түрлі құстар көл басын сұлу күйлі думан қып жатты.

(С.Сейфуллин)

29-жаттығу. ▲ Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Сөйлемнің айтылу интонациясына мән беріңдер. Өр сөйлем неше сөзден және сөз тіркесінен құралғанын айтыңдар.

Бір аңшы болыпты. Өмір бойы аң аулап күн көріпті. Аң мен құсқа ау құрады екен. Бірде ауын құрып жүріп, қалың арасынан арыстанға кездесіп қалады. Сонда арыстан:

– Ей, адам, сен көптен бері кездеспей жүр едің, – дейді тесіле қарап. – Құлақ сал сөзіме. Сенің істеп жүргеніңнің бәрі қиянат! Тіпті менің сыртымнан кіжінетін көрінесің. Ал енді мықты болсаң, күшiңді көрсетші!

Арыстанның айбарынан сескенген адам оны дәріптей сөйлейді:

– О, айбарлы, арыстан, сенен күшім артық деп мақтанбаймын! Ал сен шынымен күшті болсаң, дәлелдеші...

– Қандай дәлел керек саған? – дейді арыстан мақтанып. Адам қулығын асыра түскісі келеді:

– Анау жолда бір нәрсе жатыр. Соның астынан өтіп көрші. Арыстан да мұны сезгендей:

– Адам айлакер деуші еді, қулығыңды біліп тұрмын, – дейді сақтанып. – Алдымен өзің өт, содан кейін байқайын.

Адам өзі құрып қойған аудың астынан жып етіп өте шығады. Сонан соң арыстан келеді де, қарғып өту үшін бар пәрменімен секіреді. Сөйтіп, торға шырмалып қалады. Адам торға шырмалып жатқан арыстанның кеудесіне мінеді.

– Сендім, көрдім!.. Енді саған тиіспеймін, – деп жалбарыныпты арыстан.

Сөйтіп айласын асырған адам арыстанды босатып жіберіпті. Арыстан адамның ерлігін орманға жайыпты. Ормандағы жыртқыш аңдардың бәрі адамның күшінен сескеніп жүретін болыпты.

(«Хайуанаттар туралы ертегілер» жинағынан)

30-жаттығу. ▲ Айтылған пікірді негізге ала отырып, «Тіл және мен» тақырыбында ойтолғау жазыңдар. Өз мәтіндеріңдегі сөйлемдерді

айтылу мақсатына қарай ажыратып, сөйлем түрлерін жасауға негіз болған сөздерді анықтаңдар.

Біздің бүкіл тарихымыздан мен екі олжамызды бөліп атар едім. Оның біріншісі, әрине, ата-бабаларымыз өздерінің қанын төгіп, жанын беріп жүріп, ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған қазақтың қасиетті жері. Тағы бір олжамыз – сол ата-бабаларымыздың арқасында бар бояуымен, сырлы сазымен осы күнге аман-есен жеткен тұп-тұнық, мөп-мөлдір қазақ тілі.

(Н.Назарбаев)

31-жаттығу. ▲ Мәтінді мазмұндандар. 1. Мазмұндауларың бойынша айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін ажыратып жазыңдар. 2. Мәтіндегі термин сөздерге назар салып, аталған ғылым саласына байланысты басқа да терминдерді жазыңдар.

Үлгі:

I топ Хабарлы сөйлемдер:	II топ Сұраулы сөйлемдер:	III топ Лепті сөйлемдер:
-----------------------------	------------------------------	-----------------------------

Қазақ даласынан шыққан ғұламалардың тіл өнерімен бірге жаратылыстану, математика ілімдеріне жетік болғанын жақсы білеміз. Бұған дәлел ретінде Әбу Насыр әл-Фараби есімін айту жеткілікті. Риторика, астрономия, философия, музыка саласындағы еңбектерімен қатар, орта ғасыр данышпанының бай математикалық мұрасында геометрия негіздері және оны оқыту мәселелері де кең орын алған.

Геометрия – әртүрлі геометриялық фигуралардың қасиеттерін зерттейтін ғылым. «Геометрия» деген сөз қазақ тіліне «жер өлшеу» деп аударылады.

Геометрия – өте қызық пән. Ол планиметрия және стереометрия бөлімдерінен тұрады. Планиметрия бөлімінде жазықтықтағы фигуралардың қасиеттері зерттелсе,

стереометрияда кеңістіктегі фигуралардың қасиеттері зерттеледі.

(«Қызықты ойлар» жинағынан)

32-жаттығу. ■ Алған білімдеріңді жинақтай отырып, «Сөйлем сырын сөздерден ұғамыз» тақырыбында тұжырымдама жазыңдар. Өз мәтіндеріңдегі сөйлемдерден сөздердің мағыналық байланыстарын тауып, сөйлем жасауға ұйтқы болып тұрған байланысты көрсетіңдер.

Хабарлы сөйлем



Өз ойыңды хабарлап жеткізіп, көрген жайларды суреттей баяндаған кездеріңде сен хабарлы сөйлемді қолданып тұрғаның жайында ойланбаған да боларсың? Міне, хабарлы сөйлеммен жете таныс болатын кез де жетті, зерделі жас.

Төменде берілген кесте бойынша хабарлы сөйлемнің тыныс белгісі мен дауыс ырғағы жайлы өздерің айтып беріңдер. Мысал-сөйлемдер қай шақтағы оқиғадан хабардар етеді? Бір-біріңнің жауаптарыңды тыңдап, дұрыс бағалай біліңдер.

Белгілі бір мәліметтен хабардар ету немесе сұраққа жауап беру мақсатында айтылған сөйлемді **хабарлы сөйлем** дейміз.

Хабарлы сөйлемді яғни хабарлайтын ойды жеткізудің төмендегідей тәсілдері бар:

Хабарлы сөйлем		
Біреудің бір нәрсе туралы жай хабарлауы	Біреудің бір нәрсе жөніндегі ойын, көзқарасын білдіру мақсатында хабарлауы	Біреудің бір нәрсені сипаттап, бейнелеп, суреттей баяндауы
<i>Кеше апам келген.</i>	<i>Менің естуімше, апам да келе жатыр.</i>	<i>Апамның келуі – немерелер үшін базарлы мереке.</i>

Хабарлы сөйлем		
Біреудің бір нәрсе туралы жай хабарлауы	Біреудің бір нәрсе жөніндегі ойын, көзқарасын білдіру мақсатында хабарлауы	Біреудің бір нәрсені сипаттап, бейнелеп, суреттей баяндауы
<i>Ай жап-жарық екен.</i>	<i>Ертең күн ашық болар деп ойлаймын.</i>	<i>Жұлдызды аспанда ай алтын алқадай әдемі көрінеді.</i>

33-жаттығу. ▲ Төмендегі мәтіннен бірнеше хабарлы сөйлемдерді теріп алып, сұраулы, лепті сөйлемге айналдырып жазыңдар.

Қазір он мыңдаған азат-мая бір денедей қозғалып, су астында сүңгуір қайықтай сырғып, тұтас жосып келеді. Жемге қарақтаған, бетімен жайылайын деген бірі жоқ. Ұлы жорық бәрін өз шеңберіне алып, айдап әкетті. Көздері оттай жарқыраған Көкқасқалар көш алдын бастап келеді.

Көшенің екі қабырғасында да, жанында да – сол Көкқасқалар. Әртасаға жасырын құрған ұры-қарылардың ауларына ілігіп қалатындар да сол ата балықтар. Бірақ өмір жорығы ешбір бөгесінге көңіл аудартпай, айдап келеді. Тұщы суға біржола шығып алған соң, жорық бет алысын біржола ұғынғандай бір балық шашау шықпай, тұтаса жосып кетті.

(F.Мүсірепов)

34-жаттығу. ▲ Төмендегі өлең үзінділерін қара сөзге айналдырып, сөйлем құрап көріңдер. Қандай өзгерістерді байқадыңдар?

Өлеңді айт дегенде ағылтқанмын,
Жүйріктей домбырамды сабылтқанмын.
Ел сүйген, еңіреп туған ерді мақтап,
Тынысын дұшпанымның тарылтқанмын.

(Жамбыл)

Таулардан өзен ағар сарқыраған,
Айнадай сәуле беріп жарқыраған,
Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта,
Аралап тау мен тасты арқыраған.

(Б.Алтынсарин)

Үш бидің толып жатыр өсиеті,
Үлгі боп елге істеген әділеті.
Болса да талай ғасыр өлгеніне,
Қалған жоқ ел аузынан қасиеті.

(К.Әзірбаев)

35-жаттығу. ▲ 1. Берілген мәтін түрін анықтап, мазмұны негізінде толық жоспар жасаңдар. 2. Хабарлы сөйлемнің стильге қатысты тәсілдерін түсіндіріңдер.

Ұлы Отан соғысының басталмай тұрған кезінде Бауыржан Момышұлы 105-атқыштар дивизиясының қарамағындағы артиллериялық атқыштар бөлімшесінің командирі қызметінде болады. 1940 жылы Украинаның Житомир қаласындағы арнаулы танкке қарсы шабуылдайтын 202-дивизияның командирі болып тағайындалады. Алайда 1941 жылдың қаңтарында тәжірибелі сардар Алматыға қайтарылады. Сол жылдың жаз айларынан бастап жаңадан құрылған 316-атқыштар дивизиясының штабына Қазақстан мен Қырғызстан елінен сарбаздарды жинай бастайды. Бауыржан қайта жасақталған дивизияның 1073-атқыштар полкінің атқыштар батальонына командир болып тағайындалды. Ары қарай қайнаған соғыс майданы басталып кетеді.

Ержүрек сардардың батырлығын танытқан майдандар аз емес. Солардың ең ерекшесі – 1941 жылдың күзінен басталған Мәскеуді қорғау шайқасы болатын. Ол кезде ол 19-гвардиялық атқыштар полкіне командир болады. Оның полкі жұдырықтай жұмылып, фашистерді Мәскеуге қарай жібермейді. Жасаған ерлігі мен батырлығы үшін, өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарғаны үшін, шешуші кездерде жылдам түрде нақты шешім қабылдай білгені үшін ол Ленин орденімен марапатталады. 1942 жылдың тамызынан бастап Панфиловшылар дивизиясына командир болады. Мәскеуді қорғау майданының Ключово шайқастарында жарақат алып, біраз уақыт госпитальда жатады. 1945 жылдың ақпаны

мен наурызында Латвия жеріндегі Приекуле станциясы маңында болған шайқаста ол басқарған дивизияның солдаттары қарсыластарының қорғаныс шебін тас-талқан етеді. Ұрыстың нәтижесінде 15 елді мекен жаудан азат етіліп, жаудың әскеріне солдаттар жағынан және әскери техника жағынан үлкен шығын келтіреді.

(«Бауыржан туралы естеліктер» кітабынан)

36-жаттығу. ■ Берілген мәтіннен сөз тіркестерін пайдалана отырып, мәтін мазмұнына қатысты «Ұстаз сыры» тақырыбында (айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін ойластыра отырып) еркін пікір жазыңдар.

Төрт шәкіртімді әл-Фараби университетіне алып бардым... Лифтіге мініп алып, ең жоғарғы 14-қабатқа көтерілдік те, төменде жыбырлаған адамдарға, төбе-төбе болып, алыстан көрінген тауларға қараттым. Баланың ықыласы неге ауса, соған ұқсағысы келеді ғой. Мүмкін болашақта бір-бір тауға айналар.

Өзім университетке әкемнің бірауыз сөзімен келгенмін. 5-сынып оқып жүргенде айтатын: «Алматыда университет бар, онда журналистика факультеті бар», – деп. Сол миға берілген бағдарламамен мектепті бітірісімен, басқаға бұрылмастан, осында бір-ақ келгенмін. Құдайдың бұйрығы шығар, журналист емес, мұғалім болғаным. «Журналистикаға қыздарды алмаймыз» – деп, құжаттарымды қабылдамай қойған. Соған қазір қуанамын. Әйтпесе бір «тәуір» мұғалім өлмекші екен.

Бүгін шәкірттерімді әкеліп тұрмын. әл-Фараби бабаның мүсіні бар төменде. «Е, бабаның аруағы, қолдай гөр, мына құртақандай балаларды. Мұхит, Пернебек, Ләйлә, Динараларға білім шапағатыңнан шашқайсың. Бұлар да осы қасиетті университеттің студенті болғай!»

14-қабаттан төмен қарап тұрып осыны ойладым. Өздеріне тілек айттым.

(А.Қыраубаева)

Сұраулы сөйлем



Нақты бір дерек, мәлімет алу мақсатында сұрақ қойған сәттеріңде саған көмекке келген сұраулы сөйлемдермен танысуды бастаймыз.

Адам баласының өмірді танып-білуге қызығушылығы, сұрақтарға жауап іздеуі басым. Күнделікті өмірде де сұраулы сөйлемдерді аз қолданбаймыз. Бұл сөйлемнің көздеген мақсаты бар.

Бір нәрсе жайында сұрап білу мақсатында айтылатын сөйлем – **сұраулы сөйлем** деп аталады.

Негізгі мәлімет, деректі нақты білу, ойды анықтап алу мақсатында және жетелей сұрақ қоя отырып ой-пікірді айқындауға көмек қылатын сұрақтарды біз негізгі, анықтауыш және жетек сұрақтар деп атаймыз.

Негізгі сұрақ	Анықтауыш сұрақ	Жетек сұрақ
Сұрау есімдіктері (<i>Қашан? Кім? Қанша? Қайда? Неге? Кімде?</i>) және <i>ма, ме, ба, бе, па, пе</i> шылауларының қатысуымен жасалады	Бұл сұрақтар сұрау интонациясы арқылы жасалады. Сөз соңы көтеріңкі айтылатын өзіне тән дауыс екіні бар	Толымсыз боп келіп, сұрақ мағыналы сөзден ғана тұрады, <i>ше</i> шылауының қатысуымен жасалады
<i>Бәрі келді ме?</i> <i>Сен қашан оралдың?</i> <i>Кім орындағысы келеді? т.б.</i>	– <i>Бұл әнді өзі жазған.</i> – <i>Өзі?</i> – <i>Иә, өзі жазып, өзі орындаған.</i>	– <i>Егер келмесе ше?</i> – <i>Келу керек.</i> – <i>Бір жағдай болса ше?</i> – <i>Ол уәде берген..</i>

Сұраулы сөйлемнің дауыс ырғағы оның мақсатын ашуға негізделген, негізгі сұрақ мағынасын тудыратын бірлік жоғары дауыс ырғағымен айтылады.

37-жаттығу. ▲ Мәтінге қатысты сұраулы сөйлемнің жасалу жолдарын негізге ала отырып, өз сұрақтарыңды даярлаңдар. «Ұлттық киімдердің ерекшелігі» тақырыбында өз пікірлеріңмен бөлісіңдер.

Сәукеле – келіншектің бас киімі. Ол бас киім ғана емес, қазақ сән-салтанатының, салт-дәстүрінің, мәдениеті

мен шеберліктің озық үлгісі, өнер туындысы. Алтынмен апталып, күміспен күптеліп дегендей, ол інжу-маржан, гауһар, лағыл, жақұт сияқты асыл тастар тізбегімен әрленіп, әшекейленеді. Негізі мақпал, барқыт сияқты қымбат маталардан тігіліп, бұлғын, құндыз терілерімен жиектеліп, оқамен оюланып, түрлі түсті моншақтармен шашақталып, көркем жіптермен кестеленіп, алдыңғы жағы көзді тастармен қапталып, түрлі тағым, алтын күміс теңгелермен безендіріледі, төбесіне үкі тағылады. Көрсө көздің жауын алатын осы бұйым тек келіншек сәні ғана емес, той салтанаты мен құдалар беделін де көтере түсетін ерекше көрініс! XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген Кіші жүздің Байсақал атты байының қызының сәукелесін Кенесары ханның ағасы Саржан төре 500 байталға бағалаған.

(М.Көпеев)

38-жаттығу. ▲ Берілген жұмбақ әңгімедегі сұраулы сөйлемдердің жасалуына орай сұрақтардың түрін анықтаңдар. Жұмбақты шешіңдер. Сендер де жұмбақ әңгіме құрып көріңдер.

Балалар, өмірдегі әр оқиғаның артында «Неге бұлай?», «Егер былай болса ше?», «Мұның сыры неде?» деген сұрақтар жасырынып тұрады емес пе? Ата-бабаларымыз әр жағдайға жұмбақ қырынан қарап, ойланып, қисынды жауап табуға үйрету үшін жұмбақ, жұмбақ есептер ұсынып отырған болар? Қалай ойлайсың, сұрақтар тапқырлық пен білімділікке жетелейді емес пе? Олай болса, төменде берілген жұмбақ әңгімеге қарай отырып, жауабын табуға тырысыңдар.

Бір ананың үш қызы болады. Шешесі 42 жасқа келгенде, үлкен қызы 19-ға, ортаншысы 11-ге, ал сүт кенжесі 2 жасқа толады. Қанша жылдан кейін анасының жасы мен үш қыздың жастарының қосындысы теңеседі?

Жұмбақ сұраққа құрылған әңгімелерің болса, достарыңның назарына ұсынып көріңдер.

39-жаттығу. ▲ Өлең жолдарындағы жауапты қажет етпейтін сұрақтың ерекшелігін түсіндіріңдер.

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз?!
Күдеріден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екенбіз?!
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз,
Сауыт киер ме екенбіз?!
Ор қояндай жүгінтіп,
Аш күзендей бүгілтіп,
Жолбарыстай шұбарды
Таңдап мінер ме екенбіз?!

(Ақтамберді жырау)

Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?
Тоқ тұра алмас дәмдіден дәмді іздемей.
«Бір тойған – шала байлық» деген қазақ,
Ет көрінсе, қайтеді күйсей бермей?
Еңбек жоқ, харекет жоқ қазақ кедей,
Тамақ аңдып қайтеді тентіремей?
Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,
Ол немене жоқтықтың әсері емей?

(А.Құнанбаев)

Осы жұрт неге айтады пайда еместі,
Қымбат қой көнермейтін қайран ескі!
Бесікте көзін ашқан күйкі болса,
Кәдімгі Қажымұқан қайдан есті?!
Тал бесік – жан жайлауы жас балаға,
Арба да, мамық төсек, баспана да.
Кіршіксіз, әрі ыңғайлы, әрі жылы,
Байқаусыз жел тиер деп жасқана ма?!

(М.Әлімбаев)

40-жаттығу. ■ Мәтінге байланысты сұрақтарға өз пікірлерінді жазыңдар.

1. Дәстүрді сыйлаудың, ата салтын сақтаудың қандай маңызы бар?

2. Өздерің ата салтын қалай сақтап жүрсіңдер?

Пікір жазу барысында қандай сұрақ түрлері (негізгі сұрақ, анықтауыш сұрақ, жетек сұрақ) туындағанын айтып, пікір алмасыңдар.

Баяғыда тасы өрге домалап тұрған бір хан жанына нөкерлерін ертіп, аң аулауға шығады. Орман кезіп, қыр асып келе жатса,



алдынан екі көзі ботадай мөлдіреген, сауыры жез құмандай жылт-жылт еткен сұлу киік қаша жөнеліпті. Хан садақтан оқ атып, киіктің артқы аяғын жаралайды. Бір жағы құлама жар, екінші бүйірден хан нөкерлері қиқу салып, қыспаққа алғанда, жаны қысылған бейшара киік жан далбасамен сонадайдан көз тартқан ақбоз үйдің ашық тұрған есігінен ішке қойып кетіпті. Үй иелері жайылған дастарқаннан түскі тамақ ішіп отыр екен. Есіктен енген киік жаюлы дастарқаннан бір-ақ ырғып, төрдегі керегеге тұмсығын тіреп, солығын баса алмай тұрып қалыпты.

– Шығар киікті! – деп дауыстайды хан ат үстінде тұрып, төрде тамақ ішіп отырған қарияға. – Бұл тау тағысын түстік жерден қуалап келіп, сенің үйіңде қолға түсіріп тұрмын. Мұның менің олжам екеніне ешкімнің дауы жоқ шығар?

Сонда қария:

– Сөзің орынды, хан ием. Киік сенің олжаң екені де рас. Бұл сорлы жаны қысылған сәтте менің төріме шығып кетті. Ортада дастарқан жаюлы жатқанын өзің көріп тұрсың. Ата салтымыз бойынша, дастарқанды аттап өте алмайсың. Көздеріне қан толып, бір-біріне өлердей жауыққан екі адамды татуластырарда дастарқан басына алып келмеуші ме еді? Тіпті хан болсаң да, дәстүрден

үлкен емессің. Ал дәстүрді, ата салтты бұзсаң, қалың елдің табасына қаласың, жолың болмайды, – депті.

Хан аталы сөзден жеңіліп, ат басын кері бұрыпты.

(Аңыз-әңгіме)

Лепті сөйлем



Көңіліңнің ерекше сезім ирімдерін жеткізуге көмектесетін лепті сөйлемдерге де келіп жеттік. Өзің білмейтін жайларға назар аударып, әсіресе тыныс белгілерін есте сақтауға тырыс, зерек жас.

Сезімге, тасып-толқыған көңіл күйге негізделген сөйлем түрі – лепті сөйлем.

Сөйлеушінің көңіл күйін (қуану, ренжу, өкіну, т.б) білдіру мақсатында айтылатын сөйлемді **лепті сөйлем** дейміз.

Лепті сөйлемдердің жасалу жолына, мән-мағынасына тереңдеп, төмендегі кестеге назар аударыңдар.

Лепті сөйлемнің жасалу жолдары	
1) <i>-ай, -ақ, -ау, -ой</i> шылауларының қатысуымен	<i>Дауысының кереметін-ай! Өзі нағыз ер екен-ау!</i>
2) көңіл күй одағайларының қатысуы арқылы	<i>Ойбай, абайла! Қап, әттеген-ай!</i>
3) көтеріңкі дауыс ырғағы арқылы	<i>Отан үшін алға!</i>
4) сөйлемнің етістік формалары арқылы	<i>Еліңнің мақтанышы бол! Еңбегің жансын! Еліміз өркендей берсін!</i>

Есте сақта!

Сөйлемнің айтылу ырғағына, көңіл күй бояуы мен екпініне, қолданылу орнына қарай етістіктің бұйрық райының II жақ (жекеше, көпше түрі) және III жақ түрлері кейде лепті сөйлемге айналады.

*Арналы алып өзеннен,
Басын алған саға бол!*

*Үлкенге кіші ізетті,
Кішіге қамқор аға бол!*

деген бата жолдарында бұйрықтан да өсиет, кеңес беру сезім бояулары басым екені байқалады.

Лепті сөйлемдерден кейін леп белгісі қойылады. Кейбір сөйлемдер әрі сұрақ, әрі сезім, көңіл күйді (қуану, таңдану, т.с.с.) білдіріп тұрады, ондай жағдайда леп белгісі мен сұрау белгісі қатар қойылады.

*Пай-пай! Әлемде талай қызық бар деген осы да!
Әлемде талай қызық бар деген осы екен-ау?!*

41-жаттығу. ▲ Айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін анықтап, қай шаққа тән екеніне тоқталыңдар. Лепті сөйлемдер қандай көңіл күйді танытып тұрғанын түсіндіріңдер. Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерге мағыналық талдау жасап, кесте бойынша жіктеп жазыңдар.

Үлгі:

Қарамен берілген сөздер	Тура мағынасы	Ауыспалы мағынасы
<i>Ернін тістеді</i>	Бар	Бар
<i>Сөзі ірі</i>	Жоқ	Бар

Шал кемпіріне алақандай көздерін алартып, ернін қымқыра тістеді.

– Қой, әрі! – деді Салиха оған **айылын жимай**. – Әруақ, құдай алдында күнәға қалма. Өзі тірі жетім байғұсты тумай жатып қу құдай қыспаққа алғаны аздай, о несі-ай... Оқысын. **Өз қолы өз аузына жетіп**, адам болып кетсе, әжеп емес. **Бағын байлама** баланың!

Салиха ақ шарадағы қымызды ожаумен шамадан тыс атырыла сапырып-сапырып жіберді. Қымыздың көбігі бұрқырады.

– Бала қайда? – деді бұл түсініксіз шайпасудан **секем алған** Әліпбек.

– Мен шақырып келейін, – деп Салиха орнынан оқпан құстай ордандай көтеріліп, далаға шықты.

– Тұрар! А, Тұрар! Қайдасың, жуәрмек? Шапшаң кел үйге!

Сөзі ірі болса да, зілі жоқ, кескін-кейпі келеңсіздеу келсе де, кеудесінде мейірлі шуағы көп кемпірдің «жуәрмегін» кек көрмей, Тұрар қамыстың арасынан шығып, үйге беттеді.

– Міне, бала оқытсаңдар, – деді Салиха Тұрарды қолынан қашып кетпесін дегендей, мықтап ұстап тұрып. – Орышпаңа да, мұсылманшаңа да ағып тұр. Байғұсқа тіл-көз тиіп кетпесе, болайын-ақ деп тұр.

– Атың кім? – деді Әліпбек қағаз-қаламын алып.

– Тұрар.

– Әкесінің аты кім?

Кемпір жақсы көретін қайнысының атын атай алмай, амалсыз тілі байланып тұрып, шалына:

– Айтсаңшы-ей! – деді.

(Ш.Мұртаза)

42-жаттығу. ▲ Мәтінді оқындар. Батыр аталарыңды тағы қандай қырынан таныдыңдар? «Ата даңқы – ұрпаққа үлгі» тақырыбында пікір алмасып, өз пікірлерің негізінде лепті сөйлем түріне мысалдар жазындар.



Баукеңнің бойында қандай қасиеттер бар еді?

Баукең, ең алдымен, ақын болатын. Соғыста жүргенде де көп өлеңдер жазды. Мәселен, «Серігім», «Жазушыға», «Қалыбек аға», «Біреулерге», «Омарбекке», «Жардың мұңы», «Ғ-ға», «Ана тілін ардақта», «Достыма», «Толғау», тағы басқа.

1944 жылы 15 ақпанда жазған «Ана тілін ардақта» деген өлеңінде былай дейді:

Көшеде бояу ерін сылқылдаған,
Былдырлап, орышалап жырқылдаған.
Ұмытып ана тілін, салт-санасын,
Не қалды тілімізден жыртылмаған?

Отбасы түсініксіз жатқан былдыр,
Газетте қазақ сөзі аз, шылдыр-мылдыр.
Оқысаң алып кітап шым-шытырық,
Опырмау, сандырақ па, бұл не былжыр.
Ержеткендер сөйлейді орыспалап,
Кім отыр сөз құрылысын қынап-сынап.
«Мамасы» мен «папасы» шүршіт болып,
Күйдірді-ау, шүршітшілеп, бала жылап.

Бұл – Баукеңнің бұдан 66 жыл бұрын жазған өлеңі. Жарты ғасырдан асса да, ескірген жоқ. Сол мағыналы, маңызды қалпында. Баукең бұдан 65 жыл бұрын көтерген ана тілінің мәртебесі туралы мәселе енді ғана қолға алынып, ұлттық үлкен өзекті мәселеге айналып отыр.

Одан кейін Баукең жазушы атанды. «Москва үшін шайқас» атты ғажап психологиялық әскери романның авторы болды. «Ұшқан ұя» деген этнографиялық роман жазды. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Бұдан кейін Баукеңді әскери тарихшы деп атауға да болады. Оның үстіне Баукеңді фольклор білгірі деп және атау орынды. Фольклор білгірі болғандықтан, ол өзінің тамаша мақал-мәтелдерін шығарды.

(Ә.Нұршайықов)

43-жаттығу. ▲ Лепті сөйлемнің (бұйыру, қуану, ұран, сескену, т.б.) әр түріне мысал тауып жазып, интонациялық ерекшеліктеріне тоқталыңдар.

44-жаттығу. ■ Сұрақтарға жауап беріңдер.

Тұрмыста, күнделікті өмірде әртүрлі құттықтау сөздер (лебіздер) айтылады. Қай кезде қалай деп айту керегін білесің бе?

- а) мереке күндері үлкендерге, жолдастарыңа;
- ә) сапарға шығатын, жол жүретін адамға (жолаушыға);
- б) мал жайып жүрген малшыға;
- в) мұғалімдеріңмен таңертең, түсте, кешке кездескенде;
- г) құрмет-қошеметке ие болған адамға;

- ғ) өзіңе біреу қызмет көрсетіп, көмектескенде қалай деп айтасың? Бұл сөйлемдер қандай дауыспен айтылады?

Тілтаным



Ақылды дос! Сен сөздердің өз құпиясы болатынын білесің бе? Білмесең, онда асыл тастарға байланысты теңеулерге назар аудар! Олардың да өзіндік сыры барын есте сақта және кезі келгенде қолдана біл! Айшықты теңеулерде аталған тастар туралы не білесің? Мектептегі кітапханадан осы тастардың қасиеті туралы жазып келуді ұмытпа!

Бұқардың гауһар тасындай. Суда жатқан гауһардай. Жіпке тізген меруерттей. Көз моншақтай көрікті. Тана моншақтай жарқыраған. Қатар тізген маржандай. Мөрмәрдай берік. Асылдың сынығы. Жақұттай жарқыраған.

Бұйрықты сөйлем



Бұйрық қандай жағдайда беріледі деп ойлайсың? Өзіңнің бұйрық естіп немесе өзгеге бұйрық берген кезің болды ма? Бұйрықты сөйлемнің бар екені және оның қалай жасалатыны туралы ойланып көрдің бе?

Бұйыру немесе талап ету мақсатымен айтылған сөйлем бұйрықты сөйлем деп аталады.

Бұйрықты сөйлем баяндаушының жасалу жолы

1. Етістіктің бұйрық райының II жақ (жекеше, көпше түрі) және III жақ түрі:

Өтірік айтудан аулақ болыңдар. Сіз ұлгі көрсетіңіз. Оқушылар ән айтсын.

2. Бұйрық райдың II, III жағына және шартты райға -шы, -ші жұрнағы жалғану арқылы жасалады:

Кітабыңды берші. Осы мақаланы оқыңызшы. Олар жылдам келсінші. Айтқан сөзіңде тұрсаңшы.

Бұйрықты сөйлемде дауыс ырғағы біркелкі бола бермейді: кейде хабарлы сөйлем ырғағымен айтылып, нүкте қойылса, бұйрық, талап басым айтылғанда, леп белгісі қойылады.

Бұйрықты сөйлем		
Біреуді іске қосу мақсатында талап қою	Батыл кеңес беру	Тілек, өтініш ету
<i>Мереке жауапкершілігі 9-сынып ұжымына жүктелсін!</i>	<i>Уақыттан ұтылмай, іске кіріс!</i>	<i>Барғысы келетіндерді жинашы.</i>

45-жаттығу. ▲ Өлең мәтініндегі сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай анықтаңдар. Жамбылдың Құлмамбетпен айтысындағы бұйрықты сөйлемдердің мағынасы жөніндегі ойларыңды ортаға салыңдар.

Жамбыл:

Мен барайын төменгі
 Асыл менен Шыбылға,
 Мықты болсаң, Құлмамбет,
 Күрескеннен жығылма!
 Бұ жақтағы Дулатты
 Тастай бере асығып,
 Бабаға барып тығылма!
 Бабаң, қойын бу қылып,
 Аруаққа ұрынба!
 Еш нәрсе қанша айтқанмен
 ете алмайсың,
 Бұлтарып мен тұрғанда кете алмайсың.
 Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
 Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.



46-жаттығу. ▲ Өлең үзінділерін көшіріп жазып, жаттап алыңдар. Бұйрықты сөйлемдердің мағынасына тоқталып, талдап көріңдер.

Еділ бол да, Жайық бол,
 Ешкіммен ұрыспа...
 Ақың болса біреуде,
 Айыбын тап та, ала бер,

Ерегісіп ұрыспа.
 Сенікі жөн болса да,
 Атың шықпас дұрысқа.
 Мінезі жаман адамға
 Енді қайтіп жуыспа!
 Тәуір көрер кісіңмен
 Жалған айтып суыспа.

(Асан қайғы)

Батаңды маған бер, әке,
 Тіліме менің ер, әке,
 «Жапаның ұлы ақын боп,
 Жақсы істепті», – дер, әке.
 Домбыра алып сөйлейтін,
 Күнде жасап мереке.
 Мерекелі болған соң,
 Елде болар береке.

(Жамбыл)

47-жаттығу. ▲ Өздеріңе таныс ақындардың шығармаларын пайдалана отырып, өлеңдерінен бұйрықты сөйлемдер теріп жазыңдар.

Үлгі:

<p><i>Бес нәрсеге асық бол, Бес нәрседен қашық бол...</i></p> <p style="text-align: right;"><i>Абай</i></p>	<p><i>Тоқта, балам, Атаң келеді артыңда...</i></p> <p style="text-align: right;"><i>Мұқағали</i></p>
--	---

48-жаттығу. ■ «Бұйыра сөйлеу әдепке жата ма?» тақырыбында пікір-сайыс ұйымдастырыңдар.

Тілтаным

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі сөйлемнің түрлері

Адамзаттың ойын білдіру үшін жұмсалатын тілдің ең қажетті саласы – сөйлем.



Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілінде сөйлемнің көптеген түрлері кездеседі. Олар қазіргі кездегідей хабарлы, сұраулы, лепті және бұйрықты болып бөлінеді.

Мысалы:

1. *Екінті күн келті – Екінші күн келді.* (Хабарлы сөйлем)
2. *Бең сана не айайын? – Мен саған не айтайын?* (Сұраулы сөйлем)
3. *Бу су елт! – Бұл әскерді апар!*
Сіз ташқың! – Сендер жиналыңдар! (Лепті сөйлем)
4. *Тоғыз оғуз беглері, бодуны, бу сабымен едгүті ешід, қатыгды тыңла! – Тоғыз оғыз бектері, халқы, бұл сөзімді жақсылап естіңдер, мұқият тыңдаңдар!* (Бұйрықты сөйлем)

Ойтұжырым

Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінетін түрлерінің теледидар арналарындағы өзіне ұнайтын бағдарламаларда қалай қолданылатына назар аударып, диаграмма бойынша жоба ұсын. Қажет жағдайда диаграммаға өзгеріс енгіз.

Телехабарлардағы сөйлем түрлері



Сөйлемнің құрамы. Сөйлем мүшелері



Қиялға қанат бітірейікші, ойшыл дос! Сен сөйлем ішіндегі сөздердің тіршілік иелері сияқты қызмет атқаратыны туралы ойланып көрдің бе? Сөйлемдегі сөздер – сөйлем әлемінің қызықты ізденіске жетелейтін сан қырлы, өзгеше сипатты кейіпкерлері деп қарастырып көрейікші. Бәлкім, олардың өз келбеті, сипаты, қызметі бар болар?!

Иә, шынымен, олардың әрқайсысы сөйлем мүшелері ретінде синтаксистік қызмет атқарады. Сөйлемді құруға ұйытқы болады, анықтайды, пысықтайды, толықтырады.

Сөйлем құрамындағы сөздер өзара тіркесу арқылы белгілі қызметте жұмсалады. Демек, сөйлемдегі бір сөздің сөйлем мүшесі болуына сонымен тіркескен басқа сөз себепкер болады. Мәселен, бастауышты баяндауыш арқылы сұрақ қойып, анықтауышты анықталатын сөзіне, т.т. қатысына қарап сөйлем мүшесі ретінде танимыз.

Сөйлем мүшелері – сөйлем құрауға қатысатын толық мағыналы, белгілі бір сұраққа жауап беретін және сөйлемдегі басқа сөздермен байланысып тұратын сөздер.

Сөйлем мүшелері құрамына қарай үш түрге бөлінеді.

Түрі	Ережесі	Мысалы
Дара мүше	Толық мағыналы бір сөзден болған мүше	<i>Күн бұлтты.</i>
Күрделі мүше	Күрделі сөз, тұрақты тіркес және шылаулы тіркестен болған мүше	<i>Дәрігер келе жатыр. Олар телефон арқылы сөйлесті.</i>
Үйірлі мүше	Бірнеше сөзден құрылып, бастауыштық-баяндауыштық қатынастан тұратын, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаратын сөздер тобы	<i>Дені сау адам – бақытты адам.</i>

Сөйлем мүшелері атқаратын қызметіне қарай екі түрге бөлінеді: **тұрлаулы мүше** және **тұрлаусыз мүше**.

Түрлері	Ережесі	Мысалы
Тұрлаулы мүше	Сөйлем құрауға негіз болатын мүше. Оның екі түрі бар: бастауыш пен баяндауыш.	<i>Өзіміз мәз болып қалдық.</i>
Тұрлаусыз мүше	Өздігінен сөйлем құрай алмайтын, тек сөйлемдегі ойды толықтырып тұратын мүше. Оның үш түрі бар: анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш.	<i>Аз нәрсеміздің көпке жарағанына өзіміз мәз болып қалдық.</i>

49-жаттығу. ▲ Берілген мәтінді оқып шығындар. Қарамен берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдандар.

Қазақтың күйшілік өнеріндегі көне күйлердің бірі – халық күйі «Ақсақ құлан». Бұл күйдің шығу тарихы қазақтың төл аспабы домбырамен байланысты. Бізге жеткен, осы күнде айтылып, әртүрлі басылымдарда жарияланып жүрген бұл күйдің аңызы бойынша ертеректе домбыра үш ішекті, көмей тесігі болмаған деп жазылып келеді. Күйші Кербұқа хан алдында күй тартқанда домбыраның үнінен «Балаң өлді, Жошы хан» деген сөздер естілді деп келтіріледі.

...Күйді жеткізуші оның мазмұнын былай деп баяндаған екен:

Ертеде Жошы ханның үлкен баласы аңға шығып, құлан атуға барғаннан қайтып оралмапты. Баласын біраз күндер күтіп, ақыры келмеген соң, оның тірі емес екенін әкесі сезеді. Енді не болса да жаман хабарын естігісі келмеген хан:

– Кімде-кім менің баламның қайғылы хабарын естіртсе, соның көмейіне қорғасын ерітіп құямын, – деп халыққа жар салыпты. **Халық ханның баласын құлан теуіп өлтіргенін біледі, бірақ әкесіне айтуға батылдары бармайды.** Күндердің күнінде ел аралап жүрген бір домбырашы бұл хабарды естіп, ханның ордасына барыпты. **Бірақ күзетшілерден асып ордаға кіре алмайды.** Далада, қақпа алдында отырып, домбырасынан бір күйді күңіреніп тарта беріпті. Кешқұрым саңқылдап шыққан домбыра үні сол маңайды тегіс шарлап, орда ішіндегі ханның

да құлағына шалынады. Тақта мүлгіп отырған хан сәл басын көтеріп:

– Мынау ненің үні? Барып біліңдерші? Егер менде шаруасы бар адам болса, мұнда алып келіңдер! – деп уәзірлерінің біріне әмір етеді.

(Б.Бәбіжан)

50-жаттығу. ▲ Тұрлаулы, тұрлаусыз сөйлем мүшелерін құрамына қарай топтастырыңдар.

1. Егін қол орақпен, шалғымен орылады. Бірлі-жарым лобогрейка жұмыс істейді. Комбайн жоқ. Орылған аңыздан біз масақ тереміз. Әрқайсымыздың қолымызда ат дорба секілді бір-бір дорба. Сол толған кезде қырманға әкеп төгеміз. Қырмандағы астық тұлықпен, аттың тұяғымен басылады. Күрекпен ұшырылып тазаланады. *(Б.Соқпақбаев)*

2. Мәмбет болса жұртшылықты онша риза қыла қоймады. Оның қимылы жанкүйерлерге ұнаған жоқ. Рингте бейне шаршаған адамша салғырт жүреді. *(Т.Жанұзақов)*

3. Атақты француз екі дүниежүзілік соғысқа да қатысты. 1916 жылы наурызда ауыр жараланған оны қаруластары өлдіге санап, майдан даласына қалдырып кетіпті. Сол жерді мұқият сүзіп жүрген ұқыпты немістер әлі де тыныстап жатқан жас сардарды тұтқынға алады. *(С. Біқсанғали)*

4. Тіпті, жұрттың бәрінің көңілін тапқандай. Қаусаған әкесінің орнына қайратты баласын тағайындады. Қабілетсіз ағасының орнына қажырлы інісін қойды. Жаңағы әкелер мен ағалар әскер билігінен айрылғанымен, ел билігінен аласталмаған. Бейбіт күнде бар күш соның қолында. Бірақ, әр аймақтағы сұлтанның қасына ұлыс бегі тағайындалды. Барлық ұлыс бегі алаш бегіне бағынышты. *(М.Мағауин)*

51-жаттығу. ▲ Үйірлі, күрделі мүшелері бар бірнеше сөйлем жазып, талдап, дәлелдендер.

Үлгі: Әжем айтқан әнді еске түсіре алар емеспін.

Күрделі мүше	<i>еске түсіре алар емеспін</i>	Бір сыңары негізгі, екінші сыңары көмекші етістіктен тұр
Үйірлі мүше	<i>Әжем айтқан</i>	Екі сыңары да толық мағыналы, сондықтан бірнеше сөйлем мүшесі бар сияқты

52-жаттығу. ■ Жұптасып, сөйлем мүшелерінің түрлеріне қатысты сұрақтар мен талдау тапсырмаларын даярлап, келесі жұптың тапсырмаларымен алмасындар.

53-жаттығу. ▲ Қарамен берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдап, тұрлаулы мүшелердің қай сөз табынан болып тұрғанын талдап көрсетіндер.

Бірде Нұралы хан Сырымға шабарман жіберіпті:

– Торы көп пе, төбелі көп пе? Сырым осы екі түстің қайсысын қалайды екен? – деп сұрапты.

Батыр кідірместен:

– **Торы – тоқсан тоғыз, төбелі – бір.** Торысы – менікі, төбелі – хандікі, – депті. Мұның мәнісі: «Халық аттың торысындай көп, ақ сүйектер аттың төбеліндей аз. **Мен көппен біргемін**», – дегені екен.

(«Ана тілі» газетінен)

54-жаттығу. ▲ Берілген тапсырмаларды жазбаша түрде орындаңдар.

1. Сөйлем құрауға қатысқан толық мағыналы сөздерді не деп атаймыз?

2. Сөйлем мүшелеріне талдап, тұрлаусыз мүшелердің астын сызыңдар.

Кішкене қысық көздері жауынды түнді тіліп өткендей. (М.Әуезов)

3. Тыныс белгілерін қойып, сөйлем мүшесі болмайтын сөздердің сызып көрсетіндер.

– *Шеше-ау үсініп қала жаздапсыз ғой тңу пешке, пешке таман отырмасаңыз болмайды екен.*

55-жаттығу. ▲ Мәтін мазмұнын меңгеріп, өзара сұрақ-жауап диалогін өткізіндер. Қарамен берілген сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талдаңдар.

Әбу Насыр әл-Фараби – түркі ойшылдарының ең атақтысы. «Екінші ұстаз» атанған ғұлама. Оның заманы «Жібек жолы» бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Әбу Насыр әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты. **Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген.**

Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырды. Шығармаларында көне грек оқымыстыларының, әсіресе Аристотельдің еңбектеріне талдау жасады.

Арабтың атақты ғалым-географы ибн-Хаукалдың және XIII ғасырларда өмір сүрген ибн-Халликанның еңбегінде Әбу Насыр әл-Фарабидің арғы аталарының аттары (Тархан, Ұзлақ) таза түркі тілінде келтірілген. Болашақ ғалым алғашқы сауатын туған жерінде өз тілімен ашса да, 12–16 жас шамасында керуенге ілесіп, білім іздеп, Бағдадқа кетеді.

(«Уикипедия» ашық энциклопедиясынан)

56-жаттығу. ■ Отырардан шыққан ұлы ғұлама туралы сыныпта пікір алмасыңдар. Материалдар жинақтап, «Әл-Фараби – екінші ұстаз» тақырыбында реферат даярлаңдар.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері



Зерделі шәкірт! Тұрлаулы мүшелер туралы біліміңді жан-жақты толықтырып, тапсырмаларды орындап қана қоймай, өзіндік ізденісіңді де өрістете біл. Бір тілден алған тиянақты білім өзге тілді меңгеруде де өз септігін тигізетіні анық, сен қалай ойлайсың?

Талдау барысында сөйлемді мағыналы бөлшектерге бөліп қараймыз. Оларға сұрақ қойып, тіркесетін сөздердің байланысы мен қатысын нақтылаймыз. Лексикалық мағыналары толық сөздердің тіркесуі нәтижесінде пайда болған грамматикалық (бастауыштық, баяндауыштық, анықтауыштық, т.т.) мағыналарды анықтаймыз.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері – бастауыш пен баяндауыш. Сөйлемнің негізгі әрі бас мүшелері болып саналатын тұрлаулы мүшелер – сол сөйлемнің діңгегі, айтылатын ойдың негізі. Бастауыш пен баяндауыш топтары бөлек тұрғанда – сөйлем.

Тұрлаулы мүшелер	Ережесі	Мысалы
Бастауыш пен баяндауыш	Сөйлем құрауға негіз болатын мүше	<i>Біз қуанып қалдық. Жеткізу – мақсат</i>

Есте сақта!

Тұрлаулы мүшелердің синтаксистік қызметі бірдей емес. Бастауыш (баяндауыш арқылы) айтылған қимыл-әрекеттің немесе басқа сапаның иесі болып табылады. Ал баяндауыш бастауыштың іс-қимылын, күйін, басқа да (заттық, сындық) сапасын білдіріп, бастауышқа бағынады.

57-жаттығу. ▲ Мәтіннің мазмұнын талқылап, тұрлаулы мүшелерді (баяндауыш бастауыштың қандай сапалық сипатын білдіріп тұрғанын) талдап көрсетіндер.

Досбол қыпшақтың күзей деген руынан шыққан шешен, бірақ кедей кісі екен. Кедей болса да, Сыр қыпшағы Қоқан хандығына қараған кезде ол датқа болыпты.

Досбол би жолаушылап келе жатып, жортуылда жүрген Қошқар батырға кездеседі. Екеуі де бірін-бірі сырттай естігені болмаса, жүзбе-жүз танымайды екен. Аты-жөндерін сұрасып, амандасқаннан кейін Қошқар батыр Досболды сынамақ болып:

– Уа, Досбол, сен кімсің? Жиренше шешенбісің, әлде Алдар көсемісің? Маған соны айтшы? – депті. Сонда Досбол мүдірместен:

– Төскейге ат толғанда, төбеге топ толғанда – Жиренше шешенмін. Жылжып өтер жер кездескенде, еңбектеп өтер жер кездескенде – Алдар көсемін. Жағаға қол жармасып, жан алқымға таянғанда – батырмын, – деген екен.

58-жаттығу. ▲ Жұптасып сұрақ пен тапсырма даярлап, келесі жұпқа ұсыныңдар.

59-жаттығу. ▲ Төмендегі тұрлаулы мүшелер беретін ой аясын кеңейтіп, сөйлемді толықтырыңдар. Қандай сөйлем мүшелері қосылғанын анықтаңдар.

Күн – планета, өзі сөйледі, Асыл биледі, Жанат әкелді, адам жоқ, құрт-құмырсқа өріп жүр, табиғат – тылсым күш, мен таңдандым.

60-жаттығу. ■ Мәтінге қатысты «Мені ойландырған мәселе» тақырыбында еркін пікір жазыңдар.

XXI ғасыр – ғаламдану заманында, жан-жақты негізделген тіл саясаты еліміздің орнықты дамуының басты кепілдерінің бірі десек, артық айтқанымыз болмас. Бұл тұрғыдан алғанда қазақ тілі – руханиятымыздың, ұлттық болмысымыздың, мемлекеттігіміздің, тәуелсіздігіміздің басты тірегі.

Дүниежүзіндегі тіл ахуалын зерделей қарасақ, қазіргі уақытта әлемде 7048 тіл бар екен. Ғалымдардың пайымдауынша, сол тілдердің 40 пайызына жойылып кету қаупі төніп тұр. Статистикалық деректер әр екі

апта сайын жер бетінде бір тіл жойылып отыратынын айтуда. Демек, тіл мәселесі бүкіл елге қатысты, ғылыми тұрғыда аса күрделі мәселелер қатарына жатады. Қай ұлт өз тілінен айырылуға мүдделі дейсіз. Олай болса, оның жойылуына әсер ететін, көзге ілінбейтін бір күштің болғаны ғой немесе ол күшті сол елдің уақытында байқап, алдын ала алмағаны.

(А.Құсайынов)

61-жаттығу. ▲ «Мені ойландырған мәселе» тақырыбындағы еркін пікірлеріңнен бірнеше сөйлемді талдап, бастауыш пен баяндауышқа қатысты жан-жақты мәлімет беріңдер.

62-жаттығу. ▲ Сөздіктің мәні мен маңызы туралы ой тұжырымдап жазып, 3 сөйлемді сөйлем мүшелеріне талдаңдар.

«Білген адамға сөздік дегенің – барып тұрған асыл қазына», – деген еді ақын Қадыр Мырза Әлі.

«Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында ғылым мен техниканың, өндіріс пен мәдениеттің барлық салаларын қамтитын 30 томдық салалық қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер топтамасы әзірленді. Басты мақсат – бұрын жарық көрген сөздіктер топтамасын сараптамадан өткізіп өңдеу, әр томдағы терминдер санын 9000-ға, тіпті 11–12 мыңға дейін жеткізіп, толықтыру болды.

Терминология – әдеби тілдің өркениетке иек артқан аса маңызды әрі өте қомақты саласы. Өйткені егемендіктің мәні, қазақ халқының тағдыры, тіліміздің тағдыры – барлығы өркениет талаптарына сай ұлттық терминологияға тәуелді.

Әдетте, ғылым дүниесінде белгілі бір ұғым, құбылыс, заңдылықтың қасиеттерін, арақатынастарын зерттеу нәтижесінде бұрын белгісіз жаңа ұғымдар дүниеге келеді. Тіл байлығынан осы ұғымдардың табиғатын, ішкі сырын жете өрнектейтін сөз іріктеліп, сұрыпталып алынып, оған

атау беріледі. Мұны жаңа ұғымның атауы – термин дейміз. Өрбір жаңа ұғымның бұрын белгісіз жаңа сыры, жаңа қыры, өзіндік жаңа бояуы болады. Міне, осынау сан алуан табиғи байлықты өрнектей отырып, тың мағынаны арқалаған жаңа терминдер дүниеге келеді немесе алғашқы мағынасына қосымша, жаңа мағынаға ие болады. Сапалы термин жасау үшін бұған дейін бірнеше ұрпақ қазақ зиялыларының талантты да қажырлы еңбегімен жасалған терминдерінің жаңа заман талабына жарайтындарын таңдап, екшеп алу қажет. Осындай жауапты әрі өте күрделі істі үлкен еңбек ұжымы асқан жауапкершілікпен атқарған жағдайда ғана сапалы болмақ.

Жаңадан жарық көрген 30 томдық сөздіктер топтамасындайындауға 52 мекемеде – жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында, академияларда, министрліктер мен Парламентте, салалық мекемелерде жұмыс жасайтын 144 ғылым докторы, 120 ғылым кандидаты атсалысқанын айта кеткеніміз жөн. Жалпы 350-дей адам жұмыс жасады. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары барлық авторлық ұжым мүшелерімен бірлесе еңбек етті.

(«Ана тілі» газетінен)

63-жаттығу. ▲ Баяндауыштың бастауышқа бағынып, оның қимылын, күйін және басқа сапалық сипатын білдіріп тұрған (тек тұрлаулы мүшелерден тұратын) 5 сөйлем жазыңдар.

64-жаттығу. ■ «Тұрлаулы мүшелер туралы не білдік?» тақырыбында эссе жазыңдар.

Бастауыш



Сөйлемдегі ойдың иесі болып табылатын бастауыш – басшылық негізгі қызметке де ие. Сөйлем мүшелері, әсіресе баяндауыш пен анықтауыш сөйлемдегі басшымен мағыналық қарым-қатынаста болады. Олай болса, назар сал.

Бастауыш – сөйлемде атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіріп, негізгі ұйытқы болып тұратын тұрлаулы мүше. Бастауышқа қойылатын негізгі сұрақтар *кім? не?*

Бастауыш қызметінде жұмсалатын сөздердің көптік, тәуелдік жалғауларда жұмсалуына қарай сұрақтар да сол жалғауларда айтылуы мүмкін.

Бастауыш төмендегі сөз таптарынан жасалады:

Сөз табы	Мысалы
Зат есім	<i>Кештетіп Қожаш үйіне келді.</i>
Есімдік	<i>Әркім өз міндетін білуі тиіс</i>
Сын есім	<i>Үлкен бастар, кіші қостар.</i>
Сан есім	<i>Механизм бөлшектерінің тоқсан тоғызды дұрыс, бірі теріс болса, сол бір тоқсан тоғызды бөгейді.</i>
Етістік	<i>Жығылған құреске тоймайды. Алдау – адамдыққа жат нәрсе.</i>
Үстеу	<i>Аз көпке бағынады.</i>
Одағай	<i>«Бәрекелді!» – оның мәтелге айналған сөзі.</i>

Бастауыш құрамына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

Түрі	Ережесі	Мысалы
Дара	Бір сөзден ғана тұратын бастауыш	<i>Айжан үйге кіріп келді.</i>
Күрделі	Кемінде екі сөзден тұратын бастауыш	<i>Сен екеуміз ел сенімін ақтауымыз керек. Мұхтар Әуезов – ел мақтанышы</i>
Үйірлі	Түйдекті тіркес, үйірлі сөздерден тұратын бастауыш	<i>Білегі жуан бірді жығады, білімі толық мыңды жығады.</i>

65-жаттығу. ▲ Мәтіннің 5–6 сөйлемінен тұрлаулы мүшелерді бөліп, бастауыштың жасалу жолына талдау жасаңдар.

Үлгі: Мен көрген едім (бастауыш – жіктеу есімдігі).

Қазақ тілі – тағдыры ауыр тіл. Бірақ жаны сірі. Мен бір кездері заңдарымызды зерттеп көрген едім. Сонда түйгенім, XIV ғасырда Алтайдан Дунайға дейінгі елдердің бәрі қыпшақ тіліндегі қыпшақ заңдарына бағынған екен. Қыпшақ заңдары деп отырғанымыз – қазақтың

әдет-ғұрып заңдары. Тіпті орыс шіркеулерінің ішінде бір-бірімен қыпшақ тілінде сөйлескендері болған. Содан бергі замандарда тіліміздің көрмеген теперіші жоқ. Бірақ феникс құс сияқты оттан да, судан да аман шығып келе жатыр.

Бүгін елімізде тіл туралы төртінші бағдарлама жұмыс істейді. Төрт бағдарламаның жүзеге асырылуы жөнінде ортаға салар мәселелер аз емес. Екінші бір айтатын мәселе, заң саласында сонау ата-бабамыздан бері келе жатқан қыпшақ тіліндегі 400–500 терминді қалпына келтіруге болады деп ойлаймын. Мемлекеттік тілдің бұдан жиырма жылдай бұрынғы жағдайын қазіргі деңгейімен салыстыруға келмейді. Өсу бар, ілгерілеу бар. Дегенмен әлі де атқарар шаруалар көп.

Заман – күштінікі, тіл де – күштінікі. Бір кездері Германия мықты болды, бүкіл Еуропа, Америка, кешегі Кеңес Одағы неміс тілін үйренді. Енді Америка күшейді, дүниежүзіндегі халықтардың көп бөлігі ағылшын тілінде сөйлейді. Сондықтан тіл күшті болу үшін мемлекет те қуатты болуы керек. Ал мемлекеттің өсіп-өркендеуі үшін халықтың бірлігі керек.

Қазір бұдан екі мың жылдай бұрын өмір сүрген Майқы биден бері қарай қазақтың 500-ден астам билері мен шешендерінің сөздері жинақталды. Осының бәрі – тұнып тұрған қазақ тілінің байлығы. Халық ана тілінде неғұрлым көп сөйлесе, тіл соғұрлым дами береді.

(С.Оразалы)

66-жаттығу. ▲ Кім көп мысал тауып жаза алады? Төмендегі үлгі бойынша бастауышы бар сөйлемдер құрап жазыңдар.

Үлгі: Бастауышы зат есімнен болған сөйлем: Ақнұр баяндама оқыды.

Бастауышы есімдіктен болған сөйлем.

Бастауышы сан есімнен болған сөйлем.

Бастауышы тұйық етістіктен болған сөйлем.

Бастауышы есімшеден болған сөйлем.

Бастауышы күрделі сөзден болған сөйлем.

Бастауышы үстеуден болған сөйлем.

67-жаттығу. ▲ Мақал-мәтелдердің мағыналарын түсіндіріп, бастауыштың құрылысына қарай түрлерін талдаңдар.

Көп дауыс қосылса,
Бір дауысты жоқ қылады.

Аталы сөзге арсыз таласады.

Көп түкірсе – көл.

Елдестірмек – елшіден.

68-жаттығу. ■ «Бастауыштың басты ерекшеліктері неде?» тақырыбында ой толғаңдар. Өз тұжырымдарыңды жазбаша түрде жинақтаңдар.

69-жаттығу. ▲ Көшіріп жазып, талдаңдар. Бастауыштың қандай сөз табынан болып тұрғанын, құрылысына қарай түрлерін анықтаңдар.

Білікті біліп айтады.
Көлгір адам күліп айтады.
Батыр батып айтады.
Паңсымақ жатып айтады.
Мылжың іріп айтады.
Датқа үгіп айтады.
Надан айтса, үріп айтады,
Жолаушы жүріп айтады.

Ақылым – атам,
Білімім – бұрынғы бабам.
Салтанатым – сабырым,
Сүзіп сөйлейтін – сөзім.
Нан табарым – нарым.
Жанашырым – анам мен жарым.

Бақытым – балам.
Бұл – менің толғаным,
Армансыз болғаным.

(Жиікбай шешен)

70-жаттығу. ▲ Көркем әдебиеттен 5 сөйлем (немесе мақал-мәтел) жазып, сөйлем мүшелеріне талдаңдар.

71-жаттығу. ▲ Берілген сөйлемнің бастауыштарын тауып қойып, көшіріп жазыңдар.

... – жердің көркі,
... – елдің көркі.
... – мақал,
... – зейнет.
... – ердің қанаты.
... қайнауда шынығады,
... майданда шынығады.

72-жаттығу. ■ «Сөйлем иесі» тақырыбында шағын пікір жазыңдар.

Баяндауыш



Сен қалай ойлайсың, баяндауыштың қосалқы аты баяндағыш емес пе екен? Бастауыштың қимыл, іс-әрекетін баяндап тұратын баяндағыш қызметті атқарады емес пе? Өз пікіріңмен бөліс және өзгелерді тыңдай отыр, зерек жас.

Баяндауыш – бастауыштың жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіріп, сөйлемді тиянақтап тұратын тұрлаулы мүше. Баяндауыш қай сөз табынан болса, сол сөз табының сұрақтарына жауап береді.

Баяндауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады:

Сөз табы	Мысалы
Етістік	<i>Ол түтіннің иісі шыққан жерге жоламайды. Олжабек шалқасынан түсе жаздады.</i>
Есімдік	<i>Мені толғандыратын жағдайдың бірі – сол. Біздің ауылымыз – осы.</i>
Сын есім	<i>Табиғаты өте әдемі. Ауа райы жақсы.</i>
Сан есім	<i>Мен он сегіздемін. Үш жердегі үш – тоғыз.</i>
Зат есім	<i>Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек. Қой баласы қозыдан.</i>
Еліктеуіш	<i>Айналаның бәрі сатұр-сұтыр, тарс-тұрс.</i>
Одағай	<i>Баласы қуанғаннан алақайлады. Қария қайта-қайта үһіледі.</i>

Егер зейін қойып, назар аударсаңдар, онда баяндауыштық қызмет атқарған сөздер басты екі салаға бөлінетінін байқайсыңдар: 1) етістік баяндауыштар (көбірек баяндауыш болатын сөздер), 2) есім баяндауыштар.

Баяндауыш құрамына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

Түрі	Ережесі	Мысалы
Дара	Бір сөзден тұратын баяндауыш	<i>Амантайдың жүрегі аттай тулады. Ең соңынан кірген – Амантай. Күздің түңі салқын.</i>
Күрделі	Кемінде екі сөзден тұратын баяндауыш	<i>Хатты кеше баласынан беріп жіберді. Бұл – ауданның Мәдениет үйі. Электр жарығы жылт етті. Ағасы ұзын бойлы екен.</i>
Үйірлі	Үйірлі сөздерден тұратын баяндауыш	<i>Содан ол ала жаздай екі ауылдың арасын жол қылды. Ұнамаған қылығы – інісін жерден алып, жерге салғаны.</i>

Есте сақта!

Жіктік жалғаулар – әрі баяндауыштық тұлға, әрі бастауыш пен баяндауышты байланыстыратын синтаксистік тұлға. *Мен келдім, біз бірігіп жатырмыз, сендер барасыңдар, біз ауылданбыз.*

Алайда біз көбіне баяндауышқа жалғанатын - дікі (-нікі, -тікі) қосымшасын да кездестіреміз. Бұл баяндауыштардың ерекшелігі – олар басқа затқа меншіктелмейді, керісінше, өзі меншік иесі болып тұрады. Мысалы: *Ендігі кезек біздікі. Әдемі қалам, қарындаш, түрлі кітаптар осында қалады, енді сендердікі.*

73-жаттығу. ▲ Мақал-мәтелдерді жатқа жазып, тұрлаулы мүшелердің жасалу жолдарына талдау жасаңдар.

- Өтірік – екеу, шын – төртеу.
- Ер қадірін ел білер.
- Қатты жерге қақ тұрар,
Қайратты ерге бақ тұрар.
- Тапқан – тапқандікі,
Ешкі баққандікі.
- Алпыс күн тасыған су алты күнде қайтар.
- Барыңа шүкір ет,
- Жоғыңа сабыр ет.

74-жаттығу. ▲ Көркем әдебиеттен 5 сөйлем (немесе мақал-мәтел) жазып, сөйлем мүшелеріне талдаңдар. Баяндауыш түрлерін анықтаңдар.

75-жаттығу. ▲ Мәтін мазмұнын талқылап, баяндауыш түрлеріне тоқталып, талдап жазыңдар.

Сөйлемнің негізі болып тұратын тұрлаулы мүшелердің бірі – баяндауыш. Егер сен өз қимыл-әрекетіңнің сипатын білгің келсе немесе өз жұмысыңның қаншалықты орындалғанына есеп бергің келсе, онда баяндауыш түрлері мен жұмсалыу орнын жақсы білгенің орынды.

Біз баяндауыштың етістіктен де, есім сөздер де болатынын білеміз. Мысалы: *Арман сегізінші сыныпта оқиды. Ол – озат оқушы.* Етістіктер сабақты, салт, болымды, болымсыз күйінде де, райлық, шақтық тұлғаларында да баяндауыш бола береді. Мысалы: *Мен ренжідім, ол түсінетін, жоспарды орындамады.* Күрделі баяндауыштардың ерекшелігін зерделеп, жақсы білгенің абзал. Әлденеше етістік бір күрделі баяндауыш болғанда біреуі негізгі, қалғандары көмекші болады. Біз көмекші етістіктерді білеміз. Ал ең қызық жайт – арнаулы көмекші етістіктерден басқа негізгі етістіктердің де көмекші ретінде жұмсалатыны. Мысалы: Телефон хабарламасын

оқып кетіп бара жатқан едім. Аяғым бірдемеге ілініп кетті ме, мұрттай ұшып түсе жаздадым. Осыған дейін өткен материалдарды еске түсіріп отырсың ба? Осы мәтіннің ішінен күрделі етістіктерге қандай мысалдар келтірер едің? Бәлкім, бұл сенің өзіндік зерттеу жұмысыңның басы болар?..

76-жаттығу. ■ «Менің баяндауыш туралы ойларым» тақырыбында пікір алмасып, тұжырымды шағын пікір жазыңдар.

77-жаттығу. ▲ Күрделі баяндауыштардың жасалу жолын түсіндіріңдер.

1. Ат аяңдап жүріп келе жатыр. 2. Ол өнерді жақсы көретін адам еді. 3. Осы төбе – ауылдың шеті. 4. Тоғыз жердігі тоғызым – сексен бір. 5. Оның арамдығы жоқ еді. 6. Біз жүруге бел байладық.

78-жаттығу. ▲ Мәтіннен дара және күрделі баяндауыштарды тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңдер. Қандай сөз табынан болғанына назар аударыңдар.

Мен туғанда әкем елуді еңсеріп қалған кісі екен. Әжем жарықтық әкемді балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды деп отырар еді.

Әкем өз бегінше талпынып жүріп, ескіше сауатын ашып алыпты. Содан өле-өлгенше өз бетінше оқып-тоқыған адам. Ол есеп-қисапты тәуір білетін. Тіпті орыс алфавитін де ежіктеп шығара беруші еді. Жас күнінде ағаш ұста болыпты, етікші де атаныпты, тәуіпшілдігі де бар екен. Әсіресе зергерлікті жақсы көрген. Біздің елде одан өткен зергер ұста болмаған. Жігіт күйінде қыз-келіншектің көңілін аулау амалымен үйренген зергерлік өнерін әкем қартайғанда тастамаған. Мұнда ол соққан сақина-білезікті салып жүрген көзі тірі кемпірлер бар. Ал ол кемпірлер бір кезде уылжыған жас еді ғой.

Әкем өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпті. Ескі ақын-жыраулардың термелерін, қиссаларын жақсы көріп тыңдайтын. Бірақ жатқа айта алмаушы еді.

Момыш әкем ат жалын тартып мініп, бозбала халге жеткенде, Иماش бабам шаруа билігін соның қолына беріпті. Ауылдағы келін-кепшікті бір шыбықпен айдайтын адуынды Қызтумас әжемнің өзі де:

– Момыштан сұраңдар, Момыш біледі, – деп отырады екен.

Ағайын-туған арасындағы алыс-беріс, көші-қон мәселесі, ас-той, дау-дамай – бәрі-бәрі Момыштың араласуынсыз шешілмеген. Ол әлдеқалай жол жүріп кетсе, сапардан қайтып келгенше тірлікті соған қаратып, жолын күтіп отыратын болған. Иماش бабамның көзінің тірісінің өзінде біздің шағын ауылды Момыш ауылы дейді екен.

(Б.Момышұлы)

79-жаттығу. ▲ Берілген сөздерді баяндауыш ретінде пайдалана отырып, сөйлемдер құраңдар.

Айтты, жақсы, бақыт, барады, келесің бе, жиырма, осы, тарт, болсын.

80-жаттығу. ▲ Бастауышы да, баяндауышы да күрделі болып келген 5 сөйлем, бастауышы бір сөзден, баяндауышы 3–4 сөз тіркесінен болған 5 сөйлем жазыңдар.

81-жаттығу. ■ «Бастауыш пен баяндауыш» тақырыбында салыстыра отырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын санамалап жазып шығыңдар.

Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша



Зерделі жас! Кей сәттерде, әсіресе, сынақ жұмысын жазғанда сызықша қойылатын тұстарды қате жазып, өкінген кезің болған шығар? Олай болса, мұнан былай бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаны білетін боласың.

Бастауыш пен баяндауыштың қандай сөз табынан болғанына, олардың интонация арқылы (7-сыныптағы материалды еске түсір) байланысуына қарай мына жағдайларда бастауыштан кейін сызықша қойылады:

Қандай жағдайда қойылады	Мысалы
Бастауыш атау тұлғалы зат есім, баяндауыш жіктік жалғауы түсірілген зат есім болса	<i>Аз сөз – алтын. Асан – дәрігер.</i>
Бастауыш сілтеу есімдігі немесе жіктеу есімдігінің III жағынан болып, баяндауыш зат есім болса немесе бастауыш зат есімнен, баяндауыш сілтеу есімдігінен болса	<i>Бұл – үлкен мәртебе. Ол – біздің ағамыз. Менің айтарым – осы.</i>
Бастауыш заттанған сын есім, сан есім және есімшеден, баяндауыш зат есімнен болса	<i>Сегіз – жұп сан. Мұны айтқан – Қасым.</i>
Бастауыш та, баяндауыш та бірдей сөзден болса	<i>Жер тағдыры – ел тағдыры.</i>
Бастауыш тұйық етістіктен болып, баяндауыш зат есімнен болса немесе керісінше бастауыш зат есім, баяндауыш тұйық етістіктен болса	<i>Алдау – зұлымдық, алдану – ақымақтық. Біздің міндетіміз – оқу.</i>
Бастауыш та, баяндауыш та сан есім болса	<i>Алты жерде алты – отыз алты.</i>
Сан есімнен болған бастауышты сан есімнен болған тұрлаусыз мүшеден ажырату үшін	<i>Жүз – жиырма беске бөлінеді. Жүз жиырма – беске бөлінеді.</i>

82-жаттығу. ▲ Мақал-мәтелдердегі сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.

- Ер дәулеті – еңбек.
- Еңбек түбі – береке,
Көптің түбі – мереке.

- Көз – қорқақ,
Қол – батыр.
- Ердің айнасы – еңбегі.
- Жалқау кісі – жарым кісі.
- Еріншек – елдің мазағы.
- Еңбек – адамның екінші анасы.

83-жаттығу. ▲ Өлеңді мәнерлеп оқып шығып, бастауышты табыңдар.
Жасалу жолын түсіндіріңдер.

Ақ Жайығым,
Ақ дариям – түсі аппақ,
Барасың ба қартайғасын ұсақтап?..
Орал тауын орап шығып, Каспийді
Сағынған соң жатырмысың құшақтап.
...Ақ шабағың шоршып-шоршып түседі,
Қуанғандай келгеніңе еркелеп.
Көк теректер қуанысып қаумалап,
Мәз болады толқыныға аунап-ақ.
Жол-жөнекей үлестіріп шығасың,
Келе жатқан қазынаңды таудан ап.
Өзіңе тән асып-тасқан мырзалық,
Алғыс та алдың ел-жұртыңды ырза ғып.
(М.Неталиев)

84-жаттығу. ▲ Тұрлаулы мүшелерді анықтап, қажет болса бастауыштан кейін сызықша қойып көшіріңдер, түсіндіріңдер.

1. Ат адамның қанаты. *(З.Қабдолов)*
2. Күрең ат Бөжейдің қыс мінетін аты. *(М.Әуезов)*
3. Үстіндегі қан мұның үстіне құлаған жолдастарының қаны. *(Ф.Мүсірепов)*
4. Олардың біразы майданнан келгендер, біразы жергілікті қазақтардан құралғандар. *(С.Мұқанов)*
5. Адам тіршілігіне дем беретін күш ертеңгі күннің қуанышы.
6. Жәукеннің қызы үлгілі қыз болды. *(Б.Майлин)*
7. Өзі бір тәжірибелі адам көрінеді. *(Ф.Мүсірепов)*
8. Өнер алды қызыл тіл. *(Мақал)*

85-жаттығу. ▲ Көркем әдебиеттен бастауыш пен баяндауыштың арасында сызықша қойылған сөйлемдерді тауып жазыңдар. Сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.

86-жаттығу. ■ «Сызықша қоюдан қателеспейік» тақырыбында әдебиеттен мысалдар ала отырып, ауызша талдау ұйымдастырыңдар.

Тіл білімінің тұлғалары



Қ.Жұбанов
(1899–1938)

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов – қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі. Араб, парсы, орыс, моңғол және түркі тілдерін меңгерген. Тіл білімі мәселелерімен 20-жылдардың ішінде шұғылдана бастады. Ол қазақ мектептері үшін қазақ тілі бағдарламаларын жасап, мектеп оқулықтарын жазды. «Қазақ тілінің ғылыми грамматикасының материалдары», «Фонетика», «Қазақ тілінде біріккен сөздің жазылуы», т.б. ғылыми еңбектері бар. Ол 20–30-жылдарда қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде саяси-әлеуметтік мәні зор жазу, емле, термин мәселелерімен де шұғылданды. Қ.Жұбанов – қазақ жазуын араб әліппесінен латын графикасына көшіруді мақұлдаушылардың бірі.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері



Сөз сырына үңілсек, сөзінде тиянақ жоқ кісіні «сөзінің тұрлауы жоқ» деп айтатынын байқаймыз. Осындағы «тұрлау» сөзі «тиянақтылық», «негізділік» деген ұғымдарға сай келеді. «Тұрлаусыз» деген сөзді кейбір сөйлем мүшелеріне таңып айтуымыз – ол мүшелердің сөйлемді тиянақты етпейтін қасиеттеріне негізделген.

Зер салып қарасақ, бастауыш пен баяндауышқа сөйлемді тиянақты ететін белгілер тән екенін, ал тұрлаусыз мүшелерде ондай ерекшеліктер болмайтынын байқаймыз. Мысалы, *Мен келдім* немесе *Мен үйге шаршап жеттім* деген сөйлемдерді салыстырып қарасақ, бастауыш пен баяндауыш ойдың тиянақты болуына қызмет ететінін, ал тұрлаусыз мүшелерде (пысықтауыш) мұндай қасиет жоғын байқаймыз.

Сонымен сөйлемдерде тұрлаулы мүшелерден басқа, тұрлаусыз мүшелер де бар екенін сендер жақсы білесіңдер. Олар: **толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш.**

Олар тұрлаулы мүшелердің маңына топталып, соларды және бір-бірін анықтап, пысықтап, ойды толықтырып тұрады.

Тұрлаусыз мүше	Ережесі	Мысалы
Оның үш түрі бар: анықтауыш, толықтауыш және пысықтауыш.	Өздігінен сөйлем құрай алмайтын, тек сөйлемдегі ойды толықтырып тұратын мүше.	<i>Орал көлемді романды тез-ақ оқып шықты.</i>

87-жаттығу. ▲ Мәтінді көшіріп жазып, сөйлем мүшелеріне талдаңдар.

Бірде Шымкентте өткен ояздық жиналысқа Шойынбет би төрелік жасайды. Келгендердің кейбіреуі оның шағын денесіне, жұпыны киіміне қарап «Мына түріңмен қандай билік айтып жарытарсың?» – дегендей сыңай танытады. Сонысын дәлелдегісі келген әлгілердің бірі: «Би, менің сізге сауалым бар, соған жауап берсеңіз», – деп қолқа салады. Қарсылық білдірмеген биге:

– Байлық жақсы ма, бақ жақсы ма, бала жақсы ма? – дейді әлгі. Сонда Шойынбет:

– Байлық – қолға ұстаған мұз, бақ – ұзатылған қыз, бала – адамнан қалған із, – деп жауап қайырыпты.

88-жаттығу. ▲ Сөйлемді тұрлаусыз мүшелермен толықтырыңдар.

Досым келді. Інім қуанды. Дала құлпырып сала берді. Болашақ сендердікі. Жеңіп шығу – мақсат. Міндет – бітіру.

89-жаттығу. ▲ Мақал-мәтелдерді жатқа жазып, сөйлем мүшелеріне синтаксистік талдау жасаңдар.

- Әдептіліктің белгісі – иіліп сәлем бергені.
- Берместің асы піспес.
- Жұпарды жасыра алмайсың.
- Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпейді.
- Керек тастың ауырлығы жоқ.
- Арсызға алты күн мейрам.

90-жаттығу. ▲ Мәтінді оқып, талқылаңдар. Қарамен берілген сөйлемдерге морфологиялық, синтаксистік талдау жасаңдар.

Әлемде түркі тілдерінің бірі саналатын гагауз тілі туралы білесіз бе? **Көпшіліктің гагауз халқынан хабары болғанымен оның тілі жайында жете білмейтінін байқадық.**

Гагауз тілі түркі тілдерінің оғыз тобына жатады. Соның ішінде Балқан түбегіндегі гагауз халықтары екі топқа бөлінеді екен. **Олар – хасыл гагауздар (нағыз гагауздар) және болгарлық гагауздар.** Гагауздардың негізгі бөлігі Молдавияның «Буджак» деп аталатын тарихи атауға ие аймағында қоныстанған. Жалпы, гагауз халқының тілі – гагауз тілі. XIV-XVI ғасырларда бұл ел румын, грек, оңтүстік және солтүстік славян халықтарына сіңісіп,

сол халықтың тілін қолданысқа енгізген. XX ғасырдың орта шенінде гагауз тілі жоғалып та кете жаздаған. Орыс графикасының негізінде 1957 жылы жаңа әліпбиі дүниеге келген. Алайда 1958-1961 жылдары гагауздар мекен еткен өңірлердегі мектептер гагауз тіліне көшкенімен, бұл әліпбиді меңгеру жергілікті халық үшін қиынға соқты. Содан соң ел орыс тіліне қайта көшті. Арада біраз уақыт гагауздар өз тілінде сөйлемей, орыс тілін ғана қолданды. Бірақ гагауз тілінің жанашырларының арқасында 1989 жылы гагауз әліпбиі қайтадан өмірге келіп, біртіндеп қолданыс аясы кеңейе түсті. Осыған қарап-ақ гагауз тілін «мың өліп, мың тірілген тіл» деуге болар. **Бүгінгі гагауз әліпбиінің таңбалары латын әліпбиіне негізделген.**

Түбі бір түркі халқының тармағы болғандықтан, гагауз тіліндегі сөздердің қазақ тіліндегі сөздерге де көбірек ұқсайтынын байқауға болады. Мысалы: діл – тіл, халк – халық, иыл – жыл, созлук – сөздік, иақын – ақын, дунне – дүние, т.б.

(А.Қожақова)

91-жаттығу. ■ «Тіл тұғыры – ұлт ғұмыры» тақырыбында шығарма жазындар.

Толықтауыш

Толықтауыш – сөйлемдегі амал-әрекетті, іс-оқиғаны заттық жағынан сипаттай толықтыру үшін жұмсалатын тұрлаусыз мүше. Негізінен баяндауышпен байланыста болады.

Толықтауыш болатын сөздердің негізгі белгілері:

- Толықтауыш (атау және ілік септіктерден өзге) барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып, заттық нысанды танытып, мегзеп тұрады.
- Енді бірде толық мағыналы сөзге *туралы, жөнінде, жайында* деген септеулік шылаулардың тіркесіп, түрленуі арқылы жасалады.

Септік сұрауларының негізгі түбірі – *кім? не? Сұрақтары: кімге? неге? кімді? нені? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?*

Б. *Айгүлге* (кімге?), *үйге* (неге?)

Т. *Айгүлді* (кімді?), *үйді* (нені?)

Ж. *Айгүлде* (кімде?), *үй жайында* (не жайында?)

Ш. *Айгүлден* (кімнен?), *үй жөнінен* (не жөнінен?)

К. *Айгүлмен* (кіммен?), *үймен* (немен?)

Толықтауыш болып тұрған сөздерге заттық мағына тән. Мағынасы мен байланысу түріне қарай толықтауыш тура толықтауыш және жанама толықтауыш деп екіге бөлінеді. **Табыс септігінде жұмсалатын сөйлем мүшесі тура толықтауыш** болады. Ол сабақты етістікпен тығыз байланысты болады. Мысалы: Сұлу **Ертісті** көрдім. Кейде тура толықтауыш жалғауы жасырын тұрады: Жанар гүл(ді) суғарды, Арман ағаш(ты) кесті.

Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөздер заттық (нысандық) мәнде тұрып, толықтауыш қызметін атқарса, көлемдік, мезгілдік, себептік, бағыттық, құралдық мәндерде келіп, пысықтауыштық қызмет атқарады. Сондықтан барыс септік *кімге? неге?* деген сұрақтан басқа *қайда?* деген сұраққа, жатыс септік *кімде? неде?* деген сұрақтан басқа *қайда?* деген сұраққа, шығыс септік *кімнен? неден?* деген сұрақтан басқа *қайдан?* деген сұраққа көмектес септік *кіммен? немен?* деген сұрақтан басқа *қалай?* деген сұраққа да жауап береді. Сөздердің толықтауыштық және пысықтауыштық қызметте жұмсалуын кесте арқылы былай түсіндіруге болады.

Септіктер	Толықтауыш	Пысықтауыш
Барыс септік	<i>Кімге? Неге?</i>	<i>Қайда?</i>
Жатыс септік	<i>Кімде? Неде?</i>	<i>Қайда?</i>
Шығыс септік	<i>Кімнен? Неден?</i>	<i>Қайдан?</i>
Көмектес септік	<i>Кіммен? Немен?</i>	<i>Қалай?</i>

Толықтауыш құрамына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

Түрі	Ережесі	Мысалы
Дара	Бір сөзден тұратын толықтауыш	<i>Адам адамды сыйлайды.</i>
Күрделі	Кемінде екі сөзден тұратын толықтауыш	<i>Ол жылқының қара торысын сатып алды.</i>

Түрі	Ережесі	Мысалы
Үйірлі	Үйірлі сөздерден тұратын толық-тауыш	<i>Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды.</i>

92-жаттығу. ▲ Толықтауышты тауып, жасалу жолдарын анықтаңдар.

Үлгі: әрнеге – әрне+ге – барыс септігі жалғану арқылы жасалған.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға...

Білімдіден шыққан сөз
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.

Жүрегі – айна, көңілі – ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез?

(Абай)

Көзіңді салшы далама,
Түкті кілем түріндей.
Тауыма сұлу қарашы
Қыздардың жиған жүгіндей.
Өзеніме қарашы
Ағып жатқан гүрілдей.
Ауылыма қарашы
Қырдың қызыл гүліндей...

(Жамбыл)

93-жаттығу. ▲ Сұраулы сөйлемдерге жауап жазып, тура толықтауыштың жасалуына назар аударыңдар.

(Кімге?) көмектесемін. (Немі?) орындадым. (Неде?) жоқ. (Неден?) түстік. (Немен?) таныстық.

94-жаттығу. ▲ Мәтін құрамындағы септік жалғаулы сөздердің тұрақты тіркеске айналған нұсқаларын тауып, қай сөйлем мүшесі қызметін атқарып тұрғандығын көрсетіндер.

*Үлгі: Жалғыздық жанына батқан шақта сол оқиғаны еске алып, жансерігі Көкдауылмен ойша сырласу – Ақбас бүркіттің қашанғы әдеті.
Жанына батқан – қиналған.*

Бұл бұдан бірнеше ғасыр бұрын болған оқиға. Ол – қаймағы бұзылмаған қазақ ұлт болып ұйыған кез... Жалғыздық жанына батқан шақта сол оқиғаны еске алып, жансерігі Көкдауылмен ойша сырласу – Ақбас бүркіттің қашанғы әдеті. Өзі жанындай сүйіп, қызғыштай қорғайтын Ұлы Даланың батысы мен шығысын, оңтүстігі мен солтүстігін түгел шарлап, ұзақ сапардан оралған Ақбас бүркіт әлі де тың. Кедергіге кездескен сайын жігерін жаңа бір күшпен жанитын жас жігіттей ұшқан сайын бойына өзгеше бір қуат құйылып, құлпыдай құлпырып шыға келеді. Шалдығу оған жат. Әйтсе де Ақбас бүркіт бүгін өзінің аздап шаршағанын сезді. Оны шаршатқан, тынымсыз ұзақ ұшу емес, жалғыздық... Күн кешкіре сымбаты бөлек сұлу қызға ұқсаған Қызбел тауының қатар тұрған, біріне-бірі егіздей ұқсас екі шыңының біріне келіп қонған Ақбас бүркіттің ойына тағы да Көкдауыл оралды. Алланың әмірімен, махаббаттың құдіретімен Ақжұлдыздан Көкдауылға айналған жансерігі ғой ол! Көкдауыл есіне түскенде онымен танысып, табысқан, сірә да естен кетпейтін, өз өміріндегі ең бақытты шақ көз алдынан жіпке тізген жүзіктей өтіп жатты.

Отты жанарын кең ашып, төңірекке көз тікті. Төменде жап-жасыл қалың шалғын. Тау баурайынан құлай аққан құба бұлақ әне бір тұста жолын бөгемек болған ұсақ

тастардың үстінен қарғып өтіп, төмен қарай жүйткіп барады. Көк күмбездей төңкерілген көгілдір аспан шайдай ашық. Ақбас бүркіт қанына сіңген қашанғы әдетімен шыққан күнді саңқ етіп, қуана қарсы алды. Қуатты үн тау-тасты жаңғыртты. Дүр сілкінген Ақбас бүркіт салақұлаш қанатын жазып ұша жөнелді. Жердегі жан-жануарлардан да, тастан-тасқа секірген тағы аңдардан да, ақылы асқан адамдардан да, аспанмен таласқан асқар таулардан да, тіпті, аспан астын шарлаған өзге құстардан да биік ұшып, тіршілік иесінің бәрінен айналаның бәрін бас айналар биіктен шолған Ақбас бүркіт өзін бүгін ерекше еркін сезінді.

(С.Досанов)

95-жаттығу. ▲ Көшіріп жазып, толықтауыштардың астын сызындар. Талдап, жасалу жолын түсіндіріп беріңдер.

1. «Қателерің тілге байланысты», – деп, Мейрам енді жұбата сөйледі екеуіне. Орыс тілі – қиын тіл. Мектеп бітірген біз де қате жіберіп аламыз. Одан ұялмай, үйрене беру керек. (*Ғ.Мұстафин*) 2. Барар жолын, аңсар арманын, алысар тәсілін танытқанымыз жоқ. Орыс ойшылдары, ер, өжет ұлдары осы жолдарды тауып келеді. (*М.Әуезов*) 3. Абайдан ақыл мен ақындықты, Шоқаннан білім мен сүйіспеншілікті, Махамбеттен батырлық пен қайсарлықты үйрендің сен. (*М.Иманжанов*) 4. Партизандар орман ішінде, тау арасында жатса да, өмір мен өлімнің шайқасы басталар кезді сезіп жатыр. (*Ә.Әлімжанов*) 5. Жаңадан жүз жұмыскер аламын. Ұзамай тағы екі жүз аламыз. (*Ғ.Мүсірепов*) 6. Ащы мен тұщыны татқан білер, жақын мен алысты жортқан білер. 7. Бір мінсең де, жорға мін, бүлкілдесін бүйірің. (*Мақалдар*)

96-жаттығу. ▲ Мақал-мәтелдерді жатқа жазындар, толықтауыш қызметіндегі сөздерді құрамына, байланыс түрлеріне талдаңдар.

- Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас.

- Адам болатын бала қонаққа үйір.
- Түйе шудасын, жылқы жалын, сиыр мүйізін төсейді.
- Тіземнен сүріндірсең де тілімнен сүріндірме.
- Шөбі жоқ деп жерден түңілме,
Малы жоқ деп ерден түңілме.
- Сөз мәнісін білмеген сөзді өзіңе келтірер.
- Бітісі жаман қамысты су ішінде өрт алар.

97-жаттығу. ▲ Көркем әдебиет үлгілерінен толықтауышқа қатысты 10 мысал тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.

98-жаттығу. ▲ Көп нүктенің орнына толықтауыштарды тауып қойып, өз мысалдарыңмен толықтыңдар.

Аяулым ... қадала қарап қалыпты. Ақтөре тырналар ... көрді. Ол газетке өзінің ... жіберді. Достары оның ... қызығып оқыды.

99-жаттығу. ▲ Мәтінді көшіріп жазып, қарамен берілген сөйлемді сөйлем мүшесіне талдандар.

Әйтеке шешен бірде қаз дауысты Қазыбекке келіп сәлем береді. Бұл Әйтекенің әлі жастау кезі болса керек.

– Уа, балам! «Атадан жақсы ұл туса – елдің туы болады, жаман ұл туса – соры болады» деуші еді. Соның қайсысы боласың? – дейді Қазыбек.

– «Ораздының көрісі қартайғанда қазына болады, шиырлының көрісі қартайғанда қазба болады» деуші еді. Сіз соның қайсысысыз? – дейді Әйтеке.

– Иншалла, қазынамыз, – дейді Қазыбек.

– Ендеше, біз – елдің туымыз! – дейді Әйтеке шешен.

(«Қазақтың жүз би-шешені»)

100-жаттығу. ■ «Толықтауыштың өзіндік ерекшеліктері» тақырыбында шағын пікір жазыңдар.

Анықтауыш



Анықтауыш – сын-сипатты, қасиетті, т.б. анықтайтын сөйлем мүшесі. Ол көбіне бастауыштың, кейде толықтауыштың сындық, сандық, т.т. белгілерін анықтап отырады. Оған қандай қасиеттер тән екенін танып-білуге дайынсың ба, зерделі жас?

Анықтауыш – зат есімнен немесе заттық ұғымда жұмсалған басқа да сөз таптарынан болған мүшелерді сындық, сапалық, сандық, иелік жағынан сипаттап, анықтап тұратын тұрлаусыз мүше.

Сұрақтары: қандай? қай? кімнің? ненің? неше? нешінші? қанша? қайдағы? қашанғы?

Байланысу түрі: анықтауыштар өзі анықтайтын мүшемен қабыса және матаса байланысады. Мысалы: *Самалдың әдемі үні маған ой салды. Самалдың үні (матасу), әдемі үні (қабысу).*

Төмендегі кестемен жұмыс жасаңдар. Анықтауыштардың қай сөз табынан жасалғанымен танысып, анықтауыш болып тұрған сөздің тұлғасын анықтаған соң, өздерің мысалдар құраңдар.

Сөз табы	Мысалы
Сын есім	<i>Кең далада жүйрік аттар жарыса шауып келеді.</i>
Есімдік	<i>Осы ауылда туып өстік. Өз бөлмеме кіріп кеттім.</i>
Есімше	<i>Бүгін шығарған өлеңіңді оқып берші!</i>
Зат есім	<i>Былғары етікпен резеңке допты бір тепті.</i>
Сан есім	<i>Отыз оқушы он бесінші кабинетке кіріп, орындарына жайғасты.</i>
Ілік септікте тұрған есім сөздер	<i>Алматының апорты – біздің мақтанышымыз.</i>

Анықтауыш құрылысына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

Түрі	Ережесі	Мысалы
Дара	Бір сөзден тұратын анықтауыш	<i>Салқын самал жанға жайлы-ақ.</i>
Күрделі	Кемінде екі сөзден тұратын анықтауыш	<i>Ақ басты Алатаудың Жамбылымын</i>

Түрі	Ережесі	Мысалы
Үйірлі	Үйірлі сөздерден тұратын анықтауыш	<i>Көмекке келген балалар іске кірісіп кетті.</i>

101-жаттығу. ▲ Нақыл сөздерді оқып, анықтауыш болып тұрған сөздерді құрамына қарай кестеге толтырып жазындар.

Дара анықтауыш	Күрделі анықтауыш	Үйірлі анықтауыш

Өтірік сөз өрге баспайды, өтірікші болғаннан, жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық.

(Қорқыт)

Науқасты қайыр-садақамен емдеңдер. Дәрі-дәрмек бүкіл денеге қандай пайдалы әсер етсе, шын жүректен шыққан жақсы сөз бен қайыр-садақа да сондай игі ықпалын тигізеді.

(Хадистен)

Абайдың қара сөздері – өз дәуірінің ақиқат шындығынан туған, танымдық, эстетикалық, тәрбиелік мәні зор шығармалар. Түрі көркем, тілі де әсем, мазмұны терең, идеясы көбіне халық тілегімен қабысып жатқан туындылар.

(З.Қабдолов)

Адал адам Отанын сүйеді, адал ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу – қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты, әсіресе біздегі махаббатты өлшеуге болмайды.

(Б.Бұлқышев)

102-жаттығу. ▲ Көшіріп жазып, анықтауыштардың астын сызындар.

Бұл даланы анам жаспен суарған,
 Бұл далада атам қолға ту алған,
 Бұл далаға жылап келіп уанғам,
 Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,
 Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

(Қ.Аманжолов)

Ақсаған құлан қадірін
Айдалада қақ білер.
Төс айылдың батқанын
Иесі білмес, ат білер.
Ер жігіттің қадірін
Ағайын білмес, жат білер.
Жорық жолы болуын
Қария білмес, сәт білер.

(*Бұқар жырау*)

103-жаттығу. ■ «Әр сөздің сипатын анықтасақ» тақырыбында еркін пікір жазыңдар.

104-жаттығу. ▲ Төмендегі сөйлемдерден анықтауыштарды табыңдар.

Құрамы жағынан қандай анықтауыш екенін айтыңдар. Матаса байланысқан анықтауыштарға талдау жасаңдар: олар қандай сөз таптары мен сөз тіркесінен құралғанын айтыңдар.

1. Жұманды сөзге тартып, үй ішінің көңілін аулайын деп Байжан қалжыңдай сөйледі. Келгендердің ішінде осы Ақбұйраттағы мыс заводының да, кен шахтасының да жұмыскерлері бар екен. (*Ғ.Мүсірепов*) 2. Ол сондықтан бүгін үлкендерді еріксіз қатты жүргізудің айналасын тапқанына дән риза. (*М.Әуезов*) 3. Жолдасым – отыз-қырықтардың шамасындағы жер ортасы адам. (*Б.Майлин*) 4. Инженер Рахметтің екі бөлмелі үйі бар. (*С.Ерубаев*) 5. Мен бұл хатты біреуден беріп жіберем. (*С.Сейфуллин*) 6. Түпсіз терең жүректе жарқыраған шындық бар. (*Ғ.Мұстафин*)

105-жаттығу. ▲ Қабыса байланысқан анықтауыштарды көрсетіп, құрылысы жағынан дара, күрделі екенін анықтаңдар.

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын.
Қазақтың келістірер қай баласы.

(*Абай*)

Ақ Еділ, көрі Каспий, Асау Балтық
Қойнына қуанышы жатқан шалқып,

Сайрандап бұйра толқын еркін суда
Бақ өсіп, кемелер де кетті қалқып.

(Жамбыл)

Мұндай шарт-шұрт қимылдар ұзаққа созылмайды... (Ғ.Мүсірепов)

Жуырда ауданнан 15 шақырым жердегі Есеншағым мекенінен орталық су құбыры тартылды. (Баспасөз бетінен)

106-жаттығу. ▲ Мәтінді түсініп оқып, анықтауыштарды табыңдар. Олар қай сөйлем мүшесін анықтап тұрғанын айтыңдар.

Айша бибі кесенесі

Тараз қаласынан 18 км қашықтықта Айша бибі мазары (XI–XII ғғ.) орналасқан. Қараханидтер дәуірінен жеткен бұл ескерткіш сәулет өнерінің кереметі болып саналады. Кесене ЮНЕСКО қарамағына алынған.

Мазар сырты ерекше қапталған, плита түріндегі оюға толы, толығымен терракотамен, әртүрлі геометриялық фигуралармен безендірілген. Алпыс түрлі ою-өрнектері бар эпиграфикалық белдеумен жасалған. Кесенені тек Бұхарадағы Исмаил Самани мазарымен ғана салыстыруға болады.

Мазардың бұрыштарының бірінде сол уақытта жазылған өлеңнің бірнеше жолдары сақталып қалған: «Күз... Қара бұлт. Әлем керемет...».

Қазір кесене толығымен жаңартылған. Туристерді тек қана ескерткіштің ерекше сәулеті ғана емес, сонымен қатар сұлу Айша бибі мен батыр Қарахан арасындағы шексіз махаббат туралы аңыз да қызықтырады. Аңыз



бойынша Айша өзінің ғашығы Қараханға бара жатқанда жылан шағып қайтыс болған. Қараханидтер әулетінің билеушісі өзінің сүйікті жарына арнап тұрғызған бұл кесенені қазақтың Тәж-Мағалы деп те атап жүр.

(«Уикипедия» ашық энциклопедиясынан)

107-жаттығу. ■ «Көне ескерткіштер – дала көркі» тақырыбында эссе жазындар.

Тілтаным

Үйірлі анықтауыштар тобының құрамындағы сөздердің бірінші сыңары зат есім, жіктік, өздік есімдіктері болады, олар көбінесе түбір күйінде не тәуелдік жалғауының III жағында айтылады. Ал олардың екінші сыңары сын есім, есімше және *бар, жоқ, көп, аз* деген сөздер болады.

Қане, енді өзің мысал іздестіріп көр, талапты жас!

Пысықтауыш



«Пысықтауышты мен баспасөз қызметкеріне ұқсатамын. Ол үнемі баяндауыштан басшының қимыл-әрекеті қашан, қайда, қалай, не мақсатпен, не себепті жүзеге асырылатынын пысықтап, сұрап тұрады. Бәрін уақытында біліп, мәліметті дер кезінде таратуға жауапты қоғам мүшесіне ұқсайды», – дейді сөйлем мүшелерінің психологиялық суреттемесін жасауға құштар құрбыларың Құралай. Сен оның ойына қосыласың ба?

Етістіктен болған баяндауышпен байланысқа түсіп, іс-қимылдың мекен, мезгіл, амалы мен себеп, мақсатын айқындап тұратын сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі **пысықтауыш** деп аталады.

Пысықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер – үстеулер, үстеу мәндес есімдер, сапалық есімдер мен мекендік, мезгілдік,

мақсаттық, амалдық мағыналарда жұмсалатын септеулі (жатыс, барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі) зат есімдер.

Пысықтауыш төмендегідей сөз таптарынан жасалады:

Сөз табы	Мысалы
Үстеу	<i>Бүгін олар көшеттерді жылдам отырғызды .</i>
Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктегі зат есімдер	<i>Құстардың дауысы алыстан естіледі. Сендер көлікпен келіңдер. Оның ата-анасы ауылда тұрады.</i>
Есім сөздер	<i>Жаз шанаңды сайла, қыс арбаңды сайла.</i>
Еліктеу сөз	<i>Мойнындағы алқасы жарқ-жүрқ етіп көз тартады.</i>
Көсемше	<i>Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың.</i>

Пысықтауыштың негізгі белгілері:

- Іс-қимылды мезгіл, мекен, мақсат, сын-қимыл, себеп, мөлшер жағынан пысықтап тұрады.
- Қашан? Қайда? Қалай? Неге? Не үшін? Неліктен? т.б сұрақтарға жауап береді.
- Байланысу түрлері – меңгеру, жанасу және қабысу.

Пысықтауыш құрамына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

Түрі	Ережесі	Мысалы
Дара	Бір сөзден тұратын пысықтауыш	<i>Ол жымып күлді.</i>
Күрделі	Кемінде екі сөзден тұратын пысықтауыш	<i>Арман жымың-жымың етіп сахнаға шықты.</i>
Үйірлі	Үйірлі сөздерден тұратын пысықтауыш	<i>Уақытым барда кітапханаға барып дайындалсам деймін.</i>

Пысықтауыш мағынасына қарай алты түрге бөлінеді.

Пысықтауыштың мағыналық түрлері	Ережесі	Сұрағы	Мысалы
Мекен пысықтауыш (мекен үстеуінен, атау, ілік, табыстан басқа септіктерде тұрған зат есімдерден)	Іс-әрекеттің болу орнын, мекенін білдіреді	Қайда? Қай жерде? Қай жақтан? Қайдан? Қалай?	<i>Ол күлімсіреп төмен қарады. Қыран биікте самғайды.</i>

Пысықтауыштың мағыналық түрлері	Ережесі	Сұрағы	Мысалы
Мезгіл пысықтауыш (мезгіл үстеуінен, жатыс септігіндегі мезгіл мәнді зат есімнен, септеулік шылаулы сөзден)	Іс-әрекеттің мезгілін білдіреді	Қашан? Қашаннан бері? Қай кезде? Қай уақытта?	<i>Шайдан соң атымды ерттеуге шықтым.</i>
Мақсат пысықтауыш (мақсат үстеуінен, <i>-ғалы, -гелі</i> тұлғалы көсемшеден, <i>үшін</i> шылауымен келген есім сөзден)	Іс-әрекеттің мақсатын білдіреді	Неге? Не мақсатпен? Кім үшін? Не үшін?	<i>Оқушы кітап алғалы келіпті.</i>
Амал пысықтауыш (қимыл-сын үстеулерінен, еліктеуіштен, көсемше тұлғалы етістіктен)	Іс-қимылдың қандай амалмен атқарылғанын білдіреді	Қалай? Қайтіп? Қалайша?	<i>Қара бақыр шымыр-шымыр қайнап жатыр.</i>
Себеп пысықтауыш (өткен шақтық есімшеден)	Іс-әрекеттің себебін білдіреді	Неліктен? Не үшін? Неге? Не себептен?	<i>Ол қуанғаннан орнынан қозғалмады.</i>
Мөлшер пысықтауыш (мөлшер үстеулерінен, мөлшер мәнді сын есімдерден)	Іс-әрекеттің мөлшерін білдіреді	Қанша? Қалай?	<i>Ағашты қысқа кес.</i>

108-жаттығу. ▲ Мақал-мәтелдерді жатқа жазып, сөйлем мүшелеріне синтаксистік талдау жасаңдар.

- Ақылсыз достан мың сақтан,
Ақылсыз жаудан жүз сақтан.
- Аңдамай сөйлеген –
Ауырмай өледі.
- Досы көппен сыйлас.
- Біреу тойып секіреді,
Біреу тоңып секіреді.
- Арғымақтың белгісі –
Аз оттар да, көп жусар.
- Дос жылатып айтады,
Дұшпан күлдіріп айтады.

109-жаттығу. ▲ Мәтінді мән беріп оқыңдар. Жұмбақтың шешуін тауып, жай сөйлемдерді (тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің құрамы, тұлғасы, мағыналық түрлеріне қарай) талдаңдар.

Мақпал бес сөзден құралған бір сөйлем ойлап жазыпты. Оның бастауышы – қазақ халқының атақты ағартушы ақынының аты. Тура толықтауышы – *кәрі* сөзінің антонимі. Жанана толықтауышы – қос сөз. Оның бірінші сыңары – *білім* сөзімен қосарлана айтылатын сөз, оны іштерің біліп тұрған шығар. Ал баяндауышы – *үндеді* сөзінің синонимі. Мақпалдың жазғаны қандай сөйлем? Жұмбақ тапсырманы сендер аса жауапкершілікпен орындайтын шығар деп сенеміз.

110-жаттығу. ▲ Көркем әдебиеттен тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерінің барлығы түгел табылатын бірнеше сөйлем тауып жазыңдар.

111-жаттығу. ■ Жаңылтпаш мәтінін (өлең жолдары ерекшелігін ескере отырып) сөйлем мүшелеріне талдап, қай сөйлем мүшесі жоқ екенін анықтаңдар. Өздерің де осы үлгіде (барынша көп сөйлем мүшелері бар) жаңылтпаш жазыңдар.

Жаңбыр жауып келеді қар аралас,
Бір топ әйел келеді бала аралас.

112-жаттығу. ▲ Септеулік шылаулармен тіркесе айтылатын сөйлем мүшелері бар бірнеше мысал келтіріп, қай сөйлем мүшесі қызметін атқаратына назар аударыңдар. Себебін дәлелдеңдер.

*Үлгі: Шетелмен ғаламтор арқылы байланысқа шықтық.
Шетелмен қалай (немесе не арқылы) байланысқа шықтық? – ғаламтор арқылы.*

113-жаттығу. ▲ Топтарға бөлініп, сөйлемдерге морфологиялық (сөз құрамы мен сөз табы), синтаксистік талдау (сөйлем мүшесі мен мағыналық түрлері) жасаңдар.

Шыңғыстың үйінен «жақсы-жайсаң» аталатындар арылмайды. Олардың біразы – «айыр көмей, жез таңдай» аталатын, сөзге шешен билер. Бастары қосылғанда олар қағыспай, шешендік салыстырмай, әзіл-оспақ айтыспай отырмайды.

Есі кіргеннен бастап Шоқан олардың да сөздерін тыңдауды жақсы көрді.

Шыңғыс ордасына Құсмұрын дуанының билері үш жылда бір жиналатын... Шыңғысқа екінші кезек келгенде Шоқан тоғыз жаста екен...

(С.Мұқанов)

114-жаттығу. ▲ Берілген сөйлемдерден себеп, мақсат пысықтауыштарды табыңдар. Әрқайсының қандай дара сөздер мен сөз тіркестерінен құралғанын, қатысты мүшесінің қай сөз табынан екенін айтыңдар.

1. Шырағым, көңіліңді білдіре келгеніңе қатты ризамын. (*Ф.Мұстафин*) 2. Сабырсыз Баймағамбет Абайдың жай жүрісіне шыдай алмай алдын орап кетті. 3. Бөжейлер Құнанбайдың үстінен арыз айтқалы Қарқаралыға кетіп барады. 4. Мен ғылымның көп ғасырлар бойы адам баласы жинаған қазынасына қол артамын деп сапар шектім. (*М.Әуезов*) 5. Ауылдың пейілі биыл кең... (*І. Жансүгіров*) 6. Кенжебек Асқардың шақыртуымен келіп отыр. (*С.Мұқанов*) 7. Бекіністі қайтадан алу мақсатымен немістер екі рет шабуыл жасады. (*Ф. Мүсірепов*) 8. Екі дос орындарынан тұрып, жаңа құрылысқа қарай бет алды. (*М.Иманжанов*) 9. Сен әдейі біздің қаланың жайын білейін деп келдің. (*С.Сейфуллин*) 10. Баламды медресеге біл деп бердім, Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім... (*Абай*)

115-жаттығу. ■ Берілген үстеулерді пайдаланып, мәтін құраңдар.

Мәтіндеріндегі пысықтауыштарды құрылысына қарай және мағыналық түрлеріне ажыратыңдар.

Ілгері, бүгін, амалсыздан, емін-еркін, неғұрлым, ең, әдейі, осында, жаздыгүні, таңертең, лажсыздан, әрең, әжептәуір, тым, аса, қасақана, бері, түнде, босқа, бекерге, біршама, нағыз кілең, жорта, шикілей, жорғадайын, ала жаздай, баяғыда, бет-бетімен.

Тілтаным

Білімділіктің мәресіне жеткізетін бір қасиет – өткен тақырып бойынша білгендеріңді жинақтап, саралап қарау. Белгілі бір тақырыпқа қатысты мәліметтерді, деректерді жинақтап отыру – нағыз қазыналы көмбе. Сол себепті сөйлем мүшелері туралы мәліметтер жинақтаған кестелерді ұсынуды жөн көрдік. Оларды салыстырып, өз тұжырымыңды жазып шық. Білім жолында сәттілік серік болсын, ынталы ұрпақ!

Бастауыш		
Сипаттамасы	Сұрақтары	Құрамына қарай түрлері
Атау септікте тұрып, сөйлемдегі іс-қимылдың иесі болады. Баяндауышпен жақ, шақ жағынан қиыса байланысады	Кім? Не? Кімдер? Нелер? Кімі? Несі? Кімдері? Нелері?	Дара Күрделі Үйірлі

Баяндауыш		
Сипаттамасы	Сұрақтары	Құрамына қарай түрлері
Бастауышпен бір тұлғада болып, сөйлемді тиянақтап тұрады. Сөйлемге негіз болады.	Не істейді? Қайтеді? Не қылмақ?	Дара Күрделі Үйірлі

Анықтауыш		
Сипаттамасы	Сұрақтары	Құрамына қарай түрлері
Сөйлемде сын, түс, түр, көлем, мөлшер, сапа белгілерін білдіреді. Анықтайтын сөзбен қабыса, матаса байланысады	Қандай? Қай? Кімнің? Ненің? Қанша? Қайдағы?	Дара Күрделі Үйірлі

Толықтауыш			
Сипаттамасы	Сұрақтары	Түрлері	
		Құрамына қарай	Мағынасы мен тұлғасына қарай
Іс-әрекетті заттық мағына жағынан сипаттайды. Сөз байланысының меңгеру және жанасу түрлері төн	Б. кімге? неге?	Дара	Жанама
	Т. кімді? нені?	Күрделі	Тура
	Ж. кімде? неде?	Үйірлі	Жанама
	Ш. кімнен? неден?		Жанама
	Қ. кіммен? немен?		Жанама

Пысықтауыш			
Сипаттамасы	Сұрақтары	Түрлері	
		Құрамына қарай	Мағынасына қарай
Іс-әрекет, оқиғаның мекенін, мезгілін, себепін, мақсатын, сын-қимылын білдіреді. Баяндауышпен меңгеріле, қабыса, жанаса байланысады	Қайда? Қайдан?	Дара	Мекен
	Қашан?	Күрделі	Мезгіл
	Не себепті?	Үйірлі	Себеп
	Не мақсатпен?		Мақсат
	Қалай?		Амал

Сөйлемнің айқындауыш мүшелері



Адам қай нәрсені болсын айқындап білуге құштар болады. Осындай айқындап, нақтылап тұратын қасиет айқындауыш мүшелерден байқалады. Сен қалай ойлайсың?

Айқындауыш мүше – сөйлемде белгілі бір сөзді заттық жағынан айқындап түсіндіріп, нақтылап көрсететін сөз я сөздер тобы.

Айқындауыш мүшенің екі түрі бар: оңашаланған айқындауыш, қосарлы айқындауыш.

Оңашаланған айқындауыш – өзі қатысатын сөзінен кейін тұрып, ерекше әуенмен айтылып, анықтайтын сөзінің заттық, шақтық, т.б мағынасын дәлдеп көрсететін айқындауыш.

Үтір оңашаланған айқындауыштың екі жағынан қойылады. *Тыңдаңдар! Мен, Арынұлы Азамат, достарымның алдында өз ойымды жария етсем деймін.*

Сызықша оңашаланған айқындауыштың екі жағынан немесе өзі анықтайтын мүшесімен екі араға қойылады. Мысалы: *Қалың көпшілік – арбалылар да, салттылар да, жаяулар да – соның соңынан шұбап, қыртысы қалың, жасыл көделі жердің шаңдағын аспанға шығарды. (С.Мұқанов)*

Қосарлы айқындауыш – анықтайтын сөзімен қосақталып, зат есімдердің қосымшасы ретінде жұмсалатын сөздер.

Анықтауыштық қатынаста жұмсалатын сөз тіркестерінің анықталатын сөзі көбінесе кісі аты, оны айқындайтын қосалқы айқындауыштар *батыр, ақын, балуан, шырағым* сияқты зат есім, кейде сын есімдер болады. Мысалы: *Біржан сал, Алпамыс батыр, Жамбыл ақын, балуан Әсет.* Сондай-ақ *мырза, ханым* сөздерінің адам есіміне немесе мамандық, лауазымға қосақталып жұмсалуды да қосарлы айқындауышқа мысал болады: *профессор мырза, Ақбота ханым, т.б.*

Кейбір қосарлы айқындауыштар өздерінің айқындайтын сөзінен қос сөздер сияқты дефис арқылы бөлінеді. Мысалы: *Телефон-автомат, батыр-қишқыш, инженер-технолог, тілші-ғалым, тұжырым-пікір, ой-түйін, әдіскер-ұстаз, т.б.*

Оңашаланған айқындауыштың анықтауышқа ұқсас болғанымен, одан кейбір өзгешеліктері бар.

Анықтауыш	Айқындауыш
анықтайтын сөзінің алдында тұрып, оның өзіне төн, басқа заттан ерекше сынын, сапасын білдіреді (<i>алтын алқа, сары жапырақ, екі дос</i>);	анықтайтын сөзінің лексикалық мағынасын, мүшелік қызметін басқа сөздермен толықтырады немесе көлденең сапасын көрсетеді.

Дәлірек айтсақ, айқындалатын сөз зат есім болса, айқындауыш оның сипаты, топтағы өзіндік орны қандай екенін, ал мезгілдік үстеу болса, қай мезгіл екенін нақтылай түседі. Мысалы: *плащ-палатка; кеше, қыркүйектің онында; біз – мектеп шәкірттері – білім еліне саяхаттаушылар, т.б.*

116-жаттығу. ▲ Берілген қосарлы айқындауыштарды қатыстырып, сөйлем құраңдар. Жазған сөйлемдеріңе синтаксистік талдау жасаңдар.

Қарасай батыр, әнші Мейрамбек, ғарышкер Талғат Мұсабаев, партизан Қасым Қайсенов, күйші Дәулеткерей, Мұқағали ақын, Тәуке хан, би-шешендер, Дамира келін, Әсет мырза, Гүлжан директор, Әлжан бәйбіше, Қамар сұлу.

117-жаттығу. ▲ «Абай жолы» романынан келтірілген сөйлемдерден айқындауыш мүшелерді (оңашаланған айқындауыш, қосарлы айқындауыш) тауып, мағынасы, жасалу жолы, орын тәртібі және дауыс ырғағы жағынан сипаттаңдар.

Өзі сері, өзі сұлу Байтасқа екеуі де – бірі кәрі, бірі жас бала – қызыға да, тамашалай да қараған... Жатақтардың жаңағы, соңғы жайды жауырлай сөйлеп, Абайға түгел жабыла айтуы тегін емес еді... Тәкежан болыс Базаралыны жамандаса да, біз, ел кісісі, болысты қостамаймыз...

– Бұл істі істеген – мен, Базаралымын!

Барлық тұлғасы Құнанбай тектес бұл жас әйел – осы үйдің келіні – Абайдың апасы Мәкіш еді... Жастығын, шексіз шат жастығын, қайта тапты... Аанада, жазғы сайлауда, Оспанға өзінің қарыздар боп кеткені бар. Сол жақта – алыс көкжиекте – көкшіл мұнар ішінде Семейтау көрінеді. Тобықты ішіне ең алғаш келген арбаны осы Зеренің, Құнанбайдың кәрі шешесінің, көк арбасы десе де болады... Абай көңілінде Бөжейді Кәмшат үшін, жазықсыз жас нәресте үшін, айыптаған үкімге ақтау жоқ.

(М.Әуезов)

118-жаттығу. ▲ Төмендегі сөйлемдерден айқындауыш мүшелерді анықтап, тыныс белгілерін қойыңдар.

1. Ақылды мына ер кедейден Дәркембайдан сұрасаңшы... 2. Бұл өңірде әсіресе өзеннің бұл жағында

Абайды дос көрер жан жоқ... 3. Ал қалаған қажеттің бәрін артыңнан облыстан тез жөнелте беруге біз Сұлтанов екеуіміз міндеткер боламыз... (М.Әуезов). 4. Әйел-ана барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш көзді бұлақ емес пе? (Ғ.Мүсірепов). 5. Біз осы аудиториядағы бір топ студенттер өздерімізді ең бақытты жандар санап отырмыз. (Қ.Жұмашев)

119-жаттығу. ■ «Айқындауышты айқын танып, біле алдық па?» тақырыбында пікір алмасып, өз ойларыңды тұжырымдап жазыңдар.

120-жаттығу. ▲ Мына сөйлемдерден қосарлы айқындауыштарды табыңдар. Қосарлы айқындауыштардың қандай есім сөздер арқылы жасалғанын анықтаңдар.

1. Әйел-ана барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, көзді бұлақ емес пе?! 2. Жақып пен Жомарт комбайн-самоходқа келді... 3. Ішінде слесарь қарт Иван, жалқау Бәйтен, жас Жанәбіл бар... 4. Кең алышта тұмсық түйістіре жатқан кесек жонды, бүкіс жоталы Қарағандының денесіне түскен жалғыз елеулі белгі ашық шақта «Қара жыра» атанып кетіп еді... 5. Жиналыс басқарушы Жақып отағасы мәселені дауысқа сала қойған жоқ.

(Ғ.Мұстафин)

121-жаттығу. ▲ Төмендегі сұрақтарға жауап жазып, мысал келтіре отырып талдаңдар.

1. Айтылуы, тыныс белгісі, қызметі жағынан оңашаланған айқындауыш пен қосарлы айқындауыштың айырмашылығы қандай?

2. Айқындауыш пен анықтауыштың айырмашылығын көрсетіңдер.

122-жаттығу. ▲ Айқындауыш мүшенің екі жағына қай кезде қандай тыныс белгісі қойылатынын айтыңдар, төмендегі сөздерден сөйлем құрап, олардың қойылу себебін мысалмен түсіндіріңдер.

Жан көрмеген, жан баспаған, маздап, лаулап, оттай,
ақ торғын, шұға, барқыт, жібек.

123-жаттығу. ■ Өлеңді оқып, өз сөздеріңмен айтып беріңдер, өз пікірлеріңді мысалдармен дәлелдеңдер. Өздерің де айқындауыш сипатын ашатын қызықты әңгіме жазыңдар.

Мен болам оңашаланған айқындауыш,
(Емеспін еш уақытта анықтауыш.)
Өзімнен бұрын тұрған сөзді ғана,
Айқындап, түсіндіріп, берем нағыз.
Белгінің менде болар екі түрі,
Кәдімгі кезбе үтір – оның бірі.
Кей кезде сызықшаны керек етем,
Үтірдің ауыр болса алған жүгі.
Айтқанда үзіліс те керек болад,
Сонымен айырылады сөздің жігі.
Қосарланып келетін бір тобым бар.
Тең тіркесіп, дефиспен тұрады олар.
Орынды ауыстырсам да өз жөнім бар,
Өзгермейді сонда да мағыналар.

(«Қызықты грамматика» жинағынан)

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері



Сөйлем мүшелерін жақсы білетін саған бірыңғай мүшелерді меңгеру еш қиындық тудырмайды. Себебі бұл бірыңғай топталып келген бастауыш, баяндауыш, т.т. сөйлем мүшелері екенін білген соң, тақырыпты өз деңгейінде игеріп кететініңіз біз сенеміз.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері – сұраулары мен қызметі ортақ болып, сөйлемнің бір ғана мүшесімен байланысатын кемінде екі сөзден тұратын мүше.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері де, тұрлаусыз мүшелері де бірыңғай мүше бола алады.

Сөйлем мүшесі	Мысалы
Бірыңғай бастауыш	<i>Бейсен, Шымырбек, Қали (кімдер?) құлаған жерді аршып жатыр.</i>
Бірыңғай баяндауыш	<i>Дала боран, жел дүрілдейді, ысқырады (не істейді?).</i>
Бірыңғай толықтауыш	<i>Тау мен тасты (нені?) су бұзар.</i>
Бірыңғай анықтауыш	<i>Дала қызыл, сары, жасыл (қандай?) түстермен құлпырып тұр.</i>
Бірыңғай пысықтауыш	<i>Ол хатты асықпай, баппен, жақсылап (қалай?) тағы бір оқып шықты.</i>

Бірыңғай мүшелер жалғаулық шылаулар арқылы да байланысады.

Түрі	Жалғаулық	Мысалы
<i>Ыңғайластық</i>	да, де, та, те, және, өрі, мен, бен, пен	<i>Ол өте көркем және байсалды жігіт.</i>
<i>Қарсылықты</i>	бірақ, алайда, өйткенмен	<i>Біз сыртқа шығайық, бірақ ұзап кетпейік.</i>
<i>Талғаулықты</i>	я, не, немесе, әлде	<i>Ол – сенің я ағаң, я інің.</i>
<i>Кезектестік</i>	бірде, біресе, кейде	<i>Бекжан біресе кітапқа, біресе сағатына қарайды.</i>

Бірыңғай мүшелі сөйлемде оларды ортақ жинақтау мәнін білдіретін жалпылауыш сөздер кездеседі. **Жалпылауыш сөз** – бірыңғай мүшелермен қызметтес, тұлғалас болып, оларды ортақ жинақтау мәнін білдіретін мүше. Мысалы: *Күләш, Шолпан, Жанар – үшеуі үнемі бірге жүреді. Кішіпейілдік, сыпайылық пен әдептілік – барлығы жастарға керек қасиеттер.*



Енді жалпылауыш сөздің қандай сөз таптарынан жасалатынына назар аударайық!

Сөз табы	Түрі	Мысалы
Сілтеу есімдігі	Мыналар, осылар, бұлар, солар, олар	<i>Қазақстанның ең үлкен қалалары мыналар: Астана, Алматы, Шымкент.</i>
Жалпылау есімдігі	Бәрі, баршасы, барлығы	<i>Алатау, Қаратау, Үшқоңыр – бәрі Қазақстанның таулары.</i>
Жинақтық сан есім	Екеуі, төртеуі, т.б.	<i>Дәулет, Ерхан, Аманжол, Бағдат – төртеуі Астанаға қыдырып кетті.</i>
Зат есім	Жинақтық мәндегі жалпы есімдер	<i>Жетісу өзендері: Іле, Қаратал, Ақсу, Телсі – Балқаш көліне құяды.</i>

124-жаттығу. ▲ Мәтінді оқып шығып, мазмұны бойынша сұрақтар дайындап, диалог құрыңдар. Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін тауып, қандай сөйлем мүшелерінің қызметін атқарып тұрғанын айтыңдар.

Арғын Ағынтай батыр мен Шапырашты Қарасай батырдың қай кезде танысып, қалайша айырылмас дос болғанын қазірше дерек көзі болмағаннан кейін анықтап айту қиын. Алайда, екі батырдың айрықша дос болғанын сол дәуірде өмір сүрген Матай би ерекше ілтипатпен жазып кеткен екен. Олардың өз ғұмырында қанша рет жекпе-жекке шыққанын ешкім есептемеген. Бірақ аз болмаса керек. Ал кескілескен соғысқа екеуі де екі жүз мәрте кіріпті.

Демек, екеуі қырық жыл соғысқа қатысса, орта есеппен жылына бес рет қанды шайқасқа кірген деуге болады. Соның бәрінен аман-есен шығу – үлкен сәттілік. Сол сәттіліктің өзек сыры, бақсақ, достықта жатыр. «Қарасай мен Ағынтай батырдың арадан қыл өтпес достығы, – деп жазады Қазыбек Тауасарұлы өзінің «Түп-түқияннан өзіме шейін» кітабында, – жан алып, жан беріп жатқанда да айырылмауы, біріне-бірі сақшы болып жүруі, ұрыста басы домалап қалмай, екеуінің де өз ажалынан өлуіне себепші болды...»

Матай бабамыздың жазуына қарағанда, Есім ханның ұлы Жәңгір қалмақ тұтқынына 1635 – доңыз жылы түседі. Ол жолы қазаққа қарсы қалмақтың Талай, Құжы,

Торғаш деген тайшылары бірігіп шабуыл жасаған еді. Жәңгір қалмақ тұтқынында бір жылдай болады. Қолға түскен Жәңгірді қалмақтар аяғынан кісендеп, жеке киіз үйде ұстапты. Хан баласын қинап, зорлық көрсете қоймапты.

Есім хан баласы үшін алдымызға кішірейіп келеді деп күтеді. Алайда Ағынтай мен Қарасай батыр тағы бір адам алып, үшеуі ғана Жәңгірді босатуға аттанады. Алдын ала барлау жасап, Батыр қоңтайшының ауыл жағдайын әбден біліп алған болу керек. Түнделетіп келіп, аттарын жақын маңайдағы өзен жағасына шідерлеп тастайды да, өздері қоңтайшы ауылына жаяу жөнеледі. Ат суғара келген қалмақ жігітін ұстап алып, одан мән-жайды анықтап біледі де, өзін байлап тастайды. Үйге жақындағанда далаға шыққан кісіні Қарасай «Аһ!» деуге мұршасын келтірмей, күре тамырын баса қойған. Ол талып кеткенде, үйдің артынан екі жігіт іргені көтеріп жіберіп, Жәңгірді суырып алған. Есік алдындағы жасауыл тіпті ештеме сезбей қалған... Кейін білсе, үй алдында талып жығылған Батыр қоңтайшының өзі екен. Ол ертеңіне түсте ғана есін жиған. Сөйтіп, Батырдың қазаққа деген кегі бұрынғыдан да артып, кіжініп, терісіне сыймай жүрген.

1664 жылы Қарасай мен Ағынтай батыр наймандар мен жалайырларға шабуыл жасаған қалмақтарды қууға қатысып, сол соғыста екі дос та жараланады. Ағынтай аяғынан жараланып, ақсақ болып қалады. 1670 жылы Қарасай өзінің досы Ағынтайдың қасына көшіп келеді. Бір жылдан соң 1671 жылы сонда қаза болады. Сүйегі Айыртауға қойылады. Бір жыл өткен соң Ағынтай да қайтыс болып, Қарасай досының қасына жерленеді.

Бүгінде олардың басына ескерткіш белгі қойылған. Осы ескерткіштің басында Елбасымыз Ағынтай мен Қарасай батырдың ұлы достығын кейінгі ұрпаққа үлгі ете, мақтан ете сөйледі.

(«Мөлдір бұлақ» журналынан)

125-жаттығу. ▲ Талдау жасап, бірыңғай сөйлем мүшелерін анықтап, көшіріп жазыңдар.

1. Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, сүйіктісі – мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызғылт жүзді, кең, ақ маңдайлы, нұрлы жігіт. Үстінде қара мақпал кең, жеңіл шапаны бар. Омырауы ағытылған, «сері жаға» ақ көйлектің сыртынан киген сарғылт түсті, қытайы жібек камзолы бар. 2. – Арғын, Найман, Керей, Уақ – төрт арыс бас қосыппыз. (*М.Әуезов*). 3. Сары, Кәрібай, Жанақ – үшеуі кеңеске кірді. (*Б.Майлин*).

126-жаттығу. ▲ Төмендегі сөздерді қатыстыра отырып, бірыңғай мүшелі бірнеше сөйлем құраңдар.

Ақ маңдай, екі көзі танадай жарқыраған, жүзіне күлкі үйірілген, таудан құлаған қос бұлақтай, қараңғы мақпал түндей, көз тартатын қолаң шаш, тізілген түймедей, маржандай, атқан таң, арайлы күн, жүрегінді жібіткен сәулелі шуақ, үкі таққан, маржан моншақты бөрік киген, қызылды-жасылды сән-салтанатты, бөрі, барлығы.

127-жаттығу. ■ «Бірыңғай мүшелер мен жалпылауыш сөздің байланысу мәні мен маңызы» тақырыбында пікір алмасып, еркін пікір жазыңдар.

Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері

Бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылатын жағдайлар:

Бірыңғай мүшелердің байланысу тәсілі	Мысалы
Бірыңғай мүшелер өзара жалғаулықсыз байланысса;	<i>Ауа райы ыстық, қапырық.</i>
Жалғаулық шылаулар бірыңғай мүшелердің арасында қайталанып келсе;	<i>Абзал – әрі басшы, әрі балуан.</i>

Бірыңғай мүшелердің байланысу тәсілі	Мысалы
Бірыңғай мүшелер <i>бірақ</i> деген қарсылықты жалғаулық арқылы байланысса.	<i>Жолдасың зейінді, бірақ жалқау.</i>

Мынадай жағдайларда бірыңғай мүшелердің арасына үтір қойылмайды:

Бірыңғай мүшелердің байланысу тәсілі	Мысалдар
Бірыңғай мүшелердің арасында <i>мен, пен, бен, және</i> жалғаулықтары бір рет келсе;	<i>Асан мен Үсен көп бөгелген жоқ.</i>
<i>Да, әрі, не, немесе</i> жалғаулықтары қайталанбай, бір рет келсе.	<i>Ол бүгін не ертең келеді. Бұлақ суы таза әрі салқын.</i>

Бірыңғай мүшелердің алдында не соңында жалпылауыш сөздер келген жағдайда сызықша немесе қос нүкте қойылады.

Жалпылауыш сөздердің орналасуы	Мысалдар
Жалпылауыш сөздер (жалпылау, сілтеу есімдіктері, сан есім) бірыңғай мүшелерден кейін келген жағдайда сызықша қойылады	<i>Досым Ермек, әниі Әділ және әзілқой Арнұр – үшеуі жиынның көркі болды. Сұлу, әсем, әдемі – барлығы синоним сөздер. Ине, жіп, қайшы – осыларды әкелу керек</i>
Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелердің алдында келсе, онда жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады	<i>Адамға аса қажет асыл қасиеттер мыналар: адалдық, еңбекқорлық, табандылық, ізденгіштік.</i>

128-жаттығу. ▲ Төмендегі өлең үзінділерінде қанша бірыңғай мүше бар? Олар сөйлемнің қай мүшесі? Тиісті тыныс белгілерін қойыңдар.

Қалың елім қазағым қайран жұртым,
 Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
 Жақсы менен жаманды айырмадың,
 Бірі қан бірі май боп енді екі ұртың.

(Абай)

...Асау Терек долданып буырқанып,
 Тауды бұзып жол салған тасты жарып.
 Арыстанның жалындай бұйра толқын
 Айдаһардай бүктеліп жүз толғанып.

(Абай, М.Ю.Лермонтовтан аударған)

Шалқыған біздің жақтың көлдері бар,
Ағашты биік таулы жерлері бар.
Өзен су көлдер жайлап, тау қыстайтын
Меймандос берекелі елдері бар.

(С.Сейфуллин)

129-жаттығу. ▲ Сөйлемдерді көшіріп жазып, бірыңғай мүшелердің астын сызып, өз пікірлеріңді дәлелдендер.

1. Нияз тағы да Ғайниге, бауға, балаға, мектепке, радионың сызықтары мен антеннасына қарады. *(С. Сейфуллин)* 2. Ол әндер ерлікті де, елдікті де, сұлулықты да сыйдырған. *(А.Жұбанов)* 3. Көз ұшында мұнартқан таулар, көк сағым белдер, тау қырқасынан асып бара жатқан күн – бөрі көз тартатын керемет суреттей әсер қалдырды. *(Ө.Үйсінбай)*

130-жаттығу. ▲ Жұптасып, «Бірыңғай мүшелер» тақырыбында пікір алмасып, бірыңғай мүше (бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, анықтауыш, толықтауыш) түрлеріне мысал келтіріңдер. Тыныс белгілерінің қойылу жайын анықтаңдар.

131-жаттығу. ■ Өлеңді оқып, бірыңғай мүшелер туралы ереже шығарыңдар, өлеңде айтылған ортақ белгілерге мысалдар келтіріңдер.

Бірыңғай мүшелер

Біз – бірыңғай мүшеміз,
Қызмет те ортақ, сұрау да,
Жауап беріп тұрамыз,
Бөріміз бір-ақ сұрауға.
Әр сұраққа жауап боп,
Дараланып жүрмейміз.
Бір мүшеге бағынып,
Бірдей қызмет істейміз.
Синтаксис деген кітаптан
Арнаулы бізге бет берген.

Бірлігімізді ұнатып,
Бірыңғай деген ат берген.
Біз де осал емеспіз,
Жалғаулықтар бізде бар.
Төрт түрге олар бөлініп,
Байланыстыру қызметін
Түрліше тұрып атқарар.
Жалпылауыш деген сөз
Бізден ғана табылар.
Жалпылауышым жалпылдап,
Ілгері-кейін кетеді,
Өртүрлі тыныс белгісі
Оған қызмет етеді.
Өз орнымен әр мүше
Бір сұрауға жауап боп,
Ыңғайласып кетеді.
(«Қызықты грамматика» жинағынан)

132-жаттығу. ▲ Сұрақтар мен тапсырмаларды топ болып орындаңдар.

1. Мына бір сөйлемде екі бірдей сызықша тұр. Олардың қойылуы дұрыс па? Себебін түсіндіріңдер.
Олардың алға қойған мақсаты, істеген ісі – бәрі де – әділдік.
2. Бірыңғай мүшелерден үнемі бұрын тұратын қай сөз табынан болған жалпылауыш сөз? Бірнеше мысал келтіріңдер.
3. Қайталанып келген сөздер бірыңғай мүше бола ма?
Мысалы:

Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым!
Сым пернені басып қара,
Басып қара, жырласын!

(С.Сейфуллин)

Көне түркі жазбаларындағы сөйлем мүшелері мен бірыңғай мүшелер

Көне түркі жазба ескерткіштерінде сөйлем құрамында тұрып, белгілі бір сұраққа жауап беріп, сөйлем мүшесі қызметін атқарып тұрған сөздер айқын көрінеді. Мысалы: *Артқы қырық аз қаған кучлуг қаған йағымыз болты – Артқы күшті қырық аз қаған жауымыз болды*. Бұл сөйлемдегі *қаған* – бастауыш, *жауымыз болды* – күрделі баяндауыш, *артқы күшті қырық аз* – күрделі анықтауыш.

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі сөйлем мүшелері, қазақ тіліндегідей, тұрлаулы және тұрлаусыз болып екіге бөлінеді. Олардың әрқайсысына мысал келтірейік:

- Ескерткіштер тілінде бастауыш болатын сөздер негізінен атау тұлғада тұрады. Құрамына қарай дара және күрделі болып бөлінеді.

Өзүм табғаш елінде елінте қылынтым – Өзім табғаш елінде тәрбиелендім.

- Ескерткіштер тіліндегі баяндауыш істің, қимылдың әрекеттің иесін көрсетіп, жіктік жалғаулардың жекеше және көпше түрлерінде кездеседі. Баяндауыш болатын сөздер атау не тәуелді жалғаулы тұлғада тұрған барлық сөз табынан болады.

Қара терім йүгірті – Қара терім жүгірді.

- Ескерткіштер тіліндегі толықтауыштар мағынасына, синтаксистік қызметі мен тұлғасына қарай тура және жанама толықтауыш болып екіге бөлінеді.

Бең саңа не айтайын – Мен саған не айтайын.

- Көне жазба ескерткіштерде анықтауыш сөйлемнің есімнен басқа мүшелерін анықтап тұрады.

Қамығы йеті йүз болмыс – Бәрі жеті жүз болған.

- Ескерткіштер тілінде пысықтауыш мүше болатын сөздер – үстеулер. Сонымен қатар кейбір мезгілдік, мекендік мағынада айтылатын сөздер де пысықтауыш бола алады.

Йағымыз учуқ тег ерті – Жауымыз жыртқыш құстай еді.

Бірыңғай сөйлем мүшелері бар екеніне де дәлел келтіре кетсек:

Бірыңғай бастауыш: *Табғач, оғуз, қытан – бу үшеуі қабысар – Табғаш, оғыз, қытан – Бұл үшеуі бірігер.*

Бірыңғай баяндауыш: *Біз сүңүсдіміз, санчдымыз – Біз соғыстық, шаншыдық.*

Дәл осылай бірыңғай пысықтауыш, анықтауыш, толықтауыштар да кездесіп отырады.

Сөйлем мүшесі болмайтын сөздер тобы. Оқшау сөздер

Оқшау сөздер – сөйлемнің құрамында тұрса да, басқа мүшелермен грамматикалық байланысқа түспейтін, сөйлем мүшесі қызметін атқара алмайтын сөздер.

Олар сөйлемге тигізетін мағыналық әсеріне және жасалу жолына қарай үшке бөлінеді: **қаратпа сөз, қыстырма сөз және одағай сөз.** Олардың ерекшелігі төмендегідей (*тыныс белгілердің қойылуына назар аударыңдар*):

Оқшау сөз түрі	Ережесі	Мысалдар
Қаратпа сөз	Біреудің назарын өзіне аудару үшін қолданылатын сөз	<i>Арман, 26 мамыр күні емтихан болады. Айтшы, күнім, айтшы! Ендігі сөз сенікі, шырағым.</i>
Қыстырма сөз	Сөйлемдегі ойға қатысты сөйлеушінің түрлі көзқарасын білдіретін сөз	<i>Жаңылмасам, сіз осы заводтың директоры боларсыз? Осының бәрін, әрине, жалғыз істей алмайды. Өзі осында келген шығар, сірә?</i>
Одағай сөз	Сөйлеушінің түрлі көңіл күйін, сезім толқынын білдіретін сөз.	<i>Уа, қой деймін, бала! Қазақтың әндері, шіркін, неткен әдемі! Сабыр сақтасаң қайтер еді, ә?</i>

Ескерту. Көркем әдебиетте қаратпа сөз жансыз заттар болып келетін қолданыстар да кездеседі: *Келісемісің, жас қайың?.. Ей, тәкаппар дүние! Маған да бір қарашы...* Қыстырма сөз сөйлеуші көзқарасындағы күмән, сенім, өкініш, реніш, ризашылықты білдіреді. Одағай сөз көбіне ауызекі сөйлеу және көркем әдебиетте кеңінен қолданылады.

133-жаттығу. ▲ Көшіріп жазып, оқшау сөздердің астын сызыңдар.

1. – Апыр-ай, Күлпаш-ай, о не дегеніңіз. (*Ә.Омаров*)
2. Ойпырм-ау, мына сабаздар кім? – деді Рахым күліп. (*Б.Тілегенов*)
3. Айт, айт, Шөжіке!.. Уа, төресін өзің айт. (*М.Әуезов*)
4. Биыл, несін айтасың, егіннің шығымы өте жақсы. (*Ғ.Мүсірепов*)
5. Меніңше, бұл – өте мықты адам. (*Ғ.Мұстафин*)

134-жаттығу. ▲ Топтарға бөлініңдер. Төмендегі сөздерді қатыстыра отырып, оқшау сөздердің барлық түріне сөйлем құрап жазыңдар.

Найза салғандай, отқа күйгендей, мөлдіреген сұлу, жүректі, ботадай сүйкімді, арыстандай ашынып, көкірегі ояу, айтқанды істемейді, ұялас құстар, өткір, назар аударыңдар, жасамау керек еді.

135-жаттығу. ▲ Мәтіндегі оқшау сөздерді тауып, түрлерін ажыратыңдар. Оқшау сөздің қай түрі көбірек қолданылған?

Жұмыстан қолдары босады дегенше, Жақсылықтың үйінің жанына жиналысады:

– Жақсылық, газетің не айтады?

Жақсылық газет оқыса, бәрі де тына қалып, тыңдап болып:

– Ып-ырас-ау, осының бәрі де елде бар. Малайдың ақысын жемейтін бай жоқ. Алаңғасар деген баланы 5 жылдай құлданып, Кәрім биыл бір тиын берместен қуып жіберіп отыр ғой.

– Осыны газетке жазса қайтер еді?

– Жазса қайтсін?

– Алаңғасардың ақысын алып береді...

Бәрі бірден шулайды:

– Жақсылық, жаз газетке, ана балаға обал болды де. Кәрім деген Никалай кезінде 6 жыл би болған кісі еді де...
Бәлем, өзі де тасып еді, аяғына бір қан түссін!

Бірсыпырасы газетті айтып шуласа, шетте отырған Ыбырай өзінше соқалайды:

– Әне, көрдіңдер ме, ана ортадағы Кәрімнің үйінен шығып бара жатқан екі жаяу – біздің Сылқым мен Көбек. Таң атса сол ауылдан шықпайды...

– Е, неге шықсын, бар қымызын Кәрім соларға береді. Семірткен иттей, қымызды беріп-беріп, қит етсе бізге қарсы салады.

(Б.Майлин)

136-жаттығу. ■ «Оқшау сөздердің өзіндік ерекшелігі» тақырыбында шағын пікір жазыңдар.

Оқшау сөздің тыныс белгілері

Оқшау сөз сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір қойылады.

Оқшау сөз сөйлемнің соңында келсе, оның алдынан үтір қойылады.

Оқшау сөз сөйлемнің ортасында келсе, оның екі жағынан үтір қойылады.

Қыстырма мәніндегі түсінік сөз, түсінік сөйлем жақшаға алынады: *Ахмет (менің інім) ол кезде бала еді.*

137-жаттығу. ▲ Топтарға бөлініп, оқшау сөздер, олардың тыныс белгілеріне байланысты сұрақ-тапсырмалар даярлап, өзара алмасып, білім сынағын ұйымдастырыңдар.

138-жаттығу. ▲ Мәтінді мұқият оқып шығып, оқшау сөздерді атаңдар. 3 сөйлемге толық синтаксистік талдау жасаңдар.

– Ой, қайдан жүрсің? Көріспегелі неше жыл!.. – деді Әбіш ананың қолын қос-қолдап сілкілеп жатып. – Тұра тұршы, қарап алайыншы әуелі өзіңе!.. Мына көзілдірігің мен бет-ажарыңның біраз тозып, дене бітімің іріленгені

болмаса, мүлде өзгермеген сияқтысың. Мен сені бірден таныдым ғой!.. Міне тамаша-а!..

Нұрипа мен Кәкен бір-екі адым шеткеріректе олардың кездесуіне әуестене қарап тұрған-ды. Әбіш жолдасын соларға қарай тартып:

– Ал, танысып қойыңдар, Нұрипа. Мынау менің мектепте бірге оқыған ескі досым! – деді. Бұрын да көңілді келе жатқан ақкөңіл Әбіш енді қуанышын қайда сыйғызарын білмегендей тыпыршып, бір орында тұрмайды.

– Құмғанбай Тәкенов, – деп таныстырды өзін ол Нұрипаға. Оның мінсіз аппақ кителі, едірейген биік төбелі қамыс қалпағы, қалың көзілдірігі, мойнын кекжиге көтеріп тұрған крахмалданған ақ жағасы – бәрі де бұл адамның бет пішініне маңғаз, сұсты нышан беріп тұр. «Үлкен адам шығар», – деп ойлады Нұрипа оның осы кейшіне көз жүгіртіп.

– Тірі екенсің ғой! Анау жылдары сені майданда қаза болыпты деп естіп едім, – деді қалқан құлақ әр сөзін салмақтап сөйлеп.

«Тіфай, тіфай! Тілеуің кесілгірдің қаза болыптысы несі екен?» – деп қойды Нұрипа іштей ренжіп, бірақ онысын байқатпады.

– Ауыр жаралы болып, өлім аузынан қалғаным рас. Жарайды, оны қойшы. Өз жайыңды айтшы? Халің қалай, қайда тұрасың? Шешей тірі ме? Қайда істейсің? Мектепте жүргенде математикаға мықты едің, ендігі бір профессор болған шығарсың? – деп Әбіш сұрақтарды жаудырып жатыр.

– Хал-тұрмыс жаман емес. Екі балам бар. Шешей ауылда, ағайдың қолында. Өзім осында тұрам. Есеп-қисапты қуып кеткенім рас, бірақ профессорлыққа әлі жете алғаным жоқ, бухгалтермін, – деп қалқан құлақ шүңірек көздерімен Әбішті бастан-аяқ сынай қарап шықты.

– Иә, өз жайың қалай?

(Т.Жанұзақов)

139-жаттығу. ▲ Берілген сөйлемдердің түсіп қалған тыныс белгілерін қойып шығындар. Олардың қойылу себебін түсіндіріңдер.

1. Түркісібтен келген вагонмен Москваға тоғыз кісі Байжан Гүлнар Сырбай Бақытжан Ағайша Масақбайдың екі баласы мен әйелі жүріп кетті. *(С.Мұқанов)* 2. Әр бөлменің ұзынын көлденеңін ішкі қатынас есіктерін бәрін де Абай өзі қағазға сызып, Әйгерімнің қолына табыстап кеткен еді. *(М.Әуезов)*

3. Білемін өмірлерің тұрған жайнап,
Күндіз-түні жастық үшін жарық сыйлап.
Ай жұлдыз күннің көзі жел менен су
Бәрі де сендердікі әлемге айғақ. *(Жамбыл)*

140-жаттығу. ■ «Оқшау сөздер» тақырыбында пікір алмасып, тұжырымды пікірлеріңді жазындар.

Қаратпа сөз. Тыныс белгілері

Қаратпа сөз – ойдың кімге арналғанын білдіру үшін, оған біреудің назарын аудару үшін жұмсалатын оқшау сөздің түрі.

Қаратпа сөздер шешендік сөзде, үндеуде, әдебиет үлгілері мен ісқағаздарда, сұхбаттасу барысында қолданылады. Мысалы: *Ермек Әрсенұлы, Сізге төмендегі жайды хабарлаймыз. Шырағым, кімнің баласысың?*

Қаратпа сөз сөйлемнің басында келгенде, одан кейін үтір не леп белгісі қойылады. Мысалы: *Ағайын! Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын кез келді.*

Қаратпа сөз сөйлем ортасында тұрғанда, оның екі жағынан үтір қойылады. Мысалы: *Ризамын, балам, ризамын!*

Қаратпа сөз сөйлемнің соңында тұрғанда, одан бұрын үтір қойылады. Мысалы: *Қиялыңа қанат бітсін, жас дос.*

141-жаттығу. ▲ Көшіріп жазып, қаратпа сөздердің астын сызындар. Мәтінді мәнерлеп оқып, қаратпа сөздің өзіндік реңін, ерекшелігін түсіндіріңдер.

Қылышбай жас кезінде бір ауылға келіп, қонайын десе, танитын ешкімді таба алмайды. Содан кейін бір үлкен үйге кіріп, сәлемдесіп есік жаққа отыра кетіпті. Үй иесі жақтырмай: «Иә, бала, қайдан келесің?» – деп сұрапты. Сонда Қылышбай:

– Шу бойынан келе жатыр едім, ешкімді танымаған соң, сіздікіне қонайын деп келдім, ата, – депті.

– «Қонақ үстіне қонақ келсе, қой қотыр болады деген» елшеп істеген ас қой, – дейді.

Сонда Қылышбай:

– Ата, ешкімді танымаушы едім, көже-мөже болса да осында отыра берсем қайтеді? – дейді.

– Көже-мөже дегенің не?

– Тарыдан түйісі болса, сары майдан иісі болса, сүтке салып баптаса, қантпенен қаптаса, оны біздің ел көже дейді, – депті Қылышбай.

Баланың сөзіне жығылған бай:

– Қарағым, жоғары шығып отыршы, – деген екен.

142-жаттығу. ▲ Төмендегі қаратпа сөздерді қолдана отырып, бірнеше сөйлем құраңдар.

Достым, көке, шырағым, апа, балақай, құлыншақ, әкешім.

143-жаттығу. ▲ Сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар. Сөйлем мүшесі болмай тұрған сөздердің астын сызындар.

1. – Ойхой, деген-ай десеңші, – деп күрсініп қойды Зәкең, шелпектен көмейіне бір тығып жіберіп. (*Ә.Омаров*)
2. Е, тәйір-әй, күзектің шөбі бітуші ме еді? 3. Айтшы, күнім, айтшы! (*М.Әуезов*)
4. Күнім-ау, не істегелі жүр едің? (*С.Мұқанов*)
5. – Ақа, қозың түгел ме? (*Ғ.Сланов*)

144-жаттығу. ■ Ұстаздарыңа қаратпа сөздерді қолдана отырып хат жазыңдар.

145-жаттығу. ▲ Қаратпа сөздерді қатыстыра отырып, өже мен немересінің диалогін жазып шығыңдар.

146-жаттығу. ▲ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың сөзінен берілген үзіндінің мазмұнын талқылап, қаратпа сөздердің қолданылуына назар аударыңдар.

Құрметті қазақстандықтар! Қымбатты достар! Қымбатты отандастар! Менің халқым – ұланғайыр жері бар, ұлы мұратты елі бар, бабалар жазған ұлы тарихы мен ұрпағы көз тіккен ұлы болашағы бар халық. Мыңжылдық тарихындағы ең бірегей бетбұрысында халқымның зор сенімін арқалағаным – мен үшін ең биік мәртебе. Кейінгі ұрпаққа кемел Қазақстанды табыстау – баршамызға ортақ парыз. Жаңа ғасырдың сын-қатерлеріне төтеп беріп, дамыған елдердің қатарына қосылу – ортақ жауапкершілік. Біз ұрпаққа көркейген елді, нығайған бірлікті, мызғымас тұрақтылық пен еселенген байлықты мирас етеміз.

Бүгін Қазақстан тарихының жаңа беті ашылды. Біз дамудың даңғылына тың қарқынмен аяқ басамыз. «Бес халықтық реформаны» табысты жүзеге асырып, болашағы біртұтас елге айналамыз. ХХІ ғасыр – бірлік пен достықтың қуатымен озатын ғасыр. Біз бейбітшілік пен келісімге, татулық пен тұрақтылыққа тәу етіп, тәубе дейміз. Осы құндылықтарымыздың қадіріне жету арқылы Мәңгілік Ел боламыз. Сол жолда талмай еңбек етейік, қадірлі халқым!

Қазақстанның жұлдызы жоғары, жолы нұрлы болсын! Елдіктің туы биікте желбіреп, абыройымыз асқақтай берсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

147-жаттығу. ▲ Қажетті қаратпа сөздерді қойып, толықтырындар.

Сұхбат кімдердің ортасында өрбіген деп ойлайсындар?

- ... , тап бүгін сені көрем деп ойламап едім.
- Сәлем, ... неге олай ойладың?
- Сені қалаға кетті деп еді.
- ... , оны кім айтуы мүмкін? А, інім бе?
- Иә, ... , сол Арман ғой. Мен шынымен сендім.
- Сен бүгін 1 сәуір екенін ұмыттың ба,
- ...

148-жаттығу. ■ «Бақытты болашаққа сенім артайық!» тақырыбында

Үндеу мәтінін жазындар.

Қыстырма сөз. Оның мағыналық түрлері

Сөйлемдегі ойға, айтылу тәсіліне айтушының қалай қарайтынын білдіретін оқшау сөздің түрі – **қыстырма сөз**. Ол басқа сөздермен байланыспай, белгілі сөйлем мүшесі болмай, олардан оқшау тұрады.

Мағынасына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді.

Мағынасы	Қыстырма сөздер	Мысалы
Қуанышты, ренішті білдіреді	<i>Бағымызға қарай, амал қанша, абырой болғанда, т.б.</i>	<i>Абырой болғанда, бүкіл үйде бұлар отырған тұстан ғана тамшы тамбады.</i>
Сенуді, мақұлдауды, мойындауды білдіреді	<i>Сөз жоқ, бәсе, рас, әрине, шынында, дұрысында, т.б.</i>	<i>Әрине, еңбексіз ер де, жер де көгермейді.</i>
Ойдың кімнен, қайдан екенін көрсетеді	<i>Меніңше, сіздіңше, оның пікірінше, т.б.</i>	<i>Меніңше, бұл – өте мықты адам.</i>
Шамамен ғана не сенер-сенбестікпен айтылғанын білдіреді	<i>Сірә, мүмкін, тегі, кім біледі, байқаймын, бәлкім, т.б.</i>	<i>Сірә, дәл осы бұлақ бұл аймақтың нәрі болса керек.</i>
Алдыңғы сөйлемдерде айтылған оймен байланысты, қорыту ретінде айтылады	<i>Олай болса, демек, сонымен, қысқасы, ендеше, жалпы алғанда айтпақшы, т.б.</i>	<i>Балалар қазір, қысқасы, өз шеберліктерін көрсетуге қажетті бар құралмен жабдықталған.</i>

Мағынасы	Қыстырма сөздер	Мысалы
Ой тәртібін білдіреді	<i>Біріншіден, екіншіден, бір жағынан, әуелі, ақырында, т.б.</i>	<i>Бір жағынан, Жұмабектің айтқанының да жаны бар сияқты.</i>

149-жаттығу. ▲ Төмендегі қыстырма сөздерді мағыналық түрлеріне қарай бөліп жазыңдар.

Абырой болғанда, сайып келгенде, әлбетте, амал нешік, менің білуімше, ең алдымен, шамасы, бәлкім, тілеуіңе орай, шынын айту керек, екіншіден, оның пікірінше.

150-жаттығу. ▲ Берілген қыстырма сөздерді қатыстырып, бірнеше сөйлем құрастырыңдар. Оның мағыналық түрлерін анықтаңдар.

Амал қанша, бақытыңа орай, қысқасы, мүмкін, сенің ойыңша, біріншіден, жұрттың айтуынша.

151-жаттығу. ▲ Қыстырма сөздерді қолдана отырып, өңгімені өздерің аяқтаңдар.

– Соңғы кезде сендердің көңілсіз жүргендеріңді аңдап жүрмін. Байқауымша, өзіндік себептері бар, алайда оны жария еткілерің келмейді. Олай болса, мұның себептерін анықтасақ қайтеді? – деді ұстаз...

152-жаттығу. ■ «Қыстырма сөздерді жақсы біле алдық па?» тақырыбында өз ойларыңмен бөлісіңдер. Жан-жақты меңгеру мүмкіндіктерін ойластырып, өз пікірлеріңді жазыңдар.

153-жаттығу. ▲ Қыстырманың әр мағыналық түріне 6 мысалдан сөйлем құраңдар.

154-жаттығу. ▲ Өз жауаптарыңды қыстырма сөз түрлерін қатыстыра отырып жазыңдар.

Шешендік сөз бен ой иірімдерін білу, бөлкім, өмірлеріңе көп өзгеріс енгізер? Міне, осыны саралай білсек, ойымызды жүйелі, дұрыс құрып, қиналмай жеткізуге қол жеткізер едік. Шешендік сөз үлгілерінде күні бүгінге дейін тәрбиелік мәнін жоймаған тамаша асыл дүниелер бар. Адам оны бірден түсіне де қоймас, сірә?!

Мақалдап, мәтелдеп сөйлеу, әрине, ешкімнің қолынан бірден келе бермес... Менің досымның пікірінше, ол, ең алдымен, мақал-мәтелдерді жаттаудан басталмақ. Ал сен қалай ойлайсың?

155-жаттығу. ■ «Пікір білдіруде қыстырма сөздерді сауатты өрі көп қолданамыз ба?» деген тақырыпта ойтолғау жазыңдар.

Одағай. Оның мағыналық топтары

Одағай – кісінің (сөйлеушінің) сезімін, көңіл күйін, еркін білдіретін, дербес грамматикалық тұлғалары жоқ сөздер.

Олар жеке сөз (жеке сөйлем) немесе сөйлем құрамындағы оқшау сөз қызметінде жұмсалады.

Сөйлемдегі сөздермен синтаксистік байланыста болмайды, оқшауланып, өзгеше әуенмен айтылып, басқа сөздерден бөлек тұрады. Айтылу ерекшелігіне қарай жазуда олардан кейін леп белгісі қойылады немесе үтірмен ажыратылады.

– *Алақай, сүйінші!*

– *Оу, қалағаныңды ал!*

– *Пай-пай, жүрегіңіз кең-ау!*

Одағайдың мағыналық топтары:

- 1) **Көңіл күйді білдіретін одағайлар:** *Алақай! Ура!* (қуаныш, шаттану), *Пап-пап!* (сүйсіну, таңдану), *Бәрекелді!* (сүйсіну, қоштау), *Оһо!* (таңдану), т.б. Мысалы: *Алақай! Ама! Ана!..*

*Соғыс бітті! (Ф.Сланов) Оһо, жолдас болатын болдың,
(Ә.Әбішев) т.б.*

- 2) Жекіру одағайлары: бұйыру, жекіру, тыйым салу мақсатымен қолданылатын *Тәйт! Сап-сап! Қане! Жә! Тек (тәк)! Әуп!* сияқты одағайлар. Мысалы: *Жә, тоқтат, ақсақал! Базаралыдан алмаған өшің бар ма? Тек, тантымай сөйле! Былғама Нұрғанымды. (М.Әуезов)*
- 3) Шақыру одағайлары. Бұл топқа *айтақ, моһ-моһ, шөре-шөре, сарап-сарап, көс-көс, кәуіс-кәуіс, шәуім-шәуім, әукім-әукім, мәлік келгір, жамандатқыр* сияқты үй жануарларын шақыру, айдау, қорғау, үркіту мақсатымен қолданылатын сөздер мен одағайлы тіркестер жатады. *Баған алақанын бір-біріне ұрып: «моһ-моһ» деп еді, етекке қарай желе жөнел ді. (О.Бөкеев) Әукім-әукім, ақ бұзау... (Ө.Тұрманжанов)*

156-жаттығу. ▲ Одағай сөздері бар мысалдар тауып, бөлек бағандарға толтырыңдар.

Көңіл күй одағайы бар 5 сөйлем	Шақыру одағайы бар 5 сөйлем	Жекіру одағайы бар 5 сөйлем

157-жаттығу. ▲ Өңгіме мазмұнын талқылап, мәтіннен бес сөйлемді одағай түрлерін қоса отырып, жазып шығыңдар.

Жаздың ыстық күндерінің бірі. Кеш түсіп, ауыл адамдарының аяғы саябырлай бастаған шақ еді. Әжем кеш түссе болды, әйтеуір қарбаласып, бір нәрсемен айналысып, қолы босамай жатады. Аула ішінде селтиіп тұрған мені көріп: «Ботақаным-ей, ас үйден көкеңе айран алып келші!», – деді.

Онсыз да ала көлеңке үй даладан енген маған тіпті қараңғы болып көрінді. Ас үйдің жарығын жақпай-ақ, үйге жүгіріп кірдім де, жаңағы әжем тапсырған ыдысты іздестіре бастадым. Кенет дір ете қалдым. Шкафтың жанында екі көзі шоқтай жанған бір нәрсе отыр. Денесі, басы көрінбейді. Тек қана жарқыраған екі көзі ғана.

Жүрегім тулап қоя берді. Оның үстіне әлгі мақұлықтың кенеттен шақ-шақ ете қалғаны... Есікті әзер жауып, далаға қарай тұра ұмтылдым.

– Әже, – деймін өкпем аузыма тығылып, – Үйде біреу отыр! Одан арғысын айтуға шамам жетпей, еңкілдеп қоя бердім.

– Ой-бу, қарашығым-ай, сені әбден қорқытып алыпшын ғой. Ол – көкең әкелген үкі ғой, – деді жадырай күлген Шәрбан әжем.

– Әже-ау, қайдағы үкі, тіпті мен ешқашан көрмеген нәрсе!

– Көкең малдан келе жатқанда, бір тобылғының басы қайта-қайта қозғала беріпті. Жақындап келіп, тобылғының түбіне үңілсе, таңдайын шақ-шақ еткізіп, ұша алмай жатқан үкі екен. Қанатына қатты нәрсе тиген жаралы байғұсты көкең үйге алып келіпті. «Сен оны мазалай береді-ау» деп ойладық та, кейін бір-ақ көрсетпек едік. «Балалы үйдің ұрлығы жатпас» деген осы да. Өзін көрген екенсің, енді ол сенің үкің болады, ботам! – деді әжем, мені көңілдендіре сөйлеп.

(Р.Мұқанова)

158-жаттығу. ▲ Қазақ ақындары шығармашылығынан түрлі одағайлар қолданылған өлең жолдарын тауып, теріп жазындар.

159-жаттығу. ■ «Паһ, шіркін, аналар-ай!» тақырыбында шағын өңгіме жазындар.

160-жаттығу. ▲ Өлең жолдарындағы одағайларды басқа түрлерімен ауыстыруға болады ма? Өздерің де одағай араластырып, екі жолдан ұйқастырып көріңдер.

О, ғажайып!
Бүгін болды бір қызық.
Інім кетті кір жаятын жіпті үзіп.
Үзілген жіп оралды да бағанға,
Тағы да бір жіп тартылды түп-түзік.

«Ой, керемет, нық тартылған, тіп-тік! – деп,
Әпкем шықты кір жаймақ боп сол жіпке.
Түгел жайып болған кезде бар кірді,
Үзілді жіп...
«Аһ!» ұрды ол бой тіктеп.
«Қап!» – деді анам, кірді жиды жердегі,
«Түһ!» – деді әпкем, шашылғанды тергелі.
«Мәссаған!» – деп інім отыр бір шетте,
«Өңім бе әлде түсім бе, – деп көргенім?»

(*Н.Сматаев*)

161-жаттығу. ▲ Одағай түрлерін қатыстыра отырып, сөйлем құраңдар.

Пай-пай, бәрекезде, қап, әй, ойпырмай, паһ, япырмау,
шіркін.

162-жаттығу. ▲ Төмендегі сөйлемдердің тиісті тыныс белгісін қойып,
одағайдың қай түрі екенін айтыңдар.

– О хан сен ел шабуды қоймадың, мен елшілікке
келуден танбадым, – дейді. (*«Шешендік сөздер»*)

– Өттеген-ай көре алмай қалдым-ау. (*С.Мұқанов*)

– Уа қой деймін бала! – Ойпырмай қалқам Абай-ай
қиын болмаса игі еді. (*М.Әуезов*)

– Ой сен мұнда неғып жүрсің?, – дейді. (*Ғ. Мүсірепов*)

– Апырай қауып алған жоқ па? (*И.Тургенов*)

163-жаттығу. ▲ Оқшау сөздердің барлық түрін сөйлемнің басында,
ортасында, аяғында келтіріп сөйлем құрап жазып, тыныс белгісінің
қойылуын түсіндіріңдер.

164-жаттығу. ■ «Оқшау сөздердің сөйлемдегі рөлі қандай?»
тақырыбында эссе жазыңдар.

Тілтаным

Көне түркі ескерткіштеріндегі оқшау сөздер

Жеке тұрып, өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайтын, бірақ сөйлемде адамның әртүрлі көңіл күйін (қуану, өкіну, ренжу, т.б) білдіретін одағай сөздер ескерткіштер тілінде өте аз кездеседі. Ол *йыта* дейтін бір ғана сөз.

Жай сөйлемнің түрлері



Аяулы дос! Міне, енді сен жай сөйлемдермен тереңірек танысасың. Бұл – бір ғажайып әлем! Жай сөйлемнің құрылысына назар аударып, түрлерін жете тануға зейін қой, зерделі жас.

Жай сөйлем тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерден (кейде бастауыш пен баяндауыштан ғана тұрады, кейде тек баяндауыштың өзінен) құралып, бір ғана ойды білдіреді. Құрылысы мен көлемі түрлі сипатта болады.

Жай сөйлемдердің жасалуы	Мысалдар
Бір сөзден	<i>Түн. Айнала.</i>
Сөз тіркесінен	<i>Күз мезгілі. Байтақ өлкем.</i>
Сөздер мен сөз тіркестері жиынтығынан	<i>Уфа медреселерінің бірінен оқыған шәкірт екен.</i>
Баяндауыштың негіз болуы арқылы	<i>Абайдың Шұбарға жаны ашығандай болды.</i>

Сөз не сөз тіркестерінен құралып, тиянақты бір ғана ойды білдіретін сөйлемнің түрі **жай сөйлем** деп аталады.

Жай сөйлем бір сөзден де, бірнеше сөз, сөз тіркесінен де құралуы мүмкін. Мысалы: *Гүл. Сұлулық патшайымы. Жолаушылар оралды. Ерке көктем желбіретіп гүл шашақтарын тақты.*

Жай сөйлемнің құрамындағы сөздер өзара мағыналық байланыста болады. Кез келген сөзден сөйлем құрала бермейді.

Айтушының ойын тыңдаушы түсінетіндей деңгейде болып, өзара мағыналық байланыста болған сөздер ғана сөйлем бола алады.

Жай сөйлем құрылымына қарай төмендегідей түрлерге бөлінеді:

Түрі	Ережесі	Мысалы
Жақты сөйлем және жақсыз сөйлем	Бастауышы бар сөйлем Бастауышы мүлдем жоқ сөйлем	<i>Ол қалаға келді.</i> <i>Сенің айтқың келмейді.</i>
Жалаң сөйлем және жайылма сөйлем	Тек тұрлаулы мүшеден тұратын сөйлем Тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем	<i>Нұрайдың ұйықтады.</i> <i>Мен Мәскеуде демалып қайттым.</i>
Толымды сөйлем және толымсыз сөйлем	Ойға қажетті мүшелердің бәрі қатысқан сөйлем Айтылуға тиісті мүшелердің бірі түсіп қалған сөйлем	– <i>Жанғара, (сен) қашан кетпексің?</i> – <i>(Мен) ертең (кетпекпін).</i> Толымсыз түрі: – <i>Жанғара, қашан кетпексің?</i> – <i>Ертең.</i>
Атаулы сөйлем	Іс-оқиғаның, құбылыстың атауын ғана көрсететін сөйлем	<i>Қыс. Аяз.</i> <i>Егіс даласы.</i>

Жай сөйлемнің өзіндік интонациясы – дауыс ырғағы болады, сөздердің орын тәртібі сақталады.

165-жаттығу. ▲ Жай сөйлемнің құрамындағы тұрлаулы, тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің қатысуын талдаңдар.

Байырғы қазақ өлшемдері

Байырғы қазақ өлшемдері – қазақ халқының тұрмыс-салт ерекшеліктеріне, кәсіптік қажеттілігіне байланысты қалыптасқан өлшем бірліктері. Мысалы, «бір қыдыру жер», «түстік жер», «айшылық жол» деген сөз тіркестері қашықтықты білдіреді. Шығыс халықтарының көбісінде ең кіші салмақ өлшеміне арпа дәні алынған. Кейбір жазба әдебиеттерде сақталған мәліметтер бойынша арпа дәні алтын мен асыл тастардың салмағын теңеуге арналған қазыналық өлшем ретінде қолданылған. Оған қарағанда бір арпа 45 мг болған. Басқа жерде осы арпа дәні ұзындық өлшемі ретінде пайдаланылған. Ал арпаның алты дәнінің еніне тең өлшем

бір бармақ деп аталған. Сондай-ақ уақыт мөлшерін болжауға Күннің, Айдың немесе басқа шырақтардың көкжиекпен салыстырғандағы орны алынған. Егін шаруашылығымен айналысатын аймақтарда уақыт мөлшерін судың белгілі бір ыдыстан ығысып шығу мерзімі бойынша анықтаған. Жетілдіріле келе бұл ыдыстар су сағатына айналған. Мұнда бірліктердің басым көпшілігі адамның көзбен шамалауымен, жұмсалған күш сезімімен, белгілі бір қашықтықты жүріп өту мерзімімен мөлшерленген. Сондықтан халық арасында жылқыға байланысты «ат шаптырым жер», «бие сауым уақыт», «екі елі қазы» тәрізді қашықтықты, уақытты, қалыңдықты білдіретін өлшемдік мәні бар сөздер жиі айтылады. Халық арасында сұйықтықты сақтайтын көнек, жанторсық, торсық, мес, саба тәрізді мал терісінен жасалған ыдыстар сол сұйықтың мөлшерін шамалауға жиі қолданылған. Мысалы, торсыққа жеті-сегіз аяқ (литр) қымыз сыйса, местің сыйымдылығы екі жарым-үш торсыққа тең.

(«Балалар энциклопедиясынан»)

166-жаттығу. ▲ Мәтіндегі жай сөйлемдердің құрылымына, I деңгейде сөз тіркесінің түрлеріне, II деңгейде сөз тіркесінің байланыс тәсілдеріне синтаксистік талдау жасаңдар.

Біз әрі қарай жүріп кеттік...

Талғар өзені сияқты Шелек өзені де Ақтаудың орталық қыраттарынан басталады. Шелектен Ыстықкөлге баратын керуен жолы Темірліктен өтіп, Қарқараға барады, көлікпен жүруге әлдеқайда қолайсыз басқа бір жол Шелектің жоғарғы жағымен, Сөгеті тауындағы Сөгеті асуымен, Торайғыр тауымен өтеді, одан әрі үш Меркеден өтіп, Қарқараға барады, Қарқарадағы Шарын аңғарында Темірлік жолы Мерке жолымен жалғасады да, бір ғана асу Санташтан өтеді...

Сөгеті тауынан біз үлкен беткейлі тау үстірті арқылы Торайғыр тауына өтіп, Айыр асуға шықтық, асуға жеткен жерде жаңбыр жауып, бізді жүргізбей қойды.

Торайғыр – «торы айғыр» деген сөзден шыққан. Қазақтардың айтуына қарағанда, олар осы арадан заңғар-қалмақтарды қуып шыққан кезде, осы таудың қасынан бір торы айғыр тауып алыпты. Торайғыр – албандардың жақсы қыстауы.

(Ш.Уәлиханов)

167-жаттығу. ▲ Мәтінді оқып, соңғы абзақты сөйлемдері бойынша сөз тіркестеріне жіктеп, олардың байланысу түрлері мен синтаксистік қатынасын анықтаңдар.

Ағаш аттың ішіне кім тығылған?

Грек жауынгерлері, Ағаш ат оқиғасы туралы грек ақыны Гомердің ұзақ поэмасы «Илиадада» әңгімеленеді. «Илиада» 15700 өлеңнен тұрады. Оны антик ғалымдар 24 кітапқа (грек алфавитінің саны бойынша) бөлген.

Поэманың сюжеті Троя соғысы туралы аңыздар циклінен алынған. Троя соғысы деп гректердің Троя немесе Илион қаласына жорығы аталған. «Илиаданың» аты Илион қаласының атынан шыққан (гректер Трояны солай атаған). Поэмада гректер мен трояндықтардың арасындағы соғыс Троя ханзадасы Парис грек королі Меленайдың әйелі Еленаны ұрлап кеткеннен кейін басталғаны туралы әңгімеленеді. Ашуланған Менелай ағасы Агамемнонмен барлық грек аймақтарынан жорыққа әскер жинап, Трояға аттанады. Поэмада соғыстың қалай басталғаны және оның барысы айтылмайды, онда соғыстың оныншы жылындағы оқиғалар суреттеледі. Гректердің ішіндегі ең таңдаулы жауынгер құдіретті «желаяқ» Ахилл (Ахиллес) болатын. Ахилл (Ахиллес) – фессалиялық патша Пелей мен теңіз құдайы Фетиданың ұлы, ахейлік батырлардың ең батылы, «Илиада» поэмасының негізгі бейнесі. Троялықтардың ең күшті де батылы Гектор еді.

Агамемнонның басшылығымен Трояны қоршап алған грек жасағы он жылға дейін қалаға кіре алмайды. Тек айлакер батыр Одиссейдің арқасында гректер Трояны басып алады:

олар үлкен ағаш ат құрастырып, оның ішіне жауынгерлерін жасырады. Содан кейін ағаш атты Троя қақпасының алдына қалдырып кеткен, ештеңеден сезіктенбеген трояндықтар оны ішке кіргізіп алады. Түнде грек жауынгерлері аттың ішінен шығып, қаланың қақпасын ашады. Сөйтіп, ішке енген жауынгерлер Трояны жаулап алады.

(«Сурақ және жауап» энциклопедиясынан)

168-жаттығу. ■ *«Мен шығарған таңғажайып оқиға»* тақырыбында әңгіме жазыңдар. Өз туындыларыңды таныстыру барысында жай сөйлемнің мағыналық түрлерін атап беріңдер.

169-жаттығу. ▲ Олең жолдарын қара сөзбен, жай сөйлемдер түрінде жазып шығыңдар. Ойдың берілу ерекшелігіне назар аударып, түсіндіріп көріңдер.

Туған жер

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық – алтын, қайтып келмес күнімде,
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім,
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.

Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.
Кең далаңда ойын ойнап қалсамшы,
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!..

Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,
Батпағында тең құрбымен алысып.
Түнде – ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз
Үйретем деп асау тайға жабысып.

(М.Жұмабаев)

Ойтұжырым

«Сөйлем мүшелері» тақырыбы бойынша алған білімдеріңді жинақтап, тұжырымдамалық кесте, кластер не семантикалық карта сызыңдар.

Үлгі:

Сөйлем мүшесі	Мысалы	Сұрағы	Тұлғасы
Бастауыш	<i>Еңбек бәрін жеңбек</i>	Не?	Атау септіктегі зат есім

Жақты сөйлем



Жақты сөйлемді сен үнемі қолданасың. Әрине, мысал келтіргенде бастауыш пен баяндауышты қатыстырып сөйлем құрастыру сен үшін жылдам әрі жеңіл. Бірақ сол құрған сөйлемдеріңді талдайтын кезде тосылып қалуың мүмкін. Олай болса, жақты сөйлем жайлы тереңірек мәлімет алуға ынта қой.

Бастауышы бар не айтылмай жасырын тұрса да, оны баяндауыш арқылы табуға болатын жай сөйлемнің түрі **жақты сөйлем** деп аталады.

Жақты сөйлемде бастауыш пен баяндауыш қиыса байланысады: *Мен ерте келдім. Сен ұзақ жүрдің. Ол әбден кешікті.*

Бастауыш сөйлемде жасырын келген жағдайда да баяндауыштың тұлғасына қарап, бастауышты тауып алуға болады. Мысалы: *Мысалы: Ұзақ уақыт ұйықтай алмадым. Ұйықтай алмаған кім? Мен.*

Таспен ұрғанды аспен ұр деген сөйлемде бастауыш арнайы айтылмаса да, баяндауыш (*ұр*) арқылы бастауыштың екінші жақ

тұлғасындағы есімдік (*сен*) екенін аңғаруға болады. *Жұмысым бітпей жүрдім* деген сөйлемде бастауыш арнайы айтылмаса да, баяндауыш тұлғасынан (*жүрдім*) оның бірінші жақ, жекеше тұлғада (*мен*) тұрғанын байқау қиын емес.

Жақты сөйлем	Мысалы
Құрамында бастауышы бар сөйлем	<i>Арнұр қайтып келеді.</i>
Сөйлемдегі баяндауыштың тұлғасынан-ақ бастауышы айқындалатын сөйлем.	<i>Отаным үшін аттанам.</i>

170-жаттығу. ▲ Бастауышы жасырынып тұрған жақты сөйлемдерді көшіріп жазып, сөйлем мүшелеріне талдаңдар.

Хетт патшалығы

Ежелгі Хетт мемлекеті Кіші Азияның таулы қыраттары өлкесінде орналасқан. Бүгінгі Түркия мемлекетінің орналасқан жері. Кіші Азияның географиялық орны сауда қатынасына қолайлы болды. Еуропаны Азиямен жалғастыратын көпірге айналды.

Хетт мемлекеті б.з.б. ХІХ ғасырда пайда болып қалыптасты. Табарна патша билеген кезде Хетт мемлекеті қуатты елдердің біріне айналды. Сондықтан оның есімі лауазым ретінде берілетін болып, Хетт патшалары өздерін «Табарнамыз» деп жариялап отырған.

Хеттіктер мал шаруашылығымен айналысты. Оның ішінде қой, сиыр, жылқы өсірді. Темірді қорыту тәсілін меңгерген, көп уақыт құпия сақтаған. Осыған орай темірдің құны күмістен 40 есе, алтыннан 5–8 есе өсті. Хеттіктер ойлап тапқан темір қорыту тәсілі Азия елдеріне, кейін бүкіл Еуропа елдеріне таралды.

Хетт пен Египет арасында көптеген уақыт бойы шекаралық соғыстар болып отырған. Жаулаушылық соғыстар жүргізіп, Вавилон, Сирия елдерін өзіне бағындырды.

Археологтар Хетт мемлекетінің астанасы Хаттушаш қаласынан ежелгі дүниедегі ескі мұрағаттық мәліметтер тапқан. Олар саз кесінділерге жазылған. Онда хеттердің өмірі мен әдет-ғұрыптарын көрсететін құнды деректер, елшілік туралы, әскери құжаттар және хаттар

жинақталған. Бұл ежелгі дүниедегі ең алғашқы мұрағат болып есептеледі.

(Тарихи деректер)

171-жаттығу. ■ «Бім мен ишара» ойыны арқылы сөйлем құрау. Мұғалім жеке оқушыларға тапсырма жазылған қағаз береді. Тапсырма алған оқушы сыныптастарына тапсырма мазмұнын ым, ишара, қас-қабақ қимылымен көрсетеді. Оқушылар өз ойларын жай сөйлем түрінде беріп отырады.

172-жаттығу. ▲ Мәтіндегі жай сөйлем түрлерін талдаңдар. Барлық сөйлемдегі бастауыштарды жасырын түрде қолдану мүмкін бе? Өз ойларыңды ортаға салыңдар.

Асық ойыны

Асық ойыны – қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы,

тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқай аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т.б. Мысалы, құмар ойынына 2–4 адам қатысады. Олардың жақсы жонылып, табаны қайралған төрт асығы болу керек. Ойыншылар өзара келісіп жеңімпазға жүлде тағайындап алады да, кезек-кезек төрт асықты иіреді. Егер иіруші төрт бүк, не төрт шік, не төрт алшы, не төрт тәйке түсірсе, жүлденің жартысын алады, төрт асық төрт түрлі түссе, онда тігілген жүлдені түгелдей алады. Осылайша ойын жалғаса



береді. Асықты мұртынан не жамбасынан тұрғызуды омпы дейді. Омпы ойыны тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді. Мақсат – көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызады да, көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек-кезек сақаларымен 10 қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді. Асық ойынының халық арасына кең тараған басқа да түрлері бар.

(«Балалар энциклопедиясы» кітабынан)

173-жаттығу. ▲ Қарамен берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жасаңдар.

Географиялық карта – адамзаттың ең үлкен табысы. Ол жер бетін жазықтықта кішірейтілген түрде бейнелейді...

Географияның дамуында Ежелгі Грекияның орны ерекше. Көптеген ғылым салаларының орталығы болған Элладада карта құрастыру ғылымы – картографияның негізі қаланған. Алғашқы карталарды грек ғалымы Эратосфен (б.з.б. III ғ.) құрастырған. Бұл карта өте қарапайым кескінделген. Картада Жерорта теңізі жағалауындағы аймақтар, Оңтүстік Еуропа, Солтүстік Африка мен Азияның батыс бөлігі көрсетілген...

Картаны географияның екінші тілі деп атайды. Карта дегеніміз – шар бетінен жазықтыққа өту әдісі мен картографиялық жобалар арқылы математикалық негізде құрылған шартты белгілерінің сипаты бар Жер бетінің жазықтығы кішірейтілген, жалпылама бейнесі. **Карталар алуан түрлі болып келеді.** Олар аумақтарды қамтуы бойынша (әлем карталары, материктер мен мұхиттар,

олардың бөліктері, мемлекеттер карталары және т.б.) мазмұны бойынша карталар жалпыгеографиялық және тақырыптық болады. Егер де тақырыптық карталарда әлеуметтік және экономикалық география облыстары табиғатының немесе құбылысының бірнеше құрам бөлігін бейнелесе, мұндай карталар кешенді деп аталады.

(«Қазақ энциклопедиясы»)

174-жаттығу. ■ «Әлемді тану – адамзат арманы» тақырыбында эссе жазып, жай сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдаңдар.

Жақсыз сөйлем



Жақсыз сөйлемді сен көп қолдана бермейсің, дегенмен оның кездесетін тұстары болып тұрады. Енді сен жақсыз сөйлемді қолданған тұста мұны біліп отыратын боласың, қызық емес пе? Сен қалай ойлайсың?

Біз баяндауыш қана негіз болатын сөйлемдер бар екенін айтып өткенбіз.

Жақсыз сөйлем – баяндауыштың бір өзі (бастауышсыз) сөйлем жасауға ұйытқы болатын жай сөйлемнің түрі.

Кейбір жай сөйлемдерде үш жақтың біріне тән грамматикалық бастауыш болмайтыны аңғарылады. Мысалы: *Баланы жаман үйретпеу керек. Сабаққа кешігуге болмайды.* Бұл сөйлемдерде *кім? не?* деген сұраққа жауап беретін бастауыштар жоқ. Яғни баяндауыш арқылы бастауышты таба алмаймыз. Мұндайда іс иесінің кім екендігін көрсету емес, іс-әрекеттің (істеуге я істелмеуге тиіс) жайын хабарлау сипаты басым болады.

Жақсыз сөйлем баяндауышының жасалу жолын мысал келтіре отырып қарастырайық.

Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдары	Мысалдар
Сөйлемнің баяндауышы құрамында атау тұлғалы сөзі бар <i>тұрақты тіркестерден</i> жасалғанда	<i>Менің зәрем ұшты. Оның есі шықты. Сол оқиғадан соң көңілі суып кетті.</i>
Баяндауыш етістіктің қалау райының <i>-қы, -кі, -ғы, -гі</i> жұрнақтарынан болады	<i>Менің тыңдағым келмеді. Оның қайта жазғысы келмеді.</i>
Қимыл атауына <i>барыс септік жалғауы</i> жалғанып, оған <i>бол, жара, кел, тиіс</i> сөздері тіркеседі	<i>Тұрмыста қолдануға жарайды. Теледидарды көруге болады. Барлық адам мұны білуге тиіс.</i>
Есімше мен <i>атау, барыс септік</i> тұлғасындағы <i>тұйық етістікке</i> (қимыл атауынан соң) <i>керек, жөн, мүмкін</i> бейтарап сөздері тіркесуі арқылы жасалады	<i>Біздің кездескеніміз жөн. Мерзімінен бұрын келуі мүмкін. Осыны ұмытпауың керек</i>
көсемшенің <i>-ыл, -іл, -п</i> жұрнақтарынан кейін етістіктің болымсыз тұлғасы келеді	<i>Жазғанынан ештеме ұғып болмайды. Сөзінен де ештеме түсініп болмайды.</i>

175-жаттығу. ▲ Жақты және жақсыз сөйлемдерді талдаңдар. 4-5 жақты сөйлемді жақсыз сөйлемге айналдырып, жасалу жолын түсіндіріңдер.

Үлгі:

Парламенттің жалпы отырысына үкімет басшысы қатысып отырды. Парламенттің жалпы отырысына үкімет басшысының қатысуы мүмкін.

1. Мюлгаузеннің дивизия командиріне хабарласқысы келді. Көк сукно жапқан столдың үстіндеп телефонға қолын соза түсті де, шоқ тигендей тартып алды. Бұрынғы командирі Ембі түбіндегі ұрыста қаза тапқан-ды. Жаңа келген кісімен көңілі жараспай жүр. Екеуі әлі кездескен жоқ... Ал, телефонмен сөйлескен сайын теке-тіреске кеп қала береді. (Ө.Нұрпейісов)

2. Ертеде бір шал мен кемпір болыпты. Олардың үш баласы, бес ешкісі бар екен. Бір күні үлкен баласы басқа жерден пайда кәсіп қылуға талап етіп, өзіне тиген ешкісін сойып алып, етінен кемпір мен шалға бір түйір де берместен, арқалап кетіпті. Келе жатып бір өнерші байдікіне кезігіпті. Бұл байға өнер үйренуге жалданыпты. Өнерші бай өте жауыз адам екен. («Тазша бала» ертегісінен)

176-жаттығу. ▲ Өлең жолдарын жай сөйлем түрінде қарастырып, талдаңдар. Ойларыңмен бөлісіңдер.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Істің болар қайыры
Бастасаңыз алдалап.
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап.

(Ы.Алтынсарин)

Шәкірт едім кеудем толы күш-жалын,
Алға тартқан арман жолын нұсқадың.
Кете бардым жүрегіңнен от алып,
Келді дағы бір өзіңе ұқсағым.

(А.Нәріков)

177-жаттығу. ■ «Сөйлемге негіз болған баяндауыштың хикаясы» тақырыбындағы Мөлдір Бауыржанқызы жазған оқиғаны аяқтаңдар.

Сөйлемге негіз болатын тұрлаулы мүшелер – бастауыш пен баяндауыш тату-тәтті өмір сүріп, сөйлемді бірге құрап, тіл әлеміне қызмет етіп келе жатқан. Бірде бастауыш алыс сапарға кетіп қалды. «Тез оралса болар еді, – деп ойлады баяндауыш, – сөйлемдер бастауышсыз қалай құралмақ?» Бірақ бастауыштың жуық арада оралар түрі жоқ. «Жоқ, маған әрекетсіз отыруға болмайды. Тығырықтан шығатын жолдың болмауы мүмкін емес. Менің жақсылап ойланғаным жөн болар?» – деп ойланып тұрған баяндауыш қатты қуанып кетті. Ол бастауыштың қатысуын күтпей-ақ сөйлем жасауға болатынын түсінді...

178-жаттығу. ▲ Жақсыз сөйлемнің жасалу жолдарына өз мысалдарыңды ойластырып, жазып шығыңдар.

1. Сөйлем құрамында бастауыш тұлғалы тұрақты тіркестер қолданылады.

2. Атау, барыс септіктегі қимыл атауынан соң *керек, жөн, мүмкін* бейтарап сөздері тіркеседі.

3. Көсемшенің *-ып, -іп, -п* жұрнақтарынан кейін етістіктің болымсыз тұлғасы келеді.

179-жаттығу. ▲ Қарамен берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдаңдар, жақсыз сөйлемнің қалай жасалып тұрғанын анықтаңдар.

Үлгі:

*Бізге – (кімге?) толықтауыш
мұны – (нені?) толықтауыш
ұстаздан – (кімнен?) толықтауыш
сұрауға тура келер – (не істеуге тура келер?) баяндауыш
Жақсыз сөйлем баяндауыш құрамындағы барыс септікті
тұйық етістіктен соң **тура, кел** көмекші сөздерінің тіркесуі арқылы жасалып тұр.*

Білу үшін неге таласпасқа?
Жақсыз, жақты сөйлем деп,
Неге атаған оларды?
Түрін түстеп, түгендеп,
Үздік Үміт сөз алды:
«Жақты сөйлемнің жағы бар,
Бастауыштай нары бар.
«Жақсыз қандай болар? – деп,
Самат сұрақ жолдайды.
Ең бастысы, зер салсаң,
Бастауышы болмайды.
Болмады деп бастауыш
Қайғыдан сөйлем солмайды.
Баяндауыш негіз боп,
Сөйлем жасауды жалғайды...»
Сабырсыз Самат күйінді:
«Түк түсініп болмайды!»
Олимпиада тарланы
Еркін тұрды орнынан.
«Өз мысалың бір дәлел,
Самат, назар сал бұған».
Талдап тұрып қара сен.

Бастауыш болар сөз жоқ қой...
Қалайша мұны ұқпасқа?
Сөз сұрады Жұмабек,
Міндет деп бәрін ұғар тек:
«Біріншіден, қатты шулауға болмайды.
Үміттен ғана сұрауға болмайды.
Бізге көбірек оқу керек.
Ұстаздың айтқанын ойға тоқу керек.
Үмітке кінә қойып болмайды.
Ол да өз білгенін толғайды.
Бізге мұны ұстаздан сұрауға тура келер?!»
Десті бәрі:
«Сенің айтқаның да жөн, ер!»
Ұстаз жымыды: «Онда қапыда қалмайық,
Самат, Еркін, Жұмабек айтқан
Пікірлердегі сөйлемдерді талдайық!»
(Н.Сматаев)

180-жаттығу. ▲ Көркем әдебиеттен жақсыз сөйлемдерге мысалдар келтіріп, баяндаушының жасалу жолына назар аударыңдар.

Жалаң сөйлем



Жалаң сөйлем жайында естіп пе едің? Біз енді осы тақырыпты бастағалы отырмыз. Әр нәрсемен жаңадан танысудың өзі ғанибет емес пе?

Жалаң сөйлем – тұрлаусыз мүше қатыспайтын жай сөйлем. Тұрлаулы мүшелерден, яғни бастауыш пен баяндауыштан ғана құралған сөйлем жалаң сөйлем деп аталады.

Мысалы: *Анам келді. Қар жауды.*

Жалаң сөйлемде баяндауыш есім сөзден де, етістіктен де болуы мүмкін. Мысалы: *Қарлығаш – дәрігер. Сыныптастар жиналды.*

Тұрлаулы мүшелер			
Сөз табы	Бастауыш	Баяндауыш	Сөз табы
Зат есім	<i>Әсел</i>	<i>биледі.</i>	Етістік
Заттанған сын есім	<i>Ақ Қара Үлкеніміз – Кішісі –</i>	<i>жеңеді. жеңілер. Ержан. сен.</i>	Етістік Зат есім Есімдік
Есімдік	<i>Сен</i>	<i>айттың.</i>	Етістік
Есімдік (жіктеу, сілтеу)	<i>Ол (мынау) –</i>	<i>қуаныш!</i>	Зат есім
Зат есім Есімдік	<i>Ел Бұлар</i>	<i>тоқ. тату.</i>	Сын есім
Зат есім	<i>Мақсат – Міндет –</i>	<i>біреу. үшеу.</i>	Сан есім

Ескерту

Жалаң сөйлем екі сөзден тұруы міндетті емес. Бастауыш пен баяндауыштың күрделі болып келуіне қарай жалаң сөйлем бірнеше сөзден құралуы да мүмкін. Мысалы: *Мағжан Жұмабаев – ақын* деген сөйлемде бастауыш екі сөзден құралса, *Ағам келе жатыр екен* деген сөйлемде баяндауыш үш сөзден құралған. Сондықтан жалаң сөйлемді анықтауда сөздердің санына емес, тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің қатысына көңіл бөлу керек.

181-жаттығу. ▲ Сыныптағы достарыңның қандай өнері бар екенін тек тұрлаулы мүшелерден тұратын сөйлемдермен жазып шығындар.

182-жаттығу. ▲ Мәтіннің мазмұнын қысқаша жазып шығындар. Жалаң сөйлемдерді көбірек пайдалануға тырысындар.

«Айқап» журналы

«Айқап» журналының алғашқы саны Троицк қаласында 1911 жылдың қаңтар айынан бастап шыға бастаған. Оның шығарушысы, редакторы – демократ ақын, жазушы М.Сералин еді. Ол журналды алғаш жұрттан қарызға ақша алып, пай жинап жүріп шығарады. Ақыры оның еңбегі ақталып, біраз уақыттан соң оған жәрдем берушілер табылды, көп ұзамай-ақ журнал өз қаржысымен шыға бастады. Солай бола тұра

қаржының тапшылығынан ол алғашқы жылы айына бір рет, шағын көлеммен жарық көрді.

Жәрдем берушілер көбейіп және өзі де қор жинаған соң, яғни 1912 жылдан бастап журнал айына екі реттен 12–24 бет көлемінде жарияланды.

«Айқап» әр материалдың мазмұны мен тақырыбына жете көңіл бөліп отырды. Бірінші бетіне елдің ішкі өмірінде болған жаңалықтар, ресми хабарлар, екінші, үшінші беттерінде «Ашық хат» деген айдармен оқырмандар хаттарын жариялаған. Жер, съезд, сайлау, т.б. мәселелер көтерген мақалалар журналдың ортаңғы беттерінде орналасқан. Ал «Хабарлар» айдарымен берілген материалдарды – көңіл айтулар, жаңа кітаптар туралы рецензияларды журналдың соңғы беттерінен оқуға болатын.

Журналдың «Ашық хат», «Басқармадан жауап» деп аталған тұрақты айдарларының болуы оның жұмысындағы ұқыптылықты, жүйелілікті танытады. Журналдың безендіру мәселесіне де ерекше көңіл бөлінген. «Айқап» өз кезі үшін үздік журнал болды. Оның әр санын жұрт асыға күтті.

«Айқап» және оның редакторы сол кездегі саяси-әлеуметтік мәселенің ең бастысы – жер мәселесі екенін жақсы түсінген. Осы мәселеге қатысты көптеген материалдар жарияланған. Елге отырықшылық өмірге көшу, ауыл, қала салу, егіншілікпен айналысу жөнінде пайдалы кеңестер беріп отырған.

*(«Көне басылымдар. Құнды деректер.
Аяулы есімдер» кітабынан)*

183-жаттығу. ▲ Мәтіндегі сөйлемдерді жалаң сөйлемдерге айналдырып жазыңдар.

Алғашқы жұлдыздар каталогын кім құрастырды? Оны осыдан екі мың жыл уақыт бұрын өмір сүрген Гиппарх есімді грек құрастырды. Ол түнгі аспанда жұлдыздардың өз орнын ауыстыратынын бірінші болып байқаған (бұл күн

мен түннің теңелу прецессиясы). Гиппарх жұлдыздардың жарықтық мөлшері мен орналасуын көрсете отырып, тізімін жасады. Гиппархтің астрономиялық жазбалары жоғалып кеткен, бірақ оның идеялары Птоломей сынды кейінгі астрономдар арқылы сақталған.

Ежелгі карталарда Аустралия неге жоқ? Өйткені 1600 жылға дейін Солтүстік жарты шарда оның бар екендігі жөнінде ешкім білмеген. Қытай және Индонезия теңізшілері Аустралияға жүзіп жеткен алғашқы бөтен ел адамдары болуы мүмкін, ал аборигендер ол жерде 40 мың жыл өмір сүрген. Аустралияны Еуропа теңіз жүзушілері Азияға баратын сапарда жолдан адасқан кезде кездейсоқ тауып алады. Мұхиттық аралдарды ашу Фердинанд және капитан Джеймс Кук сияқты теңіз жүзушілері Оңтүстік жарты шарға жүзіп жеткен кезден, яғни 1500 жылдардан басталды. Алайда сол уақытта аралдарда полинезиялықтар, меланезиялықтар және микронезиялықтар мекендеген, олар мұнда 1000 жыл бұрын Азиядан келген.

(«Сұрақ және жауап» энциклопедиясынан)

184-жаттығу. ▲ Берілген мысалдарға талдау жасап, қандай сөйлем мүшелері қатысып тұрғанын, жай сөйлемнің қай түрі екенін анықтаңдар.

1. Балалар, аманбысың, шырақтарым? (*Жамбыл*)
2. Ұйқыда ұят жоқ. 3. Атың барда жер таны. 4. Маған сабақтан кешігуге болмайды. 5. Көрінген таудың алыстығы жоқ. 6. Бізге осыны реттеу керек.

185-жаттығу. ■ «Ең үздік деп бағалаймын» тақырыбында қазақстандық спорт, өнер (суретші, музыкант, т.б.) майталмандары туралы шағын әңгіме жазып келіңдер.

Жайылма сөйлем



Жайылма сөйлемнің жалаң сөйлемге керісінше екенін сен түсіне қойған боларсың? Аты айтып тұрғандай жалаң сөйлемде жалаң тұрған бастауыш пен баяндауыштың енді өрісі кеңейіп, тұрлаусыз мүшелер араласып, сөйлем жайылып, кеңейе түседі. Сен төмендегі мысалдарға зер салып қара, не байқадың?

Мен келдім. Мен кештете жеттім. Мен кештете ауылға жеттім. Мен кештете ауылға көлікпен жеттім.

Тұрлаулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелер де қатысқан сөйлем **жайылма сөйлем** деп аталады.

Мысалы: *Атам ауылдан келді* деген сөйлемде тұрлаулы мүшелермен қатар (*атам келді*) тұрлаусыз мүше де (*ауылдан*) қатысып тұр. Жайылма сөйлемде тұрлаусыз мүшелер сөйлемдегі ойды нақтылап, айқындап тұрады. Жайылма сөйлем де, жалаң сөйлем де құрылысына қарай жақты я жақсыз бола береді.

Жайылма сөйлем құрамында көбіне пысықтауыштар қолданылуы мүмкін. Мысалы: *Мәди қатты жүгірді*. Пысықтауыштар көбінесе баяндауышты айқындап, нақтылап тұрады.

Сондай-ақ жайылма сөйлем құрамында анықтауыштар да қолданылады. Мысалы: *Қызыл, сары әдемі гүлдер жайқалып өсіп тұр*. Анықтауыштар бастауышты нақтылап тұратындықтан, бастауыштың алдынан келеді.

Жайылма сөйлемде толықтауыштар да жиі кездеседі: *Мен Айсұлумен сөйлестім. Сұхбатты оқып шықтым*.

Жалаң сөйлем	
<i>Ердос (кім?)</i>	<i>көрді (не істеді?)</i>
бастауыш	баяндауыш

Жайылма сөйлем				
<i>Қырағы</i>	<i>Ердос</i>	<i>ұшақты</i>	<i>анық</i>	<i>көрді</i>
анықтауыш	бастауыш	толықтауыш	пысықтауыш	баяндауыш

186-жаттығу. ▲ Мәтіндегі қарамен жазылған жай сөйлемдерді мағыналық түрлеріне ажыратыңдар және сөйлем мүшелеріне синтаксистік талдау жасаңдар.

Шілденің ыстық күні. Әжем екеуіміз Сүмбеге, нағашым үйіне жаяу келе жатырмыз. Даланың шаңдауыт қара жолы. **Жүргінші аз.** Бойы шағын әжем аяғын тыпың-тыпың тез басады. Мен енесіне ілескен құлын төріздімін, біресе о жағына, біресе бұ жағына шығамын. Зорға ілесіп келем.

Судың арғы өңірі ойпат, тоғайлы алқап. Одан әрі тау. **Таудың аппақ басы күн нұрымен шағылып көзді ұялтады.** Әжемнен ол аппақ не екенін сұраймын. «Қар», – дейді. Жаздыгүні де қар бола ма? «Болады», – дейді әжем. Қызық. Қалайша еріп кетпейді?

Таудан бері жазық сары дала. Дала төсінде жарқырап аққан өзен. Тау өзені. **Одан да әрі саржазықтың бетінде темір пештің қызуына ұқсаған жалындаған ғажайып бір толқын байқалады.** Жерден будақ-будақ шығып жатқандай болады. Мен қызықтап қарап, көз алмаймын.

– Әже, анау алыстағы будақ-будақ толқын немене? **Әжем оның сағым екенін айтады.**

– Сағым деген немене? Түтін бе?

Әжем күледі. Сағымның түтін емес екенін түсіндірген болады.

– Қасына барып, қолмен ұстауға бола ма?

– Ақымақ неме, сағым ол жел секілді. Желді қолмен қалай ұстамақсың?

Жауыннан соң кемпірқосақ пайда болады. Дөңнің ар жағында жап-жақын жерде тұрады. **Мен қанша рет оның қасына жақын бармақ болып жүгірдім.** Бірақ жете алған емеспін. Бір дөңнен ассам және бір дөңнің ар жағына секіріп шығып, алыстай беретін төрізді. Сағым да соған ұқсас болғаны ғой. Көруін ап-айқын көресің. Ал бірақ жақындап, қолмен ұстай алмайсың. Қызық. Бұған да менің ақылым жетпейді.

(Б.Соқпақбаев)

187-жаттығу. ▲ «Атадан жеткен асыл сөз» тақырыбында берілген сөздерді негізге алып, ойтолғау жазыңдар. Жайылма сөйлемдерге мысал келтіріңдер.

1. Орынды зіркілдеу – сабақ, орынсыз зіркілдеу – азап. Орынды зіркілдеу жастарды дұрыс жолға, орынсыз зіркілдеу бұрыс жолға салады. 2. Адал болмай азаматпын демегін. 3. Кез келген кітаптың басты мақсаты – ағарту. (*Б.Момышұлы*)

4. Үш сөзді ешқашан естен шығармаған жөн: олар – ұят, борыш, обал. (*Би-шешендер*)

5. Бай болсаң – халқыңа пайдаң тисін,

Батыр болсаң – жауыңа найзаң тисін. (*Әйтеке би*)

6. Ақыл көркі – тіл, тілдің көркі – сөз. (*Ж.Баласағұн*)

188-жаттығу. ▲ Берілген жалаң сөйлемдерді жайылма сөйлемге айналдырыңдар.

Ол ұйықтады. Қорқып тұрмын. Кітаптар аз. Аспанға көтерді. Күліп тұрды.

189-жаттығу. ▲ Мәтіннің мазмұнымен байланыстыра «Қызықты мәлімет» тақырыбында тарих, тіл пәндері мұғалімдерінің көмегімен тарихи тұлғалар туралы мәлімет жинақтап, ойталқы ұйымдастырыңдар.

Әмір Темір

Әмір Темір, Құтбұддин Темір Гүркап, Саһиб Қыран Ағзам Жанат Мәкан – қолбасшы, мемлекет қайраткері. Барлас тайпасының биі Тарағай бектің баласы. Ол 1336 жылдың тоғызыншы сәуірінде Түркістанның маңындағы Қожа-Илгар Кеште өмірге келген. Жас кезінде ол Түркістан



маңындағы бір шайқаста аяғынан жарақаттанған. Әмір Темір алғашында Қашқадария уәлаятының билеушісі (1361) болды. Осы кезден бастап Әмір Темір Моғолстан ханы Тоғылық Темірмен, оның ұлы Ілияс Қожа және Балх пен Самарқан әмірі Хұсайнмен билік үшін күрес жүргізіп, 1370 жылы Мауереннахрды өзінің қолына алады. Әмір Темір 1380–1390 жылдары Тоқтамыс хан мен Едіге әмірдің арасындағы алауыздықты шебер пайдалана отырып, Дешті Қыпшақ, Ақ Орда мен Моғолстанға оннан астам жойқын соғыс жорығын жасады. Әмір Темірдің Алтын Орданы талқандауы Ресейдің тәуелсіздік алуына оң жағдай жасады. 1390 жылдары Кавказ бен Ирак Әмір Темір мемлекетінің құрамына кірді. 1398 жылы Үндістан басып алынды. Сирия мен Лубнан (Палестина) мәмлүктері бағындырылды. 1402 жылы жазда Әмір Темір Анкара шайқасында түрік сұлтаны Иылдырым Баязидті (Баязид I) тұтқындады. Әмір Темірдің үздіксіз соғыстарының нәтижесінде алып империя – Темір мемлекеті құрылды. Оның жалпы аумағы 14 млн км²-ге жетті. Әмір Темір 1405 жылы Қытайға жорыққа шыққанда жолай ақпанның он сегізі күні Отырарда қайтыс болды. Сүйегі Самарқандағы Гүр-Әмір кесенесіне жерленген. Темір әулетінен ұлы ғалым Ұлықбек, Моғол империясын құрушы Бабыр сынды атақты адамдар шықты. Орталық Азиядағы бірқатар сәулетті ғимараттардың пайда болуы қалалардың өркендеуі, шөл даладағы жер суландыру құрылыстарының салынуы, қолөнер мен сауданың дамуы Әмір Темір есімімен тығыз байланысты. Әмір Темір қазақ жерінде мәңгілік өшпес ескерткіш – қасиетті Қожа Ахмет Йасауи кесенесін салып қалдырды. Сонымен қатар жаулап алынған елдердегі Әмір Темірдің шектен тыс қатыгездігі оны күрделі тарихи тұлға ретінде танытады.

(«Тарихи тұлғалар» жинағынан)

190-жаттығу. ■ Өз өлкелеріңнен шыққан танымал тұлғалар туралы шағын әңгіме жазыңдар.

Толымды және толымсыз сөйлемдер



Аты айтып тұрғандай толымды сөйлемге барлық сөйлем мүшелері қажетіне қарай толық қатысатынын білетін боларсың? Ал толымсыз аталуының себебін түсіндіріп бере аласың ба? Сәл қиналып қалдың ба? Онда біз көмекке келейік. Кестеге назар аудар, зерделі жас.

Ойға қатысты мүшелері түгел айтылған сөйлем – толымды сөйлем.

Толымды сөйлем	
Ойды толық жеткізуге қажетті сөйлем мүшелері түгел қатысады	Басқа сөйлемдерге тәуелді болмайды
<i>Мен (кім?) көлеңкедегі (қайдағы?) екеуді (кімді?) бірден (қалай?) тани алмадым (қайттім?).</i>	<i>Біз балалық бал дәуренді сағынышпен еске аламыз.</i>

Толымсыз сөйлем – айтылуға тиісті тұрлаулы я тұрлаусыз мүшелердің бірі түсіп қалған сөйлем.

Толымсыз сөйлем	
Өзара желілес сөйлемдер тобында сөйлем мүшелерінің қайталана бермей, түсіп қалуы байқалады.	Диалог жағдайында да тұрлаулы мүшелердің бірі немесе бірнешеуі түсіріліп айтылуы мүмкін.
<i>Бақыт ән сазына беріліп, елтіп қалған. Келгендерді байқамады. Сөйлемде ол, қасына деген сөздер түсіп қалған.</i>	<i>– Балам, қайда бет түзедің? – Қарағандыға. Мен, бара жатырмын деген сөздер түсіп қалған.</i>

191-жаттығу. ▲ Мәтіндегі 5-6 толымды сөйлемді көшіріп жазып, толымсыз сөйлемдерді өздерің ойдан құраңдар.

Үлгі:

Алакөл айдынын Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген реликт шағала қоныс етеді. Аулауға, атуға тыйым салынған.

Қазақстан жерінде сүтқоректілердің 180, құстың 500, бауырымен жорғалаушылардың 52, қосмекенділердің 12,

балықтың 104-ке жуық түрі бар. Орманды дала белдеуінде бұлан, елік, ақ қоян, сұр тышқан, су егеуқұйрығы, орман тышқаны, бұлдырық, ақ кекілік мекен етеді. Көл айдындарының көркі – аққу, қаз, үйрек, шағала, тарғақ, қасқалдақ. Еділ өзені жағалауынан Алтай тауы бөктеріне дейінгі астық тұқымдас шөп пен жусан, бетеге өскен далалық белдеуде суыр, дала алақоржыны, сүйірбас сұр тышқан, кәдімгі сұр тышқан, дала тышқаны, саршұнақ, ал құстан – дуадақ, безгелдек, жылқышы, сұңқар, бозторғай, қыранқара, дала құладыны кездеседі. Көктемнен күзге дейін бұл жерлерді сағыммен жарысқан ақбөкен үйірлері жайлайды. Қысқа қарай шөлді аймаққа ығысады.

...Солтүстік Балқаш маңындағы бірнеше жерде ғана тіршілік ететін бес башайлы ергежейлі қосаяқ – ерекше жануар. Оңтүстік Балқаш құмында осы араға ғана төн сексеуіл жорға торғайы, шөл дала жапалағы тіршілік етеді. Өзен-көл аңғарларындағы орман-тоғайлардан елік, жабайы шошқа, құм қояны, қырғауыл, тағы басқаларын кездестіруге болады. Балқаш, Сасықкөл, т.б. көлдердің жағалауындағы қалың қамыс арасында бірқазан, жалбағай, аққұтан, көкқұтан, қарақаз, шағала бар. Алакөл айдынын Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген реликт шағала қоныс еткен. Қылқан жапырақты Алтай ормандарында бұлан, марал, құдыр, сібір таутекесі, арқар, алтай көртышқаны, қоңыр аю, бұлғын, құну, күзен, барыс, тиін, борша тышқан, алтай суыры, құр, шіл, т.б. кездеседі.

(Энциклопедиядан)

192-жаттығу. ▲ Қарамен берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдаңдар.

Бабаларымыз төрт түлікке ерекше көңіл бөлген. Әрі ас-ауқаты, әрі киімі, әрі көлігі, қымызы – ем, әрі жегжат-жұратымен жасайтын алыс-берісінің көзі, байлығы болғандықтан, қазақ үшін төрт түлік мал аса қымбат дүние болғаны белгілі. Қайда болмасын, бірін-бірі

танысын-танымасын, кездесе қалған қазақ «мал-жан аман ба?» деп амандық-саулық сұрасқан. **Қазақтар малды тек пайдаланып қана қоймаған, олардың бабын тауып бағып-күтудің де жай-жапсарын, қасиетін, ерекшелігін жақсы білген, сынаған.**

Мал басы болып есептелетін малдарды қатты қадірлеген, басқа жанға бермеген. Мұны жаман ырым деп есептеген. Әрбір рудың өз малына салатын таңбасы болған. Оны олар малдың құлағына, мүйізіне, жамбасына салатын болған.

Еңбекқор қазақ халқы мал өнімдерін өте орынды пайдаланып отырған. Шаруашылықта қолданылатын заттар – жылқының жалынан, құйрығынан жасалатын арқан, сиыр мүйізінен жасалатын тарақ, қой жүнінен жасалатын киіз, текемет, тоқылған сырт киім, түйе жүнінен тоқылған шекпен, т.б. аса жоғары бағаланған.

(А.Мұсабекова)

193-жаттығу. ▲ Қарамен берілген сөйлемдердегі тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерді анықтап, жай сөйлемнің (жақты, жақсыз; жалаң, жайылма; толымды, толымсыз) қай түрі екенін атаңдар.

Қазақ халқының тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі – XIX ғасырдың бірінші жартысында болған көтеріліс еді. Көтерілістің негізгі себебі – патша өкіметінің отаршыл саясаты мен елдің жерінен айырылуы, алым-салық түрінің көбеюі. **Халық көтерілісін Исатай Тайманов басқарды.** Өзінің асқақ жырларымен Махамбет көтерілістің дем берушісі, құдіретті үні болды.

1837 жылдың қазан айында Исатай 2000 жауынгермен келіп, хан ордасын қоршап алды. Бірақ көтерілісшілерге қосылғанымен, ханнан қол үзгісі келмеген билердің ықпалымен Исатай орданы бірден басып алмай, хан мен орыс полковнигі Геккемен пайдасыз келіссөз жүргізіп, уақытты өткізіп алды. **Осы уақытта ханға көмекке жіберілген казак-орыс отрядтары ордаға жетіп үлгірді. Қараша айында Тастөбе деген жерде шешуші шайқас**

болды. Қанша ерлікпен шайқасқанымен, көтерілісшілер орыстың отты қаруына төтеп бере алмай, жеңіліске ұшырады. **Жазалаушылар көтерілісті аяусыз басты.** Тұтқындарға 500-ден 2000-ға дейін дүре соғып, Сібірге айдады. Исатай күші басым жау қолына төтеп бере алмай, Махамбет Өтемісұлы және басқа да сенімді 40 жолдасымен түн жамылып, қарулы тосқауылды бұзып, Жайықтан өтіп кетті. **Исатай Тайманұлы 1838 жылы шілденің он екісінде Ақбұлақ өзенінің бойында болған шайқаста қаза тапты.**

Махамбет 1846 жылы 42 жасында қаза табады. Ақынның зираты Атырау облысы Махамбет ауданындағы Қарой деген жерде. Қазір ол жер Махамбет ойы деп аталады. **Сол жердегі ауыл да Махамбет есімімен аталған.**

(«Парасат» журналынан)

194-жаттығу. ■ Өлең мәтінімен танысқан соң, «Сөйлем мүшелерін жақсы білеміз бе?» тақырыбында сөйлем мүшелеріне сипаттама бере отырып, пікір алмасындар.

Ана тілі сабағында

– Ана тілі тым оңай! –
Деп Күлдірген тыңдамай.
Терезеге қарады,
Теректерді санады.
Оны көріп мұғалім,
Қойды кенет сұрағын:
– Айтшы, тұрып сен енді,
Анықтауыш дегенді.
– Анықтауыш ... Әрине ...
Анықтайды бәрін де ...
Күбір сөзі ұзарып,
Күлдірген тұр қызарып.
Ана тілін білмесең,
«Аһ» ұрасың күнде сен.

(Ә.Табылды)

195-жаттығу. ▲ Диалог жағдайындағы толымсыз сөйлемдерді толықтырып айтып көріңдер. Толықтыра айту қажет деп ойлайсыңдар ма?

Майқанова бір-бірлеп, тізім бойынша оқушылармен таныса бастады. Кезек маған келді.

– Қадыров.

– Мен.

Майқанова тесірейе қарап тұрып қалды.

– Біз екеуіміз таныс шығармыз деймін?

Мен еріксіз жымыып күлдім.

– Мүмкін.

Мен сенімен әлі сөйлесемін дегендей Майқанова:

– Отыр, – деді зілді дауыспен.

Міне, осыдан кейін Майқанова маған қымс етсе, қаһарын тігіп тұратын болды. Қанша рет қыс бойы директордың алдына сүйреп алып барды. Ақыры жыл аяғында тәртібіме де «төрттік» баға қойып отыр.

Осының бәрі мені, әрине, ашуландырады.

Екі күннен кейін бір топ бала думандатып, пионер лагеріне жүріп кетті. Мен ішім күйіп ауылда қалдым. Түстен кейін бригадир келіп тұр есік алдына.

– Қара Қожа, үйдемісің? – деп дауыстады.

– Үйдемін.

Есік алдына шықтым.

– Киім-кешек, төсек-орындарыңды дайындап, әзірленіп тұр, – дейді бригадир, – шөп шабысқа барасың. Ауылдағы балалардың бәрі барады. Шөп жинайсыңдар.

(Б.Соқпақбаев)

196-жаттығу. ■ «Мереке күні» тақырыбында жұптаса диалог құрастырыңдар.

Атаулы сөйлем



«Бастауыш та баяндауышқа ұқсап, жеке тұрып сөйлем бола алады», – дейді Мөлдір. Ол өзінің «Сөйлемге негіз болған баяндауыштың хикаясы» әңгімесін осылай аяқтап, атаулы сөйлемді мысалға келтіріпті. Сен Мөлдірдің пікірімен келісесің бе?

Атаулы сөйлем – іс-оқиға жайын баяндамай, соған қатысты мекен, мезгіл, құбылысты атап көрсететін сөйлем.

Ойды білдірмей, соған байланысты жағдайды білдіреді	Көбіне зат есім, сын есімнен болады	Құрамы жағынан бір сөзден немесе сөз тіркестерінен де болады
<i>Кеш. Ауылдың маңы.</i>	<i>Орман. Қараңғы.</i>	<i>Күздің бастапқы айы.</i>

Жеке сөз не сөз тіркесі атаулы сөйлем болуы үшін олардың оқиғаға қатысы болуы керек. Оқиғаға кіріспе ретінде қолданылады. Атаулы сөйлем өз ішінде сөйлем мүшелеріне жіктелмейді.

Мағынасы жағынан мезгіл, мекен мәнді және заттық ұғымдағы атаулар болып келуі мүмкін. Мысалы: *Сәске тұс. Мұнара. Айдала. Ызғырық жел бар.*

197-жаттығу. ▲ Атаулы сөйлемнің қалай жасалып тұрғанын талдап, айтып беріңдер.

Әні, Исфиджаб!.. Таяқ тастам жерде ғана тиіп тұрған – көне Сайрам топырағы!.. Бұның кіндік қаны тамған, былдырлап тілі шыққан, сүріне-қабына жүгірген, сәби табанының ізі қалған ескі жұрт!.. Өз жұрты!..

«Исфиджаб! Исфиджаб!.. Кеудеме дамыл бермеген сағынышым менің!.. Аңсаған ақық арманым!..»

Дәл осы күні бойдағы бар сабырынан айырылған оқымысты Ахметті, қажы Ахметті тану еш мүмкін емес

еді. Ол деп-демде бала бейнесіне ауысыпты. Ауылына, туған топырағына еркелеп, асыр сала ойнап-күліп, аунап-қунап алғысы да бар ма!.. Көңілде еркелік, көмейде наз!..

Сөйтсе... Исфиджабтың қабағы қатулы екен. Қабағы ма?.. Мүмкін аспаны шығар!.. Түнеріп тұрған аспаны екен. Аспаны ма?.. Адамдары емес пе сыздана қалған!.. Адамдары-ау сол қату қабақтанған!.. Қабақтарына сірескен мұз орнай қалардай бұл не істеп қойыпты! Олары несі!..

(Ж.Әлмашұлы)

198-жаттығу. ▲ Қарамен берілген сөздер мен сөз тіркесін атаулы сөйлем ретінде қолдана отырып, қысқа әңгіме жазыңдар.

Жаз. Жайлау. Шұбала қонған киіз үйлер. Қанаттас бір ауылға апам мені жетелеп, қыдырыстап келген...

Ересектеу баланың бірі кенет иығымнан жұлқып қалды:

– Әне, сені тастап, шешең кетіп бара жатыр!

Ауылдың ортасын қақ жарып, тарам-тарам соқпақ жол өтеді. Сол жолмен түйеге мінгескен **екі әйел** соқтырып кетіп барады. Екеуі де кимешек киген. Артындағысы аумаған **менің шешем**. Мені **бөтен ауылда** қалдырып, жөнөп барады.

Мен шешемнен өлмей қалармын.

– Апа! Апа! – деп, артынан қуып бердім. Құлындағы дауысым құдайға жетіп, бақырып жүгіріп келем. **Аяулы шешемнің** маған бұрылып қарағысы да келмейді.

– Апа! Апа!

Бақырудан өңешім жыртыла жаздайды. **Жол шетіндегі үйлердің** адамдары бәрі маған қарап қалған. Тек шешем ғана қарамайды. Ұзын аяқтарымен тайрандай желген **жүрдек түйе** оңайлықпен жеткізбейді.

(Б.Соқпақбаев)

199-жаттығу. ■ Басталған ойтолғауды ары қарай жалғастырып, аяқтаңдар. Пән маманының көмегімен «Дала», «Мезгіл суреттері» тақырыбында суреттер салып, сыныпта көрме ұйымдастырыңдар.

Дала кілеміндегі өрнектер

Дала. Ерекше өрнектерден тұратын кілем десек еш қателеспеспіз. Ол әр жыл мезгілінде әр түсте көрініп ерекшеленіп тұрады. Қай мезгілде де өзінше өрнек, өзгеше суретімен әсерлі.



Күз. Сардала қоңыр, сары түспен өрілген өрмек тәрізді. Қысқа дайындалған жәндіктерінің тіршілігі тап бір қазір тоқылып жатқандай көрініс береді.

Қыс көрінісі. Қыста ақ қар жамылған дала бетінде небір ізді өрнектер өріледі. Қансонардың Абай атамыз сөзбен салған суретінен артық туынды бар ма?!

Жарқыраған жаз. Оның да өз артықшылығы бар. Ақ бұлттары қалқыған аспанмен астасқан көкжиек, көгілдір сағым ынтықтырып, алға жетелейді.

Ең тамаша сурет – тіршілік бастауы болар көктемде. Сонау Бейбарыс сұлтан сағынып өткен жұпар иісті жусан бой көтерген дала қызғалдақ, сарғалдақтарымен өріліп, қалы кілемдей көрінеді. Бұл – алыстан қарағандағы бастапқы әсер ғана. Ал егер жақын келіп үңілер болсаңыз, онда дала өсімдіктері – осы кілемнің өзгеше зерлі өрнектеріне айналатынын байқар едіңіз.

Дала картинасы...

(А.Асылханқызы)

200-жаттығу. ▲ Мәтіннен атаулы сөйлем жасауға болатын сөздер мен сөз тіркестерін көшіріп жазыңдар.

Үш шақырымдай жер онша қашық емес. Тоғайдың нобайы қарауытып тұр. Бір төбешікке шыға келгенде, Қуанғали мен Жақсығалиды көзім шалды. Олар әудем жерде алға ұмсына көз салып тұр екен. Мені байқап қалып, жұдырықтарын көрсетіп, кіжіне белгі берді. Дауыстары естілмеді. Жанұшыра жүгіріп, жандарына жеттім. Екеуінде де өң-түс жоқ. Үрей билеп алған. Басымнан бір-екі нұқыды да, алға қолдарымен нұсқағандай болды. Көз тоқтата қарасам, отыз-қырық метрдей-ақ жерде, бір түп саралжынның түбінде Сырттаным отыр шоқиып. Оның дәл қарсысындағы жапырақтары сарғая бастаған итсигектің түбінде үш қара қасқа қасқыр жүр айналсоқтап. Бір-бірінің оңына-солына, алдына-артына шығып, мықтап дегбірсізденуде өздері. Ал Сырттан болса жартастай міз бағар емес.

(А.Нәріков)

201-жаттығу. ▲ Мәтінді көшіріп жазып, жеке атаулы сөйлем болатын тіркестердің астын сызыңдар.

Қадір түні

Уыздай түн.
Сүт сәуле құйылады.
Қариялар тілейді,
Сыйынады...

Фәни-жалған қызығын бөле жарып,
Мұсылмандар қалмақшы
Шала жарып.
Қабыл болмақ көп тілеу,
Көп-көп тілеу..
Қадір түні ай жарық,
Дала жарық.

Сәлделі арық ағады дамылдамай,
Суаратын арық жоқ бағыңды ондай.
Жол – жайнамаз үстінде
Мен де қарт боп,
Күбірлеймін:
Бар тілек қабыл болғай!

(О.Сүлейменов)

202-жаттығу. ■ «Жақсы сөз – жарым ырыс» тақырыбында ойтолғау жазыңдар.

Тілтаным

Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі жай сөйлемдер

Көне түркі жазба ескерткіштерінде тек бастауыш пен баяндауыштан ғана құралған *жалаң* сөйлемдер де кездеседі. Мысалы: *Атачым өлді – Аташым өлді.*

Сондай-ақ тұрлаулыдан басқа тұрлаусыз мүшелері бар *жайылма* сөйлемдер де кездеседі: *Күлтегін қой йылқа йіті йегермекке учды – Күлтегін қой жылының он жетісінде қайтыс болды.*

Атаулы сөйлемде баяндауыш болмайды, ол тек жалғыз бастауыштан құралады. *Турк – Түркі. Будун – Халық. Тун – Түн.*

Ескерткіштерде тұрлаулы мүшелердің кейде біреуі, кейде екеуі де айтылмай, түсіп қалатын толымсыз сөйлемдер де ұшырайды.

Аңар көру білің – Әрі қарай көріп біліңдер.

Ескерткіштер тілінде жақты және жақсыз сөйлемдер де кездеседі. Мысалы: *Тутдым – Ұстадым. Көруг келті – Тыңшы (хабаршы) келді.*

Тіл білімінің тұлғалары

М.Балақаев
(1907–1995)

Мәулен Балақаев – қазақ тілінің грамматикасын жасаған негізгі авторлардың бірі. Қазақстан ҒА корреспондент мүшесі,

«Қазақ тілі» оқулықтарының авторы, мектепке арнап жазған «Қазақ тілі» грамматикасы үшін Білім министрлігінің сыйлығын алған. Ол – сөз тіркесін синтаксистің дербес саласы ретінде алғаш зерттеген ғалым. Қазақтың ұлттық терминологиясын қалыптастыруға, әліпбиі мен орфографиясын ғылыми жүйеге түсіруге үлес қосып, сөздіктер құрастыру мәселесімен айналысқан белгілі маман.



Ойтұжырым

Жай сөйлемнің түрлері бойынша өткен материалдарды жинақтап, жоба жасаңдар. Газет мәтіні мен «Қазақ әдебиеті» оқулығындағы бір жазушының шығармасындағы жай сөйлемдердің қолданылуын салыстырып, статистикалық талдау жасаңдар.

Үлгі

Жай сөйлемнің түрлері \ Дереккөздің атауы	«Ана тілі» газетінен «Мәңгілік Ел – ізгі мақсат» материалы бойынша	Қ.Ысқақ «Қоңыр күз еді»
жалаң	5	12
жайылма		
жақты		

Құрмалас сөйлем



Міне, біз енді жаңа бөлімді бастаймыз. Жай сөйлемдерді жақсы меңгерген болсаң, енді бірнеше жай сөйлемдерден тұратын құрмалас сөйлеммен таныс боласың. Құрмаласқан сөйлемдерде айтылатын ой да күрделене түседі. Жаңа бөлімді игеруге дайынсың ба, талапты дос? Онда жаңа шыңдарды бағындыруға бірге жұмылайық...

Төменде берілген сөйлемдерді салыстырыңдар. Қандай айырмашылық байқадыңдар?

Жай сөйлемдер	Құрмалас сөйлем
<i>Мереке қызған кезде жастар алтыбақан тепті. Ұлттық ойын түрлерін ойнады.</i>	<i>Мереке қызған кезде жастар алтыбақан тепті және ұлттық ойын түрлерін ойнады.</i>
Жай сөйлем бір ғана жалаң ойды білдіреді. Жеке сөздерден құралады. Жеке сөйлемге сай дауыс ырғағы да ықшам. Әр сөйлемнің аяқталғанына байланысты өзіндік айырымы бар дауыс ырғағымен айтылады.	Құрмалас сөйлем екі жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіріп тұр. Баяндауыштары тиянақты, бірінші сөйлем екінші сөйлеммен жалғаулық шылау арқылы байланысқан. Жеке сөйлемдер бір-бірімен құрмаласып тұрғандықтан, дауыс ырғағы әр сөйлемнің өз ыңғайына қарай ерекшелене, бірақ ұласпалы түрде айтылады.

Екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін сөйлемдерді **құрмалас сөйлем** дейміз.

Құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдердің салаласа, сабақтаса байланысуына орай құрмалас сөйлем түрлері үшке бөлінеді: **салалас құрмалас сөйлем, сабақтас құрмалас сөйлем және аралас құрмалас сөйлем.**

203-жаттығу. ▲ Жай және құрмалас сөйлемдерді топтастырып жазып, ерекшелігіне тоқталыңдар.

– Ана қара, қонып жатыр! – деп айқайлады Сұлтанмұрат. Үшеуі аттарынан түсе-түсе сап, соқаларын тастай-тастай тырналар қонып жатқан қырқаға қарай жүгіре жөнелді. Екі етек боп зымырап келеді бәрі. Тырнаның қандай екенін қасына барып көрмек! Шын тамаша сонда болады! Сұлтанмұраттың сондағы жүгіргені-ай! Тырналарға жетіп қалғанда Сұлтанмұрат олардан қауырсын жұлынып түссе, тауып ап Мырзагүлге апарып сыйласа, бұның жан дүниесіндегі бүгінгі ұлан-асыр қуанышты түгел айтып берер еді ғой. Әттең, дәл қазір

қолына тырнаның қауырсынын ұстап жетіп барар ма еді өзіне! Шіркін, ол көзіне бір көрінсе ғой...

Олар жүгіріп барады. Ал мылтықтың қарауылына қадалып алған қатыгез жанар алыстан оларды бірінен соң бірін тінте қарап тесіліп отыр. Тырналарға қарай тырағайлай шапқылап бара жатқан үш балаға қаны қатып-ақ қапты. Нысанадан тысқары кеңістік сондай ұлан-асыр да, ал нысанаға іліккен үш ноқат соншалықты кіп-кішкене... Олардың тас төбесіне төңкеріле құлап жатқан аспан сондай ұлан-ғайыр да, ал нысанаға іліккен үш ноқат соншалықты құрдым. Шүріппені басса болды, үш ноқат мұрттай ұшады... Шүріппеге бармағы батса болды, айналасы бір секундта-ақ көзге шыққан сүйелдей көлбеңдеген үш ноқат біржола құрыр еді.

(Ш.Айтматов)

204-жаттығу. ▲ Берілген жай сөйлемдерден құрмалас сөйлем құрап жазыңдар. Оқиға қалай аяқталады деп ойлайсыңдар?

Сыныпта он сегіз оқушы отыр. Соның біреуі де Азаттың қалай кіргенін байқамады. Барлығы мұғалім берген тапсырманы орындауға кірісіп кеткен. Тіпті саққұлақ Фарида да кітап беттерін парақтауда. Шамасы бір мәлімет іздеп жатыр-ау. Азат соңғы партаға отырды. Оқушылардың немен айналысып жатқаны туралы ойлады. Есіне «Менің атым – Қожа» фильміндегі Қожаның әрекеті түсті. Өз сыныбынан Жантасты іздей бастады. Жантас рөліне Әмірханды таңдап алған Азат резеңке құралмен атуға даярланды. Көздеп отырған ату құралын біреудің қолы сығымдай ұстады. Артынша құлағының түбінен:

– Кімді көздедің, құралайды көзге ататын мергенім? – деген үн естілді...

(М.Бауыржанқызы)

205-жаттығу. ▲ Кестеге мұқият назар аударып, ұстаздарыңмен бірге осы бағытта бірнеше мысалдар келтіре отырып, талдаңдар.

Бастапқы жай сөйлемдер	Құрмалас сөйлемге айналуы	Құрмаласу тәсілі
<i>Алуа төгілтіп шешен сөйлеген еді. Мадияр жаңа көргендей таңдана қарады.</i>	<i>Алуа төгілтіп шешен сөйлеген еді, Мадияр жаңа көргендей таңдана қарады.</i>	Баяндауыштары тиянақты. Шылаусыз, тең дәрежеде байланысып тұр.
<i>Қисынды айтылған жұйелі сөз жанына қатты әсер етті. Мадиярдың жүрегін тілмен жеткізгісіз бір күш биледі.</i>	<i>Қисынды айтылған жұйелі сөз жанына қатты әсер етіп, Мадиярдың жүрегін тілмен жеткізгісіз бір күш биледі.</i>	Қосымша арқылы байланысып, бірінші сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып, бағына құрмаласқан.
<i>Бабалардан қалған мұраны сақтайық. Ол – ұрпаққа аманат болатын асыл қазына.</i>	<i>Бабалардан қалған мұраны сақтайық, ол – ұрпаққа аманат болатын асыл қазына!</i>	Интонация арқылы байланысқан.

206-жаттығу. ▲ Өлең мазмұнын қара сөзбен, жай сөйлем жайлы бөлімін жай сөйлемдермен, құрмалас сөйлем жайлы бөлімдерін құрмалас сөйлемдермен жазып шығыңдар. Сөйлемнің қандай түрлері кездеседі?

Жай сөйлем

Жеке сөздерден құралып,
 Жеке пікірлерді білдіреді.
 Жеке ойда тиянақты ой менен
 Түрлі сезімдер бір жүреді:
 Бірі бұйырып, сұрап жатса,
 Бірі жайды хабарлайды.
 Өкіндіреді, болмаса таң-тамаша ғып күлдіреді.
 Ойды білдірудің тұрлаулы мүшелер –
 Бастауыш пен баяндауыш – шын тірегі.
 Кейде жалаң өздері тұрса,
 Кейде жайылып,
 Тұрлаусыз мүшелер де кірігеді.
 Толымды, толымсыз да болатын,
 Жеке сөз, сөз тіркесінен де тұратын,
 Жай сөйлемнің қасиетін,
 Сен білмегенде кім біледі?

Құрмалас сөйлем

Екі не бірнеше жай сөйлемнен құралып,
Күрделі ойды беретін.
Құрамындағы жай сөйлемдердің
Баяндауыштары тиянақты болып,
Дәрежелері де тең келетін.
Енді бірде сабақтасып,
Жай сөйлемнің бірі келесісіне
Бағына көнетін.
Түрлері бар сан алуан.
Белгілеріне қарап оңай-ақ,
Ажыратар зер салған.
Бір сөйлем екіншісімен
Жалғаулық шылаулар арқылы жалғанған,
Құрамындағы сөйлемдер
Дауыс ырғағымен ұласқан,
Әсері де әсем тыңдалған.
Мазмұнын танып, талғасаң,
Бағаңыз – «бестік» күнде алған!

(А.Асылханқызы)

207-жаттығу. ■ Екі топқа бөлініп, берілген салыстырмалы кесте бойынша мысал келтіре отырып, «Жай сөйлем мен құрмалас сөйлем, ерекшеліктері мен маңызы» тақырыбында пікір алмасу ұйымдастырып, қорытынды пікір жазыңдар.

Жай сөйлем		Құрмалас сөйлем
Айырмашылығы	Ұқсастығы	Айырмашылығы
1. Құрамы жағынан – жеке сөздерден құралатыны.	1. Екеуі де ойды (жалаң немесе күрделі) білдіреді.	1. Құрамы жағынан – жай сөйлемдерден құралатындығы.
2. Мағыналық өзгешелігі – жеке, дербес ойды білдіретіні.	2. Пікірді жарыққа шығаруға, түсінісуге қызмет етеді.	2. Мағыналық өзгешелігі – күрделі ойды білдіруінде.
3. Дауыс ырғағы тиянақты, аяқталған ойды білдіреді, бүтін болып есептеледі.	3. Айтылар ой дауыс ырғағымен беріледі.	3. Құрамындағы сөйлемдердің дауыс ырғағы тиянақсыз, аяқталған ойды білдіре алмайды, бүтіннің бір бөлшегі боп табылады.

Тілтаным

Құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер 3 түрлі әдіспен байланысады. Төменде берілген байланысу тәсілдеріне назар аударыңдар. Өз мысалдарыңды құрып көріңдер.

Байланысу тәсілдері	Мысалы
1. Интонация арқылы іргелесе байланысады	<i>Менің оны алғаш көруім есімде сақталып қалды: мен ойлағаннан өзгеше, орталау бойлы, жанарында байсалдылық қылаған, өзіне-өзі сенімді жан екен. Кездесу аяқталды, қатысқандар тамаша әсермен тарады.</i>
2. Жалғаулық шылаулар (септеулік) арқылы байланысады	<i>Құнанбай күзеуден ерте қайтып кеткен соң, өзге елдің бәрі де дағдыдан тыс күземді ерте алып көшіп еді. Арнайы баруды үнемі жоспарлаймын, бірақ еш реті келмей-ақ қойды.</i>
3. Алғашқы жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, келесі жай сөйлеммен ұласпалы түрде, құрмаласа байланысады	<i>Егер осы жұмысқа шындап кіріссе, онда екі-үш аптада нәтижесін көтерімізге күмәніңіз болмасын. Ащы дауыс бәріне анық естіліп, көздеріне үрей тұндырды.</i>

Құрмалас сөйлемнің түрлері



Зерделі жас! Сен жай сөйлемдерді ұластыра, ұштастыра отырып, құрмалас сөйлемдер күйінде жиі пайдаланғанмен, бірақ оның құрамындағы сөйлемдердің қалай байланысып тұратынына мән бермеген боларсың? Ғалымның төмендегі айтқан ойына назар аудар, ақылды жас.

«Жай оқиға, құбылыс туралы түсініктерге негізделген бірнеше жеке ойды ұластырып, ұштастыру адамның ойлау әрекетінің даму процесінде болатындығы сөзсіз». (Н.Сауранбаев)

Енді жай сөйлемдердің бір-бірімен қалай байланысқа түсетінін қарастырайық...

Ойды білдіру, пікірді жеткізудің қарапайым түрі жай сөйлемдер арқылы жүзеге асады. Бірақ саналы адамзат баласы өз ойын әдемі иірімдермен толық та күрделі етіп жеткізуге

ұмтылады. «Өнер алды – қызыл тіл» деп бағалаған қазақ халқына бұл тіпті де жаңалық емес. Шешен тілді даналарымыз кесімді билікті жай сөйлеммен ықшам түйіндеумен қатар, бір сөйлемде бірнеше ойды шебер өріп, тыңдаған жанға күрделі, бірақ әдемі ойды жеткізуде алдына жан салмаған.

Кез келген жай сөйлемдер бір-бірімен байланыса бермейді. Бір бүтін құрмалас болу үшін олардың мағыналық, тұлғалық және интонациялық (дауыс ырғағы) үйлесімділігі де болуы керек. Мысалы, төменде берілген жай сөйлемдерді құрмалас сөйлемге айналдыру мүмкіндігін қарастырып көрейік.

Бір-бірімен үйлеспейтін жай сөйлемдер	Бір-бірімен үйлесетін жай сөйлемдер
<i>Қыс ерте түсті. Үні алысқа кетті. Әділ жүгіре жөнелді ме?</i>	<i>Қыс ызғары қатты. Көктем лебі сезіледі. Жер бусана бастаған.</i>
Жай сөйлемдерде айтылған ойларда мағыналық байланыс, үйлесім жоқ. Бір күрделі ойдың құрамына жинақтауға келмейді.	Бұл мысалдағы жай сөйлемдерді байланыстырып, күрделі ой беруге әбден болады. <i>Қыс ызғары қатты, дегенмен көктем лебі сезіліп, жер бусана бастаған.</i>

Құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер салаласып та, сабақтасып та (кейде екі байланыс түрі араласып келіп те) байланысады.

Салаласа байланысу	Сабақтаса байланысу	Араласа байланысу
<i>Көктем шыға ауыл ерекше күйге бөленеді, бала-шағаға дейін шаруаның қамына кіріседі.</i>	<i>Көктем шыға ауыл ерекше күйге бөленіп, бала-шағаға дейін шаруаның қамына кіріседі.</i>	<i>Көктем шыға ауыл ерекше күйге бөленіп, бала-шағаға дейін шаруаның қамына кіріседі, кешегі жас бала кәдімгідей көмекшіге айналады.</i>
Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып келіп, бір-біріне тәуелсіз тең дәрежеде байланысатын түрі	Алдыңғы сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз болып, кейінгі сөйлемге бағына байланысатын түрі	Құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен салаласа да, сабақтаса да байланысатын түрі

Құрамындағы жай сөйлемдердің арасын байланыстырудағы амал-тәсілдердің негізінде құрмалас сөйлемдер үш түрге бөлінеді:

Салалас құрмалас	Сабақтас құрмалас	Аралас құрмалас
<i>Ауылы алыс емес екен, әңгімелесіп жылдам жеттік.</i>	<i>Әлденені іздеп, әбігерге түсті де қалды.</i>	<i>Бір топ адам келеді: көлік мінген топ сияқты көрінгенімен, топ ішінде жаяу жүргіншілер де бой көрсетеді.</i>
Жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты, тең дәрежеде байланысқан.	Алдыңғы сөйлем баяндауышы тиянақсыз, келесі сөйлемге ұласып, сабақтаса байланысқан.	Алғашқы жай сөйлем баяндауышы тиянақты, бірақ келесі сөйлем баяндауышы ұласпалы түрде соңғы сөйлемге бағына байланысқан.

208-жаттығу. ▲ Мәтіндегі құрмалас сөйлемдердің баяндауыштары қалай жасалып тұрғанын анықтаңдар.

Өмір үшін жанталастың соншалық шапшаңдықпен үшқын атып, сәт сайын жүз құбылған шағы... Өз үстіне соңғы рет түйіліп, тағы соға берген қазға оң аяғымен сарт етті. Мойнынан ұстай алып, қасындағы суға шолп еткізіп, шалқасынан келтіріп, тымақша ұрды. Шәке қуанғаннан «я, әруақ!» деп, даурыға бақырып жіберген еді. Енді бір сәт болса, астындағы сарала қаз құс аяғынан құтылғандай. Жон жүнін жұлдыра, көк құстың сол аяғынан сыпырылып барады екен...

...Екі сарала қазды екі ағасының қанжығасына байлап беріп, Шәке Оспан жанындағы қаздың басын кесіп алды... Әлі тулап, қаны қайнап отырған болат қанат қыранын азғантай қызылдатып алды да, сұр бедеуге қайта қарғып мінді... Құсы тағы бұның қолына етпетінен түскенде, бедеуін тебініп, қатты шабыспен ағыза жөнелді. Қаршығасын атының сауырына қарай, құлаш жазып кейіндетіп барып, үйректер ұша бергенде, тақау тұстан, құлаштай сермеп, лақтырып жіберді.

(М.Әуезов)

209-жаттығу. ▲ Берілген жай сөйлемдерді пайдалана отырып, салаласа және сабақтаса байланысқан құрмалас сөйлемдер құраңдар.

1. Бір шопанның ғана қыстауы екен. Шым қораның қабырғалары сөгіліп кеткен. Әр жерден-ақ үңірейген

тесіктер көрінеді. Әбден тозығы жеткен тымақтың төбесіндей шатырының да сау-тамтығы қалмапты. Іштегі қалың қи қабаттары екі-үш жылда ойылмағанға ұқсайды. Әріректе жас талдан олақ тоқылған тағы бір ашық қора бар екен. Ортада – шопанның төбесін шифермен жапқан аласа ғана үйі. (Қ.Найманбаев)

2. Желдібайдың алдына тобылғы торы атты біреу әкеліп кесе көлденең тарта берді. Атқа қоқилана мініп, Желдібай баяғы кенеп портфельді қолтыққа қысты. Қарсы соққан жел Желдібайдың құлақшынының құлағын делең-делең еткізді. Аттың тұяғы жұмсақ топырақты уыстап лақтырғандай бұрқыратты. Ә дегенше болмай торы аттың үсті термен ақ сабындай болып көпірді. (Б.Майлин)

210-жаттығу. ▲ Әдебиет оқулығынан салаласа байланысқан, сабақтаса байланысқан жай сөйлемдері бар құрмаластарды жеке-жеке топтастырып жазыңдар.

211-жаттығу. ▲ Құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің қалай құрмаласып тұрғанына назар аударып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жай сөйлемдерінің бастауыштары туралы өз пікірің қандай?
2. Баяндауыштары туралы не айтар едің?

1. Тағдырдың жазуы осы шығар, қайда жүрсем де ылғи бір жақсы адамдарға кездесіп отырдым. 2. Өзіміз бір ауылда жеті-сегіз үйміз, бес айға жиырма бес сом ақша береміз. 3. Мақсатымыз – жау тылында партизан отрядтарын ұйымдастыру, жеке дара жүрген шағын топтардың басын біріктіру, орталықпен байланыс жасау.

212-жаттығу. ■ «Поэзия тілі» тақырыбында өз мысалдарыңды келтіре отырып, пікірталас ұйымдастырыңдар.

<p><i>Меніңше, өлең мәтіні негізінен жай сөйлемнен тұрады. Тіпті атаулы сөйлемдер де бар.</i></p>	<p><i>Жоқ, көбіне құрмалас сөйлемдерден тұрады. Себебі айтылатын ой күрделі де тұтас болады.</i></p>
<p>Сылдырмақ Сылдырлап Бесікте тұрады. Бөпешім Былдырлап Сылдырмақ сұрады. Бас салып, Қолға алып Ауызға ұрады. Сол кезде Сылдырмақ Сөйлемей Қалады.</p> <p style="text-align: right;">(Ж.Смақов)</p>	<p>Өлең жазбасам, бірдеңем жоғалғандай, Мазам кетіп жүремін оңала алмай. Өлсіздік пен мәнсіздік, мазасыздық, Соңымнан бір ереді олар қалмай. Өзімді өзімді ұнатпай, құнсызданам, Көз алдыма келеді күнсіз далам. Қуат таппай ұшуға, қонуға да, Мұңаямын, өзімше құр сызданам.</p> <p style="text-align: right;">(Т.Молдағалиев)</p>

Салалас құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік



Зерделі жас! Қатар аққан екі өзенді көрген бе едің? Бірдей қатарласа ағып жатқан сала-сала өзендер кейде қосылып, кейде өз алдына жеке сала боп аға беретінін де білерсің. Салаластың да осы өзендер табиғатына ұқсайтын сипаты бар...

Біз салалас құрмалас сөйлем мен оның жасалу жолына, түрлеріне тоқталамыз. Сенің бар ынтаңмен зейін қойып, игеріп алатыныңа сенім білдіреміз.

Салалас құрмалас сөйлем – құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, өзара бір-бірімен тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі.

Салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-біріне тәуелді болып бағынбай, тең дәрежеде байланысып, баяндауыштары тиянақты болып келеді. Құрамындағы жай сөйлемдерді жеке-жеке қолдануға болады.

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер өзара бір-бірімен екі түрлі жолмен байланысады:

- 1) Дауыс ырғағы (интонация) арқылы мағыналарының жақындығына қарай іргелесе байланысады.
Айтпақ ойы екеу: бірі – Арманның ұсынысына даярлаған жауабы, екіншісі – көптен ойында жүрген інісінің жұмысына қатысты сауал.
- 2) Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен өзара жалғаулық шылаулар арқылы байланысады.

Жалғаулық шылаулар	Мысалдары
Ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар: <i>да, де, та, әрі, және, мен</i>	<i>Одан арғыны Игілік айтқан да жоқ, қасындағылары сұрай алған да жоқ.</i>
Қарсылық мәнді жалғаулық шылаулар: <i>бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де, сөйткенмен, ал</i>	<i>Біз ауылдан таңсәріден шықтық, бірақ жолдың нашарлығынан кеште тіп жеттік.</i>
Себеп-салдар мәнді жалғаулық шылаулар: <i>өйткені, себебі, сол себепті, сондықтан, неге десеңіз</i>	<i>Қарт оның не ойлап отырғанын сезген жоқ, сол себепті бұл екеуіне тіпті көз салған жоқ.</i>
Талғау мәнді жалғаулық шылаулар: <i>не, немесе, я, яки, не болмаса, я болмаса, әлде</i>	<i>Сен оны көшіріп жібер, я болмаса өзің көшесің.</i>
Кезектес мәнді жалғаулық шылаулар: <i>кейде, бірде, біресе</i>	<i>Үй иесі біресе маған жүгіреді, біресе қирап жатқан ыдыстарына жүгіреді.</i>

213-жаттығу. ▲ Берілген жай сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлемге айналдырып, қалай байланысып тұрғанын түсіндіріңдер.

Сынып жетекшісі бізді мектеп үйірмелері тізімімен таныстырды. Балалар ұнатқан үйірмелеріне жазылды. Мектепте спорт, би үйірмелерімен қатар, тіл үйірмесі де жұмыс істейді. Үйірме мүшелері қызықты шаралар ұйымдастырып отырады. Әрсен – тіл үйірмесінің белді мүшесі. Ол бастапқы кезде тіл үйірмесін тілшілер үйірмесі деп ұғыпты. Оған журналист мамандығы ұнайтын. Енді тіл

мәселесін зерттеп жүр. Биыл дарынды балалар байқауына қатыспақ.

214-жаттығу. ▲ Әдебиет оқулығынан салалас құрмалас сөйлемнің байланысу түрлеріне қарай мысалдар тауып, жазыңдар.

Құрамындағы жай сөйлемдердің дауыс ырғағы арқылы іргелесе байланысуы	Құрамындағы жай сөйлемдердің жалғаулық шылаулар арқылы байланысуы

215-жаттығу. ▲ Мәтінді көшіріп жазып, салаластардың қалай жасалып тұрғанын түсіндіріп беріңдер.

Қарқаралы – Сарыарқадағы ұзындығы қырық, ені жиырма бес шақырымдай жатаған тау, ең биігі – Жиренсақал аталатын 1338 метрлік шоқы. Атаудың шығу тегін



тау шоқыларының ұлтымыздағы қарқара деп аталатын әйел бас киімінің бітіміне ұқсастығынан деп те санайды. Алайда осы тауды мекендейтін қарқара атты құстың болуы және бас киімнің өзінің де сол құс бейнелілігі – қарқара құсқа қатысты айтылған ой деген пікірге жол береді, Бұланды, Құланды, Маралды, Арқарлы дегендей атау ретінде қолданылған деген ойды қуаттай түседі.

Қарқаралы қаласы 1824 жылы салынған, Қарқаралы уезіндегі Қарқаралы округінің орталығы болған, 1862 жылы 18 болысты біріктірген округ халқы 60 мыңға дейін жеткен. Орта Азия мен Қытайдан Сібірге, яғни Ресейге баратын керуен жолының үстінде орналасқан

қала сауда орны ретінде танымал, Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесі атауымен тарихта белгілі.

Бүгінгі күнде бұл қала бірқатар тарихи-мәдени ескерткіштерімен танымал. Солардың бірі – Қарқаралы мешіт-медресесі. Мешіт 1850–1851 жылдары Абайдың әкесі Құнанбай Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып тұрған кезінде салынған, соған орай Құнанбай мешіті аталып кеткен.

Бұл тарихи қалада Алаш көсемдері, ұлтымыздың ардақты тұлғалары Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхановтар болған.

(«Алаш ардағы» жинағынан)

216-жаттығу. ▲ Берілген жалғаулық шылауларды қолдана отырып, бірнеше салалас құрмалас сөйлем құрастырындар. Түрлерін анықтаңдар.

Мейлі, я, сол себепті, да, сөйткенмен, бірде, алайда, я болмаса, әрі, және.

217-жаттығу. ▲ Көшіріп жазып, салалас құрмаластардың жасалу жолын түсіндіріп беріңдер. Қарамен берілген сөйлемдерден қандай салалас құрмалас түрлерін жасауға болады?

Басында әке сәлемімен келсе де, мұның арты үп-үлкен шаруа жайы екенін онша бағалаған жоқ-ты... Құнанбай «Жетті, доғар» дегендей ишарат қылды да, Қарабасты тоқтады. Осының ертеңінде Құнанбай Абайды және жұмсады. Қасына тағы сол Қарабасты қосып, енді Сүйіндікке жіберді. Сүйіндік аулына Абайлар ел орынға отыра келді. Сүйіндіктің аппақ үлкен үйі жылы екен, іші тола тірелген жүк, буулы тең менен сандықтар. Оның ар жағы екі босағаға шейін текемет, алаша, түскиізбен қоршалыпты.

(М.Әуезов)

218-жаттығу. ▲ Берілген жай сөйлемдерден салалас құрмалас түрлерін жасап, жасалу жолын түсіндіріңдер.

Абай Құлыншақтың ренжіген жайын ұғады. Өз басы ренжітейін деп те ойлаған емес... Саптама мен тиін ішікті әлі тастамаған Абай бұл үйде тоңазитын емес. Биылғы көктемде алғашқы рет киіз үйге қонғалы отырғаны осы. Мұнда бір жеңіл салқындық, кең тыныс бар. Көктемдегі киіз үй Абайға әрқашан таңсық болатын...

(М.Әуезов)

219-жаттығу. ■ «Салалас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолы туралы не білдім?» тақырыбында еркін пікір жазыңдар.

220-жаттығу. ■ Салалас құрмалас сөйлемдерді қатыстыра отырып, «Бүгінгі сабақтағы тың ақпарат» тақырыбында шағын әңгіме жазыңдар.

Салалас құрмаластың түрлері



Енді салалас құрмалас сөйлем түрлерімен танысамыз. Сөйлем құрамындағы жай сөйлемдердің мағыналық қарым-қатынасына назар аудар, талапты дос!

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен өзара түрлі (оқиғаның бір бағытта, бір ыңғайда немесе қарама-қарсы мәнде, бірі екіншісін түсіндіріп, кейде себеп пен салдарды анық көрсетіп, т.т.) мағыналық қарым-қатынаста айтылады. Мағыналық қарым-қатынаста жұмсалуына қарай салалас құрмалас сөйлем алты түрге бөлінеді.

Салаластың мағыналық түрлері	Мысалы	Құрмаласу тәсілі
1. Ыңғайлас салалас	<i>Күн де батты, жол айрығына біз де жеттік. Құнанбай Ұлжан қасына отырды да, Мәкіш пен Абайдың жүзіне қарады.</i>	Жалғаулықсыз, бірінен соң бірі болып жатқан әрекет Жалғаулық арқылы

Салаластың мағыналық түрлері	Мысалы	Құрмаласу тәсілі
2. Қарсылықты салалас	<i>Мені жұмсаған жоқ, өзім кеттім. Балуан ортаға шықты, бірақ онымен белдесуге ешкімнің батылы жетпеді.</i>	Жалғаулықсыз Жалғаулықты
3. Түсіндірмелі салалас	<i>Биыл жұрттың бәрі үй соғуда: біреулер қызыл кірпіштен, біреулер балшықтан құйған кірпіштен тұрғызып жатыр. Қорыққаны сонша – орнынан тұра алмай қалды.</i>	Жалғаулықсыз, дауыс ырғағымен Сілтеу есімдігі (<i>сонша</i>) арқылы
4. Себепсалдар салалас	<i>Шалабай ұзақ жүре алмас, үкімет құрығы ұзын. Биыл шөп қалың шықты, өйткені жаңбыр көп жауды.</i>	Жалғаулықсыз, дауыс ырғағы арқылы Жалғаулықты
5. Талғаулы салалас	<i>Күндіз олар не өзіне жем іздейді, не өзінің басқаға жем болмауын көздейді.</i>	Жалғаулық шылау арқылы байланысқан
6. Кезектес салалас	<i>Нұрғали біресе Тәукеге қарап кіжіңдеді, біресе Аманға қарап ренжиді.</i>	Жалғаулық шылау арқылы байланысқан

221-жаттығу. ▲ Төмендегі сөйлемдерді талдап, жай сөйлем мен құрмалас сөйлемді салыстырыңдар.

1. Мейрамның Мұздыбайға соға кеткісі келді. (*Ғ.Мұстафин*) 2. Қамыстың үстіне топырақ себіледі, оған су сеуіп дымдайды. (*С.Мұқанов*). 3. Басқа орындарға жаңадан ағаш егіліпті. (*А.Макаренко*) 4. Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы, біреудің сөзі жақсы. (*Мақал*) 5. Аққасқаның бойы қасқырдан кіші емес. Өзінің барлық тұлғасында қасқырға ұқсайтын бітім бар. Дене жүні ақ сарылау келген де, маңдайы шаңқиған ақ шаңғыл қасқа болатын. (*М.Әуезов*)

222-жаттығу. ▲ Мәтіндерден салалас құрмалас сөйлемдерді теріп жазып, олардың қалай жасалғанына көңіл аударыңдар.

Әбдірахман мектепті бітіргенде дабысы жер жарды. Өте зерек болған ғой, учительдері де мақтаса керек. Дуандағы нәшәндік «тілмаш бол» деп өтінген екен, болмай елге келді. Нақ сол кезде болыстың песірі өліп, песірсіз тұр

еді. Әбдірахманға «песір бол» деп жабысты, оған да болмады. Жамантік болысындағы бір байдың школына барып, бала оқытты. Содан бері қыс сонда бала оқытып, жаз елде болады.

Сол жылы июньнің бас кезінде келіп еді. Содан бері Әбдірахманды көргенім осы. Өзілдесіп үйге кірдік. Төр алдында Қажыбай әңгімені көсілтіп отыр екен, бізді көрген соң жым болды. Үй ішімен Әбдірахман тегіс амандасты, Есімбек бай онша жақсы көрмеген адамның қалыбын істеді.

...Екінді әлетінде далаға шықсам, ауылдың сыртындағы белесте ішінде Қажыбай ақсақал бар, бірталай адам сөйлесіп отыр екен. Мен де келдім. Әңгіме Әбдірахман турасында екен, жақындап келгенімде-ақ «Әбдірахманның өзі шынымен бұзылған ғой» деген Қажыбай қарттың сартпылдаған даусы құлағымға сап ете қалды. Өзі сөзшең адам бірінен соң бірін тізбектетіп, не бар пәлені Әбдірахманның үстіне үйіп отыр.

Шалдың сөзін онша ықыласпен тыңдай қойған адам көрінбейді. Жастар бір бөлек өзілдесіп отыр екен, мен де соларға қосылдым. Бөріміздің ермегіміз Көрім болды.

(Б.Майлин)

223-жаттығу. ▲ Өздерің оқыған қызықты шығармадан төмендегі тапсырманы негізге алып, әрқайсысына үш мысал жазып шығындар.

1. Ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар қатысуымен;
2. Қарсылық мәнді жалғаулық шылаулар қатысуымен;
3. Себеп-салдар мәнді жалғаулық шылаулар қатысуымен;
4. Талғау мәнді жалғаулық шылаулар қатысуымен;
5. Кезектес мәнді жалғаулық шылаулар қатысуымен жасалған салалас құрмалас сөйлем.

224-жаттығу. ■ Салалас құрмалас сөйлемдерді қолдана отырып, «Досыма тілек арнаймын» тақырыбында шағын мақала жазындар.

Ыңғайлас салалас

Құрамындағы жай сөйлемдер білдіретін ой өзара мезгілдес, бағыттас, ыңғайлас мәндегі қарым-қатынаста айтылатын салаластың түрі – **Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем**.

Ыңғайлас салалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулықты да, жалғаулықсыз да байланыса береді.

Мысалдары	Мағынасы	Байланысуы
<i>Ол төмен түсіп еді, жол екіге бөлінді.</i>	Бірінен соң бірі іске асып жатқан жайттар	Дауыс ырғағы арқылы
<i>Қазір қара бие де қартайды, Қайыпжанның өзі де ел ағасы болды.</i>	Бір мезгілде біріне-бірі ұласқан әрекет	де шылауы арқылы
<i>Сіздің қолыңыз босай қоймас және босағанмен бұл жұмыс сізге ауыр тиер.</i>	Бір мезгілде орын алған ой-пікір	және шылауы арқылы
<i>Менде әрі құжат жоқ, әрі баратын үйдің мекен-жайы жоқ.</i>	Бір сәтте болып жатқан оқиға	әрі шылауы арқылы

Ыңғайлас салалас негізінен үтірмен ажыратылады. Үтір сөйлем мен сөйлемнің арасында, сөйлемді келесі сөйлеммен байланыстыратын жалғаулық шылаудан кейін не алдында келеді.

225-жаттығу. ▲ Салалас құрмалас сөйлемдерді көшіріп жазып, жай сөйлемдердің қалай байланысып тұрғанына тоқталыңдар.

Күн көкжиектен көтеріле бере екі жолаушы атқа қонды. Бірі – Алтайдың көнбіс сұңғыла шалы да, екіншісі – болайын деп бола алмай, толайын деп тола алмай тыраштанып жүрген Сарыарқаның боздағы. Екеуінің тірлігі екі басқа. Екі басқа болғанымен, мәмілелес. Екеуінің талап-талғамы, ой-арманы екі басқа. Екі басқа болғанымен, өзектес. Ол өзектестік – жалпы иісі қазақ баласына деген ұлы махаббат, ыстық ықылас. Жамандық атаулыны мансұқ ету, мынау тұрлауы жоқ пәниге адамның ең асыл қасиеті – адамгершіліктің ұрығын себу.

...Мынау қатыгез даланың қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт, бейқам жомарт таңы, неткен ғажап едің!

Өрелдің өріне келгенде, Махмұттың қылаң қарагері Шағиман шалдың тобылғы торысынан оқ бойы озып, сар желіп кетті.

(О.Бөкей)

226-жаттығу. ▲ Ыңғайлас салаластың жалғаулықты да, жалғаулықсыз да байланысатын түрлеріне бірнеше мысал тауып жазыңдар.

227-жаттығу. ▲ Кестеде көрсетілген бағдар негізінде берілген жай сөйлемдерді ыңғайластыра байланыстырыңдар.

Жалғаулықты	Жалғаулықсыз

Сыныпқа жаңа оқушы келді. Бізбен еркін араласып кетті. Дастанның жұмысқа ерекше қабілеті бар. Онымен бірге жұмыс істеу бөрімізге де қызықты. Есепке жүйрік көрінеді. Сөзге шешен екені де байқалып тұр. Ақын-жазушылар шығармашылығын жақсы көреді. Өмірі біздің жұмысымызға көңілі толмайтын Кенже ағай ризашылығын жасырмайды. Үздік жобасы үшін Түркияға жолдама алды. Аудандағы жас сәулетшілер сайысына да қатысып көрмек. Ол туралы тек жылы лебіздер айтылады. Біз де оны мақтан тұтамыз.

(Д.Асылханов)

228-жаттығу. ■ «Ыңғайлас сөйлемнің ерекшелігі неде?» тақырыбында пікір алмасыңдар. Қорытынды ойларыңды жазыңдар.

229-жаттығу. ▲ Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем бойынша сұрақ, тапсырма даярлап, топтарда алмасып, өз білімдеріңді сынаңдар.

230-жаттығу. ▲ Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді көшіріп жазыңдар. Байланысу төсілдерін анықтаңдар.

Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты, зарыға жүріп перзентті болыпты. Бай бір күні жылқысын суара көлге келеді, көлдің ішінде бір қып-қызыл өкпе жүзіп жүр екен. Байдың айдап келген жылқылары көлдегі жүзіп жүрген өкпеден үркіп, суға жуымайды. Өлгі жерде бай жылқыларын қанша айдаса да, суға жаба алмайды. Сол кезде бай судағы жүзіп жүрген өкпені құрықпен түртіп көреді. Өкпе суға батып кетіп, өлден уақыттан соң жалмауыз кемпір болып судан шығады да, байдың жағасынан ала кетеді. Байдың көзі алақандай болып, қорқып кетеді. Бай жалмауыз кемпірге:

– Ат басындай алтын берейін, қоя бер, – дейді.

Жалмауыз кемпір жібермейді.

– Осы жылқыларымның бәрін берейін, қоя бер, – дейді.

Кемпір көнбейді. Кемпірден сасып:

– Енді не берейін? – дейді бай.

Кемпір:

– Жалғыз балаңды бер, жіберейін, – дейді.

Бай жалғыз баласын бермек болады, кемпір байды қоя береді.

Кемпір байға:

– Балаңды қай жерде бересің? – дейді.

Сонда бай:

– Ертең көшемін, сонда баламның алтын сақасын жұртқа тастап кетейін, сен жұртта сол сақаның жанында отырасың, – дейді.

Сонымен бай жалмауыз кемпірге уәдесін береді де, жылқыларын айдап кетіп қалады. Ертеңінде көшеді, жалғыз баласының алтын сақасын ұмыттырып жұртқа тастап кетеді. Ауыл жаңа қонысқа көшіп барады. Бала асық ойнайын десе, сақасы жоқ, алтын сақасын жоқтап жылайды.

(«Алтын сақа» ертегісінен)

231-жаттығу. ▲ Мәтіндегі жай сөйлемдерден ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдер құрастырып жазып, жай сөйлемдердің қалай байланысып тұрғанын түсіндіріңдер.

Бөрітастаған – Шығыс Қазақстан облысы Ақсуат ауданының мидай жазық даласындағы алып жұмбақ тастың атауы. Айналасында төбе де, төбешік те жоқ, бұл тас бейне аспаннан құлаған метеорит сияқты. Аумағы он екі қанат киіз үйдің үлкендігіндей.

Бөрітастаған аталған бұл тастың пайда болуы туралы әртүрлі әпсаналар бар. Бір әпсанада қой бағып жүрген кемпір қолындағы ұршығын қойға тиген қасқырға лақтырыпты. Сол ұршық осы тасқа айналып кеткен екен. Ол заманның адамдары соншалық алып болған деп, көлемінің үлкен болу себебін де түсіндіріп өтеді.

Екінші әпсана бойынша, Бөрітастаған – аспаннан құлаған (метеорит) көк тас. Оны Көк Тәңірі өзі тастаған. Көк Тәңірінің балама атауы Көк бөрі. Сонда Бөрітастаған тауы – Көк Тәңірінің жерге тастағаны, яғни «сыйы». Басқаша айтсақ, «Тәңір тастаған» болып шығады. Түркі тектес халықтар өздерін көк бөріден тарағанбыз деп те есептейді. Бұл жағынан келгенде, бөрі – тотемдік аң.

(Ж.Әскербекқызы)

232-жаттығу. ■ Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлемдерді қатыстыра отырып, «Менің сыныптас достарым» тақырыбында шағын әңгіме жазыңдар.

Себеп-салдар салалас



Істеген әрекетіңнің себебін түсіндірген немесе түсіндіре алмаған кездерің болған шығар? Сонда саған көмекке келген, сенімен сыр бөліскен себеп-салдар құрмалас екенін білмеген де боларсың? Олай болса, себеп-салдар салаласпен де танысатын кез келді.

Құрамындағы жай сөйлемдердің бірі екіншісінде айтылған ойдың болу себебін білдіретін салаластың түрі – **себеп-салдар салалас құрмалас**.

Жай сөйлемдердің бірі себеп мәнді, екіншісі салдар мәнді болып, орындары ауысып та келе береді.

Себеп мәнді жай сөйлем	Жалғаулық	Салдар мәнді жай сөйлем
<i>Ержан қаламымды қиылып сұрап алды,</i>	<i>сондықтан</i>	<i>естігенімді қарындашпен түсіруге мәжбүр болдым.</i>
Салдар мәнді жай сөйлем	Жалғаулық	Себеп мәнді жай сөйлем
<i>Олар уәделі жерге кешігіп жетті,</i>	<i>өйткені</i>	<i>көлік таппай қатты қиналыпты.</i>

Себеп-салдар салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен жалғаулық шылаулар (*сондықтан, сол себепті, себебі, өйткені*) арқылы да, жалғаулықсыз, іргелес тұрып та байланысады.

Мысалы:

Бұл шаруа Керімге тапсырылды, ол жер жағдайын жақсы біледі. Бұл шаруа Керімге тапсырылды, себебі ол жер жағдайын жақсы біледі.

Орны ауысқан жай сөйлемдердің қайсысы бұрын тұрғанын тыныс белгілері мен шылауларына қарап айырамыз.

Салдар және себеп мәнді сөйлемдердің орны	Мысалдар
Себеп мәнді сөйлем салдар мәндіден бұрын тұрса, арасына үтір қойылады	<i>Көлік жүре алмайтын тар жол екен, біз амалсыздан ауылға жаяу тарттық.</i>
Салдар мәнді сөйлем себеп мәндіден бұрын айтылса, арасына қос нүкте қойылады	<i>Біз ауылға жаяу тарттық; көлік жүре алмайтын тар жол бізге басқа амал қалдырмады.</i>
<i>Сондықтан, сол себепті</i> деген шылаулар келген салалас сөйлемде себеп мәнді сөйлем салдар мәндіден бұрын орналасады	<i>Бізге алдын ала ескерткен, сондықтан уәдеде тұруымыз керек.</i>
<i>Себебі, неге десеңіз, өйткені</i> деген шылаулары бар салалас сөйлемде салдар мәнді жай сөйлем себеп мәнді жай сөйлемнен бұрын орналасады	<i>Бұл өтінішіңізді орындай алмаймыз, себебі сіз алдын ала ескертпедіңіз.</i>

233-жаттығу. ▲ Мәтіннің мазмұнына байланысты себеп-салдар салалас құрмаласқа 5 сөйлем құрастырындар.

Үлгі:

Табиғатынан қыдырмашы адам еді, сондықтан көрші-қолаң оны жақтыра қоймайтын.

Шешемнің замандасы еді. Біздің үйдің қыр жағында тұрады.

Ерінен ерте айырылған. Соғысқа кетіп, содан хабар-ошарсыз жым-жырт жоғалған. Тастай батып, судай сіңіп кеткен. Әйтеуір, ұлдары ересек, үлкені үйленген, одан үш-төрт немересі және бар. Ертеден қара кешке дейін есік көзінде басқышта, тулақтың үстінде ұршық иіріп отыратын Күлпәштің екі көзі біздің үйдің түтінінде.

Табиғатынан қыдырмашы адам болған соң, көрші-қолаң оны жақтыра қоймайтын. Бірақ сумақайлығы, ауыл үйді бір-біріне айдап салар айтақшыл өсек-аяңы жоқ әйел. Тек біреудің үйінде жаңалық болса естімей, алыстан ағайындары келіп жатса, барып есендеспей отыра алмас еді. Жіп иіретін ұршық – Күлпәштің жан жолдасы, түнде басына жастап ұйықтайды екен. Қашан көрсеңіз де, шынтағын шошайтып, созақтата жіп иіріп шаншылып отырғанын көресің.

Түтін шыққан үйді аңдып, ыстық тамағының үстіне дәл түсетін әдеті бары рас. Жұрт Күлпәштің осы мінезінен зәрезап болатын. Бағзы заман емес, қазіргі ағыл-тегіл тоқшылық уақытта, бала-шағаңның ортасында оңашаланып, аузыңа енді ала берген асыңа бір емес, екі емес ортақ бола берген адамды, атаң болса да, жақтырасың ба, тәйірі.

(О.Бөкей)

234-жаттығу. ▲ Келесі жұппен тақырыпқа байланысты өздерің құрастырған өзін-өзі тексеру тапсырмаларымен алмасындар.

235-жаттығу. ▲ Берілген кестені бағдарға алып, жалғаулықты немесе жалғаулықсыз дауыс ырғағы арқылы байланысқан салаласқа

екі-екіден өз ойларыңнан мысал келтіріңдер, тыныс белгілерінің қойылуына назар аударыңдар.

Себеп мәнді жай сөйлем	Жалғаулықсыз Жалғаулықты	Салдар мәнді жай сөйлем
Салдар мәнді жай сөйлем	Жалғаулықсыз Жалғаулықты	Себеп мәнді жай сөйлем

236-жаттығу. ■ Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем туралы айтып, төмендегі сөйлемдердің тиісті тыныс белгісін қойыңдар. Өз мысалдарыңды жазыңдар.

1. Ешкім үндемеді өйткені бұндағы кісілердің бәрі де қарт әйелдің даусын білетін. (*Ә.Нұрпейісов*)

2. – Әй, ол жеңер сені себебі келешек оныкі ғой!.. (*С.Мұқанов*)

237-жаттығу. ▲ Қарамен берілген сөйлемдерді бір сыңары етіп ала отырып, бірнеше себеп-салдар салалас сөйлем құрастырыңдар, олардың өзара қалай байланысып тұрғанын түсіндіріңдер.

Құдайберді мен Қамысбай бұл бұйрықты ести сала тебіне жөнелісті. Ұзын бойлы, қыпша бел жас жігіт Құдайберді мен кең жауырын Қамысбай ойға түсе бере, көштің алдын көлденеңдеп, жарысып барады.

Бұлар араласқан топтан бір-екі кісі дереу сытылып шығып, жалғыз төбеге қарай желе текіректтейді. Құнанбайдың күтіп тұрғанын көріп, өбектеп қамшыланып, асыға жүріседі. Құдайберді арғы шеткі көшке жеткенше, Құнанбай қасына жиырма-отыз аттылар жиылып қалды.

...Ұзаққа, ұшан-теңізге созылып жатқан қалың таудың биік жоталарын күн сәулесі бір сәтте алтынға малғандай қып рең берді. Таулар түндіктерін жаңа сыпырды. Аспанда қараторғайлар самғап шырылдайды. Көш жолынан қашып ұшқан болу керек, қаулап кетті.

(*М.Әуезов*)

238-жаттығу. ▲ Себеп-салдар салалас құрмаластың орны ауысуына өз жандарыңнан мысал құрастырыңдар.

239-жаттығу. ▲ Берілген сөйлемдерді толықтырыңдар.

..., сол себепті осы шешіммен келісті.
Анасы болған оқиғаны баяндап шықты,
Мен түнімен көз іле алмадым: ...
..., сондықтан біздің жол бағытын өзгертуімізге тура келді.

240-жаттығу. ■ Өлең мәтінімен танысқан соң, өздерің де осы бағытта өлең жазып көріңдер.

Біздің Жаңылбек,
«Шықпа жаным», – деп,
Уақытын жеткізе алмай жүреді.
Оның себебін бәрі біледі.
Ол үнемі бірінші болғысы келеді:
Сол себепті де...
Жорыққа бір топ жиналып жатса,
Сайысқа түспек боп бірдей киім алып жатса,
Алдымен тізімге Жаңылбек енеді.
Ол елдің бәріне «көмектескісі» кеп тұрады:
Бірдемені тауып алу керек болса,
Біреуге шауып бару керек болса...
Міндеттің бәрін өзіне алады,
Сол себепті онда қандай уақыт қалады?
Уақыты жетпей жүгіріп жүр ғой Жаңылбек,
Біз отырмыз: «Бере гөр оған сабыр!», – деп.
(А.Әзімшайық)

Қарсылықты салалас



Сен ешқашан қарсы пікір айтып көрмедің бе? Ешқашан қарсылық білдірмеу мүмкін емес қой? Дегенмен қарсы пікір айту дұрыс емес деп те есептейтіндер бар. Пікір айтқан адамды сыйлау керек, бірақ өзіңнің ойыңның дұрыс екенін дәлелдей алсаң, орынды қарсы пікір білдірген де жөн. Тек орынсыз болмасын! Ондай сәтте қарсылықты жалғаулықтарды да орнымен қолдана білу қажет екенін есіңде ұста.

Құрамындағы жай сөйлемдердің біріндегі ой мен оқиға, екінші сыңарындағы ой мен оқиғаға қарама-қарсы болып келетін салаластың түрі **қарсылықты салалас** деп аталады.

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемдер жалғаулықтар арқылы да, дауыс ырғағы арқылы іргелес тұрып та байланысады.

Жалғаулықсыз, дауыс ырғағы арқылы іргелес тұрып байланысуы	Жалғаулықты байланыс (<i>бірақ, алайда, дегенмен, әйтсе де, сонда да</i>)
<i>Біз сіресіп ыңғай бермеп-ақ едік, Әлендер қоғадай жапырылды.</i>	<i>Алыстан әлдекімдердің даусының жаңғырығы естілгендей болады, бірақ қай жақтан естілгенін шамалай алмаймын.</i>
Екі құрмалас сөйлемнің де алдыңғы сыңарларындағы ойға келесі сыңарлары қарсы мағынада берілген.	

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем құрамындағы баяндауыштар антоним сөздерден немесе болымды, болымсыз формадағы сөздерден жасалады.

Мақал-мәтел, даналық сөздер	Құрмалас сөйлемдер
Жаман іс дүниені кемітеді, Жақсы іс дүниені кеңітеді.	Сөрсен оны анық көрді, бірақ Жетес байқамады.
Жақсы – елдің басын қосады, Жаман – жығылатын жерді тосады.	Жаманның сөзін сөйлеме, адамның сөзін сөйле, алтыным!
Тігетін жерге туынды тұғырла, Қолың жетпейтіңге қылышыңды суырма.	Жақсы істе от боп жан, жаман іс қылып өртенбе.

Қарсылықты салаластың жалғаулық шылаулар қатысқан түрінде қолданылатын тыныс белгісі – үтір, жалғаулық түсіріліп

айтылған жағдайда алдыңғы сөйлемнен кейін, үтірден соң жалғаулық орнына сызықша қойылады.

Мысалы:

Жоспарланған шара уақытында өтті, бірақ (алайда, дегенмен, әйтсе де) күткен нәтижеге қол жеткізе алмадық. Жоспарланған шара уақытында өтті, – күткен нәтижеге қол жеткізе алмадық.

241-жаттығу. ▲ Берілген мақал-мәтелдерді көшіріп жазып, мағынасын талдап қараңдар.

Жақсы байқап сөйлер,
Жаман шайқап сөйлер.
Атадан жақсы ұл туса,
Елінің қамын жейді;
Атадан жаман ұл туса,
Елінің малын жейді.

Жақсы жігіт сапардан
Елін аңсап қайтады,
Алдына мал сап қайтады.
Жаман жігіт сапардан
Пістесін шағып қайтады,
Қалтасын қағып қайтады...

242-жаттығу. ▲ Қарсылықты салалас құрмалас туралы сұрақтар даярлап, өзара алмасып, жазбаша жауап беріңдер.

243-жаттығу. ▲ Ертегі мәтіндегі гүлдердің жауаптарын қарсылықты салалас құрмалас сөйлем түрінде құрып жазыңдар.

Күн шуақты алаңқайда апалы-сіңлілі үш көбелек тату-төтті өмір сүріпті. Олардың біреуі – ақ, екіншісі – қызыл, үшіншісі – сап-сары екен.

Көбелектер гүлден-гүлге қуана ұшып-қонып, өмірлерін көңілді өткізіпті.

Бірде тасыр-тұсыр жаңбыр жауып кетеді. Көбелектердің қанаттары дымқылданып, қайда тығыларын білмей дал болады. Ал себелеп жауған жаңбыр тоқтар емес!

Малмандай су болған көбелектер лалагүлге келіп:

– Лалагүл, лалагүл! Бізді жаңбырдан тасалашы! – деп өтінеді. Лалагүл:

– Жарайды, ақ көбелектің түсі маған ұқсайды екен. Мені саяласын! Ал...

Мұны естіген ақ көбелек:

– Алайда мен әпкелерім су болып жүргенде, жалғыз өзім сенің саяңда қалай жайбарақат отырамын. Оларды да тасаңа тыға алмасаң, онда мен де отырмай-ақ қояйын... – деп ұшып кетеді.

Үшеуі ұшып келеді, ұшып келеді. Жаңбырдың қоятын түрі жоқ! Қараса, үлкен қызыл қызғалдақ өсіп тұр екен.

– Қызғалдақ, қызғалдақ! Мүмкін болса, жаңбыр саябырлағанша біз сенің ығыңа тығыла тұрсақ бола ма?

– Қызыл көбелек маған ұқсайды. Соны алайын қалқама. Ал...

Бұған ренжіген қызыл көбелек:

– Сен менің әпкелерімді қабылдағың келмесе, маған да көмектеспей-ақ қой! Тоңсақ, бірге тоңайық! – деп ұшып кетеді.

Қызыл көбелек қараса, алдарында үлкен сарғалдақ өсіп тұр. Олар гүл жанына ұшып келіп:

– О, тамаша сарғалдақ! Жаңбыр тоқтағанша сені ықтай тұрайықшы?! – деп өтініш жасайды.

– Жарайды! Мен өзім түстес сары көбелекті жаңбырдан қорғай тұрайын. Ал...

– Жо-жоқ! Сен менің әпкелеріме көмек бере алмасаң, мен де сені паналамаймын! Одан да су болғаным артық! – деп жауап қайырып, ұшып кетеді.

Көбелектердің бұл сөздерін бұлттың ар жағында тығылып тұрған күн естіп қалады. Күн көбелектердің өзара татулығына, ауызбірлігіне қуанады. Оларға көмектесуді ұйғарады...

(«Ертегілер әлемі»)

244-жаттығу. ■ Екі топқа бөлініп, «Арман мен мақсат – синонимдес ұғымдар ма?» тақырыбында пікір алмасып, алдыңғы топ айтқан пікірлерге қарсы мәнді салалас құрмалас сөйлемдер жазындар.

245-жаттығу. ▲ Мәтінді оқып, топтарға бөлініп, жұмыс істендер. Бір топ динозаврлар туралы көрген кино, мультфильмдер туралы пікірлерін ортаға салады, екінші топ әңгімелерін тыңдап, олардың сөздеріндегі салалас құрмалас сөйлемдерді анықтайды.

Тарихи кезеңге дейінгі жануарлар. Динозаврлар 160 миллионға жуық жылдар бойы (225 миллион жыл бұрынғы кезге дейін) Жер бетіндегі ең басым жануарлар болды. Алып динозаврлар жануарлардың барлық кезеңдегі ең ірілері болды және олар көлемі жағынан пілдерден біраз асып түсетін. Ерте кездегі ұшатын бауырымен жорғалаушылар (рептилиялар) аспанға көтерілетін ең үлкен жануарлар болды. Жер үсті алыптарынан өзге мұхитта да құбыжық (монстр) жорғалаушылар өмір сүрді.

Динозаврлар неге құрып біткен? Динозаврлардың құрып кеткені жайлы айтылғандарға назар аударсақ, ол Жерге астероид, метеорит немесе кометаның соғылуы салдарынан болған деген пайымдау шындыққа жанасады. Жер тарихында жануарлардың өлуінің өзге де жағдайлары бар, бірақ осыдан 65 миллион жыл бұрын динозаврлардың жойылуы апаттық жағдайдан болды. Соқтығысу салдарынан ауаға көтерілген тозаң бұлттар климатты өзгертті: өсімдіктер құрыды, жұмыртқалар басып шығарылмады, ал ересектері аштық пен суықтан қырылып қалды.

(«Сұрақ және жауап» энциклопедиясынан)

246-жаттығу. ▲ Төмендегі тұрақты тіркестерді пайдалана отырып, қарсылықты салалас сөйлемдер құраңдар. Жасалу жолын түсіндіріңдер.

Балдан тәтті, қағаздай кірсіз, сыбызғыдай жіңішке, удай ащы, қазанның күйесіндей.

247-жаттығу. ▲ Көркем әдебиет үлгілерінен бірнеше қарсылықты салалас сөйлемдер тауып, жазыңдар.

248-жаттығу. ■ «Қарсы пікір айтайын...» тақырыбында өлең мәтініндегі сөйлемдерге кері мағыналы боп келетін қарсылықты салалас құрмалас құраңдар.

Қиындыққа қарсы тұрар батырмын,
Талай түндер көз ілмей таң атырдым.

Өтірігі жоқ менің әр сөзімнің,
Ғарышқа да ұшатын мен өзіммін!

Бақыт деген құс дейді, ой, тәйірі,
Қолыма әкеп қондырам мен қайырып...
Басшы болдым үлгілі сан істерге,
Бірақ менен өзге соны істер ме?

(Ә.Қарақожаева)

Түсіндірмелі салалас



Қарсылықтан соң түсіндіруді қажет ететін өмірдегі кейбір жағдайлар болады емес пе? Сондай реттілік сақталған сияқты. Енді түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемнің сипатына тоқталамыз, ынта қой, алғыр дос!

Құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысына нұсқап (түсіндіруді талап етіп), кейінгісі алдыңғы сыңарының мазмұнын ашып, талдап, түсіндіріп тұратын салаластың түрі **түсіндірмелі салалас** құрмалас деп аталады.

Жай сөйлемдері жалғаулық шылаусыз іргелесе байланысады

Бірінші жай сөйлемде көбіне сілтеу мәнді сөздер мен сілтеу есімдіктері (сондай, сонша, сол, мынаны, мынау, соншалық) келеді.

<i>Балалар ол ұяға барудың да әдісін табады: сирағын қияққа тілдірмеу үшін олар аяғына жас қогажайдан етік өріп алады.</i>	<i>Менің де ойлап жүргенім сол – енді біз татуласайық.</i>
<i>Сөйлемдердің аражігіне қос нүкте немесе сызықша (көбіне сондай, сонша, соншалық баяндауыштарынан кейін) қойылады.</i>	

249-жаттығу. ▲ Нақыл сөздердің мағынасын талдап, түсіндіруді қажет етіп тұрған жай сөйлемдердің мазмұны қалай ашылғанын түсіндіріп беріңдер.

Кәрінің үш түрі болады: біріншісі – қадірлі қария, екіншісі – қазымыр кәрі, үшіншісі – қадірі жоқ қыдырма шал.

(С.Датұлы)

Төрт нәрседе үміт бар: жас – өсемін деп үмітті, жалғыз – көбейемін деп үмітті, жарлы – байимын деп үмітті, ауру – жазыламын деп үмітті.

(Жиренше шешен)

Дүниеде адам баласының ұлы қасиеті екеу-ақ: ой ұлылығы, сұлулық ұлылығы. Көркем айтылған ой ұлы, ойландыра алған сұлулық ұлы.

(Ғ.Мүсірепов)

Жігіттің үш жұрты болады: өз жұрты – күншіл, қайын жұрты – міншіл, нағашы жұрты – сыншыл.

(Би-шешендер)

Жігіт сыны: бір жігіт бар – құр жан, бір жігіт бар – тірі жан, бір жігіт бар – жігіт жан. Құр жан дейтін жігіт – кеудесінде жаны бар, еш нәрсені бітірмейді. Тірі жан дейтін – бар тапқанын киім мен асқа салар, қызыл белбеу, шоңқима етік, үкі тағып, әркімді бір сықақ қылар. Жігіт жан дейтін жігіт – сегіз қырлы, бір сырлы болар.

(Шал Құлекеұлы)

250-жаттығу. ▲ Әдеби шығармалардан түсіндірмелі салаластың түрлеріне мысалдар тауып жазып, тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

251-жаттығу. ▲ «Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем нақтылыққа үйретеді ме?» деген тақырыпта көршілеріңмен пікірлесіп, еркін пікір жазыңдар.

252-жаттығу. ■ «Түсіндірмелі салалас сөйлемдерді қашан және қалай пайдаланамыз?» деген тақырыпта өз пікірлеріңді ортаға салып, мысалдар келтіріңдер. Тыныс белгілерін кеңесе отырып қойып, өздеріңе ұнаған сөйлемдерді дәптерлеріңе жазып алыңдар.

253-жаттығу. ▲ Төмендегі кесте негізінде 6 мысал жазыңдар.

Жай сөйлемдері жалғаулық шылаусыз іргелесе байланысқан түрі	Бірінші жай сөйлемде сілтеу мәнді сөздер мен сілтеу есімдіктері (<i>сондай, сонша, сол, мынаны, мынау, соншалық</i>) келген түрі.

254-жаттығу. ▲ Тыныс белгілерін қойып, екінші сыңарын толықтырыңдар.

Үйде үш адам отыр екен ...
Оны сыйлайтыным сонша ...
Менің ойымды жаулаған ой осы ...
Біздің бәрімізде бір арман бар ...
Екеуі күзетшінің тілін тапты ...

255-жаттығу. ▲ Түсіндірмелі салаластың басқа салаластың түрлерінен айырмашылығын талқылап, өз мысалдарыңмен дәлелдеңдер.

256-жаттығу. ■ «Ұлттық қолөнер туындылары» тақырыбында шығарма жазыңдар.

Зейін қойып қарасаң, бірінші сөйлемді түсіндіріп тұрған сөйлем өз сырын сенен бұгіп қалмайды. Жаттығулармен жұмыс барысында жақсы түсініп, меңгеруге бар күшіңді сал, жігерлі жас!

Талғаулы салалас



Өмірде өзіңе қажет нәрселерді таңдап, талғап алатының сияқты, талғаулы салаластар да талғам, таңдау немесе қажетті пікірді тану қажеттілігіне назарыңды аудартады. Зерделі жаннан талғамын, сырын жасырмайтын салалас – талғаулы салалас. Сырын түсініп, меңгеруге ұмтылайық, қайсар дос!

Құрамындағы жай сөйлемдерде тәуелсіз, дербес әрекеттер баяндалып, тек біреуіндегі ғана іс-әрекет, қимылдың жүзеге асатындығына болжам жасауды білдіретін салаластың түрі **талғаулы салалас құрмалас** сөйлем деп аталады.

Талғаулы салалас құрмалас	Мағынасы	Байланысу тәсілі
Сөйлем сыңарларындағы іс не оқиғаның біреуі ғана жүзеге асады.	Мазмұнында дүдәмалдылық, күмөндану, сенер-сенбестік тұрады.	Жалғаулықтар (<i>не, немесе, болмаса, не болмаса, я болмаса, я, яки, әйтпесе, әлде, әйтпесе</i>) арқылы ғана байланысады.
<i>Сені не әкең келіп алып кетер, не нағашың жеткізіп салар.</i>	<i>Ауыл мектебінде оқырсың, я болмаса әкең аудан орталығындағы мектепке орналастырар.</i>	<i>Санжар я жайлауға барарын білмеді, я ауылға қайтудың есебін таппады.</i>
Талғаулы салалас құрмалас сөйлем сыңарларының арасына үтір қойылады. Егер екі жай сөйлем арасында <i>не, немесе</i> шылаулары бір рет қана келсе, онда үтір қойылмайды. Мысалы: <i>Бұл істің шындығын көзімен көрген айтар немесе құлағымен естіген айтар.</i>		

257-жаттығу. ▲ Өлең мәтіндерінің бәрі талғаулы салаласқа мысал деп айта аламыз ба? Өз пікірлеріңді дәлелдеп көріңдер.

Демеймін жұрт мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын.
Сүйтсе де мұндай сыншыдан
Құдайым бізді сақтасын.

*(И.А.Крылов,
Абай аудармасы)*

Дүние – жемтік, мен – төбет,
Соны бақпай, не бақтым?
Ырылдасып әркіммен,
Не қапқыздым, не қаптым.

(Дулат жырау)

258-жаттығу. ▲ Мәтінді оқып шыққан соң, мазмұнына байланысты талғаулы салалас құрмалас сөйлемдер құраңдар.

Қорқыттың күйі «Башпай»

Аңыз бойынша, «Башпай» Қорқыттың өмірінің соңында шығарған ақырғы күйі екен. Қорқыт кілемін төсеп дарияның бетінде отырғанда қарындасы Ақтамақ ағасына тамақ әкеліп беріп тұрған екен. Күндіз-түні күй тартып, өліммен алысып әбден шаршаған күйші бірде қарындасының әкелген тамағын ішкеннен кейін бойы маужырап, көзі ілініп кетеді. Тамақ салынған дорбамен қайрақ жылан болып ілесіп келген ажал қобыздың үні шықпай тұрған кезде күйшіні шағып алады. Жыланның уы бойына жайылып, әлсіреп бара жатқан Қорқыттан Әзірейіл: «Қандай тілегің бар?» – деп сұрайды. Сонда Қорқыт: «Менің өмірде екі күнәм бар. Біріншісі – өлімнен қырық бір жыл бойы қашқаным. Кілем жайып, Сырдың бетінде отырғанда бірде алай-түлей дауыл тұрған еді. Сол кезде қарындасыма башпайым тиіп кеткен болатын, екінші күнәм – сол. Сол себепті мені көмгенде осы екі башпайымды ашық қалдырыңдар», – деп қобызын қолына алып, ең соңғы «Башпай» күйін тартқан екен.

(«Күйлердің шығу тарихы туралы аңыз-әңгімелер»)

259-жаттығу. ▲ Көркем әдебиет үлгілерінен он мысал тауып жазып, талдап түсіндіріңдер.

260-жаттығу. ■ «Талғаулы сөйлемдер сипаты...» тақырыбында мысал келтіре отырып, өз ойларыңды ортаға салыңдар.

261-жаттығу. ▲ Ертегі сөйлемдерін қатыстыра отырып, 3 талғаулы салалас сөйлем жазыңдар.

– Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, қырғауыл жүні қызыл, құйрық жүні ұзын кезде дәл біздің осы күнгі жалқау балалар секілді сидам сирақ жастар өте көп болыпты. Әдетте жалқаулардың құрғақ уайымға көп салынатын әдеті ғой. Сондай жалқаулардың бірі:

– О, Жаратқан ием-ай, жарық дүниеге әдейі әкелген соң дәулеті шалқыған бай етіп жаратсаң етті! Жалғанды жалпағынан басып шалқып өмір сүретін жасымда ішсем тамаққа, кисем киімге жарымай жүрген түрім мынау! – деп уайымдапты.

Оның мұңын естіп қалған бір ақсақал:

– Ей, қарағым, сен несіне қайғырасың? Байлықтың бөрі өзіңде тұр ғой, – депті.

Ақсақалдың сөзін мазақтағаны деп түсінген жігіт:

– Сіз қайдағы байлықты айтып тұрсыз? – деп ашуланыпты.

Ақсақал ештеңе болмағандай сабыр сақтай отырып:

– Шырағым, сен екі көзіңді маған сатшы. Мен саған қалағаныңша алтын, күміс берейін! – дейді.

Жігіт ашуланып:

– Екі көзден айырылғаннан кейін сіздің алтын, күмісіңіздің керегі қанша? Ондай байлығың өзіңе!

Ары қарай жігіттің он екі мүшесіне саудаласып, сұрай бастаған ақсақалға әбден ашуланған жігіт:

– Ақсақал, ат басындай алтын берсеңіз де ешбір мүшемді сатпаймын! Өйтіп мүгедек болар жайым жоқ! – деп кесіп тастапты.

Сонда барып ақсақал:

– Е, ендеше адамның ең қымбат байлығы – денінің саулығы. Сен сияқты төрт мүшесі түгел адам – бай адам. Оны ешқандай алтын, күміске айырбастап ала алмайсың! – деген екен.

(Халық ертегісі)

262-жаттығу. ▲ Мақал-мәтелерді қатыстыра отырып, бірнеше талғаулы салалас құрмалас сөйлемдер құрып, дәптерлеріңе жазыңдар.

263-жаттығу. ▲ Қарамен берілген сөйлемдерден талғаулы салалас құрмалас сөйлем құрап жазыңдар.

Ықыластың күйі «Шыңырау»

Ықылас бір күні жолаушылап келе жатып, астындағы атын шалдырып алмақшы болып, **жалғыз ағаштың түбіне келіп аялдайды.** Сол кезде ол ағаштың айналасында шыдамсыздана ұшып жүрген бір құсты, бұтадағы ұяда анасына шыр қағып, **тағат таппай тұрған балапандарды көреді.** Сөйтсе, ұяға қарай бір жылан жылжып барады екен. Ықылас жалма-жан орнынан атып тұрып, **жыланды өлтіреді де,** суға ағызып жібереді. Құс ұясына келіп қонып, **балапандар тынышталады.** Ықылас: «Озбырдың аты – озбыр, әлсізді жұтып қойғысы келеді. **Осыны қобыздың үнімен айтып кетейін.** Озбырлардың қара ниет қылықтары халықтың есінде болсын», – деген ойға келіп, осы күйді шығарады.

(«Күйлердің шығу тарихы туралы аңыз-әңгімелер»)

264-жаттығу. ■ «Қобыз күйлерінің мұңды сарыны » тақырыбында эссе жазыңдар.

Зерделі жас! Талғаулы сөйлемдер сөйлем құрамындағы бір ойдың, не әрекеттің бірі ғана таңдалатынын немесе жүзеге асатынын білдіреді. Сен бұл тақырыпты ойдағыдай меңгере алдың ба?..

Кезектес салалас



Бойыңдағы бар өнеріңді бір сәтте көрсете салмай, кезі келгенде көрсетесің бе? Бұл салалас түрі де аты айтып тұрғандай, кезектескенді жөн санайды...

Кезектес салалас құрмалас сөйлем – құрамындағы жай сөйлемдер білдіретін ойдың, істің, оқиғаның кезектесіп келуін көрсететін салаластың түрі.

Кезектес салалас құрмалас сөйлем	Тыныс белгісі
<i>Құс қанатын жазып, бірде көкке самғады, бірде төменге құлдилады.</i>	<i>Кейде бұлтпен бірдей боп көзге шалынбайды, кейде нақ төбеге кеп қалықтайды.</i>
Құрамындағы жай сөйлемдер тек салаласа байланысады.	Жай сөйлемдер арасына үтір қойылады.

Кезектес салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен *кейде, бірде, біресе* деген кезектес мәнді шылаулардың қайталанып қолданылуы арқылы құрмаласады.

265-жаттығу. ▲ Газет, журнал, ғылыми басылымдардың материалдарын пайдалана отырып, кезектес салалас құрмаласқа 5 мысал теріп жазыңдар.

266-жаттығу. ▲ *Біресе, кейде, бірде* жалғаулық шылауларының кезектес салалас құрамындағы жай сөйлемдерді немесе бірыңғай мүшелерді байланыстырып тұрғанын анықтаңдар.

1. Айналасына азырақ әжім мұңды көзін кейде қысыңқырап қарайды, кейде әлдебір күндерді алаңсыз көңілмен есіне түсірмектей, көзін жұмып тұрып ойланып қалады... Бәрі де көздері үлкейіп, аларып, тілмаш пен ұлыққа қарап мелшиіп, қыбыр етпей, іштен тынып, қатып қадалып қалыпты. Жалғыз-ақ әр жерде сұрланған жүз, алақтап сасқан көздер біресе Ақжелкеге, біресе тілмашқа кезек-кезек, жалтақ-жалтақ қарайды. (*М.Әуезов*)

2. Ботагөз Бурабай көлінің нақ жарқабағына салынған, бір бөлмелі кішкене қарағай үйдің терезесінің алдындағы айнаға түрегеп қарап тұрып, иығынан аз-ақ төмен түсетін, толқынды бұйра шашын сүйріктей саусағымен біресе иығына, біресе алдына түсіріп желпіп, өз шашымен өзі ойнады. *(С.Мұқанов)*

267-жаттығу. ▲ Көшіріп жазыңдар. Кезектес салалас сөйлемнің жасалу жолын естеріңе түсіріңдер.

Кейде қатарланып, кейде топтанып, өзгеше қонақтарын тосады...

Біресе бұлбұл нақысты, көп ырғақты «Жиырма бесті» созады. Бірде назды қоңыр, кең тынысты «Жанбота» шығады, тағы бірде екпінді өршіл, сегіз сырлы «Жамбас сипар» кетеді. Бірғала қалқып, дария толқынындай атырапқа тарап кетіп жатқан асыл Біржан өнегесі мен өнері... Кейде сызылта, жіңішкерте бұралтқан, бірақ соншалық күшті және сонша алысқа тарап естіліп жатқан бойжеткен Балбала, сері сұлу Үмітей, сыпайы сынды Керімбала үндерімен сыр баяндайды...

(М.Әуезов)

268-жаттығу. ■ Біресе, кейде, бірде жалғаулық шылауларын қатыстырып, өлең жолдарын құраңдар.

Үлгі:

*Бірде қуып жүремін
Шіркейі мен шыбынын.
Айдап бірде жүремін
Нағашымның шығырын.*

(Ә.Тәжібаев)

269-жаттығу. ▲ Сөйлемдердің сыңарларын жазып, аяқтаңдар.

Айгүл бірде қозыны көтеріп, бауырына басты, ...
Біресе көкжал жанына келгендей жанталаса үреді, ...

Үйірме мүшелері ауыл адамдарына кейде концерт
қоятын, ...
..., енді бірде бөлме ішінде ерсілі-қарсылы жүрді.
..., кейде ыстықтан мезі боп күйзеліп кетеді.

270-жаттығу. ▲ Жұптасып, кезектес салалас сөйлемдердің ережесін,
жасалу жолын қайталап, бірнеше мысал жазыңдар.

271-жаттығу. ■ «Кезектестірейік...» тақырыбында өз шығармала-
рыңды (өлең, әңгіме, жұмбақ, т.б.) ұсыныңдар.

Үлгі:

*...Тәнті етіп талайды,
Бірде ою ояйық.
Бірде сурет салайық,
Сан бояумен бояйық,
Көрме жасап ел көрер
Таңғалдырып жайық.
Бірде ән де шырқайық,
Болсын нағыз гажайып...*

(А.Асылханқызы)

Тіл білімінің тұлғалары



К.Аханов (1928–1978)

Кәкен Аханов – жалпы тіл білімі мен қазақ тілінің лексикологиясы, грамматикасы саласында қажырлы еңбек еткен тіл білімінің маманы, ғалым.

К.Аханов қазақ мектебіне «Қазақ тілі» оқулығын да жазған. «Қазақ тілі лексикасының мәселелері», «Қазақ тіліндегі омонимдер», «Тіл біліміне кіріспе», т.б. еңбектердің авторы.



Салалас құрмалас сөйлемдер тақырыбын аяқтап келеміз... Қазақ шешені от ауызды, орақ тілді десек, салаласып өрілген сан сөйлемдерінің табиғатын таныған боларсың?!

Әрі салалас сөйлемнің сен зерттейтін қырлары көп екенін де байқаған шығарсың? Бәлкім, жас дарындар байқауына ғылыми жұмыс жазарсың?..

Көп салалы құрмалас сөйлем



Енді көп салалы құрмалас сөйлеммен танысайық.

Көп салалы құрмалас сөйлем – құрамында ең кемі үш жай сөйлем болатын және олардың баяндауыштары тиянақты болып келетін салалас құрмаластың түрі.

Сызбасы	Мысалы
Басыңқы, басыңқы, басыңқы.	<i>Қарқаралы өзені бар, ол Қарқаралы тауынан бастау алады және 63 шақырымдай арнамен барып Дат көліне құяды.</i>

272-жаттығу. ▲ Берілген жай сөйлемдерді құрмаластырып, көп құрамды салалас сөйлем жазыңдар. Белгілі бір шылаулар түрлерін қолданып, барынша көп салалас құрмалас сөйлем құру мүмкін бе?

Алтай – Азия құрлығының орта тұсында орналасқан тау жүйесі. Ол Сібір ойпатынан Гоби даласына дейін екі мың шақырымға созылып жатыр. Ертіс өзені, Зайсан көлі арқылы өтеді. Батысында Қалба жотасы арқылы Алтай Сарыарқа далаларына ұласады. Жер бедері шыңды, құзды. Ең биік шыңы Мұзтаудың биіктігі – 4506 метр.

Бастау алған тау сілемдері жан-жаққа тарамдала созылады. Бірте-бірте аласара түседі. Әрбір сай-саласын қуалай үлкенді-кішілі тау өзендері ағады. Ертіс, Қаба, Қалжыр, Күршім, Нарын, Бұқтырма, Үлбі, Обь өзені саласына жататын Абақан, Қобда өзендерін айтпау мүмкін емес. Алтынкөл, Марқакөл, Қамысжал, Қаражал,

Дайын сынды 2000-нан аса көлдері бар. Алтайдан қазба байлықтардың небір түрлерін, түрлі-түсті асыл және әшекей тастарды көптеп кездестіруге болады. Өлке жануарлар дүниесіне өте бай. Ұшқан құс, жүгірген аңы да жыртылып айырылады. Мал-жанға жайлы табиғаты ертеден-ақ адамзаттың өмір сүруіне аса қолайлы жағдай тудырған.

273-жаттығу. ▲ Салалас құрмалас сөйлемнің түрлерін еске түсіріп, ерқайсысына мысал келтіріңдер. Салалас құрмалас сөйлем түрлерінің айырмашылықтарын талдап көрсетіңдер.

274-жаттығу. ▲ Көп құрамды салалас құрмалас сөйлемге 3 мысал жазыңдар. Талдап, сөйлемдерге қойылатын тыныс белгілер туралы ойларыңды тұжырымдаңдар.

Үлгі:

Құн шыға екі адам атқа қонды: бірі – аты осы өңірге әйгілі Алмас, екіншісі – кеше ауылға түскен қонақ, олардың суыт аттануы да көңілге күдік тудырады.

275-жаттығу. ▲ Сөйлемдердің аражігін ажыратып, құрамында қанша сөйлем барын анықтаңдар. М.Әуезов шығармаларынан тағы да мысал жазыңдар.

Жайлауда ауыл-ауыл боп жағалай қонған, Көктөбенің іргесін көмкере ойдым-ойдым қотандасып тігілген ақ боз үйлер; үйден-үйге кіріп қарбаласқан, ауылдан-ауылға бара жатқан үлкенді-кішілі әйел-еркектер, қыз-келіншектер; ауыл сыртына алтыбақан орнатып, әткеншек тепкен, ән салып, күй тартқан, мың бұралып би билеген көңілді жастар; одан әрі анау сарқырама бұлақ басында, мынау көк айдын қоғалы көл жағасында ат ойнатқан, ит жүгіртіп, құс салған шабандоз сері жігіттер; бәрінен аулақ ошарылып, бірақ жайлау шетін тегіс басқан, түгел жапқан қарақұрым мал; ауыл адамдарының әніне үн

қоса жамыраған жас төл: боздаған бота, маңыраған қозы, кісінеген құлын...

(М.Әуезов)

276-жаттығу. ■ «Көп салалы құрмалас сөйлем туралы ойым: талдау барысында байқағандарым және әлі де анықтай түсетін ақпараттар...» деп басталатын еркін пікір жазыңдар. Мүмкіндігінше көп салалы құрмалас сөйлемдерді қолдануға тырысыңдар.

Сабақтас құрмалас сөйлем



Міне, білімге құштар дос, біз құрмаластың тағы бір түрімен танысқалы отырмыз. Күнделікті қолданып жүрген сөйлемдердің құрылымына зерделей қарап, құрамындағы жай сөйлемдердің байланысына мән беру, құпиясын ашу өздеріңе де қызық болар. Сабақтас құрмалас сөйлемнің басты ерекшелігі – оның бағыныңқы, басыңқы сыңарлары болатынында. Сабақтас құрмалас сөйлемнің қызықты әлеміне қош келдің!

Құрамындағы жай сөйлемнің біреуінің (көбіне алғашқысының) баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, екіншісіне бағына байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі – **сабақтас құрмалас сөйлем**.

Сабақтас құрмаластың құрамындағы бірінші сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз тұлғада келетіндіктен, ол өз бетімен жеке сөйлем бола алмай, келесі жай сөйлемге бағына байланысады.

Сабақтас құрмалас сөйлемдегі баяндауышы тиянақсыз болып келген бірінші сөйлемді **бағыныңқы сөйлем** дейміз. Ал баяндауышы тиянақты болып келген екінші сөйлемді **басыңқы сөйлем** дейміз.

Бағыныңқы сөйлем	Бағыныңқы баяндауыш қалай жасалып тұр?	Басыңқы сөйлем
<i>Бәрі жиылысымен,</i>	<i>(егістік негізді) -ысымен, -ісімен</i>	<i>Айбек ойын ортаға салды.</i>

Бағыныңқы сөйлем	Бағыныңқы баяндауыш қалай жасалып тұр?	Басыңқы сөйлем
<i>Мен келсем,</i>	<i>-са, -се (шартты райлы етістіктен)</i>	<i>оқушылар жиналып отыр екен.</i>
<i>Қыран құс шүйіліп келіп,</i>	етістіктің көсемше түрінен	<i>қайқаң етіп қайта өрледі.</i>
<i>Жіп жіңішкеріп барып үзілгенде, (үзілгенше, үзілгендіктен, үзілгенде, үзілгенмен, т.б.)</i>	есімшеге <i>-ша, -ше, -дай, -дей</i> жұрнақтары; <i>жатыс, көмектес септік жалғаулары; -дықтан, -діктен</i> қосымшалары жалғану арқылы	<i>шыдамымның шегі үзіліп кеткендей күй кештім.</i>
<i>Осы үйге келген сайын, (соң), келгеннен бері (бұрын), келгенге шейін) Уәделескен жерге жеткен кезде (шақта, уақытта)</i>	Есімшеге <i>септеулік шылаулар, көмекші сөздер</i> тіркесіп келеді	<i>өткен күндер елесі мазалайды.</i> <i>неше күнгі құпияның сырын ұқтым.</i>

Сабақтас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бір-бірімен, бір жағынан, бағыныңқы сөйлемнің баяндауыш тұлғасының тиянақсыз болып келуімен құрмаласса, екінші жағынан, олардың өзара мағыналық қарым-қатынасы арқылы да құрмаласады. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнен бұрын келеді. Тек өлең жолдарында орны ауысып келуі мүмкін.

277-жаттығу. ▲ Көшіріп жазып, салалас және сабақтас құрмаластарды анықтаңдар.

«...Алдымен, азамат ойдың адамында ешқашан арман таусылмақ емес. Ардан туған адам әрқашан арман қуады және арман қуудан жалықпайды, туғаннан өлгенге дейін қуады және сол арманның шегіне жетпейді, жетсе де, жеткенін сезбейді.

«Арманым жоқ» дейтіндер қателеседі, яғни, өтірік айтады. Адамның арманы болмаса, ертеңі болмағаны; арманы бітсе, ертеңі бітеді, мақсаты түгесілгені; арманның таусылған жері – адамның өлген жері. Саналы кісіге мұның өзі сабақ екені рас. Осындай мықтылық иесінің бірі – Қадырдың өзі, дәлірек айтқанда, Қадырдың қадірі – мықтылығында. Мықтылығының бір дәлелі:

Қадыр өлең өлкесіне күйбеңсіз, кібіртіксіз, тіпті ешқашан ешбір жаттығу жасамағандай, бірден кәнігі шебер қалпында келді», – деп тебірене жазған еді кезінде академик Зейнолла Қабдолов.

(«Орал өңірі» газетінен)


278-жаттығу. ▲ Өлең мәтініндегі сабақтас құрмалас сөйлемдерді тауып, ерекшелігіне тоқталыңдар.

Керей, қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп?
Сен қашсаң да, мен қойман,
Арғымағым жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күндей себелеп.
Ақмырзамды өлтірдің,
Ақ сойылмен төпелеп.

(Бұқар жырау)

279-жаттығу. ▲ Мәтіннен жай сөйлемдерді тауып, сабақтас құрмалас сөйлемге айналдырыңдар, бағыныңқы сөйлем баяндауыштарының жасалу жолына тоқталыңдар.

Көлсайға барар жолдың көркі көңілімізге жатталып келеді. Есту бір бөлек те, көзбен көру басқаша екен-ау! Жолдың жар беткейлеріндегі шырша, аршалардың орналасуы да ғажайып суреттей көңіліңде жатталады.



Ал жолмен жарысып, төменде ағып жатқан бұлақты көргенде, тіпті де көз ала алмай қалдық. Ермек күз етегін ала ағып жатқан өзенді түсіп көруге ұсыныс жасады.

Құз беткейі тік болған соң балаларды жіберуге батпай, айналып барып, көпірге тоқтадық.

Машинадан жүгіріп шыққан Нұржанның аяқ астынан қоян орғи жөнелді. Күтпеген жерден шыққан бұта түбіндегі қоянның қимылы Нұржанды селк еткізді. Әкесі: «Балам-ау, сенің қорыққаның түк емес. Сен отбасыңмен бірге жүрсің. Ол жалғыз қоянның бір бұтаның түбінде жүрегі кеудесінен шыға қорқып отырғанын көз алдыңа елестетіп көрші», – деді. Түрі бұзылып тұрған Нұржан күліп жіберді. Сайдан тау қарақатын теріп алған Ермек көрінді. Нұржан Ермекке беттеді.

Көлсайды көргенде балалар да, ата-аналары да көз алмай үнсіз тұрып қалды. Екі таудың ортасында мөлдіреп жатқан айдын көл. Жан-жағын көмкерген қалың ағаш, түрлі тау шөптері мен гүлдер де адамның жан-дүниесіне ерекше әсер етеді екен. Аспанда көшкен бұлттар да үйіріліп кеп, тау иығына басын сүйеп тұра қалды. Тамаша көрініс!

(Қ.Сматайұлы)

280-жаттығу. ■ «Сабақтастыра сөйлесем...» тақырыбында сабақтас құрмаластардың маңызы мен мәні туралы шағын пікір жазыңдар.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері



Сабақтаса байланысқан сөйлемдердің ерекшелігін ұғынып, құрмаласу жолдарын, түрлерін жақсы меңгеруге зейін қойдың ба? Түрлерін де бірден айыра білуге, ерекшеліктерін тани білуге ынталы бол. Еңбегің нәтижелі болары сөзсіз.

Сабақтастың бағыныңқы сыңары басыңқы сыңарындағы (жай сөйлем) оқиғаның қалай, қайтіп, қашан, не үшін, неліктен болғанын немесе болып жатқанын білдіреді. Осыған байланысты сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері айқындалады.

Бағыныңқы сөйлемінің мағынасына қарай сабақтас құрмалас сөйлем 6 түрге бөлінеді:

Түрлері	Ережесі	Сұрағы
Шартты бағыныңқылы	Бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемінің шарты болып келеді	<i>Қайтсе? Не емсе? Қайткенде? Қайтпейінше?</i>
Қарсылықты бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлеміне қарама-қарсы келеді	<i>Қайтсе де? Қайткенмен? Не етпестен? Қайте тұра? Қайткенше?</i>
Себеп-салдар бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің себебін білдіреді	<i>Неліктен? Не үшін? Не себепті? Не деп?</i>
Қимыл-сын бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемде айтылған іс-қимылдың қалай орындалғанын білдіреді	<i>Қайтіні? Не етіні? Қалай?</i>
Мезгіл бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемінің мезгілін білдіреді	<i>Қашан? Қай кезде? Қашаннан бері?</i>
Мақсат бағыныңқылы	Бағыныңқысы басыңқы сөйлемдегі ойдың мақсатын білдіреді	<i>Не мақсатпен? Не үшін? Не етпек үшін?</i>

281-жаттығу. ▲ Сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлерін анықтап, бағыныңқы сыңарына сұрақтар қойындар.

Этнограф-ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек, қазақтың ұлттық ойындары аңға, малға байланысты, алуан түрлі заттармен ойналатын, зеректікке, ептілік пен икемділікке, батылдыққа баулитын ойындар деп бірнеше түрге бөлінеді. Ұлттық ойындардың, әсіресе жасөспірім

балаларға арналған түрлері өлеңмен «өрнектеліп», баланың сол ақпаратты ойында қорытуына бағытталып отырған. Өлең-жыр арқылы ата-бабаларымыз ойынның эстетикалық әсерін арттырып қана қоймай, бүлдіршіндердің өлең-жырға деген ықыласын оята білген. Қайсыбір ойындар арқылы жас ұрпақты еңбекке баулып, баланы қиындықтан қажымастай етуді мұрат еткен. Демек, халқымыз ұлттық ойындар арқылы жастарды өмір сүруге дағдыландырып, қиындыққа төзе білуге, қиын сәттен жол таба білуге машықтандыруды мақсат тұтқан.

(Ж.Молдахметұлы)

282-жаттығу. ▲ Мысалдарды аяқтаңдар.

1. Орталыққа елден бұрын жеткісі келсе де, ... 2. Жолда не көлік, не атты кездеспегендіктен, ... 3. Қалай болса да апасына қуанышты хабарды бірінші болып жеткізу үшін, ... 4. Бәрінің алдына түсіп, құстай ұшып, ... 5. Осы хабарды естігелі бері, ... 6. Егер таң сәріде шығып кетсе, ...

283-жаттығу. ▲ Төмендегі мәтіннен сабақтас құрмалас сөйлемдерді табыңдар. Олардың қалай жасалғанын анықтаңдар. Мәтінді құрмалас сөйлемдерді пайдалана отырып мазмұндаңдар.

Шоқан Семейге келгенде экспедиция бастығы полковник Жетісуға барып, экспедицияның жол жабдығын, Қапал, Верный бекінісіндегі әскери бөлімнен керекті адамдарды іріктеп жатқанды. Сондықтан да Шоқан Семейге көп бөгелген жоқ... Өткен жылғы жүріп өткен жолы көзіне оттай басылып, әрбір тау, тас, өзендердің жай-күйі қайта жаңарып ойына түседі. Шоқан бөгетсіз суыт жүрді.

Шоқан Семейден шыққанда май айының алғашқы бір әсем күндері еді. Қазақ даласы, әсіресе, Арқат, Еңірекей тауларының алабы ғажайып балауса гүлге бөленген. Өзінің достары Сергей Дуровтың, Григорий Потаниннің өсімдіктер жайынан айтқан тамаша әңгімелері

қызықтырып, жол-жөнекей ол көптеген сақара гүлінен алуан түрлі жапырақтар жинап, айрықша баптап, арнап алған ыдыстарына салып отырды.

Әсіресе Аякөз маңы, онан өте Қозы Көрпеш-Баян сұлу зираттары тұрған Ай, Таңсық өзендерінің бойынан көп жаңа өсімдіктер жинады. Ол Аякөзден шыққан күннің ертеңіне құмартқан «Қозы Көрпеш» күмбезіне де жетті. Сонау Арыстан ақыннан естіген, онан кейін әкесі Шыңғыс жинаған қазақ халқының ғажайып дастанының туған жеріне келді.

(С.Бегалин)

284-жаттығу. ▲ Салалас құрмалас сөйлемдерді сабақтас құрмалас сөйлемдерге айналдырып жазып, жасалу жолын түсіндіріңдер.

Ана! Бұл сөз жер бетіндегі әр елде бар: ол – көркем, сүйкімді де ұлы сөз. Бесікте жатқан бала соны айтып былдырлайды, бұл сөзді жасөспірім мен қартайған шал да, боранмен алысып жүрген эвенк пен кепесінде отырған үндіс те қайталап айтады. Байлығы шалқыған үйде де бұл есім мәртебелі және кедейдің лашығынан да осы сөз құдіретті естіледі.

Даңққа бөленген әртіс әр уақытта анасын жадында сақтайды, ақын өлеңдері мен әндерінде жырлайды. Суретші оның бейнесін мәңгі қалдырады, мүсінші оны тастан қашайды. Ана – барлық адамның және бүкіл дүниенің символы!

(Ф.Камнос)

285-жаттығу. ▲ Берілген тұрақты теңеулерді қолдана отырып, құрмалас сөйлем түрлерін құрап, мағыналық түрлері мен жасалу жолын талдап көрсетіңдер.

Жайдай тию, төредей күту, шайдай ашық, иненің жасуындай, от басқандай, адам қатарына қосылғандай, өрт ішіне кіргендей, алдаспандай жарқырау.

286-жаттығу. ▲ Жұптасып, сабақтас құрмалас сөйлемнің сыңарын толықтыратын тапсырмаларыңмен алмасыңдар.

Үлгі:

..., бұл жаққа келуге жүрексінетін.
Ол қанша мейірім танытса да, ...

287-жаттығу. ■ «Ой сабақтастығы» тақырыбында шағын әңгіме жазыңдар.

Шартты бағыныңқылы сабақтас



Сен біреуге шарт қойып көрдің бе? Ал шартты сөйлем құрылысына мән беріп қарадың ба? Олай болса, шартты бағыныңқылы сабақтаспен жан-жақты танысайық...

Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем – бағыныңқылы сөйлем басыңқы сөйлемдегі ойдың жүзеге асу, аспау шартын білдіретін сабақтастың түрі.

Мысалы: *Біз емтиханға тиянақты дайындалғанда, жақсы баға алар едік.*

Бағыныңқы сыңар	Бағыныңқы сыңар баяндауышының тұлғасы	Сұрауы	Басыңқы сыңар
<i>Марал қызығушылық танытса,</i>	Шартты рай -са, -се	Қайтсе? (Не етсе?)	<i>іс нәтижелі болары анық.</i>
<i>Мен жұмысқа бармай,</i> <i>Зейін қойып үйренбейінше,</i>	Болымсыз етістік+көсемше -ма+й, (-ме+й), -майынша, (-мейінше)	Қайтпейінше? (Не етпейінше?)	<i>іс бітпейді.</i> <i>айтулы нәтижеге қол жеткізбесің анық.</i>
<i>Кітапты тауып алмағанда,</i>	Есімше+жатыс септік -ған+да, (-ген+де)	Қайткенде? (Не еткенде?)	<i>құпия сырын ұғынбас едік.</i>

288-жаттығу. ▲ Шартты бағыныңқылы сабақтасқа өз ойларыңнан 3 мысал жазыңдар.

289-жаттығу. ▲ Өлең жолдарындағы шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер туралы пікір алмасыңдар.

Екі кісі тең барса,
Оңды төре береді,
Ақылға жетіп би адам...
Қайыңның басын жел соқса,
Қаршыға құс қайғырар,
Балапаным суға кетер деп...

(Махамбет)

Қара өлеңі қазақтың қаза болса,
Қара көзден неге қан ағызбайын...

(М.Мақатаев)

290-жаттығу. ▲ Кестеге сүйене отырып, шартты бағыныңқылы сабақтастың жасалу жолдарының әр түріне үш мысалдан жазыңдар.

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы	Басыңқы сөйлем
Шартты рай <i>-са, -се</i>	
Көсемше <i>-ма+й (ме+й), -майынша (-мейінше)</i>	
Есімше <i>-ған+да (-ген+де)</i>	

291-жаттығу. ■ «Егер.., онда...» деп келетін анаграммалар құрыңдар.

Үлгі:

*Егер «Т»-дан бастасаң,
Төл атауы шығады.
«Т»-ны алып тастасаң,
Аспанда болар тұрағы.*

292-жаттығу. ▲ Мәтіннен шартты бағыныңқылы сабақтасқа негіз болатын жай сөйлемдерді теріп алып, сөйлем құраңдар.

Иран, Қытай, Монғолия, Тибет, Ресей, Еуропа бөлігінің оңтүстік шығысында, Орта Азия, Батыс және Шығыс Сібірдің оңтүстігінде кездесетін ши өсімдігі Қазақстанның дала, шөлейт аймақтарында, тау беткейлерінде, әдетте, суға жақын жерлерде өседі. Қыста мал жайылымына

таптырмас бұл өсімдіктің сабағын қазақтар ши тоқу үшін қолданған. Мірдің оғындай түп-түзу, әрі өте берік келетін шидің сабағы тұрмыста орны ерекше материалдың бірі ретінде кәдеге асты.

Ши бұйымын сыртқы көрінісіне қарай үш түрге бөледі. Олар – ақ ши, ораулы ши және шым ши. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде бұл аталғандардың әрқайсысы өз орнымен қолданылады.

Киіз басуға, сүзгіге, мал сойғанда еттің астына салуға, құрт-ірімшік жаюға өре ретінде ақ шиді қолданған. Ақ ши дегеніміз – қабығынан аршылған, оралмай тоқылған ши. Үйге, ас-су, ыдыс-аяқ тұратын жерге қоршау ретінде пайдаланылған.

(Қ.Мұратқызы)

293-жаттығу. ▲ Сабақтаса байланысқан құрмаластарды салаластыра, салаласа байланысқан құрмаластарды сабақтастыра байланыстырып көріңдер.

Біз ауылға жеткенде Беркімбайдың үйінің қасы лық толған адам екен. Атты байлап Әбдірахманды үйге кіргіздім де, неге жиналып тұрғандарын білейін деп, аяңдап кісілерге қарай жүрдім. Жақындай бергенімде бір салт атты шоқытып келді де, айқайлап бірдеме айтып кейін жүріп кетті. Үш ақ үй қатар тігулі, оған таяу жапырайған қараша үй. Қараша үйдің сыртында күбідей болып, бетін құбылаға бұрып Сейпен отыр. Басы салбырап, еңсесі түсіп кетіпті. Беті-көзі ісік. Сирек сақалының арасында жас тамшысы көрінеді. Қараша үйге арқасын сүйеп, үрген торсықтай болып тырсылдап бәйбіше отыр... Ауылдың адамының бәрі қыбырлап, ерсілі-қарсылы кезіп жүр. Бәрі де киінген. Жүздерінде әлденедей бір қуаныштың белгісі бар. Жер ошақ біткеннің көбінде асылған қазан, ақ көбігі бұрқылдап семіз ет қайнап жатыр... Кәрі-құртаң шалдар, кемпірлер екеу-екеу көлеңкеде отыр. *(Б.Майлин)*

294-жаттығу. ■ «Ел басын күн туса...» деп басталатын ойтолғау жазыңдар.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас



Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем туралы мәлімет есіңде болар. Енді қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің қалай жасалатынын түсініп алып, екеуін салыстырып көр.

Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем – басыңқы сөйлем білдіретін ой бағыныңқыда айтылған ойға немесе бағыныңқыдағы ой басыңқыдағы ойға қарсы қойылатын сабақтастың түрі.

Төмендегі кестеге қарап қарсылықты бағыныңқылы сабақтасты толық түсініп алыңдар.

Бағыныңқы сыңар	Бағыныңқы сыңар баяндаушының тұлғасы	Сұрауы	Басыңқы сыңар
<i>Мен қанша қарасам да,</i>	Шартты райлы етістікке <i>да, де</i> шылауының тіркесуінен болады	Қайтсе де? Не етсе де?	<i>ол мені байқамады.</i>
<i>Музыка тоқтады демесең,</i>	Болымсыз тұлғадағы етістіктің шартты райынан болады	Қайтті демесең?	<i>бишілердің екіні басылмай тұр.</i>
<i>Атын көп естігенмен,</i>	Көмектес септік тұлғасындағы есімшеден болады	Қайткенмен?	<i>өзін бұрын көрмеген екен.</i>
<i>Әке жүзі ызғарлы екендігіне қарамастан,</i>	Шығыс септік тұлғасындағы болымсыз есімше түрінен болады	Қайткеніне қарамастан? Қайтпестен?	<i>кішкене қыз жүгіріп келіп құшақтай алды.</i>
<i>Мыңның тұсін білгенше,</i>	<i>-ша, -ше</i> тұлғалы есімшеден болады.	Қайткенше?	<i>бірдің атын біл.</i>
<i>Дүкеннің жабық екенін біле тұра,</i>	Негізгі етістік <i>-а, -е, -й</i> тұлғалы көсемшеге <i>тұра, тұрып</i> көмекші етістігінің тіркесуінен болады	Қайте тұра?	<i>Рүстем солай қарай бетмеді.</i>

295-жаттығу. ▲ Сөйлемді толықтырыңдар.

..., ауылыңа барып келсеңші. ..., мен осы баладан бірдеме шығарына сенемін. ..., бұл – осы ауылдың аты әйгілі әншісі.

296-жаттығу. ▲ Кестені бағдарға алып, мысалдар тауып жазыңдар.

Бағыныңқы сөйлем баяндауышының тұлғасы	Басыңқы сөйлем
Шартты райлы етістікке <i>да, де</i> шылауының тіркесуі	
Болымсыз тұлғадағы етістіктің шартты райы	
Көмектес септік тұлғасындағы есімшеден	
<i>-ша, -ше</i> тұлғалы есімшеден	
Шығыс септік тұлғасындағы болымсыз есімше	
Көсемше тұлғалы етістік+ <i>тұра, тұрып</i>	

297-жаттығу. ▲ Мәтіннен жай сөйлемдерді тауып, қарсылықты бағыныңқылы сабақтасқа айналдырыңдар.

Үлгі:

Сөйлер сөзге, тілге адамзат сонау көне дәуірдің өзінде-ақ ерекше мән бергенмен, бізге жетпей қалған қаншама асыл қазына бар десеңші?!

Сөйлер сөзге, тілге адамзат сонау көне дәуірдің өзінде-ақ ерекше мән берген.

«Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген тарих мақұлдайтын шындық бар. Атақты ғұлама Мәшһүр Жүсіп Көпеев осы орайда мынадай аңызды әңгімелейді:

Сонау «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарында бір көк ала бие он бес ауылды асырауға жарапты, бір мерген он бес ауылды асырапты. Биенен бір сауғанда бір үлкен көнек сүт шығады екен. Иесі «көз тиеді» деп, биесін сайдан-сайға жасырып сауады екен.

Бір күні бір сайда жасырып сауайын деп жатса, көз ұшында төрт кісі көрінеді. «Келіп қалады-ау» деп, асығып сауа береді. Бірақ олар келгенше сауып бола алмапты. Кісілер келіп қалған соң, амалсыз түрегеліп, бір қара

тасты алып, «тіл болсаң, тасқа тіл» деп, сүттің ішіне тастай беріп, көнектің бетін жаба қояды.

– Мана көз ұшында біз көргеннен биені сауып отыр едің. Сонан бері биені сауып отырдың ба, жоқ, жай отырдың ба? Біз тамаша қылып, білейік деп келіп едік, – депті.

– Биеннің жуырда иімейтұғын жаман мінезі бар еді, сол мінезі ұстап, күні бойы иімей, жаңа ғана сіздердің алдыңызда зорға иіді.

– Бәсе, солай болар, манадан бері сауып отырған болсаң, бір көл болып ағарлық болды, – деп жолаушылар жүріп кетеді.

Кісілер кетісімен сүтті сабасына құйса, көнектің түбіндегі қара тас төрт бөлінген екен. «Адам тілі тас жарады, тас жармаса, бас жарады» деген содан қалған екен. Егер ол тасты салмаса, биеге кәрін салады екен.

(«Ел аузынан»)

298-жаттығу. ▲ Көркем әдебиет үлгілерінен қарсылықты бағыныңқы сабақтас және салалас құрмаласқа бірнеше мысал теріп жазыңдар.

Үлгі:

Хат танымайтыны болмаса, жігіттің сарбазы болайын деп тұр. (Ғ.Мүсірепов)

299-жаттығу. ▲ Мәтінді оқып, мазмұнын (қарсылықты бағыныңқы сөйлемдерді қатыстыра отырып) өз сөздеріңмен жазыңдар.

Жомарт биылғы жазғы демалысын шетелде өткізетінін естігенде қатты қуанды. Алматыдан ұшқан ұшақ көкке көтеріліп, батысқа бет түзеді. Киевке келіп қонғанша, анасы Ұлы Отан соғысында атасының осы жерлерді азат етуге қатысқанын айтып өтті. Орманды жерлерде партизандар да ұрыс жүргізген екен. Жомарт иллюминатордан жерге көз салған. Жер бедерін аса айқын көре алмады. Айқыш-ұйқыш өзен жылғаларын көргендей болды. «Үйге оралған соң картаны қолға алып қарау керек екен. Жер-су

атауымен таныс болмасам, саяхаттаған жерлер туралы сұрағандарға, достарыма не айтамын?» – деп ойлады ол.

Киевтен ұшақ Майндағы Франкфурт қаласына бет алды. Негізі баратын жерлері Дюссельдорф қаласы еді. Бұл ұшақ тек Франкфуртке баратын болғандықтан, ары қарай жолды автокөлікпен жалғастыратынын әкесі түсіндіріп өтті.

Арнайы келген қалада баланың назарын аударған жай – қала халқының мәдени ескерткіштер мен демалыс орындарын ерекше ықыласпен қамқорлыққа алуы. Сонау орта ғасырда төселген тас жолдар мен тұлғаларға қойылған ескерткіштердің күтімі көңіл толарлықтай. Тазалық пен әсемдік үйлесім тапқан. Жаңа әлем ашқандай қызыға қараған Жомарт бір-екі күнде ауылын, достарын сағына бастағанын байқады. Тар көшелер асыр сап ойнайтын ауыл жолына ұқсамайды. Ал жан-жағыңда өзге тілде сөйлесетін адамдар. Тіпті қазақ тіліндегі сөзге ұқсас сөз естісе елең ететін болды. Анасы мұны туған жерге, атамекенге сағыныш деп түсіндірді.

(Қ.Жүнісов)

300-жаттығу. ▲ Төменде берілген қарсылықты салалас құрмаластарды сабақтас құрмаласқа айналдырып жазыңдар.

1. Жараланған жайымды анама жұқалап қана жазып едім, Ақбота оп-оңай бетін ашты. (*Ф.Мүсірепов*)
2. Қасындағы ұсақ қыздар мен қалыңдық та күліп, алдаусыратпақ болып еді, Абай мен Ербол оған көнген жоқ. (*М.Әуезов*)
3. Бұл малдарды әкемнің тез жинап алғысы келеді, ал қарызға алғандардың көпшілігінде қолма-қол қайтарып берерлік күш жоқ. (*С.Мұқанов*)
4. Алдымызда жүз саржын шамасында Есімбектің үйі тұр, бірақ Шұға көрінбейді. (*Б.Майлин*)
5. Жәнібекке ақсақал шара толы қымызды ұсынып еді, хан басын шайқады. (*І.Есенберлин.*)
6. Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді. (*Мақал*)
7. Жергілікті әкімдер әрең дегенде он-он бес бала жинап

тапсырды, бірақ олардың бәрі кейін ауылдарына қашып кетеді. (F.Ахмедов)

301-жаттығу. ■ «Туған жер жайлы бір дерек» тақырыбында география оқулығына сүйене отырып, өзің туып-өскен өңірдің табиғаты туралы мәтін дайындаңдар. Мәтінде қарсылықты сабақтастар болуын ескеріңдер.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас



Өз өміріңдегі әр оқиға мезгілмен байланысты болатыны жөнінде ойланып көрдің бе, ақылды жеткіншек? Өзіңмен сұхбат құрып отырған бұл әрекетіміз де мезгілге, уақытқа тәуелді. Ал оның сырын тануға мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем көмектеседі.

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем – бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемдегі ойға тән іс-әрекеттің жүзеге асырылу мезгілін білдіретін құрмаластың түрі.

Кестеге назар аударып, жасалу жолын талдай қарастырып көріңдер.

Бағыныңқы сыңар	Бағыныңқы сыңар баяндауышының тұлғасы	Басыңқы сыңар
<i>Екеуі үйден шыққанда (қашан?),</i>	Жатыс септік тұлғаласындағы есімшеден болады.	<i>қонақтардың соңы әлі тараған жоқ-ты.</i>
<i>Күн ұясына төніп келген кезде (қашан?),</i>	Есімше тұлғалы етістік пен <i>кезде, күнде, шақта, уақытта</i> деген мезгіл мәнді сөздердің тіркесінен болады	<i>Амангелдіге тағы оншақты адам кездеседі.</i>
<i>Олар жүріп кеткеннен бері (қашаннан бері?),</i>	Барыс және шығыс септік тұлғасындағы есімше мен <i>шейін, дейін, кейін, соң, бері, бұрын</i> шылаулардың тіркесінен болады.	<i>Самат айтылған пікірді ой елегінен сан өткізді.</i>
<i>Апасы оралып келгенше (қашанға дейін?),</i>	<i>-ша, -ше</i> тұлғалы есімшеден болады.	<i>үй шаруасын аяқтап қойған еді.</i>

Бағыныңқы сыңар	Бағыныңқы сыңар баяндауышының тұлғасы	Басыңқы сыңар
<i>Жантастар келгелі (қашаннан бері?),</i>	Көсемшенің <i>-галы, -гелі, -қалы, -келі</i> тұлғасынан болады:	<i>Ермек пен Ақмаралдың үйі қонақтан арылған емес.</i>
<i>Асығыс жиналып енді жетсе (қашан?),</i>	Етістіктің шартты райынан да болады	<i>өзен тасып кеткен екен.</i>
<i>Қара жел басталысымен (қашан?),</i>	<i>-ысымен (-ісімен)</i> қосымшалы етістікпен болады	<i>қиыршықтап қар да түсе бастады.</i>

302-жаттығу. ▲ Мезгіл бағыныңқылы сабақтастарды тауып, сөйлем мүшелерінің қызметіне қарай талдаңдар.

1. – Құнанбай көктемде ерте көшсе, Уақтың жерін шаба торитын. Жайлауға ерте көшсе, Керейдің қонысын көздейтін. Бірақ қысқа қарсы оның аты жетпес алыс жоқ. Әлде Тінейдің сары құсындай өзіне түсіп жүрмесе? – деп, Бөжей бір қауіптің шетін шығарды да, тоқтап қалды. Сүйіндік Бөжей сөзінен тіксініп қап еді. Бірақ ешбір жердің қисыны жоқ. (*М.Әуезов*)

2. Төңіректі қараңғылық көлегейлей бастағанда, мен үйге жылжыдым. Былтырғы жайтты еске алдым. Осындай ерте көктем басталысымен, біз егін егуге дайындала бастағанбыз. Егістіктен жай оралатын балғаннан бері, тұқымды су шайып кеткені жиі ойыма оралады. Бүгін де өзеннің қауіпті тұсын қарауға қол тиеді. (*Т. Келдібеков*)

303-жаттығу. ▲ Берілген ойды ары қарай жалғастырып жазыңдар.

1. Ардақ демалыстан келген соң, ... 2. Әлкен шындықты айтқаннан кейін, ... 3. Олар кетпес бұрын, ... 4. Мектепке тексеру келгенше, ... 5. Бауыржан Астанаға барғанда, ... 6. Мұғалім сыныпқа кірген кезде, ... 7. Мен Таразға барғанға дейін, ... 8. Үйге қонақ келген сайын, ... 9. Ақтауға жетісімен, ... 10. Сен келгеннен бері, ...

304-жаттығу. ▲ Мәтіннен мезгіл бағыныңқылы сабақтасты табыңдар, жасалу жолын түсіндіріңдер.

Аңшылар «Әулиенің» басына шыққанда, қыстың күні ақ қарлы, қалың қатпар жоталарда қызыл иектеп, сәуле шашты. Жаңа ғана алыстағы сыбан қонысы – Ақ Иректің белінен жартылай шығып келеді екен...

Қарашолақ – Бөжейдің баласы Жабайдың құсы болатын. Абай сұратқанда, Жабай сол құсын бермеді. Қарашолақтың жаздыгүні түлегін өзі басқарып, күз бойы өз ауылында ұстап, қайырып, өз қолынан армансыз, қапысыз баптадым деген Тұрғанбай болатын.

Қазір де томағасы тартыла сала, қызыл көзін қағушының алдына шаншылта қадап отырған Қарашолақ бір сәтте Тұрғанбайдың қолынан лып етіп, ытқып кетті. Аңшы ештеңені көріп, аңғарған жоқ еді. Құс ытқи бере, ойда жүрген Баймағамбеттің «кеу!» деп қалған айғайы естілді. Түлкі көргендегі мерзімді белгісі сол болатын. Аң жақыннан қашқан тәрізді. Үш аңшының көзі Қарашолақтың қазіргі ұшуында.

(М.Әуезов)

305-жаттығу. ■ Берілген тұрақты теңеулерді бағыныңқы сыңарында қолданып, сөйлем құраңдар.

Теңіздей тебірену, инедей қадалу, аспан қақ айырылғандай, Қадыр түнін күткендей, ораза ұстағандай.

306-жаттығу. ▲ Көп нүктенің орнына мезгіл бағыныңқылы құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарын өз ойларыңнан жазыңдар.

1. ..., қонақтар тарай бастады. 2. ..., көз ұшымыздан көліктің қарасы көрінді. 3. ..., бір топ адам сау ете қалды. 4. ..., бұл жерден оны қайтып көрген емес.

307-жаттығу. ▲ Мезгілді білдіретін тұрақты сөз тіркестерін жинақтап, қолдана отырып, мезгіл бағыныңқылы сабақтастарға сөйлем құрап жазындар.

308-жаттығу. ■ «Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемнің ерекшеліктері» тақырыбында өз пікірлерінді жазып шығындар.

Себеп бағыныңқылы сабақтас



Себеп бағыныңқылы сабақтастың себеп-салдар сала-ластан айырмашылығын білуге зейін қой. Шығармашылықпен жұмыс жасамай, жемісті нәтижеге қол жеткізе алмайсың, талапты жас!

Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем – бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемде айтылған ойдың себепін білдіретін сабақтастың түрі.

Бағыныңқы сыңар	Бағыныңқы сөйлем баяндауышының тұлғасы	Сұрағы	Басыңқы сөйлем
<i>Үйдің іші қараңғы болғандықтан,</i>	<i>-дықтан, -діктен қосымшасы үстелген есімшеден жасалады</i>	Неліктен?	<i>мен отырғандарды жыға тани алмадым.</i>
<i>Айым өз жұмысымен айналысып кеткен соң,</i>	Есімше тұлғалы етістікке соң шылауы тіркесінен жасалады	Неге?	<i>Айнұр да өз үйіне қарай аяңдады.</i>
<i>Өзін-өзі тежей алмай,</i>	Болымсыз етістік, көсемше тұлғасынан болады	Не себепті?	<i>тағы бір-екі жемісті алып жеді.</i>
<i>Енді жинамасам да болады деп,</i>	Ашық райлы етістікке деп көмекші етістігінің тіркесуі арқылы	Неліктен?	<i>арқасын кеңге салды.</i>

309-жаттығу. ▲ Мәтін мазмұны негізінде себеп бағыныңқылы сабақ-тастарды қолдана отырып, өз ойларыңды жазып шығындар.



Төрт тентек

Мөңке бидің бала кезінде бір бай жоқ сұрау үшін көш алдында келе жатып, еру ауылдың жанында асық ойнап жатқан бір топ балаға жолығыпты. Балалардың бірі байдың атын үркітеді. Оған бай ашуланып, әлгі баланы қуалайды. Байдың мінгені асау байтал екен, баланың желбіреген көйлегінен үркіп мөңкиді. Мөңкіп жүргенде, байдың басынан бөркі ұшып түседі. Байтал одан бетер тулап, байды жығып кетеді, бай қаза табады.

Сонан кейін байдың тумалары және елінің игі жақсылары жиналып келіп, балалардың елінен құн сұрайды. Екі ел келісе алмай, кеңес бірнеше күнге созылады. Мөңке сол ауылдың баласы екен. Жиналған көпке Мөңке бала былай депті: «Иә, ағалар-билер, сіздер бұл кеңесті тым ұзаққа создыңыздар ғой және бір шешімге келе алмадыңыздар. Осының билігін маған берсеңіздер, мен тез бітірер едім», – депті. Көпшілік баланың ықыласына риза болып, бір ауыздан: «Билікті бердік, ал айта ғой», – десіпті. Сонда Мөңке бала былай депті: «Бұл шалдың өліміне кінәлі ел емес, кінәлі – тентек. Ал мұнда тентек төртеу. Меніңше сол төрт тентек құнды бөліп төлейтін болсын және ердің құны жүз жылқы болсын», – депті. Сонда Мөңке бала: «Бірінші, мың жылқыдан бір жуас ат таба алмағандай, асау байталға мінген және елде адам құрығандай асық ойнаған балалардан жөн сұраған бай тентек; екінші, адам көрмей жүргендей, баладан үркіп тулап байды жығып өлтірген байтал тентек; үшінші, ұшып түскен бөрік тентек; төртінші, байталды үркіткен бала тентек. Мінеки, осы төртеу құнды бөліп төлейтін болсын», – депті.

Осы билікке екі жағы да разы болып, балалардың ауылы құнның төрт бөлігінің бірі – жиырма бес жылқы төлеп құтылыпты. Мөңке баланың би болуына осы билік басты себеп болыпты.

(«Ел аузынан»)

310-жаттығу. ▲ Кесте негізінде жұмыс жасаңдар.

Бағыныңқы сөйлем	Басыңқы сөйлем
	мен орымнан тұрып кеттім.
Ол бетімді қайтарып тастаған соң, Ішімдегі сөзімді айта алмай,	
	бір-екі рет қайталауға тура келді.
Онсыз да кешіктім деп,	

311-жаттығу. ▲ Себеп-салдар салалас сөйлем мен себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерге мысал келтіріп, салыстырып, ерекшелігін жан-жақты талдап көрсетіңдер.

312-жаттығу. ■ «Себепін таны әр ойдың» тақырыбында шағын пікір жазыңдар.

313-жаттығу. ▲ Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемдерді себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемге айналдырып жазыңдар. Қандай өзгеріс болғанын айтыңдар.

1. Ертең жұмыс қылатын күн еді, сондықтан жұмысшылар кешке әдеттегіден ертерек жатты. (*С.Сейфуллин*) 2. Анаргүл көзіне көрінгеннің бәріне ұрсатын, сол себепті балалар оған жоламауға тырысатын. (*Б.Момышұлы*) 3. Жаңа үйреніп жүрген жасөспірім бала екен, рөлді билей алмаса керек. (*М.Мағауин*) 4. Өмірімнің ұзақ еместігі өзіме аян болып тұр, сол сіздерден патиха алып, қабырымды тұрғызу үшін шақырып отырмын. («*Алдар көсе*») 5. Балалықты қою керек, сен енді соқталдай жігітсің. (*З.Иманбаев*) 6. Айғанымға көбірек қызығушыларды біз бұдан кейін де талай

жолықтырдық, сол себепті екеуміз мүмкіндігінше бірге жүретін болдық. (Қ.Жұмаділов) 7. Мейрам контордан бірін таппады, өйткені бәрі жер астында екен. (Ғ.Мұстафин)

314-жаттығу. ▲ Газет, журнал мақалаларынан себеп бағыныңқылы сабақтас құрмаласқа 6 мысал теріп жазыңдар.

315-жаттығу. ■ «Себеп, салдар және олардың күрделі ойды жеткізудегі сипаты» тақырыбында пікір алмасыңдар. Қорытынды пікірлеріңді себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді қатыстыра отырып, жазып беріңдер.

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас



Қимыл, іс-әрекетті сынауға шебер достарың бар ма? Ол өз сөйлемдерін қалай құратын еді? Қимылдың қалай орындалғанын, сынын білдіретін сабақтастың түрімен таныс болу қажет деп ойлайсың ба? Сенің пікіріңді білу бізге соншалық маңызды...

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем – бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі істің, қимылдың, ойдың қалай орындалғанын білдіретін сабақтастың түрі.

Бағыныңқы сыңар	Бағыныңқы сыңар баяндауышының тұлғасы	Сұрағы	Басыңқы сыңар
<i>Ауылдың бар назарын өзіне аударып,</i>	<i>-а, -е, -й және -ып, -іп, -п тұлғалы көсемшеден</i>	Қалай?	<i>сән-салтанатпен ауылға келіп кірді.</i>
<i>Ол мұны естімегендей,</i>	<i>Есімше тұлғасына -дай, -дей, жалғанып не күйі (қалпында) тіркесіп</i>	Қайтіп?	<i>өз ісін жалғастыра берді.</i>
<i>Азынап соққан боранға қарамастан,</i>	<i>Етістіктің түбіріне -ма-с-тан, (-ме-с-тен) жалғанып жасалады</i>	Қалай?	<i>қойшылар жоғалған малды іздеуге шыққан.</i>

Кестемен жұмыс жасап, екі-екіден мысал жазыңдар.

Бағыныңқы сыңар баяндаушының тұлғасы	Басыңқы сыңар
-а, -е, -й және -ып, -іп, -п тұлғалы көсемшеден болады	
Есімше тұлғаласына -дай, -дей, -ма-с-тан жалғанып жасалады	

316-жаттығу. ▲ Мәтіннен бірнеше жай сөйлем таңдап ала отырып, қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер құраңдар. Олардың қалай жасалғандарын түсіндіріңдер.

Қазақ халқының ұлттық болмыс-бітімінің бір өзгешелігі – дастарқан жайып, кімді болса да адал көңілмен қарсы алатын кең пейілдігінде, меймандостығында. Қазақ үйіне келген адамға дастарқан жайып, қонақ-жайлылық ниет білдірмеген адамды «қазанын қара суға малып отырғандай» деп кемсітетін болған. Сондықтан да қазақ халқы танысын, танымасын үйіне бас сұққан адамға «Қырықтың бірі – Қыдыр» деп қарап, дастарқан жайып, барын оның алдына қойған.

Қазақ – намысшыл халық. Қонақтан тамақ үшін ақы алу деген оның әдетінде мүлдем жоқ. Бұл көргенсіздік саналып, ырымға жаман деп есептелген. Расында да қазақ «дастарқаны құрап тұр» дегізбеу үшін, өзінің ең дәмді асын қонағына сақтап отырады да, реті келгенде оны дастарқанға қояды. Қазақтың ұзақ сақталып, тек қонақ келгенде ғана дастарқанға салатын сыйлы асы – сүрленген ет, қазы, шұжық, жент, құрт, қарынға салынып сақталған сары май, тәтті, тары, қант, шай, өрік-мейіз, т.б. «Қонақ асы – қазақтың бөлінбеген еншісі» деген сөз бұрынғыдан қалған. Ерулік, қымызмұрындық, сірге мөлдіретер, соғым басы, көңіл шайы, келін шайы тағы басқа бас қосулардың мақсаты, тілек мүдделері қазақтың меймандостық ниетінен туындаған.

(А.Мұсабекова)

317-жаттығу. ▲ Қимыл-сын бағыныңқы сабақтастың бағыныңқы сыңарының баяндауыштарының қалай жасалатынын сызбамен көрсетіп, бірнеше мысал жазып шығыңдар.

318-жаттығу. ▲ Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтастың керекті сыңарын өздерің құрастырып жазыңдар.

	құмыраны түсіріп алды.
Сан түрлі ойға беріліп келе жатып,	
Қиындықтарға қарамастан,	
	гүл күтімі жайлы журналдар алдыртты.

319-жаттығу. ■ Төмендегі мәтінді пайдалана отырып, «Тек адамдығыңмен таныл» тақырыбында ой толғаңдар.

Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм сол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек – дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбек, не киімі артық болмаса да, көңіліне қуат тұтып, тым айналдырмақ – кербездің ісі.

Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін, «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге «әттең дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» – дейтұғын болмаққа ойланбақ.

Мұның бәрі – масқаралық, ақымақтық... Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық.

(А.Құнанбаев)

320-жаттығу. ▲ Көркем әдебиеттен қимыл-сын бағыныңқылы сабақтасқа бірнеше мысал тауып жазып, баяндауыштарының тұлғасын түсіндіріңдер.

321-жаттығу. ▲ Мәтіннен қимыл-сын бағыныңқылы сабақтастарды көшіріп жазыңдар.

Бірақ осы кештен екі күн өткен соң, Көксерек бір түн ішінде жоқ болды.

...Маңайға жалт-жалт қарап алып, қырдан қырды, адырдан адырды кезіп отырып, күнбатысқа қарай шырқап салды.

...Жалғыз-ақ қарасын көріп қалған қойшы айғайды салып, бұған қарсы шапты. Бой салып қорқып қашқан жоқ. Содан ба, болмаса тегі жүйрік пе, әйтеуір, боз ат бастырмалатып жетіп келіп, Көксеректің жотасына жеңіл ағаш сарт етіп тиіп қалды.

...Ес жиған соң жұрт Көксеректің құлағына қарап отырып, бұрынғы кеткен Көксерек атты күштікті таныды. Құрмашты ойлап, кейбіреулерінің көздерінен жас та шықты. Ауылға әкелгенде, Құрмаштың әжесі боздап келіп:

– Қураған-ай, неңді алып ем?! Не жазып ем?.. Бауырына салып өсіргеннен басқа не қып еді менің құлыным? – деп елді тегіс еңдетіп, Көксеректі басқа тепті.

(М.Әуезов)

322-жаттығу. ■ «Қимылдың сынын тани білесің бе?» тақырыбында көршілеріңе хат жазып, жауап қайтарыңдар.

Мақсат бағыныңқылы сабақтас



Кез келген адам алдына белгілі бір мақсат қояды. Ендеше, біз сенің де биік мақсат, әдемі армандарың бар екенін білеміз. Сен міндетті түрде ол арман-мақсаттарыңның биігінен көрінесің! Ал бүгін мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлеммен танысуға дайынсың ба?

Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем – бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі әрекет пен ойдың мақсатын білдіретін сабақтастың түрі.

Мақсат бағыныңқылы сабақтастың жасалу жолына назар аударып, есте сақтандар.

Бағыныңқы сыңар	Бағыныңқы сыңар баяндаушының тұлғасы	Сұрағы	Басыңқы сыңар
<i>Керек болған затты алып шықпақ болып,</i>	Есімшенің <i>-мақ, (-мек) журнағына бол көмекші етістігінің тіркесуінен</i>	Не істемек болып? Не мақсатпен?	<i>өзі жалғыз кірді.</i>
<i>Кесе-шәйнекті сындырмай ұстау үшін,</i>	Тұйық етістік пен <i>үшін</i> шылауының тіркесуінен	Не үшін?	<i>жақсы сөре керек.</i>
<i>Сол шаң тына қалсын деп;</i> <i>Өз ойымды айтсам деп,</i>	Шартты, бұйрық және қалау рай тұлғалы етістік пен <i>деп</i> көмекші етістік тіркесінен болады	Не мақсатпен? Не мақсатпен?	<i>Көпей самауырды есік алдына қойды. қалың көпшіліктің алдына шыққан.</i>

323-жаттығу. ▲ Бағыныңқы сөйлемдерінің ыңғайына қарай өз беттерімен басыңқы сөйлем ойлап, көп нүктенің орнына жазыңдар да, мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем жасаңдар.

1. Хамит Кежебекті Ақмолаға апарып салу үшін, ...
2. Өткен жазда бір жаңалық ашпақ болып, ...
3. Оны тезірек көргім келіп, ...
4. Балбала қысылып қалмасын деп, ...
5. Ұй дымқыл болмас үшін, ...
6. Өзеннің басқа жерінен өткен Хакім Қалендікіне соға кетпекші болып, ...
7. Бос жатқан тіке жолда жаудың тосқауылына кездесіп қалу қаупінен аулақ болу үшін, ...

324-жаттығу. ▲ Әдебиет оқулығы мәтіндерінен мақсат бағыныңқылы сабақтастарға мысалдар тауып, көшіріп жазып, талдап, бағыныңқы сыңардағы баяндауыштардың жасалу жолын айтып беріңдер.

325-жаттығу. ▲ Алдыңғы бағыныңқы сыңарын толықтыра отырып, басыңқы сөйлемдерімен үйлестіріңдер. Оларды қатыстырып, сөйлем құраңдар.

1. ... шықпақ болып, ...
2. ... көрмекші боп, ...
3. ... жеткізбек мақсатта, ...
4. ... көрінбек болып, ...
5. ... ұнамақ

ниетпен, ... 6. ... көрінсем деп, ... 7. ... қолдау үшін, ...
8. ... тез жеткізбек болып, ...

326-жаттығу. ■ «Мақсатты ой айта білейік...» тақырыбында пікір алмасындар.

327-жаттығу. ▲ Айтылған ойға байланысты 3 мақсат бағыныңқы сөйлем жазындар.

Қазақ халқы өз туын көтеріп, өз астанасын салып, әлемге әйгілі болып отырған бұл сәулелі күн бізге оңай келе салған жоқ. Сонау Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама кезеңіне дейін де, кейін де қан кешіп ел қорғаған қаһармандарымыз аз болған жоқ. Қазақтың бар батырларын санамағанның өзінде қай кезде де қайқы қылыштай сес бола алатын атақты үш батырымыз – Бұқар бабамыз жырлағандай – Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай.

(«Адырна» ұлттық-этнографиялық порталынан)

328-жаттығу. ▲ Қарамен берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдаңдар. Сөйлем түрлерін анықтаңдар.

1. Әлем бізді құрметтесін десек, өз ұлтымызды, өз ұлттық бейнемізді алдымен біздің өзіміз бар сезімімізбен, ақыл-ойымызбен, бүкіл іс-қимыл, әрекетімізбен құрметтеуіміз керек. **Өзінің ұлттық бейнесін таба алмаған ұлттардың басқа ұлттарға жем болатынын ұмытпаңыздар.** *(Атамүрік)*

2. **Жұрт қадірлесе, бізді қадірлесін. Құрметтесе, бізді құрметтесін. Ешкімді кеудесінен итермедік, ешкімнің өзегінен теппедік. Ешкімді басынбадық. Басындырмадық. Аға ұлт ретінде елімізді Отаным деп есептеген өзгенің мандайынан сипай білдік. Құқығын таптамадық. Әспеттесең, қазақты әспетте. Қазақ халқын төбеңе көтер! Негізінде, біздің несібеміз артық. Сол байлықтан айырмасын!** *(Қ.Сімәділова)*

329-жаттығу. ■ Сабақтас пен салалас құрмалас сөйлемге байланысты Венн диаграммасын толтырыңдар. Қорытынды пікір жазыңдар.

Салалас құрмалас		Сабақтас құрмалас	
Айырмашылығы	Ұқсастығы	Айырмашылығы	



Зерделі жас! Әр бөлімді қайталау барысында берілген материалдарға назар аудар. Ережелермен қатар, айтылатын ой нәрін де жинай отыр, талапты шәкірт!

Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем



Талапты шәкірт! Сен көп құрамды салалас құрмаласпен таныссың. Енді көп бағыныңқылы сабақтастың қандай ерекшелігі бар екенін аңдап, зерделе...Өміріңе жетер білім нәрімен сусында.

Құрамында бірнеше бағыныңқы сөйлемі бар сабақтас құрмалас сөйлемнің түрін біз мысалдармен жұмыс істегенде, мәтіндерде кездестірдік. Кемі үш сөйлемнен тұратын көп бағыныңқылы сабақтастың сызбасы **бағыныңқы, бағыныңқы, басыңқы** болып келеді. Мысалы: *Қуаныштан Ержанның жүрегі аттай тулап, ерекше сезіммен шаттығын жасыра алмай, жан-жағынан өтіп жатқан жүргіншілерге жымыып бас изей бергенін де байқамады.*

Көп бағыныңқылы сабақтас екі түрге бөлінеді:

Жарыспалы көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас – бағыныңқы сөйлемдері басыңқымен тікелей байланысуға қабілетті сабақтастың түрі	
<i>Егер бұл пікірімізге құлақ асса,</i>	<i>дiттеген мақсатымызға қол жеткізеріміз анық.</i>
<i>осы бағыттағы көпшілік пікірімен санасса,</i>	
<i>тәжірибенің ұтымды тұсын ескерер болса,</i>	
<i>бұл қадамның тиімділігін ескерсе,</i>	

Жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас өз ішінде **әр алуан бағыныңқылы сабақтас** (бағыныңқылары сабақтастың әр

түрі), **бірыңғай көп бағыныңқылы сабақтас** (бағыныңқылары сабақтастың әр түрінен) болып бөлінеді.

Егер мысалдарға зер салсақ, күрделі ойды білдіретін болғандықтан, басыңқы сыңарға жан-жақты сипат үстейтін, бағыныңқы сыңарларының әртүрлі болып келетінін анық байқар едік. Осы айтылған көп құрамды құрмалас **әр алуан бағыныңқылы сабақтасқа** мысал бола алады. Себебі құрамында шартты бағыныңқы, себеп бағыныңқы, қимыл-сын бағыныңқылар араласып келген.

Ал жоғарыдағы кесте ішіндегі мысал **бірыңғай көп бағыныңқылы сабақтас** (барлығы шартты бағыныңқы) сөйлем түріне мысал болады.

Сатылы көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас – бағыныңқы сөйлемдері басыңқысымен тікелей байланыспайтын сабақтастың түрі				
Содырлар есін жиып,	бірін-бірі тұрғызып,	қолдарына қаруын алып,	бізге ұмтылмақшы болғанда,	есіктен шығып ұлгердік.

330-жаттығу. ▲ Жұптасып, бірнеше жай сөйлемдерді мысалға алып, олардан, көп құрамды құрмалас түрлерін құраңдар.

331-жаттығу. ▲ Мәтіндегі жай сөйлемдерден сабақтас, салалас құрмалас сөйлемнің түрлеріне мысалдар құраңдар.

Қыпшақ даласы – Дала өркениеті... «Дала» деген ұғымды тек бір шөл деп ұғуға болмайды. Дешті Қыпшақ жерін басып көлдер жатыр, не сан өзендер өтеді. Бір шеті Енисей, Онон мен Керулен, Ертис, Тобыл, екінші шеті Еділ, Жайық, Кәрі Каспий, Арал – Ұлы сахараның сәні мен әні еді ғой. Бүгінгі қазақ елінде 45 000 өзен, 85 000 көл атауының болуы ойландырса керек. Ал Алтай, Ұлытау, Қаратау, Мұғалжар, Алатау, Орал таулары жер бедерін безендіріп тұрған жоқ па? Ендеше Алтайдан Дунайға дейінгі Дешті Қыпшақ сахарасы әрі далалы, әрі таулы, әрі өзен-сулы, нулы өркениет емес пе?

Мәдениет пен өнердің шығармашылық ортасы болды. Дала этикасын танытты. Менталитеттік ерекшелігінің негізі болды.

(«Тарих тағылымы» жинағынан)

332-жаттығу. ▲ Мақал-мәтелдерді қатыстыра отырып, құрмалас сөйлем түрлеріне бірнеше мысал жазып, ережеге сәйкес дәлелдеңдер.

Жаман кісі мақтанса, жақсыны жағасынан алдым дер. Қарадан тер шыққанша, сарының жаны шығады. Етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда? Жазым болса, быламыққа тіс сынар. Сансызға сан айтсаң да болмайды. Сараңның өз малы өзіне бұйырмас.

333-жаттығу. ■ «Көп құрамды құрмалас сөйлем – ұлтымыздың шешендік өнерінің бір дәлелі» тақырыбында пікір алмасып, батырлар жырынан мысал келтіріңдер.

334-жаттығу. ▲ Көркем әдебиет үлгілерінен өлең жолдарындағы көп бағыныңқылы сабақтасқа мысал келтіріңдер.

335-жаттығу. ▲ Берілген басыңқы сөйлемнің алдыңғы сыңарларын толықтырыңдар.

Шыдамай күліп жіберді, жалпақ әлемге жар салды, наздана сөйлеп отыр, оның орны бөлек екенін білдіреді.

336-жаттығу. ■ «Далам – менің таусылмайтын байлығым...» деп басталатын еркін пікір жазыңдар.



Қазақ ұланы! Сен – дала перзенті, қазақ даласының перзентісің! Дала – біздің жүрегімізден орын алған қасиетті атау! Біз – Ұлы Дала перзенттеріміз. Көгінде қалықтаған қыраны, еркелеген елігі, үлбіреген гүлі, жұпар иісті жусаны, саф ауа, салқын самалы – бәрі-бәрі біз үшін аса қасиетті... Ғасырлардың тарихын бауырына басып бүк түскен қарт даламызды құрметте! Дала – біздің тарихымыз...

Аралас құрмалас сөйлем



Салалас пен сабақтас құрмаластың кемінде үш сөйлемнен құрмаласа келіп, күрделі ой білдірудің тағы бір тәсілі ретінде көрініс беретінінен сен хабардарсың... Енді сол аралас сөйлемге арнайы тоқталайық...

Құрамындағы жай сөйлем сыңарлары сабақтасып та, салаласып та байланысып келетін құрмаластың түрі – **аралас құрмалас сөйлем**.

Кемінде үш жай сөйлемнен болатын аралас құрмаластың құрамындағы сөйлемдердің орналасуын мысал келтіре отырып түсіндірейік.

Бағыныңқы	Басыңқы	Басыңқы
<i>Бәріміз бір кісідей жиналып,</i>	<i>білетімізді ортаға салдық,</i>	<i>алайда Сержан сыр бөліспеді.</i>
<i>Баяндауышы тиянақсыз сөйлем аралас құрмаластың алғашқы сыңары боп тұр.</i>		

Басыңқы	Бағыныңқы	Басыңқы
<i>Жасын өлең оқып тұр екен,</i>	<i>жанары жарқ-жұрқ етіп,</i>	<i>тыңдағанды баурап барады.</i>
<i>Баяндауышы тиянақсыз сөйлем аралас құрмаластың басыңқы сыңарларының ортасында келіп тұр.</i>		

Аралас құрмаластың төрт жай сөйлемнен де құрмаласып жасалатын түрі де кездеседі. Мұнда сөйлем иесінің қолдануына қарай (екі бағыныңқы, екі басыңқы) жай сөйлемдер өртүрлі тәртіпте орналасады.

<i>Ол жымып,</i>	<i>жүрекжарды алғысын білдірді,</i>	<i>өзін әлі ешкім құттықтамағанын айтып,</i>	<i>шын ниетімен ағынан жарылды.</i>
1. Бағыныңқы	басыңқы	бағыныңқы	басыңқы

<i>Жанар сөйлей кірді,</i>	<i>әр сөзінен ақ пейілі танылып,</i>	<i>жүзінен мейірім мен шуақ есіп,</i>	<i>ауылдың дархан көңілін де ала кірді.</i>
2. Басыңқы	бағыныңқы	бағыныңқы	басыңқы

<i>Асығыс адымдап келе жатып,</i>	<i>ойына әлдене түскендей тұра қалып,</i>	<i>кілт бұрылып жүгіре жөнелді,</i>	<i>шалшық суды кешіп кетіп барады.</i>
3. Бағыныңқы	бағыныңқы	басыңқы	басыңқы

337-жаттығу. ▲ Мәтіндегі аралас құрмалас сөйлемдер мен көп бағыныңқылы сабақтастарды ажыратыңдар. Аралас құрмалас сөйлемдерді көшіріп жазып, қалай жасалып тұрғанын сызба арқылы түсіндіріңдер.

Биылғы қыс естен кетпестей қатты жұтатқанымен, жыл келген соң, Қонжанның қары бедірейіп жатып алмады... Желдікезеңнің желі басылып, адыр-қырқалар мен бел-белеске қою тұман шөкті. Былтырғы ақселеу түбірлерін дымқыл ылғал жауып, шоқылар мен жылғалар ақшыл мұнарға бөленіп, байтақ далаға көгілдір көктем қонды. Өзен суы бусанып, үстіндегі қары кеткен жіңішке қара жолдар мен су жиналған шұқанақтарды аралап, өткен жылы қоға мен қамыс өскен ойпаттарға сүңгілеп, сабалақ сары шалғын арасында ирелеңдеп жатыр...

Жануардың жарым денесі суда жатқандықтан, әлі иістенбепті, ет-терісі де қаз-қалпында. Қыстыгүні осы арада әңірейген мұз кеуек бар екенін ол өзі де көзімен көрген, ақыры ажалы осы арада жетіп, құла бие соған түсіп өліпті. Малдың басы игілікке бұйырғанды ырымдайтын қазақтар мал арам өлсе, ұры-қары әкетсе, оны онша жақсылыққа жорымайтын. Биылғы жұтта жылқыдағы шығынның мол болғанын Мәдияр іштей құла биенің жоғалғанына жорып жүрген.

(Т.Рыскелдиев)

338-жаттығу. ▲ Бір күнгі іс-әрекет, күнделікті жайлар немесе бастан кешкен оқиғаны аралас құрмалас сөйлемдермен жазып шық.

339-жаттығу. ▲ Мәтінмен танысып, құрмалас сөйлемдердің түрлерін анықтап, қалай жасалып тұрғанын түсіндіріңдер.

Менің ойнап берген музыкамының орындалуына таң қалғандары соншалық – қатты ризалық білдіріп, көпке дейін қол шапалақтап, қайта шақырып, бірдеңелерді айтып айқайлап, сахнадан жібермей қойды. Олар үшін мұның өзі үлкен жаңалық болып табылатынын мен жаңа түсіндім: өйткені қайдағы бір жабайы азиат саналатын елдің адамының алыс түкпірдегі Еуропа музыкасын соншалық шабытпен, асқан шеберлік танытып орындап бергеніне сенулерінің өзі қиын еді.

Ендігі жерде өзім скрипкаға арнап өңдеген қазақтың халық әні «Елім-айды» орындадым. Тыңда, Еуропа, тыңда, Германия, барлығың да тыңда, менің бәрінен артық көретін елімді тыңда, қазақтың халық әні «Елім-айды» тыңда!.. Ақырғы қайырмасын қайталап тартарда, залға көз салып едім, көпшіліктің маған аянышпен қарап, мені түсініп, жанашырлық танытып отырғандарын сезгендей болдым.

*(Ә.Толғанбаев,
неміс тұтқынында болған ардагер-скрипкашы)*

340-жаттығу. ■ Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Егер аралас құрмалас:
 - а) үш жай сөйлемнен құрмаласса, қалай орналасады?
 - ә) төрт жай сөйлемнен құрмаласса, қалай орналасады?
 - б) аралас құрмалас сөйлемнің құрамында кемінде неше жай сөйлем болу керек? Себебі?
2. Төмендегі құрмалас сөйлемде неше жай сөйлем бар? Олар қалай құрмаласқан? Сөйлем мүшелеріне талдап айтыңдар.

*Ұядай жылы үй ішін азынаған ызғырыққа толтыр-
гандай екеуі талай рет қабақ шытысты, бірін-бірі көрер
көзге бейкүнә жәбірлеп, біріне-бірі ап-ашық айыптар
тақты. (Ш.Айтматов)*

Аралас құрмалас сөйлемнің жасалуы

Аралас құрмалас сөйлемдер құрмалас сөйлемдердің үшінші түрі боп көрсетілгенімен, жасалу жолы жағынан келгенде құрмаластың ерекше түрі боп саналмайды. Себебі оның өзіне тән арнайы амал-тәсілдері болмайды, мұндағы құрмаласу сабақтас пен салаластың байланысу амалдарының қабаттаса келу нәтижесінде жүзеге асады.

Аралас құрмалас сөйлемнің негізгі белгілері:

1. Аралас құрмалас сөйлем білдіретін ой салалас пен сабақтастағы ойдан күрделірек болады.
2. Аралас құрмалас салаласа да, сабақтаса да байланысқан кемінде үш не одан көп жай сөйлемнен тұрады.
3. Тыныс белгілерінде салалас пен сабақтасқа қатысты тыныс белгілері сақталады.
4. Құрамында шылаулы да, шылаусыз да (жалғаулықты, жалғаулықсыз) сөйлемдер болады.

Шылаулы сөйлем	Шылаусыз сөйлем
Көптен бері жүздеспеген едім <i>әрі</i> кездестірудің сөті түспеген <i>соң</i> , бүгін жолықтырып қалам ба деп үміттеніп, осында келген жайым бар.	Төрт қыз қаумалап, бізге қарай беттеп келеді: қосетек көйлегінің етегі төгіліп, үкілі бөркі де өзіне тамаша жараса қалған.

341-жаттығу. ▲ Мәтіннен аралас құрмаластарды көшіріп жазып, жай сөйлемдерінің байланысу ретін, тәсілдерін анықтаңдар. I.Жансүгіровтің «Байқал» поэмасын оқып, оқиға желісімен салыстырыңдар.

Байқал мен Аңғара

Ертеде барлық Сібірді билеп-төстеп жүретін бір Байқал деген бай адам болыпты.

Байқалдың байлық, батырлық, ерлік, жақсылық қасиетіне қоса, қаһарлы, ашулы, ызғарлы сипаттары да болыпты. Байқалдың бір іске көңілі түспей, ашуы келсе, ол бетін түстікке бұрып қараса, барлық Сібірдің келбеті өзгере бастайды екен: күн өздігінен суытады, аспан түнеріп бұлттанып, бұлттар ерсілі-қарсылы көшіп, ызғарлы қар-жаңбыр жауып, жел соғып, теңіз

тулап жағаны соғып, орман да бойын жазып тік тұра алмай еңкейіп басын иіп мөліпті. Жер бар сырын ішіне тартып, тоңып қатып қалыпты. Жануарлар батырдың бұл қаһарына шыдамай, бойын көрсетпей, бас паналап көрінген ін-шұңқырға тығылыпты да, батырдың ашуының қайтуын күтіпті. Ал батырдың ашуы қайтса, бетін терістікке бұрғаны. Онда манағы құбылыстың бәрі өзгеріп, барлық Сібір жайбарақаттыққа айналып, барлық жаратылыс рақат табады екен. Байқалдың Зарлық деген жалғыз қызы бар екен. Ол қыз дүниеде теңдесі жоқ Аңғара деген батырға ғашық екен. Жастардың бұл сырын білсе, Байқал барлық Сібірді екінші түрге айналдырып жібереді, өйткені бір жорықта Аңғарамен кездесіп қалып, екеуі бірін-бірі көрместей болған екен.

(Аңыз-әңгіме)

342-жаттығу. ▲ География, биология пәндері оқулықтары мәтіндерінен жай сөйлемдерді құрмаластырып, аралас құрмаласқа мысалдар жазыңдар.

343-жаттығу. ▲ Төмендегі үлгіде өз мысалдарыңды жазыңдар.

1. Бағыныңқы сыңар → Бағыныңқы сыңар → Басыңқы сыңар (көп бағыныңқылы сабақтас)
2. Басыңқы сыңар → Бағыныңқы сыңар → Басыңқы сыңар (аралас құрмалас)
3. Бағыныңқы сыңар → Басыңқы сыңар → Басыңқы сыңар (аралас құрмалас)

344-жаттығу. ■ «Күрделі ойды жеткізу оңай ма?» тақырыбында шағын пікір жазыңдар.

Тіл білімінің тұлғалары

Т.Қордабаев
(1915–2000)

Төлеубай Рахымжанұлы Қордабаев – қазақ тілінің орфографиялық сөздігі мен түсіндірме сөздік авторларының бірі. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі, мақал-мәтел және поэзия синтаксисі, тіліміздің графикасы мен орфографиясы, лексикасы мен морфологиясы және әдеби тіл мен тіл мәдениеті, жалпы тіл білімі мәселелерін зерттеді.

Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері Салалас сөйлемнің тыныс белгілері



Зерделі жеткіншек! Сен тыныс белгілерінің тек сауаттылық үшін емес, ойды дұрыс жеткізе білу үшін де қажет екендігін бұрыннан білесің. Бірақ тыныс белгісін орынсыз, артық пайдалану да дұрыс емес. Сондықтан құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін танып-білудің маңызы зор. Ал сен қалай ойлайсың?

Құрмалас сөйлемнің жігіне қойылатын тыныс белгілер ойдың аражігін ажырату қызметін атқарады.

Салалас құрмаласқа қойылатын тыныс белгілері: үтір, қос нүкте, үтір мен сызықша, нүктелі үтір және сызықша. Сонымен пунктуация ережелеріне, яғни, олардың қандай жағдайда қолданылатынына назар аударайық.

Үтір қойылатын жағдайлар	
Ережелері	Мысалдары
1. Жалғаулық шылаулар арқылы құрмаласқан салаластың барлық түріне	<i>Бұл әрі оған серік болып барып абырой жинауды да, әрі өз туыстарын кездестіруді де көздеген еді.</i>
2. Жалғаулықсыз ыңғайлас салалас үтірмен бөлінеді	<i>Осыны байқаған Медет өз сөзін тез бітірді, шыдамы таусылған көпшілік сыртқа беттеді.</i>

Үтір қойылатын жағдайлар	
Ережелері	Мысалдары
3. Жалғаулықсыз себеп-салдар сала-ластың себеп мәнді сөйлемі бұрын орналасса, соңынан үтір қойылады	<i>Алыс ауылдағылар қонаққа шақырған, жайлы көлік іздеп жүрген жайы бар.</i>
4. Құрмаластың құрамындағы екі-үш немесе одан көп сұраулы сөйлемдердің арасына сұрау белгісі емес, үтір қойылады	<i>Олармен сөйлескісі келмеді ме, әлде айтатын сөзі болмады ма, жол бойы тіс жарып сөз сөйлемеді.</i>
5. Салаласқа енген жай сөйлемдер бірақ, өйткені, сондықтан, дегендей, әйтсе де, ал деген жалғаулықтармен байланысса, үтір олардың алдынан қойылады	<i>Олар бұның сөзіне құлақ аспаған еді, сондықтан айтқан сөзі далаға кетті. Еңбегім еш болды, ал Жанаттың керісінше жолы болды.</i>
6. Және жалғаулығы келгенде салаласқа енген жай сөйлемдер аралығына үтір қойылмайды	<i>Мен гүл теруге барамын және ауладағы ағаштарды суарамын.</i>

Қос нүкте қойылатын жағдайлар	
Ережелері	Мысалдары
1. Түсіндірмелі салаластың құрамындағы түсіндіріліп тұрған сөйлемнен кейін қос нүкте қойылады да, одан кейінгі түсінік боп тұрған сөйлемдердің арасына үтір қойылады	<i>Біз екіге жарылдық: бір жақ Ермакті қолдап жатты, екіншілері Жәкенге жақтасты. Әнді орындағандар екеу көрінеді: біреуі – көрші Әсеттің баласы, екіншісін онша танымадым.</i>
2. <i>Өйткені, себебі</i> сияқты жалғаулықтар түсіп қалып жасалған жай сөйлемдердің арасына қос нүкте қойылады	<i>Ауыл абыр-сабыр бола қалды: бір жағынан жарысқа қатысқан балалар оралды, ауыл балалары ары-бері шапқылап кетті.</i>

Үтір мен сызықша қойылатын жағдайлар	
Ережесі	Мысалы
Құрмаласқа енетін жай сөйлемдерді байланыстырып тұратын <i>бірақ, сонда да, алайда, дегенмен, сондықтан</i> деген жалғаулықтар түсіп қалып айтылғанда үтір мен сызықша қойылады	<i>Аяғы жоқ, – жүреді, аузы жоқ, – сөйлейді (жұмбақ). Үйде шешен – дауда жоқ (мақал). Ішімде ыза қайнады, – айтуға тілім жетпейді.</i>

Нүктелі үтір қойылатын жағдайлар	
Ережесі	Мысалы
Бастауыштары тұлғалас, мағына жағынан жақын, өзара теңдес боп келетін салалас құрамындағы жай сөйлемдер іштей нүктелі үтірмен ажыратылады	<i>Айжан жазғы демалыстың бар қызығын бастан кешірді; ауыл жанындағы өзенге түсті; өзен жағасындағы жеміс-жидекті армансыз терді; әжесінің бақшасын күтуге</i>

Нүктелі үтір қойылатын жағдайлар	
Ережесі	Мысалы
	<i>көмектесті; әжесімен бірге өз аты жазылған өрмекті тоқыды.</i>

Сызықша қойылатын жағдайлар	
Ережелері	Мысалдары
1. Түсіндірмелі салаластың бірінші сөйлеміндегі баяндауыш <i>сонда, сонша, соншалықты, сондай</i> деген сөздермен келген жағдайда	<i>Бұл жұмыстың қызығы да сонда – әр күн сайын ертеңгі күнде не жаңалық күтіп тұрғанын ойлайсың, ерекше ықыластана түсесің.</i>
2. Түсіндірмелі салаластың құрамындағы жай сөйлемдер арасына	<i>Төмендегідей екі пікір айтылды: біріншісі – балаңыздың талабына қолдау көрсету, екіншісі – оның өз ойын іске асыруына мүмкіндік берсек деген ұсыныс.</i>
3. Салаласқа енген сөйлемдегі әрекет шұғыл, мезгілі жағынан қас-қағым уақытта тез істелгенін білдіріп немесе бір сөйлемдегі оқиға екіншісіне қарсы қойылып айтылғанда араларына сызықша қойылады	<i>Айттым – айтқанымды істедім, көрдің – көңіліңдегіні айттың. Айттым – тілімді алмадың, сен өз дегеніңді жасадың – мен бұны қош көрмедім.</i>

345-жаттығу. ▲ Түсіп қалған тыныс белгілерін орнына қойып, түсіндіріп беріңдер.

Жазда атамның ауылына баратынымды естідім түк қуанбадым. Есімді білгелі шетелге шығып демалатынбыз анам мен әкем суреттерін көрсеткен жерден ұнатқанымызды таңдаймыз ол жер туралы қызық көріністері бар фильмдер қараймыз әкем қандай орындары бар екені жайында қандай атақты тұлғалар өмір сүргені туралы сол елдің тарихына қатысты оқиғаларды айтып беретін. Ауыл туралы аз естігенбіз, онда не қызық барын да білмейміз. Ержан оның кішкене ауыл екенін айтты онан адам не көрмек?

Әкем айтты шешім қабылданды. Анама ақырындап бармайтынымды айтып көрдім естігісі де келмеді. Түрлі түсті сурет орнына ақ-қара фотолар келді алдымызға. Әкем өзінің тайы болғанын айтып отыр ерекше жорға

болған екен талай жорға жарыста бөйге алған екен. Анам жолдас қыздарын көрсетеді белдерден бірге гүл теріпті алғаш ән сайысына қатысыпты тіпті ұялып ән айта алмай қалыпты сол құрбыларын көрмегелі жиі түсіне енеді екен.

Құдайым-ау сағынса өздері бара бермей ме?! Біз гүл теретін қыз ба екенбіз сағынса барып келсін деп ойладым мен.

Біз ауылдамыз. Ауыл өзен жағасында екен. Құлдырандай шапқылап келе жатқан құлынды көрдім қағып кете ме деген қорқыныш туды дереу машинаға қайтып оралдым. Әкем менің әрекетімді байқаған екен менің тартынғаныма қарамай жетелеп мал қораға беттеді ал қора жанында мен танымайтын ақсақал бетімізден сүйіп жатыр.

Елді жинап біздің құрметімізге қой сойылды. Бізге бөсіре атап құлындарымыздың құлағына ен салдырды сөйтіп күннен-күнге қызық көбейе берді...

...Біз Ержан екеуміз жаяу жарысқа қатысып жүлде ұтып алдық тіпті қызықтағанымыз сонша қалаға қайтқымыз да келмей қалды.

(Е.Қойшыбекұлы)

346-жаттығу. ▲ Төмендегі кесте бойынша әдеби мәтіндерден мысалдар тауып толтырыңдар.

Үтір қойылатын немесе қойылмайтын жағдайлар	Мысалдар
1. Жалғаулық шылаулар арқылы құрмаласқан салаластың түрлері	
2. Жалғаулықсыз ыңғайлас салаластар	
3. Жалғаулықсыз себеп-салдар салаластың себеп мәнді сөйлемі бұрын орналасқан сөйлемдер	
4. Құрамында екі-үш немесе одан көп сұраулы сөйлемдері бар құрмалас сөйлемдер	
5. Жай сөйлемдері бірақ, өйткені, сондықтан, дегендей, әйтсе де, ал деген жалғаулықтармен байланысқан салаластар	
6. Жай сөйлемдерінің аралығына және жалғаулығы келген салаластар	

347-жаттығу. ▲ Аралас құрмалас сөйлемнің басқа құрмалас сөйлемдерден ерекшелігі неде? Топтарда талқылап, мысал келтіріп, дәлелдеңдер.

348-жаттығу. ■ «Көңіліміздегі түрлі ойлар» тақырыбында шағын пікір жазып, сыңарларының арасына қос нүкте, нүктелі үтір, сызықша қойылған құрмалас түрлеріне мысалдар келтіріңдер.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері

Сабақтас құрмалас сөйлемге қойылатын тыныс белгілері: үтір, сызықша.

Тыныс белгі қойылатын жағдайлар	
Ережелері	Мысалдары
Сабақтастың құрамындағы жай сөйлемдер арасына, негізінен, үтір қойылады.	<i>Үсен үйге ентіге кіріп, болған оқиғаны хабарлап жатыр.</i>
Шартты бағыныңқылы сабақтастардың баяндауышы шартты райдан жасалса, болмаса басыңқыдағы оқиға шұғыл әрекетті білдірсе, сызықша қойылады.	<i>Тұжырымды ойын түйдектей сөйлесе – сөзі оттай жандырады. Күн көзіне бір іліксе – көк шалғын бірден бой көтере жөнеледі.</i>

349-жаттығу. ▲ Үлгіні негізге ала отырып, сабақтас құрмаластарды талдаңдар.

Үлгі:

Берілген мысал	Мазмұны	Тұрлаулы мүшелер	Құрмаласу тәсілі
<i>Бұдан кейін ол қалаға барып, екі жыл медреседе оқиды.</i>	Екі ой бірігіп, бір күрделі ойды білдіруде	Екі бастауыш (екіншісі жасырын тұр), екі баяндауыш	Бірінші жай сөйлемнің баяндауышы көсемше тұлғада келіп, сабақтаса бағынып байланысқан

Алайда ол осы жолында Аягөзде болып, Қозы Көрпеш-Баян сұлу бейітін қалайда көруі керек болды. Ол бір кезде әлдеқандай шеберлердің қолымен соғылып, әсем ескерткіш болған. Күмбездің сырты көнергенімен, арманда кеткен арыстай жігіт Қозы мен ару қыз Баян әулеттен-әулетке жаңарып жетеді.

(С.Бегалин)

350-жаттығу. ▲ Әдебиет оқулығы мәтіндерінен сабақтас құрмаластарды тауып, көшіріп, тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіріңдер.

351-жаттығу. ▲ Топтарға бөлініп, сабақтас құрмалас сөйлемдерге байланысты (сұрақ, талдау, сөзжұмбақ) тапсырмалар даярлап, алмасыңдар. Жауапты жазбаша түрде беріңдер.

352-жаттығу. ■ «Сабақтас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері» тақырыбында еркін пікір жазыңдар.

Аралас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері

Аралас құрмалас сөйлемдер арасына қойылатын тыныс белгілері құрамындағы салаласа, сабақтаса байланысқан жай сөйлемдерге қойылатын тыныс белгілерден тұрады.

Тыныс белгісі қойылатын жағдайлар	
Ережелері	Мысалдар
1. Көп жағдайда аралас құрмаластар үтірмен ажыратылады.	<i>Бөкениші тобы келген соң, Бөжей лезде кісі жіберді де, жақын жердегі Байдалы мен Түсіпті шақырып алды.</i>
2. Араластың құрамында қарсылық мәнді жай сөйлемдер болса, ол басқаларынан үтір және сызықша арқылы ажыратылады.	<i>Қарсылық білдірмек боп көтеріле беріп еді, – әкесінің ызғарлы қабағына көзі түсіп, батылы жетпей, сылқ етіп отыра кетті.</i>
3. Араластардың құрамында түсіндірмелі мәнді немесе себеп мәнді сөйлемдер болса, не қос нүкте, не сызықша қойылады.	<i>Ол арқаланып кетті: елдің ұрандағанына елтіп, өлең жолдарын төгіп-төгіп жіберді. Армандап кеткені сонша – көзін жұмған күйі қолын жайып, өзін ұшып бара жатқандай сезінді.</i>
4. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің ішінде келсе, үтір екі жағынан қойылады. Аралас құрмалас сияқты болып көрінгенімен, бұл – сабақтас сөйлем.	<i>Қиссаны оқудан, тыңдаушыларым кейде бірінен соң бірін айтқыза берсе, жалығып та кетем.</i>

353-жаттығу. ▲ Кестеде берілген аралас құрмаластарға мысал келтіріңдер.

Аралас құрмалас сөйлемдер	Мысалдар
Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің ішінде келген аралас құрмалас сөйлем	
Үтір және сызықша арқылы ажыратылатын қарсылық мәнді жай сөйлемдері бар аралас құрмалас сөйлем	
Түсіндірмелі мәнді немесе себеп мәнді сөйлемдері бар, не қос нүкте, не сызықша қойылатын аралас құрмалас сөйлем	
Үтірмен ажыратылған аралас құрмалас сөйлем	

354-жаттығу. ▲ Төмендегі құрмалас сөйлемдердің жасалу жолын талдап, сызбасын жасап, түрлерін анықтаңдар.

1. Бастаған балаға еріп, қора-қопсысы шағындау үйдің шарбағына кірсем, қаракөлеңке шақта кішірек бойлы, сақалды әлдекім сыпырып жүр екен, қасында шамасы жеті-сегіз жастағы еркек бала ойнап жүр. *(С.Мұқанов)*

2. Қалтай мырзасының не ойлайтынын білсе де, ерте күннен жалтаң болып өскендіктен, ашуланып қала ма деп қорғалақтап, жанын ауыртатын сөздерді бұндай күйде айтпайтын. *(М.Әуезов)*

355-жаттығу. ▲ Құрмалас сөйлемдерге 5 мысал келтіріңдер. Өз мысалдарыңды төмендегі сұрақтар бойынша талдап, түсіндіріп беріңдер.

1. Келтірілген мысал құрмаластың қай түріне жатады? Дәлелде.

2. Неше жай сөйлемнен құралған? Жеке-жеке бөліп көрсет.

3. Мұндағы жай сөйлемдер бір-бірімен қалай байланысқан?

356-жаттығу. ■ «Аралас құрмалас сөйлем туралы не білдік» тақырыбында эссе жазыңдар.

Тілтаным

Құрмалас сөйлемдерді оларға ұқсас тұлғалардан ажырата біліп, тыныс белгісінің қойылуына назар аудар.

Тыныс белгі қойылады	Тыныс белгі қойылмайды
Құрмалас сөйлемдердің құрамындағы бағыныңқы сөйлемнің баяндауышынан кейін үтір қойылады	Тұлғасы жағынан бағыныңқы сөйлемнің баяндауышына ұқсас сөздері бар сөйлемнің бәрі құрмалас емес, үтір қойылмайды
<i>Сенген адаммы сен болсаң, өзгеге қалай өкпе артамын. Той болса, барғанға не жетсін?! Жаңалық болса, менімен дереу хабарлас.</i>	<i>Болса</i> деген сөзбен келетін күрделі бастауышты, күрделі анықтауышты сөйлемдер: <i>Әсет болса құлкіден жарылғалы тұр</i> (күрделі бастауыш). <i>Оның болса күлуге мүшасы жоқ</i> (күрделі анықтауыш).
<i>Сезім болмаса, мұндай ғажап ән туар ма еді? Кітап болмаса, онда альбом сатып ал.</i>	<i>Болмаса</i> шылауымен келген сөйлемдер: <i>Кітап болмаса альбом қарай тұр. Бүгін болмаса ертең сәті түсер</i>
<i>Машина қатты жүргендіктен, айтылған уақыттан ерте жеттік.</i>	Себеп-салдар пысықтауыш (сөйлем мүшесі): <i>Қатты жүргендіктен шаршады.</i>
<i>Жер жұмсарған көктем айлары туа, біз осы жобаға кіріспек болып келістік. Бірбіріне қосақтасып байлана, жарысқандардың алды межеге жетті.</i>	Тұлғасы жағынан бағыныңқы сөйлемге ұқсас (<i>ай туа, ымырт үйіріле, күн шыға, т.б.</i>) тіркестер: <i>Таң ата үйге жеттік. Көз байлана ауылға ат басын тіредік.</i>
<i>Ортекедей орғып, тастардан жеңіл секіріп өтіп келе жатқан Ардақ соңғы кедергіге келіп жетіп, алынбас қамал көргендей кілт тоқтады.</i>	Күрделі, жайылма және көбіне есімшемен бітетін анықтауыштарды айтқанда дауыс кідіреді (тыныс белгісі қойылмайды): <i>Ортекедей орғып, тастардан жеңіл секіріп өтіп келе жатқан Ардақ келесі кедергіні көргенде кілт тоқтады.</i>
<i>Оны жақсы көретіні соншалықты – кездескенде ыстық ықыласпен мейірімін төгеді.</i>	Сөйлем ішінде келген <i>сонда, сонша, соншалықты, сондай, сол, мынау, мынадай, себебі</i> деген сөздер жай сөйлем құрамында қолданылады: <i>Оны соншалықты жақсы көресің бе? Сонда ол бізді қолдайды. Мұның себебі бәрімізге мәлім.</i>

Көне түркі жазбаларындағы құрмалас сөйлемдердің берілу жайы

Құрмалас сөйлемдер – ғасырлар бойы қалыптасып дамып келген, күрделі ойды білдіретін синтаксистің күрделі саласының бірі.

Көне жазба ескерткіштер тілінде күрделі ойды білдіретін, мағыналары бір-біріне жақын, өзара байланысты жай сөйлемдер арқылы тіркескен құрмалас сөйлемдер де кездеседі. Олар мағынасына қарай, дәл қазақ тіліндегідей, салалас, сабақтас және аралас болып үш салаға бөлінеді.

- Ертіс угузіг кечігсізін кечдіміз, тун қатдымыз – Ертіс өзенін өткелсіз өттік, түн қаттық (салалас құрмалас).
- Култегін йоқ ерсер, көп өлтечи ертіміз – Күлтегін жоқ болса, көп өлуші едік (сабақтас құрмалас).
- Суңуғ батымы қарығ сөкіпен, Көгмен йышығ йоруп, қырқыз будунығ уда басдымыз – Сүңгі батым қарды тазалап, Көгмен тауын аса жүріп, қырғыз халқын ұйқыда бастық (аралас құрмалас).

Тіл білімінің тұлғалары

С.Аманжолов (1903–1958)

Филология ғылымының докторы, профессор Сәрсен Аманжолов 1903 жылы 27 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Егінсу деген жерінде дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері.

1920 жылы Семейдегі 2 жылдық педагогикалық курсты бітірді.

1930 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің Шығыс факультетін бітіріп, сол жердегі аспирантурада оқыды. 1931 жылдан Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында қазақ тілі кафедрасында жұмыс істеген.



Қазақ тілі синтаксисі, диалектология, әдеби тіл салаларында, әдістеме мәселелері жөнінде көп еңбектеніп, мол мұра қалдырған білікті ғалым.

С.Аманжолов – «Қазақ тілі» оқулығының авторы.

Ойтұжырым

Үш топқа бөлініп, «Салалас құрмаластың түрлері», «Сабақтас құрмаластың түрлері», «Құрмаластың тыныс белгілері» тақырыбында жоба жасап, қорытындысында «Құрмалас сөйлем және оның тыныс белгілері тақырыбында тұжырымдамалық кесте жасаңдар.

Төл сөз бен төлеу сөз



Зерек жас! Төл сөз, төлеу сөзді жақынырақ зерделеп танысатын уақыт келді. Ендеше төл сөздер мен төлеу сөздерді қолдану тәртібімен танысуды бастайық, ынталы да талапты жеткіншек!

Адам сөйлегенде немесе жазғанда ой мазмұнына орай белгілі бір тұлғалардың сөздерін келтіріп, өз пікірлерін дәйектейді. Кейде белгілі бір кісінің айтқан сөзінің жалпы түсінігін, жобасын өзгертіп жеткізсе, кейде еш өзгеріссіз, нақты айтылған күйінде келтіреді. Біреудің сөзі екі түрлі жолмен беріледі:

1. Айтылған күйінде өзгеріссіз жеткізіледі (**төл сөз**);
2. Айтушының тарапынан өзгеріске ұшырап, тек мазмұны сақталып жеткізіледі (**төлеу сөз**).

Оларды жеткізіп отырған адамның көзқарасын, жанама пікірін біз **автор сөзі** ретінде қабылдаймыз.

Төл сөз	Автор сөзі	Төлеу сөз
Сөйлеушінің біреудің сөзін бұлжытпай, еш өзгеріс жасамай, үтір, нүктесіне дейін сол күйінде қолдануы	Осы екеуін де басқаға жеткізіп, түсіндіріп беретін сөз	Сөйлеушінің өз сөзінің ішінде басқаның сөзін өзгертіп, жалпы мазмұнын ғана сақтап айтуы

Төл сөз	Автор сөзі	Төлеу сөз
«Абай – қазақ елінің мақтанышы, елдің қазақы келбетін танытатын ірі тұлғасы», –	<i>деп толғана сөз бастады ұстазымыз.</i>	<i>Ұстазымыз Абайдың ұлы ақын екендігі туралы және елдің ұлттық келбетін танытатын ірі тұлғасы екендігі жайлы айтты.</i>

357-жаттығу. ▲ Нақыл сөздерді және олардың авторларының аты-жөнін кірістіріп, төл сөз бен автор сөзіне, төлеу сөзге айналдырып жазыңдар.

Абай – өзін-өзі өлеңімен жұбатқан жан.

(Ш.Құдайбердіұлы)

Жомарт бол! Жомарттық сені сүйкімді етеді.

(А.Иүгінеки)

Адам бақытты болуға тиісті, егер бағы жанбаса, сол адамның тек өзі ғана кінәлі.

(Л.Толстой)

Өмір – теңіз, онда жүзем деменіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз.

(Рудаки)

358-жаттығу. ▲ Төл сөзді төлеу сөзге айналдырыңдар.

1. Абай өз ішінен: «Сүйіндік ауылы сыртқа кетіп қалады, жеткізбей ұзап кетеді-ау», – деп тынышсызданып еді. *(М.Әуезов)*

2. Әл-Фараби былай деп жазған: «Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты».

359-жаттығу. ▲ Мақал-мәтелдерді қатыстыра отырып, 5 төл сөз, 5 төлеу сөз жазыңдар.

360-жаттығу. ■ «Сөз арасында афоризмдер қолдану мәдениеті» тақырыбында пікір алмасыңдар.

361-жаттығу. ▲ Кестемен жұмыс жасаңдар. Әдеби шығармадан немесе өз ойларыңнан бірнеше мысал келтіріңдер.

Төл сөз	Төлеу сөз	Автор сөзі

362-жаттығу. ▲ Тұрақты сөз тіркестерін қатыстыра отырып, төл сөз бен төлеу сөз құраңдар.

363-жаттығу. ▲ Төл сөз бен төлеу сөзге байланысты сұрақ-тапсырмалар даярлап, топ арасында білім бекіту байқауын ұйымдастырыңдыр.

364-жаттығу. ■ Өлең мәтініне орай өздеріңнің төл сөз бен автор сөзіне байланысты шығармашылық жұмыстарыңды (сөзжұмбақ, шағын шығарма, өлең, жұмбақ, т.б.) ұсыныңдар.

Сыныпта үлкен талас болды:

Сыныптың үздігі Жанат пен

Талантты мақтанышымыз Серік таласып қалды.

Сынып оларды жақтасып, тіпті екіге бөлініп алды.

Алдымен Жанат:

– Егер тұрсаңдар аңдап,

Жан-жағынан барлап қарап,

Біздің сөзіміздің бәрі – төл сөз, – деді де,

Асыға сөзін жалғады ентіге:

– Сабақты айтып тұрғанда,

Айтылған әр сөйлемнің төл ойымыз екені анық,

Осыны қойыңдар танып, – деп тоқтады.

Серік енді сөз алды:

– Меніңше, біздің айтқанымыздың бәрі төл сөз емес,

Қай сөзімізді тыңдаған ел жаттап айтып жүр?

Қайта естіген сайын мың түзетеді,

Тіпті кей сөзіміз айтқан сайын кері кетеді, – деп бір қойды.

– Төл сөз болу үшін, айтқанымыз тағылымды сөз болуы керек,

Естіген жанның көңілі шалқып,
 Ойдың уыз-нәріне көңілі толуы керек.
 Сыныптастар достарын қостап жатыр,
 Өзің қай пікірге қосыласың, батыр?..

(А.Әзімшайық)

Төл сөз бен автор сөзі



Сөйлеушінің біреудің айтқан сөзін бұлжытпай, сол күйінде жеткізе отырып, соған байланысты өз сөзін, көзқарасын беруі төл сөз бен автор сөзі боп бөлінетінін сен жақсы білесің. Енді жасалу жолы мен орналасу тәртібіне назар аудар!

Төл сөз бен автор сөзінің байланысуы	Мысалдар
Төл сөз бен автор сөзі <i>де</i> көмекші етістігі арқылы байланысады.	<i>Ажар: «Көңіліміз кешеден бері толқып отыр: өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді, баламыз аман-есен боп шықты», – деп көз жасын сұртті.</i>
<i>де</i> көмекші етістігі үнемі автор сөзінің құрамында болады.	<i>«Мұныңыз ойлаған қастығыңыз ба, әлде өмірде болатын жайды ескерткен достығыңыз ба? – деді де, сосын іштей сап еткен ойын жарыққа шығарып: – өресіздік таныттыңыз, бұл қылығыңызды түсіне алмадым», – дей жаздады да, өзін тежеп қалды.</i>
<i>деп, дейді, деді, деген, деген екен, деген болатын, дей жаздады, деп салды, деген-дей</i> , т.б. тұлғаларда тұрып қолданылады.	

Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібіне назар аударындар.

Төл сөздің құрылысы		Мысалдары
«Төл сөз», – автор сөзі.	Төл сөз автор сөзінің алдынан келеді	<i>«Не болды сонша килігіп, баса-жаншып көргенсіздік танытқаны несі?» – деп ойлады Арман.</i>
Автор сөзі: «Төл сөз». (?)	Төл сөз автор сөзінің соңынан келеді	<i>Әжем былай деді: «Шырағым, атаның баласы болу оңай ғой, адамның баласы болуды айтсаңшы, айтқан әр сөзің мен атқарған абыройлы ісіңнің бағасы дұрыс болсын!»</i>
Автор сөзі: «Төл сөз», – автор сөзі.	Төл сөз автор сөзінің ортасында келеді	<i>Ермек: «Мерекемен құттықтауға келіп, мерейім үстем болып, қуанышты хабар естідім», – деді көңілі тасып.</i>

Төл сөздің құрылысы		Мысалдары
«Төл сөз, – автор сөзі, – төл сөз».	Төл сөз автор сөзінің екі жағынан келеді	«Ұстазға өз ойымызды айттық, – деді Анар, – сөзімізді тыңдап, қолдау білдіргені бізді қатты қуантты».

Есте сақта!



Талапты шәкірт! Көзбен көріп, көңілге түю – нәтижелі қадам. Олай болса, төл сөздің автор сөзімен орын алмасып келетін сызбасына назар аудар.

1. «Білім мен ізгілік қана мұратқа жеткізеді, – деп ой толғаған Жүсіп Баласағұн. Сызбасы: «Төл сөз», – автор сөзі.	3. Жүсіп Баласағұн: «Білім мен ізгілік қана мұратқа жеткізеді, – деп ой толғаған. Сызбасы: Автор сөзі: «Төл сөз», – автор сөзі.
2. Жүсіп Баласағұн былай деп ой толғаған: <i>Білім мен ізгілік қана мұратқа жеткізеді».</i> Сызбасы: Автор сөзі: «Төл сөз».	4. «Білім мен ізгілік қана, – деп ой толғаған Жүсіп Баласағұн, – мұратқа жеткізеді». Сызбасы: «Төл сөз», – автор сөзі, – төл сөз».

365-жаттығу. ▲ «Күнделікті оқиғалар» тақырыбында төл сөз бен автор сөзіне мысал болатын шағын мәтін құраңдар.

366-жаттығу. ▲ Төлеу сөздерді төл сөзге айналдырыңдар.

1. Халық даналығында тіл өнерінің дертпен тең екені айтылады. 2. Бабаларымыз қыз өссе елдің көркі екенін тілге тиек еткен. 3. Халқымыз атты ер қанаты деп таныған екен. 4. Ұлы Абай адам баласына адам баласының бөрінің дос екенін айтты. 5. Хан әділ болса, халықтың ынтымақты болатынын кезінде Майқы би бабамыз айтып кеткен. 6. Құран Кәрімнің өзінде ғалымдардың қоғамның шамшырағы екенін атап көрсеткен.

367-жаттығу. ▲ Мәтінді оқыңдар, төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібін анықтаңдар. Ертегіні аяқтау үшін өз нұсқаларыңды ұсыныңдар.

– Е-е! Жаман бала болмасаң етті! Бұзақының тірлігі ғой мынауың, – деп, әжем қолымнан ұстай алды. – Қарлығашқа неге тиесің? Бұл киелі құс екенін, адамның досы екенін білмеуші ме ең, сен бейбақ? Балапанын емін-еркін ұшырып, бақытын тапқанша бұл құс менің үйімнің төріндегі ең қадірлі қонағым ғой... Қонағымға қол көтергенің – мені де сыйламағаның емес пе, шұнағым, – деп ұялтып тастады.

Қыздар мені мұқатқанына мәз болып күліседі. Сонда әжем мені бауырына тартып, маңдайымнан иіскеп былай деп еді:

– Қоя ғой, құлыным. Кел, алдыма отыршы, мен саған қарлығаштың құйрығы неге айыр болғанын, масаның тілі неге жоқ екенін айтып берейін.

Мен қуанып кеттім. Өйткені әжемнің әңгімесі ерекше баурап, жанымызды жайлап алатын.

– Ұлы патша Сүлеймен деген өтіпті баяғыда. Ақылы асқан, жер бетінде де, су астында да, аспан әлемінде де әділдігімен әйгілі екен. Патша барлық жан-жануардың, құрт-құмырсқа, бақа-шаянның, балықтың тілін біліпті. Күндердің күнінде патшалығына жау шауып, әлек салғанда жау бетін у себелеп қайтарған жылан екен. Бұл баға жетпес ерлікке риза болған Сүлеймен патша жыланға:

– Қалауыңды айт, не тілесек, соны берем, – депті.

– О, ұлы патшам, – депті жылан үш оралып жатқан күйінде басын қаздитып, – жалғыз-ақ тілегім бар. Мен және менің ұрпақтарым жер бетінде ең тәтті қанды сорып өтсе деп тілеймін...

Сүлеймен біраз ойланып қалыпты. Алайда хан сөзі қашан да біреу емес пе?!

(Б.Момышұлы)

368-жаттығу. ■ «Диалог. Төл сөз бен автор сөзінің көрінісі» тақырыбында пікір алмасындар.

369-жаттығу. ▲ Берілген мақал-мәтелдерді қолдана отырып, төл сөз және төлеу сөз құрастырындар.

Сыпайы сырын жасырмайды. Күлме досқа, келер басқа.
Ақылдының алдымен жүр, ақымақтың артымен жүр.
Жүргенге жөргем ілінеді. Кең болсаң, кем болмайсың.
Ашу тұрған жерде ақыл тұрмас.

370-жаттығу. ▲ Төл сөз бен автор сөзінің байланысуын талдап, төл сөз бен автор сөзінің құрылысын сызба түрінде көрсетіндер.

1. Себебі ол: «Аз уақытта мен бұларды түзей алмаспын, онан да бұларға хилаф келмей, өйтіп-бүйтіп қаражат жинап алайын», – деп ойлады. (*М.Дулатов*) 2. «Сол Амантайға хабар айтсам қайтеді? – деп ойлады Бүркітбай. – Онда менен сезіктенбейді...» (*С.Мұқанов*) 3. – Сіз кімнің үйін іздеп жүрсіз? – деді ол аздап шошынып қалғанын да жасыра алмай. (*Д.Исабеков*) 4. Сонда Бала бидің өзі шешіп берген екен:

– Жерден ауыр дегенім – ақыл-білім.

Судан терең дегенім – оқу-ғылым. (*«Ел аузынан»*)

371-жаттығу. ■ Айтылатын ойды жалғастырындар.

Мен: «Білімнің кілті – ізденісте!» – деп ойлаймын...

Төл сөздің тыныс белгілері



Төл сөздің тыныс белгілерін білмей, ажырата алмай талай қателік жіберген кездерің болған шығар? Болашақта кемшілік болмауы үшін тақырыпқа зейін қойып, жадына тоқы.

Төл сөздің жазылуы	
Төл сөзді (тырнақшаға алып) мәтін ішінде бөлмей, азатжолсыз қолдану	Төл сөзді азатжолмен бөліп тастау (сызықша арқылы жазу)
« <i>Бүгінгі әрекетің сүйсіне айта-тын оқиға болды, жүрген жерімде жалықпай жырлап жүрермін</i> », – деді жолаушы ризашылықпен.	Жолаушы ризашылықпен былай деді: – <i>Бүгінгі әрекетің сүйсіне айта-тын оқиға болды, жүрген жерімде жалықпай жырлап жүрермін.</i>

Тыныс белгілердің қойылуы төмендегідей:

Тыныс белгілерінің қойылуы	Мысалы
1. Төл сөз автор сөзінен бұрын орналасса, төл сөз тырнақшаға алынады (сызықша қойылады,) төл сөз бас әріптен бастап жазылады, төл сөздің соңына тиісті тыныс белгілері қойылады.	« <i>Бір көргеннен сездім, тамаша жан екені жүзінде тұр екен</i> », – деді Жамал.
2. Автор сөзі төл сөзден бұрын келсе, автор сөзінен кейін қос нүкте қойылып, төл сөз тырнақшаға алынады (немесе сызықша арқылы жазылады). Сөйлем соңына мағынасына қарай тиісті тыныс белгісі (?!) қойылады.	<i>Сәуле жалт қарап, сәл үнсіздіктен кейін былай деді: «Бірден біліп кету мүмкін деп ойламайтын едім, сен асығыстау айтып тұрған жоқсың ба, Жамалжан?»</i>
3. Автор сөзі төл сөздің арасына орналасса, автор сөзінің екі жағынан да үтір және сызықша қойылады, мұндайда төл сөздің екінші бөлігі кіші әріппен басталады.	« <i>Сәуле, сенің сақтықпен қарайтының таңдандырады, – деді Жамал ренжи, – қашанғы елдерге күдікпен қарауымыз керек?»</i>
4. Төл сөздің соңғы бөлігі дербес сөйлем болып бас әріптен жазылса, автор сөзінің алдынан үтір мен сызықша (немесе сұрау я леп белгісі мен сызықша) қойылып, автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша қойылады	– <i>Менікі ескерту ғана, – деді Сәуле құрбысының ренжігенін көріп. – Әрине, сенің де жүрегіңмен жақсыны сезінетіңе шүбәм жоқ.</i>
5. Төл сөз автор сөзінің ортасында келсе, алдыңғы автор сөзінен кейін қос нүкте қойылып, төл сөз тырнақшаға алынады (немесе сызықша арқылы жазылады). Сөйлем соңына мағынасына қарай тиісті тыныс белгісі (?!) қойылады. Автор сөзінің соңғы бөлігінің алдынан сызықша келеді, соңынан нүкте қойылады.	<i>Реніші айығып кеткен Жамал: «Е, солай десеңші, менің пікіріммен де санасу қажет қой», – деп көтеріліп қалды.</i>

372-жаттығу. ▲ Мәтін негізінде төл сөз бен автор сөзіне мысал құрап жазындар. Тыныс белгілерінің қойылуына көңіл бөліңдер.

1. Ең көп қолданылатын қай тіл? Ағылшын тілі көптеген елдерде қолданылғанымен, адамдардың басым бөлігі өзге тілдерге қарағанда қытай немесе мандарин тілінде сөйлейді екен. Ағылшын тілі барлық континентке таралған. Тілдер қолданыс аясына және жаңа сөздермен толығуына қарай өзгереді және дамиды. Егер тіл қолданылмаса, онда өлгені. Ежелгі римдіктердің тілі – латын тілі сирек қолданылатынына қарамастан адамдар үйреніп, сол тілде жазылған кітаптарды жалғастыруда. Тіл алғашында қарапайым дыбыстардан өте баяу дамыған. Өртүрлі тілдер ұдайы қолданылу барысында және жергілікті диалект ықпалымен өзгереді.

2. Теңіз итінде неге сүйек болмайды? Теңіз иті – акуланың ұсақ түрі; ал барлық акулалардың қаңқасы шеміршектен тұратыны мәлім. Шеміршек сүйекке ұқсағанымен, майысқақ келеді және қатты емес. Акулалардың терісі өте қатты, сипасаң, зімпара қағаз сияқты. Олардың сүйекті балықтардан айырмашылығы – қимыл-қозғалыс жасамай, суда өзін-өзі ұстап тұруға көмектесетін жүзу торсылдағының болмауы.

(«Сұрақ және жауап» энциклопедиясынан)

373-жаттығу. ▲ Төл сөз бен автор сөзін ажыратып, тыныс белгісін қойындар.

Қазақтың байырғы әдебиетімен, қисса, аңыз түрінде қазақшаланып жеткен Шығыс әдебиетімен ғана таныс Ілияс 22 жасында Абай өлеңдерін оқып, қайран қалады. Оған дейінгі көрген, оқыған әдебиетімнің бәрін Абай кітабы жоққа шығарғандай болды. Ойым ояна бастады. Қанбай, қайта-қайта оқи беретін болдым. Өзімде бір түрлі сергектік, сілкініс болды, жүрегім де жаңалық сезгендей деп жазады Ілияс «Қысқаша өмірбаянында».

374-жаттығу. ▲ Төл сөз бен автор сөзінің құрылысын еске түсіріп, 8 мысал жазыңдар.

375-жаттығу. ■ Төменде автор сөзі берілген, соған өздерің ыңғайына қарай төл сөз ойластырып, көп нүктенің орнына жазыңдар да, тиісті тыныс белгілерін қойыңдар.

1. ... дедім мен, амандасып болғаннан кейін. 2. ... деп сұрадым мен одан. 3. ... дегенді жиі айтатын Айсұлу. 4. Сонан соң өзінен-өзі ... деді. 5. Ақылбек былай деді ... 6. ... деп дауыстады Әлия қолын көтеріп. 7. Кеше кешке жолыққанда Сәуле ... деп, Алмастан қайыра-қайыра өтініп, сөзін әбден нығарлаған. 8. ... деді Әсем өзіне-өзі сүйсінгендей.

376-жаттығу. ▲ Төл сөз бен автор сөзі туралы сұрақтар мен арнайы білім тексеру тапсырмаларын даярлап, топтарда алмасып, жұмыс істендер.

377-жаттығу. ▲ Мәтіннен төл сөз бен автор сөзін теріп жазып, тиісті тыныс белгілерін қойыңдар.

Аян екеуміз бір партаға отырғанбыз. Бірінші күннен-ақ ол зеректігімен көзге түсті. Мұғалімнің тақтаға жазған әріптерін айна-қатесіз қағазға түсіріп, тез жаттап алып жүрді. Тіпті келе-келе күніне бір-екі әріптен ғана өткенімізге көңілі толмай

Барлық әріптерді тезірек неге үйретпейді екен. Шіркін, ағама хат жазар едім деп күңкілдейтін.

Әрине, майдандағы әке-ағамызға хат жазу бәріміздің де көкейіміздегі асыл арманымыз еді. Сонымызды сезгендей Иманжанов та бізге тезірек хат танытуға бар күшін салып бақты. Сөйтіп, бас-аяғы бірер айдың ішінде әріптерді тегіс жаттап, бірлі-жарым сөздерді құрап жаза алатындай халге жеттік. Ал Аян болса кәдімгідей Аса жаннан артық көретін аға деп бастап, хат жазатын болды. Ендігі оның қуанышында шек жоқ еді. Күнде сабақтан

кейін үйіне келісімен, төр алдына етпетінен түсіп, сиялы қарындашты тілімен жалап қойып, бет-аузын сия-сия қылып, ағасына хатты үсті-үстіне жазатын да жататын. Күніне екі-үш хаттан жазады. Кейде әжесінің айтқанын жазса, кейде өз бетінше жаза беретін.

(С.Мұратбеков)

378-жаттығу. ■ «Төл сөз бен автор сөзі» тақырыбында диалог құраңдар.

Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары



Өзге біреудің сөзін талай өзгертіп жеткізген боларсың? Өз қалпында жетпеген ой өзгерістері түсініспеушілік тудырған кезі де болған шығар? Мүмкін, өзгенің сөзін өзгертуге болмайтын шығар? Жоқ, өзгерткен жөн бе? Сен қалай ойлайсың?

Біреудің сөзінің автордың тарапынан өзгеріске ұшырап берілуі **төлеу сөз** деп аталады. Төл сөздің төлеу сөзге айналу жолдарын кесте түрінде қарастырып өтейік.

Төл сөздің төлеу сөзге айналу жолдары	Мысалдар
1. Егер төл сөздің баяндауышы етістіктің ашық райынан болса, төлеу сөзде сөйкес шақтағы есімшеге айналып, оған <i>-дық, -дік</i> жұрнағы, тәуелдік жалғауы және табыс септігі жалғанады, толықтауыш болады.	<i>Мен бұдан артық қуаныш бар деп білмеймін, – деді қатты толқығанын жасырмаған Жазира. Жазира қатты толқып тұрып, бұдан артық қуаныш бар деп білмейтіндігін жеткізді.</i>
2. Төл сөздің баяндауышы етістіктің бұйрық райынан болса, төлеу сөзде ол тұйық етістікке айналып, оған табыс не барыс септік жалғауы, болмаса <i>туралы, жөнінде, жайында</i> шылауларының бірі қосылып айтылады.	<i>– Сен ертең кел, – деп, молда балаға кетуге рұқсат еткен ишарат білдірді. Молда балаға ертең келуді бұйырып, кетуіне рұқсат еткен ишарат білдірді.</i>

Төл сөздің төлеу сөзге айналу жолдары	Мысалдар
3. Төл сөздің баяндауышы есім сөздерден не тұйық етістіктен болса, төлеу сөзде ол сөзге тіркесіп <i>екенін</i> деген көмекші етістік айтылады.	– <i>Естігендеріңіздің бәрі – шындық», – деді Сәт екілене сөйлеп. Сәт екілене сөйлеп, естігендерінің бәрі шындық екенін айтты.</i>
4. Төл сөзді төлеу сөзге айналдырғанда автор сөзіндегі <i>де</i> етістігінің орнына <i>айт, сұра, ойла, бұйыр, талап ет, ескерт</i> деген айту, ойлау мәнді етістіктердің бірі айтылады.	– <i>Бірінші келген желаяққа заттай сыйлық дайын, – деді сайыс демеушісі жарысқа қатысушыларды ынталандыра. Сайыс демеушісі жарысқа қатысушыларды ынталандырып, бірінші келген желаяқтарға заттай сыйлық дайын екенін ескертті (айтты, түсіндірді).</i>
5. Төл сөз құрамында сұрау есімдігі бар сұраулы сөйлем болса, төлеу сөзде сұрау есімдігі сол күйінде сақталады.	– <i>Бұл мәтінді қалай меңгердің? – деді таңданған ол. Ол таңданыс білдіріп, бұл мәтінді қалай меңгергенін сұрады.</i>
6. Егер сұраулы сөйлем <i>-ма, -ме</i> сұраулық шылауы арқылы жасалса, төлеу сөзде шылаумен айтылған сөз болымды-болымсыз немесе антоним түрінде қосарланып айтылады.	– <i>Сен осының бәрін оқыдың ба? – деп сұрады сабырлы ұстаз. Ұстаз байсалды қалыпта, осының бәрін оқыған-оқымағанын сұрастырды.</i>
7. Төл сөзде белгілі бір жақта (I не II жақта) тұрған сөз төлеу сөзде автор тарапынан (басқа жақта) айтылады.	– <i>Мен (I жақ) келдім, – деді күндегі әдетімен еркелей сөйлеп. Ол (III жақ) күндегі әдетімен еркелей сөйлеп, өзінің келгенін хабарлады.</i>

379-жаттығу. ▲ Оқулық материалдарын пайдалана отырып, төлеу сөз мысалдарын теріп жазып, төл сөзге айналдырыңдар.

380-жаттығу. ▲ Төл сөзді төлеу сөзге айналдырып жазып шығыңдар. Айналдыру жолдарын талдап, түсіндіріңдер.

Азғантай уақыт Абайға қарап алып:

– Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді.

– Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да:

– Ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, фатикасын алып қайттым, – деді.

Майбасар Абайдың жауабын ұнатып тұрып:
– Өзі, тіпті, көшелі кісі боп қапты! – дей беріп еді,
Құнанбай оның сөзін аяқтатпастан Абайға:
– Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді.
Қалиқа деген бір жеңгесі:
– Телғара! Айналайын, Телғара! Соқталдай азамат боп
кетіпсің-ау! – деп, мойнынан құшақтай алып, бетінен
сүйді. (М.Әуезов)

381-жаттығу. ▲ Берілген нақыл сөздерді алдымен төл сөз бен автор сөзіне айналдырып, сонан соң төлеу сөзге айналдырыңдар.

Асықты асық деме,
Салмағы бар болса, сақа болар.
Баланы бала деме,
Ақылы бар болса, аға болар.

(Мақал)

Ата жұрты – бұқара
Өз қолында болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп.

(Асан қайғы)

Асқар тау сенде бір мін бар – асу бермейсің;
Тасқын су, сенде бір мін бар – өткел бермейсің;
Билер, сендерде бір мін бар – басқаға сөз бермейсің!

(Әйтеке би)

382-жаттығу. ■ «Төл сөз бен төлеу сөз» тақырыбында өз ойларыңды төл сөз бен төлеу сөз түрінде өрбітіп, ой толғаңдар.

383-жаттығу. ▲ Берілген төл сөздерді төлеу сөзге айналдырыңдар да, төлеу сөзде қандай өзгеріс болғандығын түсіндіріңдер.

1. Балалар қуанып: «Біз әлі жеңіске жетеміз!» – деді.
2. – Сен әуелі менің қонағым боласың! – деп, Ғалымжан қуана күлімсіреді.

3. – Әдейі амандасқалы келдім, – деді Сәбит.

4. – Сенің есімің кім? – деп сұрады ол оң жағында тұрған қызыл көйлекті сары баладан.

5. – Арман, сен далаға шығып, ойнап кел, – деді Салтанат.

6. – Оқулықты күтіп ұстап жүрсіңдер ме? – деп сұрады мұғалім.

384-жаттығу. ▲ Төл сөз, автор сөзі мен төлеу сөзді салыстыра отырып, өзіндік ерекшеліктері мен ойды жеткізудегі рөлін талдап, мысал келтіріңдер.

385-жаттығу. ■ «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» тақырыбында ойтолғау жазыңдар.

Ойтужырым

<http://www.adebiportal.kz/> порталына кіріп, өздеріңе ұнаған шығармадағы төл сөз бен автор сөзіне, оның тыныс белгісіне назар аударыңдар. 5 төл сөзді сөйлемді төлеу сөзге айналдырып жазыңдар.

Тілтаным

Көне түркі жазбаларындағы төл сөз бен төлеу сөз

Ата-бабаларымыз сөйлеген көне түркі тілінде төл сөздің болғанын Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен көреміз. Ескерткіштің тілдік ерекшелігі айтқан адамның сөзін төл сөз түрінде де, төлеу сөз түрінде де беруінде деп айта аламыз.

Мысалы: *Теңрі анча теміс ерінч: қан бертім, (қаныңын) қоудуп, ічікідің, ічікүк теңрі өлүтміс ерінч – Теңрі сонша айтқан: «Хан бердім, ханыңды қойып, бағындың!»*

Білге Тоңуқуқ бойла баға тарқан. Бірле, Ілтеріс, қаған болайын, берйіе Табғачығ, өңре Қытанығ йырайа Оғузығ – үкүс өк өлүрті. – «Білге Тонықуқ бойла бақа, тарқан, [онымен] бірге мен Ілтеріс – қаған болайын» [деді]. [Осыдан соң] түстікте Табғачты, шығыста Қытаңды, терістікте Оғузды көп-ақ өлтірді, жоқ етті.

III ТАРАУ. ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу шарттары



Ата-баба тілін аманатқа алып, оны болашаққа апаратын сенсің, алғыр ұрпақ! Онда сенің ойыңды дұрыс жүйелеп, сауатты жаза білуің де аса маңызды, солай емес пе?

Тілші-ғалым С.Аманжолов өзінің «Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу шарттары» деген еңбегінде дұрыс жазу мен дұрыс ойлау мүмкіндіктері туралы сөз етеді. Ол жазуды төмендегідей екіге бөлетінін де айтып өтеді:

- Қалай болса солай естігенін-естігенінше, айтқанын-айтқанынша жазу;
- Мәдени үлгілі жолмен жазу, әдеби тілдің нормасын, ережесін, жобасын сақтай жазу.

С.Аманжолов: «Бас-аяғы жинақы, түсінуге ұғымды, жеңіл, белгілі өлшеммен, белгілі ережемен жазылған сөзді, қысқасы, белгілі бір нормаға сай жазылған сөздерді әдеби тілдің қалыбымен жазылған я айтылған дейміз» деп тұжырымдайды. Әдеби тіл грамматикаға сүйеніп, соның үлгісінде жазылады деп атап көрсеткен ғалым төмендегі жайларға назар аудартады:

- 1) өленді я төл сөзді сөйлемнен басқа жерде бастауыш сөйлем аяғында келмейді;
- 2) баяндауыш қарасөзде үнемі сөйлем аяғында келеді;
- 3) анықтауыштар мен пысықтауыштар сөйлем аяғында тұра алмайды;
- 4) толықтауыштардың ішінен сөйлем аяғында тек шығыс пен жатыс жалғаулы сөз келеді дей келе, бірақ оның да диалогте кездесетінін айтады. Сонымен бірге синтаксисті жетік білгенде ғана, әдеби тілдің нормасынан ауа жайылып, өз білгенімен жаза беруден аулақ болатынымызды, тілді бүлдіруден қорғау мүмкін болатынын ескертеді.

Сендер құрмалас сөйлем синтаксисімен таныссыңдар. Ойдың бәрі тек жай сөйлеммен ғана берілмейтінін, күрделі ойдың құрмаласқан жай сөйлемдер арқылы да берілетінінен, оның өзі

белгілі бір ереже және нормаларға сай жазылуы керек екенінен хабардарсыңдар. Біліп қана қоймай, дұрыс сөйлеп, дұрыс жазуға дағдыланып, машықтану да қажет.

386-жаттығу. ▲ Төмендегі кестеге қарап, мысалдар келтіріңдер.

Есте сақтайтын жайлар	Өз мысалдарың
Бастауыш сөйлемнің аяғында келген өлең сөз	
Сөйлем аяғында келетін шығыс пен жатыс жалғаулы толықтауышы бар сөйлем	

387-жаттығу. ▲ «Сауаттылық – сенімділік кілті» тақырыбында әңгімелесіп, пікірлеріңді жазыңдар.

388-жаттығу. ▲ Берілген сөйлемдерге кешенді талдау жасаңдар.

1. Екі көзі маржанға ұқсаған, шекесінде екі тал қыл мүйізі бар, ұзын сирақ, қанатты көк шегірткені көк шөптен айыру қиын. *(Б.Соқпақбаев)* 2. Үшпалы сұр бұлттар көшкен керуен сықылды, тіркесіп оңтүстікке қарай жылжып ұшып, күннің көзі біртіндеп ашыққа шығып, жылы шырай нұрын паша бастады. *(Б.Майлин)* 3. Тақымынан толық шығарып алғанша бастырмалатып кеп, Жұмабайдың қалың қара тымағын көзіне қарай баса кигізіп жіберіп, сол сәтте шоқпарға жармасты. Жұмабайдың басын көтеріп, тымағын түзеуге мұршасы келмеді. *(М.Әуезов)*

389-жаттығу. ■ Төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

1. Көркем шығармалардан мысалдар көшіріп жазып, олардың ауызекі сөйлеу тілінде айтылуын салыстырып қараңдар.
2. «Кел, сырласайық!» атты 15 минуттық танымдық шара өткізіндер. Онда мәдени қарым-қатынас, дұрыс сөйлеп, жазу туралы ашық, еркін пікірлер айтылуы керек.
3. «Сәлем, ғажайып болашақ!» тақырыбында 10–12 сөйлемнен тұратын хат мәтінін аяқтаңдар.

Сәлем, ғажайып болашақ!

Өзіне сенім артқан әрбір тұлға болашаққа үлкен сенім артуы керек. Мен ХХІ ғасырдың жас ұланы болашаққа қол бұлғап, арман-мақсаттарымды жүзеге асыруға дайынмын. Ол үшін жігерлі еңбектің қажет екенін де сезінемін. Сол үшін ...

390-жаттығу. ▲ «Сөздің шыны керек...» тақырыбында «Қазақ тілі» оқулығы тақырыптары бойынша меңгерілген білім туралы еркін пікір жазыңдар.

391-жаттығу. ▲ Топ ішінде өзара сұрақ қойып, білім тексеру байқауын ұйымдастырыңдар.

392-жаттығу. ▲ Талдай отырып, тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазыңдар.

Ілияс алғашында әкесінің үйретуімен хат таниды сонан соң ауыл молдасының алдын көріп медресе үлгісіндегі мектепте оқиды. Бұдан кейін біраз жыл ауылда тұрып үй шаруасымен айналысады. Қара танысымен кітапқа құмартқан Ілиясқа үлкен кісілер қиссалар оқытып баталарын береді екен. Тұтқыр зерделі тумысынан өнерге бейім зерек жасөспірім домбыра тартып ән үйреніп алдымен жаттап соңынан жанынан шығарып өлең айтатын болады.

...Сол шамада өлең де жаза бастайды. Бұл кезді талапкер ақынның елдің тарихын өткен-кеткеннің қызықты хикаяларын көне әдебиеті мен салт-дәстүрін біліп халық тілінің байлығын меңгерген яғни «ауыл академиясында» оқыған жылдары десе де болады.

(«Ана тілі» газетінен)

393-жаттығу. ■ Мақал-мәтелдерді қолдана отырып, «Жүйелі сөз» тақырыбында шағын әңгіме жазыңдар.

Сөз қолданудың негізгі принциптері



Ақылды жас! Сен жеке ойдың сөйлемнен, сөйлемнің сөзден тұратынын жақсы білесің. Ойыңды жеткізу үшін, алдымен ойланып, толғанып, сонан соң өз пікіріңді жарыққа шығарасың... Міне, осы кезде жеке сөздердің, сөйлемнің құрылысы, олардың тілдік сипаты жайлы ойланып көрдің бе?

Сөз тіркесіп, тізбекті ойға айналады. Ол сөйлем құраудың басты материалы болып табылады. Сөздерсіз қалай сөйлем болмақ, ал сөйлем болмаса, ойыңды қалай жеткізбексің? Бұл орайда тілші-ғалым М.Балақаевтың төмендегідей пікірін ескерер болсақ:

Сөздер мен сөйлемдердің	адам ойын білдіруге қызмет ететінін, ойды айтудың басты формасы болып табылатынын жақсы білуіміз;
	ойды жеткізу барысында (керекті сөзді, сөйлемді, грамматикалық тұлғаларды талапқа сай таңдап) дәл де айқын, түсінікті болуын есте ұстау;
	тыңдаушы немесе оқушыға жеткізілу барысында стильдік ерекшелігін, қолданылу мәні мен жұмсалуды аясын ескеруіміз қажет.

Ғалым орынсыз қолданыстарды мысалға келтіре отырып («Сіз қоса жүріңіз», «Тойың торқа болсын» қолданыстарын дұрыс емес, дұрысы – «Сіз бірге жүріңіз», «Топырағы торқа болсын» деп көрсетіп), сөйлемдегі сөзде бір сөздің орнына екінші сөзді қоя салуға болмайтынын, стильдік ерекшелікке орай жеке ұғым, атау, термин сөздердің талғаммен қолданылатынын тілге тиек етеді.

Сөз салмағын түсінетін жан әр сөзді орнында жұмсап, айтатын әр сөзін талғаммен таңдайды. Егер сөйлеу мәдениетін жақсы меңгеріп, үйренгіміз келсе, онда ақын-жазушылардың шығармашылығын оқумен қатар, озық ойлы даналар мен қоғам қайраткерлерінің де еңбектерімен таныс болуымыз керек. Осы себепті де әр тапсырманы орындау барысында ықылас-ынта танытып, ізденісті ұштап отырған да орынды.

394-жаттығу. ▲ Сүйінбай ақынның өлеңін Махамбет өлеңдерімен салыстыра отырып, «Өмір. Тұлға. Мақсат» тақырыбында ой бөлісіп, шағын пікір жазыңдар.

Сүйінбай кетер ағындап,
Халқым бір мені қолдаса.
Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде,
Бас кессе де болмадым.
Құтылып жарлы кеткенше,
Зарларды сөзбен торладым.

(Сүйінбай)

395-жаттығу. ▲ Ақын өлеңіндегі ізгілік пен адамгершілік туралы өз ойларыңды ортаға салыңдар. Сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуының (метафоралар) көркемдік сипатына тоқталыңдар.

Жұлдыз-ойға толса екен деп жыр-түнің.
Әлі күнге тапқан жоқпын бір тыным.
Жамап жүрмін көңілдерді сөгілген,
Жамап жүрмін жүректердің жыртығын.

(Қ.Мырза Әлі)

396-жаттығу. ▲ Сөйлем мен сөздің қолданылуы мен кейіпкерлердің мінез-құлқы туралы өз пікірлеріңді айтып, сұхбатты аяқтаңдар.

Көптен бері келмеген едім. Ауылым мені жабырқау қарсы алды. Көліктен түсіп, өзіме таныс бұрылысқа жете бергенмін. Алдымнан шыққан адам сүзіле қарап, тістене сөйледі:

- Кімсің? Кімнің баласысың?
- Ассалаумағалейкүм! Әзімшайық атаның.
- О, жарайсың! Әй, сен не өзіңшесің бе?
- О не дегеніңіз?
- Сен маған ескерту айтатын кімсің?

Есіме түсті. Бала кезімде өзіне аса жақындамауға тырысатынбыз. Әр нәрседен ілік іздеп тұратын. Енді не істесем екен?..

397-жаттығу. ■ «Атымды адам қойған соң...» тақырыбында өздеріңнің арман, тілек, мақсаттарың туралы ойтолғау жазыңдар.

398-жаттығу. ▲ Мәтіндегі сөздердің қолданылуы, сезімді суреттеудегі ерекшелік туралы өз пікірлеріңмен бөлісіңдер. Жазушы тілі мен суреттеу шеберлігіне тоқталыңдар.

Бұл үйге әсіресе, өзгеше көктем нұрын енгізген бір жан бар. Ол – Сүйіндіктің қызы Тоғжан. Абай келгеннен бері Тоғжан үлкен ағасы Асылбектің отауынан осы үйге бірнеше рет келіп кетті. Сылдырлаған шолпысы, әлдеқандай былдырлаған тілменен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Құлақтағы әшекей сырғасы, бастағы кәмшат бөркі, білек толған неше білезіктері – баршасы да бұл өңірден Абайдың көрмеген бір сәні сияқты. Толықша келген, аппақ жүзді, қырлы мұрын, қара көз қыздың жіп-жіңішке қасы да айдай боп қиылып тұр. Қарлығаш қанатының ұшындай үп-үшкір боп, самайға қарай тартылған қас жүрекке шабар жендеттің жебесіндей.

399-жаттығу. ▲ Төмендегі тұрақты теңеулерді қолданып, суреттеу мәтінін жазыңдар.

Көлдей мөлтілдеу, мұхиттай толқу, дариядай тасу, таудан аққан бұлақтай, асыл тастай жарқырау, даладай кең, шарасынан аса шалқыған көлдей.

400-жаттығу. ■ «Менің сөзім» тақырыбында еркін пікір жазыңдар.

Сөз құдіреті



Сөзді жүрекпен ұғуға тырыс, жас өркен! Сөзді естігенде жүрегің оянады – сен қуанышты, қасіретті, күдікті, үмітті сезінесің – жүрегіңнің қыл пернесі дір етеді. Сөз құдіретін сезіне біл, сезімтал дос?

Халқымыздың асыл мұрасы – сөз өнері. Сөз құдіретін танып, оны ұрпағына мирас еткен қазақ халқы сөз құдіретін жоғары бағалаған. Осының бір дәлелі – шешендік сөздер. Сонымен қатар ауыз әдебиеті үлгілері, ақын-жазушылар шығармашылығы мен газет-журналдар тілі де өскелең ұрпаққа тіл тағылымын беретін қайнар көздер десек қателеспеспіз.

Қазақ халқының шешендік сөздерін зерттеп жинаған академик В.В.Радлов: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық – бейне бір өлең екен деп таңғаласың», – деп атап көрсетіп, әсіресе, қазақ тілінің тазалығы мен табиғи ерекшелігі, қазақтардың сөзге тапқырлығы мен шешендігінің өзіне ерекше әсер еткенін жазған.

Тіл – ұлтымыздың болмысы, тарихы мен әдет-ғұрпының айнасы. Осыны зерделеп, ойын жүйелей білген адам өмірдің шындығын, тіршіліктің мағынасын, адамның қоғамдағы орны мен сөз өнерінің құдіретін тани білетіні – шындық. Олай болса, ортада ойлы сөз айтып, сөйлеу этикетін меңгеру мен сөздің сырын тануға ұмтылып, білімді ұштай біліңдер.

401-жаттығу. ▲ «Тіл байлығы» тақырыбында пікір алмасыңдар.

Қазақ тілі – өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Оған қысылып-қымтырылу, ерін ұшынан шүлдірлеп-былдырлау мүлде жат. Қазақ нені айтса да, ауызды толтырып айтады. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңырау желіндей еркін есіп тұрады.

(Қ.Жұмаділов)

Түрлі-түрлі байлық бар. Солардың таңдауын берсе, мен тіл байлығын таңдар едім. Өйткені тіл байлығы – бәрінен де сенімді байлық.

(Ғ.Мұстафин)

402-жаттығу. ▲ Ақын өлеңдерінен алынған жолдарды қолдана отырып, өз ойларыңды жазыңдар.

Өрт шалған тудай жаралы тілім,
Желбіреп желмен шалқыдың.
Қақ жарып шығып даланың түнін,
Жусан мен қымыз аңқыдың.

Фарабилер мен Бейбарыстардың өсиеті де өзінде,
Махамбет сынды жолбарыстардың қасиеті бар сөзінде.
(Ү.Есдәулет)

403-жаттығу. ▲ Төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестерді пайдалана отырып, сөйлемдер құраңдар. Бір-біріңнің сөйлемдеріңді талдай отырып, өз пікірлеріңді дәйекті айта білуге жаттығыңдар.

Ақ түйенің қарны жарылды; сөзі түйеден түскендей;
түйе үстінен ит қапты; биені бүгімен, түйені түгімен
жүту; жылқыдай жусатып, қойдай өргізді; сиыр судан
жаралған; сиыр сипағанды білмейді; қойға шапқан
қасқырдай; қой үстіне бозторғай жұмыртқалады; ақсақ
қой түстен кейін маңырайды; серкесіз қой болмайды.

404-жаттығу. ■ Анаңа (досыңа, ұстазыңа, т.б.) арналған ақ тілектер жазыңдар.

405-жаттығу. ▲ «Сөз әдебі мен сөз иесі» тақырыбында сұхбаттасыңдар.

406-жаттығу. ▲ Ойды өздерің жалғастырып аяқтаңдар.

Адамның шаршаған кезінде орнымен айтылған сөз адамға
қуат берсе, жақсы сөз жабырқаған көңілге қанат бітіреді...

407-жаттығу. ■ «Жақсы сөз – жарым ырыс» тақырыбында ойтолғау жазыңдар.



Сөзді қолданылу аясын ескеріп, таңдап-талғап қолданумен қатар, сөйлемдегі ойдың адамға әсер етіп, тыңдаған жанға ой салып, оқыған адамның жүрегінен орын алатындай көркем болуын да ойластыру қажет. Қазақы ой-пікір қашанда теңіздің інжу-маржанын тізгендей әсемдігімен, тыңдағанды елтіп әкелер әсерлілігімен, жүрекке жетер дәлдігімен тәнті етіп отырған. Өз ойыңды жеткізерде, бабаларымыздың тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйген шешендігін есіңе сақта, есті жас!

Ауызша және жазбаша сөйлеу тілін жетілдіру



Сауатты сөйлеу мен жазу сыры – аңғарымпаздық пен алғырлықта. Осыны есте сақтап, әр мәтінмен жұмыс істегенде мұқият болып, білгеніңді көкірегіңе түйіп, шынайы білімділікке ұмтыл, алғыр ұрпақ! Қазақ тілі оқулығынан өткен әр тақырыптың сауатты жазуға үйрететін сындарлы соқпақ екенін есте сақта. Оған жазу машығын қалыптастыратын білім көзі ретінде қара!

Сауатты жазып-сөйлеу дегенде, оны үйренудің әдіс-тәсілдері ертүрлі болатынын айта кету керек. Бұл тұрғыда сауаттылықты арттырудың түрлі ізденістері бар. Ал тіл сауаттылығын меңгеру мен меңгертудің түрлі жолдарын тілші-ғалымдар зерттеп, зерделеген. Бұл тұрғыда А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов зерттеулерінен бастап күні бүгінге дейін түрлі бағытта жазылған еңбектер біздің игілігімізге жарауда. Заман талабына орай түрлі анықтамалықтар мен сөздіктерді пайдалану мүмкіндігі жоғары, тіпті интернет жүйесі де үнемі өз қызметін үздіксіз қолдануымызға жол ашуда.

А.Байтұрсынов «Сауаттылық асылы оқу болмай, жазуда болса, сауаттану әдісінің де асылы оқудікі болмай, жазудікі болу

керек. Сауаттану әдісі дегеніміз – соны білдіруге жұмсалатын түрлі әдістердің шумағы болады.

Сауаттану жас балалардың жүруге үйренгені мысалы: бастапқы кезде балалар аяғын бір басып, бір тұрады, онан соң апыл-тапыл басып жүруге жарайды. Онан кейін ақырын да болса жүруге жарайды; жүгіруге жарағаннан әрі жарысқа түсіп, жүрісті өнер есебінде қолдану дәрежесіне жетеді.

Жазу да, оқу да – бір істеліп қана қойылатын іс емес, мектепте күнде керек болып, күнде істеліп отыратын іс» деп көрсетеді.

Олай болса, төмендегі жайларды ылғи назарда ұстаған жөн:

- 1) қолданатын сөздер мен сөйлемдердің мән-мағынасын жақсы білу керек;
- 2) сөйлемдердің құрылысы мен жасалу жолын, грамматикалық болмысын танып, талдай білу қажет;
- 3) әдеби тілдің нормаларын сақтауға тырысу керек;
- 4) айтылған пікірдің тыңдаушыға немесе жазба жұмыстың оқушыға түсінікті болуын назардан шығармаған жөн.

Шешендік қабілет дағды-машық жаттығулармен жұмыс, түрлі жазба жұмыстарын орындау мен пікір айтуда қалыптасып, дамиды. Сөз түйіні ретінде С.Аманжоловтың «Қазақтың «Сөйлей, сөйлей шешен боласың» деген мақалы дұрыс: ойлауың дұрыс болғанмен, сөйлеп үйренбейінше, пікіріңді айта алмайсың. Сол сияқты ойлағаныңды жазып үйренбесең, тағы болмайды. Сөйлеуді адам ұжым ішінде жүріп, біреуге еліктеп, біреуден үлгі алып, халықтың бай тілін пайдалана жүріп үйренгенін өзі сезбей қалатын болса, жазуды олай үйрене алмайды» деген пікірін ұсынамыз.

408-жаттығу. ▲ «Тіл тазалығы қандай деңгейде?» деген тақырыпта достарыңның күнделікті өмірдегі қарым-қатынас, ғаламтор мен ұялы телефондағы жазба хабарламаларының тілі туралы пікір-сайыс ұйымдастырыңдар.

Пікірсайыс талаптары:

- 1) ойын дәл, нақты, қысқа айтып жеткізу;
- 2) ой талғаммен, шындықпен астасуы керек;

3) қарсы пікір айтушының ар-ұятына тимейтін сыпайылық сақтау.

409-жаттығу. ▲ «Жүрегіңмен тыңда әр сөзді» тақырыбында поэзия минуттарын өткізіп, өз пікірлеріңді жазыңдар.

410-жаттығу. ▲ «Мен бір тілек арнаймын» атты кеш ұйымдастырып, өркім өз арманы жайлы шығармасын оқыған соң, тілек айту сайысын өткізіндер.

Ғұмыр-дария! Тағдырдың жазуы қандай боларын кім білген? Жаныңдағы жан қайғырса – қанат бітірер сөз айт; қуанса – ақ тілегіңмен бақыт құсын сыйла; ниет етсе – жолына тілекпен шашу шашып, гүл төсе; өзің осы жағдайды бастан кешсең – саған да сенімнің тағын, өмірдің ғажайып бағын сыйлар адамдар барын ойла!

411-жаттығу. ■ Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңіне байланысты авторға арнап хат жазыңдар, ғұлама ақынның екінші сендерге сабақ бола ма?

412-жаттығу. ▲ Берілген нақыл сөздерді пайдаланып, «Тілім – тірегім» тақырыбында еркін пікір жазыңдар.

Ұлтты күшейтудің бірінші тетігі – тіл.

(Н.Назарбаев)

Тіл – қай халықтың болсын басты белгісі.

(Ш.Уәлиханов)

Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады.

(Ғ.Мүсірепов)

413-жаттығу. «Достықты қалай түсінеміз?» тақырыбында төмендегі сұрақтар негізінде пікір алмасындар.

- 1) «Дос» ұғымының мәнін білеміз бе?
- 2) «Дос» ұғымына синоним ұғымдарды табу.
- 3) «Дос» ұғымына антоним ұғымдарды іріктеу.
- 4) Достықтың құндылығы жөнінде ой толғау.
- 5) Досты қандай қасиеттеріне қарап таңдайды?
- 6) Достыққа берер теңеуің қандай?

414-жаттығу. ■ Берілген сөзді бірін эпиграф ретінде ала отырып, «Ана тілімді құрметтеймін!» тақырыбында өз ойларыңды жазындар.

Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін – бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз.

(Н.Назарбаев)

Тіл білімінің тұлғалары

Р.Сыздық (1924 жылы туған)



Ұлттық Ғылым академиясының академигі, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, Республика ғылымына еңбек сіңірген қайраткер, қазақ әдеби тілі мен тарихы, тіл мәдениеті және түркітану салаларында көптеген зерттеу еңбектерін жазған көрнекті тілші-ғалым.

Ақтөбе облысының Ойыл ауданында туған.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері қазақ тілі тарихы мен грамматикасы, тіл мәдениеті мәселелеріне

арналған. Қазақ жазба әдебиетінің негізін салуда Абай Құнанбаев шығармаларының зор маңыздылығын дәлелдеді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі», «Абай тілінің сөздігі», тағы басқа еңбектерді жазуға қатысты. XV–XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің тарихын, Қ.Жалайырдың «Жамиғ ат-тауарих» атты шежіресінің тілін, қазақ тіл мәдениетінің мәселелерін зерттеді. Оның «Абай шығармаларының тілі», «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы», «Сөздер сөйлейді», «Сөз сазы», «Қазақ тілі әдістерінің негізгі мәселелері», тағы басқа еңбектері бар. Р.Сыздықтың 130-дан астам ғылыми еңбегі, оның ішінде 9 монографиясы, оқулығы, оқу құралы бар. Есімі Қазақстан Республикасының Алтын кітабына енгізілген.

«Парасат», «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Ойтұжырым

<http://mtdi.kz/> сайтындағы «Тіл саясаты», «Тіл полициясы» айдарлары бойынша берілген материалдардан тіл мәдениетіне қатысты мақалаларды талдаңдар, соңында «Мәдениетті тіл ғана мәртебелі» тақырыбында эссе жазыңдар. Эсседе қанша жай сөйлем, қанша құрмалас сөйлем қолданғандарыңа назар аударыңдар.



Жас өркен! Міне, сен тағы бір жасқа есейдің. Алда қызығы мол жадыраған жаз күтіп тұр. Ал оған дейін білім сынақтарын ойдағыдай өткізіп, жүрекке түйген жарқын ой, бекем біліміңді таныта біл.

Жаз бойы ойға түйген әсерлеріңді жинақтап жазып жүр. Сөйлемдеріңнің жүйелі де сауатты болуына назар аудар. Енді сен – әр ісі мен сөзіне жауап бере алатын азаматсың! Біз саған үлкен сенім артамыз, сенің әр пікірің біз үшін аса құнды!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен шығарылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары топтамасы, «Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері», I том.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 1998.
3. Қазақстан Республикасында іс қағаздарын жүргізу. 3-басылым. – Алматы: «Лем» баспасы, 2005.
4. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы, 1993.
5. Адамбаева Г.М. Тіл мәдениеті. – Ақтау, 2011.
6. Айдаров Ф. Орхон-Енисей және көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1995.
7. Аманжолов А.С. Түрік тілі. – Алматы, 1983.
8. Арпабеков С. Қазақ тілі. Анықтамалық. – Алматы, 2008.
9. Әлмашұлы Ж. Нәзір Төреқұлұлы. – Алматы, 1996.
10. Гүлстан. Республикалық ғылыми-танымдық, көпшілік журнал. – Алматы, 2005, 2009.
11. Байназарова Г. Қасиетті түркі елі. – Алматы, 1994.
12. Балақаев М. және т.б. Стилистика. – Алматы, 1990.
13. Бизақов С. Сөздің жарыспа тұлғалары. – Алматы, 1999.
14. Елшібек Ж. Таным. – Астана, 2004.
15. Ермекбаев Н.Б., Қойшыбаев Г.Т., Лама Шариф К.К. Қазақстан және әлем елдері. – Алматы, 2007.
16. Жеткізген Ж.Б. Қазақ тілін кесте-сызбалар арқылы ірі және шағын блокты оқыту жолдары. – Ақтау, 1997.
17. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992.
18. Кененқызы Т. Кенен ата. – Алматы, 2005.
19. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы, 2003.
20. Кыргыз илимдер академиясы. «Манасчылар – кыргыз элинин руханий инсандары» кітабы. – Бишкек, 1993.
21. Қадырбекұлы Ұ. Іскерлік мәдениеті. – Алматы, 2009.
22. Қалыбекова Ә.А., Сәулебекова А.Т. Ою-өрнектерді библиографиялық жолмен жіктеу. – Алматы, 2004.
23. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы, 1993.
24. Құрышжанов Ә. Сөз атасы. – Алматы, 1987.
25. Құл-Мұхаммед. Алаш ардагері. – Алматы, 1996.
26. Қыраубаева А. Педагогикалық еңбектер жинағы. – Алматы, 2011.
27. Максимова А.Г., Ермолаева А.С., Марьяшев А.Н. Наскальные изображения урочища Тамгалы. – Алматы, 1985.
28. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы, 1994.
29. Мұсабаев Ф. Қазақ тілі тарихынан. – Алматы, 1988.
30. Мүсірепов Ф. Батырдың биік тұлғасы. Эссе-портрет. – Алматы, «Социалистік Қазақстан» газеті.
31. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. – Алматы, 2005.
32. Өмірәлиев Қ. VIII–XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы, 1985.
33. Сәки Қ. Бағдаттағы жалайыр бірлігі. – Алматы, 2007.
34. Сыдықұлы Қ. Бекет ата. – Алматы, 1994.
35. Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері. – Алматы, 1996.
36. Сыздық Р (жауапты редактор). Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы, 2005.
37. Хасенов Ә. Тіл білімі. – Алматы, 2003.
38. Толғанбаев А. Қатал тағдыр төлкегі / Орысшадан аударған М.Балтақайұлы; Әдеби жазып өңдегендер И.М.Савина, С.А.Толғанбаева. – Алматы: Ана тілі, 2001. 133-бет.
39. «Уикипедия» ашық энциклопедиясы.
40. «Вақ.kz», «fgun.kz.», «stud.kz.», «bnews.kz» сайттарының материалдары.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз (Ана тілдің қызықты әлемінде).....	3
Қазақ тілі – ұлттық мәдени, рухани асыл мұра	4
I ТАРАУ. ӘДЕБИ ТІЛ ЖӘНЕ ОНЫҢ НОРМАЛАРЫ.....	9
Әдеби тілдің грамматикалық нормалары	9
Әдеби тіл нормалары және нормадан ауытқу	17
II ТАРАУ. СИНТАКСИС.....	25
Сөйлем.....	25
Сөйлемнің түрлері.....	28
Хабарлы сөйлем.....	32
Сұраулы сөйлем	36
Лепті сөйлем	40
Бұйрықты сөйлем.....	44
Сөйлемнің құрамы. Сөйлем мүшелері	48
Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері	53
Бастауыш	56
Баяндауыш	60
Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша.....	65
Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.....	68
Толықтауыш	70
Анықтауыш.....	76
Пысықтауыш.....	80
Сөйлемнің айқындауыш мүшелері	86
Сөйлемнің бірыңғай мүшелері	90
Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері	94
Сөйлем мүшесі болмайтын сөздер тобы. Оқшау сөздер.....	99
Оқшау сөздің тыныс белгілері	101
Қаратпа сөз. Тыныс белгілері.....	103
Қыстырма сөз. Оның мағыналық түрлері.....	106
Одағай. Оның мағыналық топтары	108
Жай сөйлемнің түрлері	112
Жақты сөйлем	117
Жақсыз сөйлем	121
Жалаң сөйлем.....	125
Жайылма сөйлем.....	129
Толымды және толымсыз сөйлемдер.....	133
Атаулы сөйлем.....	138
Құрмалас сөйлем.....	143
Құрмалас сөйлемнің түрлері.....	148
Салалас құрмалас сөйлем. Салалас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік	152

Салалас құрмаластың түрлері.....	156
Ыңғайлас салалас	159
Себеп-салдар салалас	162
Қарсылықты салалас	167
Түсіндірмелі салалас.....	171
Талғаулы салалас	174
Кезектес салалас	178
Көп салалы құрмалас сөйлем	181
Сабақтас құрмалас сөйлем.....	183
Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері.....	187
Шартты бағыныңқылы сабақтас	190
Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас.....	193
Мезгіл бағыныңқылы сабақтас.....	197
Себеп бағыныңқылы сабақтас	200
Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас	203
Мақсат бағыныңқылы сабақтас.....	206
Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем.....	209
Аралас құрмалас сөйлем.....	212
Аралас құрмалас сөйлемнің жасалуы.....	215
Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері	
Салалас сөйлемнің тыныс белгілері.....	217
Сабақтас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері.....	221
Аралас құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері.....	222
Төл сөз бен төлеу сөз.....	226
Төл сөз бен автор сөзі.....	229
Төл сөздің тыныс белгілері.....	232
Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары	236
ІІІ ТАРАУ. ТІЛ МӘДЕНИЕТІ	240
Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу шарттары.....	240
Сөз қолданудың негізгі принциптері	243
Сөз құдіреті.....	246
Ауызша және жазбаша сөйлеу тілін жетілдіру.....	248
Пайдаланылған әдебиеттер	253

Оқулық басылым

**Айсұлу Асылханқызы Қасымбек
Тыныштық Нұрдәулетқызы Ермекова
Айнұр Нұрғазықызы Нұрғазы**

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің
8-сыныбына арналған оқулық

Екінші басылым

*(Оқулық сараптамадан өткеннен кейін
қалың мұқабада басылып шығады)*

(Макет)

Бас редакторы	Қ.Қараева
Редакторы	Н.Абдижаппарова
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редактор	Е.Мельникова
Мұқабаның дизайні	В.Бондарев
Беттеген	Л.Костина